



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов Қ.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Қасқабасов С.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов Қ.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Діни дастандар



ББК 82.3 (2 Қаз)

Б12

**«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Әзібаева Б. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Ысмағұлов Ж.,
Алпысбаева Қ., Әуесбаева П.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Алпысбаева Қ., Әуесбаева П. (*жауапты шығарушы*),
филология ғылымдарының кандидаттары, Қосан С.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 14: Діни дастандар. — 2005. — 380 бет, суретті.

ISBN 9965-619-19-0

«Бабалар сөзі» сериясының он төртінші томына «Ғазауат Сұлтан» дастанының жалғасы (он бесінші— жиырма жетінші тараулары) енгізілді. Шығарманың алғашқы он төрт тарауы аталмыш серияның 13-томында жарияланды.

Б $\frac{4702250105}{00(05)-04}$

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-619-19-0 (т. 14)

© Әдебиет және өнер институты, 2005

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» атты көп томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару.

«Бабалар сөзі» сериясының он төртінші томына «Ғазаут Сұлтан» дастанының жалғасы, яғни он бесінші — жиырма жетінші тараулары енгізілді. Шығарманың алғашқы он төрт тарауы аталмыш серияның он үшінші томында жарияланды.

Бұл дастан 1908 жылы араб әрпінде жарық көрген. Жариялаған бөкейлік Маңқыстау Тыныштықұлы.

Дастанның басты қаһарманы Сейітбаттал — әскер басы, дінді уағыздаушы батыр ретінде көп уақыт бойы ислам дінін басқа халықтарға таратуға күш салған. Сейітбаттал — Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, халифа Әлидің ұлы Хұсайыннан тараған ұрпақ, солардың бастаған ғазаут жорығын жалғастырушы.

Томды дайындау барысында Қазан төңкерісіне дейін кітап болып шыққан мәтінді дұрыс тану үшін мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді.

Кітапты құрастырушылар негізінен ғылыми басылымның басты шарттарын басшылыққа ала отырып, шығарманың түпнұсқа мәтінін мүмкіндігінше сақтауға тырысқанын ескертеміз. Мәселен, дастанда кездесетін *həp(əp)*, *epdī (edī)*, *heš (eš)*, *bīrlən*, *ilən*, *ilə (jəne, benen, men)*, *ya (jəne)*, *epištī (epdī)* т. б. осы тектес араб, парсы, түркі сөз қолданыстары, сондай-ақ Құран мен хадистерден келтірілген үзінділер де көп жағдайда түпнұсқа бойынша берілді. Ал Қазан қаласындағы

көне татар баспаханаларының техникалық кемшіліктері мен сауатсыздық салдарынан кеткен кейбір қателер мағынасына сай түзетілді.

Том қосымшалармен толықтырылды. Қосымшаларда томға енген нұсқаға ғылыми түсініктеме және оның табылған варианттары жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен жырлаушылары туралы деректер, орыс, ағылшын тіліндегі резюмесі жазылып, пайдаланылған әдебиеттердің тізімі көрсетілді.

1908 жылы Қазан қаласы, Университет баспаханасынан кітап болып шыққан «Ғазауат Сұлтан» дастанының мәтіні түпнұсқадан еш түзетусіз дайындалып, қазіргі әрпімізде тұңғыш рет жарияланып отыр.

Томның көлемі — 23,75 б. т.



MƏTİH





ГЗАУАТ СЛУТАН

Ғазауат Сұлтан

Он бесінші бап: *Сейітбаттал газының Һиндүстанға барып ақ пілді алғаны*

8600 Әуелі есім Алланы жад қылалы,
Сиынып есімі бірлән сөз басталы.
Уа және Мұхаммед Мұстафаны жад қылалы,
Салауат айтып, шапағатын біз сұралы.

«Көңілімізге хабар илһам салғыл, — делі,
Тілімізге хайрул кәлам бергіл» деп сұралы.
Шаһ Жиһан Сейітбатталдың сөзлеріні,
Назым бірлән айталық сізлерге оны.

*Салла Аллаһу Аләйһи саллам**

8610 Тыңлаңыз ықылас бірлән сізлер мұны,
Тыңласаңыз сауабы бар деген Нәби.
Тазаккүр сахилән тәнзил рахмату** деген сөзні,
Дәлел білсең, тыңлаңыз сізлер мұны.

Сейіттің және заһир болған кереметін,
Айтайын назым бірлән сізлерге оны.
Құданың пікір қылсаңыз хикметтерін,
Дардай сөз бола-дүр тау мысалы.

* Алланың салауаты, жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке болсын.

** Ізгілерді еске алу рақым түсіреді.

Сейіттің қатынының бір айтқан сөзі,
Бола-дүр ақырында, иә ғажап, тау мысалы.
Сейіт хазіретінің үш ұғылы болған ерді,
Бірі — Бәшір, бірі Нәзір деген ерді.

8620 Бірісінің есімі Әли деген,
Үшеуі шәкірт болып оқыр ерді.
Ғылымды тахсил қылумен жүрер ерді,
Бір күні зиарат қыла үйге келді.

Ата-анасын зиарат бұнлар қылды,
«Жұмалыққа апарамыз біз» деді.
Ұғландары қайдан білсін оның жайыны,
Дүнияны еске алмайтын сырларыны.

8630 Сейіт сонда һеш нәрсе таба алмады,
Үстінен шешіп берді шапаныны.
— Қажыға сапар қылам, ұғылым, — деді,
Иншалла, әкелермін көп мал, — деді.
Ұстазыңа берерсің сонан, — деді,
Қазір мұны бере тұрғыл, ұғылым, — деді.

Сол уақытта қатыны сөз сөйледі:
— Дүниялықта ісіңіз жоқ сіздің, — деді.
Намаз үшін киетін шапаныңызды,
Бересің ұғылыңызға не үшін мұны.

8640 Дүнияда адамлар болса қанша, — деді,
Дүнияны жинайды-дүр жұмла, — деді.
Не үшін оны жимайсыз, ғажап? — деді,
Мәгәр сізге ақыл айту болмас, — деді.

Сейіт сонда: — Әй, Кәландам, — деп сөйледі,
Менім бабам Мұхаммед Мұстафа-дүр,
— деп сөйледі.

Һәр патшалар хараждар алып келер, — деді,
Һәр күнлер алтын, күміс құйылар, — деді.
Жұмла пақыр илән дәруіштерге берер, — деді,
Һәр кез өзі алмас ерді бір хаббесіні.

Уа және хазірет Әли, Шаһ жиһан уәли,
Оның дахи әдеті болар ерді.
Дүнияға һәр кез көзін ол салмады,
8650 Көңіліне ілтипат қылып ол алмады.
Мен оның нәсілінен тудым, — деді,
Дүнияны сол себеплі сүймен, — деді.

Сол уақытта Кәландам һәм сөйледі:
— Әмір Омар оның нәсілі емес пе еді?
Анлар не үшін жинай-дүр дүнияны?
Түрлі алуан жинай-дүр жиһазларны.
Күнде түрлі кие-дүр киімдерді,
Аңа сүннет емес пе көрсең оны?

Сейіт айтты: — Ол жинаса дүнияны,
8660 Мен білермін нешік жиған мақсұтыны.
Дін жолына бердім ол малды,
Малы түгіл, ол берер һәм қыз, — депті.

Кәландам сонда: — Сен оны сұрап қара,
Қызын берсе, сен оны алып қара.
Малсыз қыз берер ме, ғалам ара?
Бір пұлың жоқ, малсыз қыз болар ма?

Сейіт айтты: — Дүния үшін сен қайғырма,
Берер болса ол қызын жат қылма.
Құданың хикметіне сен ғажап қылма,
8670 Иншалла, мал табармын, таңға қалма.

Сейіт енді әмір Омарға жетіп барды,
Екісі мәжіліс қылып сөз сөйледі.
Дүнияның макирінен сөз башлады:
— Әһлі Аллаға бұ дүния дұшпан, — депті.

Сейіт сонда әмір Омарға сөз тастады:
— Олай болса не үшін жидың көп дүнияны?
Омар сонда Сейіт хазіретіне жауап берді:
— Білермісің, қызым бар менің, — деді.

8680 Өгарша көп жинасам да дүнияны,
Берермін қызыма оның жұмласыны.
Неше жігіт табылса, келтір, — деді,
Берермін жұмласыны оған, — деді.

Сейіт айтты: — Мен таптым ол жігітті,
Жарар ма мен мысалы болса? — деді.
«Бәлі» деп, әмір Омар жауап берді:
— Сенен артық болар ма жігіт?! — деді.

Сонда Сейіт уа және сөз сөйледі:
— Қызыңа мен тең болсам, бергіл, — деді.
Сонда Омар: — Хош болар сөзің, — деді,
8690 Мәгәр қатынға мүшәура қылам, — деді.

Тез тұрып әмір Омар үйге барды,
Қатынға хикаятын баян қылды.
Қатын сонда: — Бү сөзіңіз болар ма?
Бір төлі жоқ адамға қыз берер ме?

Кәландам оның қатыны хош көре ме?
Қатыны бар кісіге қыз барар ма?
Сол уақытта оның қызы әзір ерді,
Ол тыңлап, бір бөлмеде тұрған ерді.

Қыз сонда анасына сөз сөйледі:
8700 — Мәслихат қылыңыз, — деп сөйледі.
Ол Сейіт — Шаһ әулие, жаһанға палуан, — деді,
Һәр ағзасына бір қатын керек, — деді.

Анасы сонда қыздың аузынан ұрды,
Ауыз-мұрны қан болып, қыз жылады.
— Араңызда бір жұмбақ болар сіздің, — деді,
Не қыласың қатыны бар жарлыны?!

Әмір Омар қатынға және сөз сөйледі:
— Қызың да дәмелік болды ғой, — деп сөйледі.
Бірін-бірі сөйлесер екілісі,
8710 — Қолымыздан келмес-дүр не қыласың?

Қатын сонда: — Сейітке барғыл, — деді,
 Ғеш таба алмас малдарды сұрағыл, — деді.
 Мәлзам болар, тілемес сол малдарды,
 Құтылармыз Сейіттен сонда, — деді.

Омар сонда: — Не сұраймыз андан? — деді,
 Сейіт таппас мал болмас һәркез, — деді.
 Қатын сонда: — Ғиндүстанға барсын, — деді,
 Ақ пілді Ғиндүстаннан алсын, — деді.

8720 Үстінде алтын шатыр болар, — деді,
 Аяғында алтын, күміс кісен болар, — деді.
 Уа және жүз нар түйе болсын, — деді,
 Үстіне алтын, жауһар, күміс толсын, — деді.

Уа және жүз араби ат,
 жүз рұми ат болсын, — деді,
 Жұмласы бұ русғ алтын ерлі болсын, — деді.
 Жүзіне ұғыл, жүзіне қыз мінсін, — деді,
 Жұмласы қызыма қызмет қылсын, — деді.
 Үшбу істер қолынан келмес, — деді,
 Андан соң өкпе қылмас бізге, — деді.

8730 Әмір Омар Сейітбатталға қайтып келді,
 Бұ малдардан Сейітке хабар берді.
 Сейіт бұған: — Хош, болар, — деп риза болды,
 — Бір жыл мұһлат беріңіз бізге, — деді.

Әмір Омар Сейітбатталға уағда қылды,
 Бұ істі шаһардың әһлі жұмла білді.
 Халайықтар әмір Омарға өкпе қылды,
 — «Қызым бермен» десеші онан дахи.
 — Жаным, Сейіт, бұ істі қойғыл, — деді,
 Бұ мал түспес қолыңа, жаным, — деді.

8740 Сейіт сонда: — Уағда тамам болды, — деді,
 Уағданы бұзып болмас бізге, — деді.
 Аллаға мен тәуекел қылам, — деді,
 Не бұйырса Қадір Алла көрдім, — деді.

Сізлер жары дұғада болғыл, — деді,
Хақ қаласа, жұмла іс асан, — деді.

Уағдаласып жаранлармен Сейіт жүрді,
«Алла» деп Ғиндүстанға сапар қылды.
Бірнеше күн Сейіт хазіреті жүріп кетті,
«Алла» деп Ғиндүстанға сапар қылды.
Бір ұлық теңіздерге ұшырады.
8750 Ол теңізден өте алмады, қайран қалды,

«Ғинаят, Қадір Алла, қылғыл, — деді,
Қуат, құдірет жұмласы сенен» деді.
Уа және Пайғамбар,
шаһариарлардан жәрдем сұрды,
Жұмла ғайып жаранлардан және сұрды.

Дұғасын Хақ Тағала қабыл қылды,
Сол халде Қызыр аләйһиссалам жетіп келді.
Сейітке сәлем беріп, көріс қылды,
Мейірбан, шапағат илән хал сұрасты.

— Тез атыңа мінгіл, иә, ұғылым, — деді,
8760 Көзің жұм, уа және ашқыл, — деді.
Қызыр сонда: — Көзіңді жұм, ұғылым, — деді,
Көзін жұмса, уа және «ашқыл», — деді.

Сейіт сонда көзіні ашып ерді,
Өзіні дариядан өткен көрді.
Құданың хикметін көрдіңіз бе?
Шаһ әулие дариядан нешік өтті?

Сейіт хазіреті атынан жерге түсті,
Сәждеге шүкір үшін намаз қылды.
Ол жерді Сейіт хазіреті ғажап қылды,
8770 Зағыпыран, занжабілдер өскен көрді.

Төрт тарапқа назар салып тұрған ерді,
Ол арада һеш нәмәрсә көрінбеді.

Сол уақытта бір әуез пайда болды,
«Иә, ұғылым, Ғиндүстанның жері» дейді.

Оны естіп, Сейіт хазіреті және жүрді,
Бір күнлері бір ұлық бақтарға ұшырады.
Ортасында бір сарайды көзі көрді,
Атын жіберіп, ол сарайға кіріп келді.

8780 Оның ішінде неш нәмәрсе көрінбеді,
Уа және ғажап қылып, қайта шықты.
Аты дахи ол арада көрінбеді,
Жаяулап бір шаһарға Сейіт келді.

Бір адам ол арада ұшырады,
— Бұ шаһар — қай шаһар? — деп Сейіт сұрады.
— Бұ шаһар — Танғайне, — деп жауап берді,
Падишасы Меһрасып мұның, — деді.

8790 Меһрасып сол уақытта тысқа шықты,
Қасына төрт жүз құлы ере шықты.
Сейітке Меһрасыптың көзі түсті,
Сейітке ықылас қылып, көңілі түсті.

Бір құлына Меһрасып сол жерде әмір қылды:
— Сол адамды ордаға апар, — деді.
Ол жігіт Сейіт хазіретке жетіп келді,
— Сізді патша «сарайға апар» деді.

Сейіт сонда ол жігіттен сөз сұрады:
— Патшаңыз қай маһаб? — деп сұрады.
Жігіт сонда: — Пұт параст патша, — деді,
Қырық батпан алтын пұт тұтқан, — деді.

8800 Оныңдай Тәңірі түзбес нешкім, — деді,
Біздің патшамыз сондайын ұлық, — деді.
Сейіт сонда: — Не дерсің, малғұн, — деді,
Қолмен жасап болар ма неш Тәңіріні?

Бір адам қолмен Тәңірі қылса, — деді,
Пәре болар, бір адам балта бірлән ұрса, — деді.
Ол нешік Тәңірі болар, әй, малғұн, — деді,
Танымаған Тәңірі сені, әй, залым, мүртад, — деді.

Тәңірі ол-дүр жұмла жаһанды бар әйлады,
Бұ жаһанды ай-күн бірлән, нүр әйлады.
Жұмла жоқты бір сағат табар әйлады,
8810 Жұмла жанға ризықты мол әйлады.

Құры жерден ол Тәңірі бар әйлады,
Адамзатқа бұ напәғият ол әйлады.
Оны тауып патшаңыз алған, — деді,
Мен барман қапуына оның, — деді.

Жігіт сонда қабахат сөз сөйледі,
Сейіт сонда құлағын кесіп алды.
Ол жігіттің қолына қайта берді,
— Құдай десең, пұтыңа түзет, — деді.

Сол уақытта ол жігіт фариад қылды,
8820 Тұрған халайықтар Сейіт илән соғыс қылды.
Сейіт сонда он сегіз кісі өлтірді,
Бір кісі патшасына хабар айтты.

Меһрасып оны естіп шауып келді,
Жаяу жүріп ұрысқан адам көрді.
Күрзі кебі ұрғанын күлдей қылды,
Һәр адамларға Сейіт жүріп, жұмырық ұрды.

Һеш адамлар мұқабил бола алмады,
Һеш қасына бір адамлар бара алмады.
Патшасы «Оқ атыңыз!» деп бұйырды,
8830 Сейітке жаңбыр кебі оқ жаудырды.

Табариктің тәндерін оқ жара қылды,
Мүбәрак тәндерінен қандар ақты.
Сол уақытта күн батып, ақшам болды,
Сейіт сонда өзіні пінһан қылды.

Бір жерге келіп, ол Табарик жатып қалды,
Бір тасты жастық қылып, ұйықтап қалды.
Мүшіріклер панар алып көп іздеді,
Таба алмай, жұмлалары қайтып келді.

Мехрасып уәзірі илән сөз сөйледі:
8840 — Бү адам пері ме, я дию ма? — деп сөйледі.
Көрмедік бү мысалы һеш адамды,
Өлтірген құр қолымен көп адамды.

Бір уәзірінің есімі Банһам деген ерді,
Кітабы астурлапқан бек маһир ерді.
— Сейітке бү кеш рамлар салып қара, — деді,
Не уақиға көрінсе, білдір, — деді.

Банһам уәзір үйіне қайтып барды,
Жатып еді, Расул Ақ түсіне кірді.
«Иә, Банһам, сен иман келтір, — дейді,
8850 Сіздің бірлән ұрысқан кім-дүр? — дейді.
Ол менім Сейітбаттал ұғылым ерді,
Жаһанды сайран қылар палуан, — дейді.
Пәлен жерде ол жатыр қазір, — дейді,
Тез барып, ұғылың илән келтір, — дейді.
Сізлер жәрдем қылсаңыз оған» дейді.

Банһам сонда оянып тұра келді,
Мың ғинбар нұр алған үй ішіні.
Ұғылы және оянып, сол хал тұрды.
— Иә, ата, мен бір ғажап түс көрдім, — деді,

8860 Мұхаммед пайғамбарды түсімде көрдім, — деді,
«Ол маған атаңа бар» деп әмір қылды.
Атасының көрген түсін о да көрді,
Екінің көрген түсі бірдей болды.

Тез тұрып екілісі шаһардан шықты,
Пайғамбардың айтқан жерінен оны тапты.
Сейітке тағзым илән сәлем берді:
— Иә, расул Алланың ұғылы, Сейіт, тұрғыл, — деді.

Шаһарға биз баралық, жүргіл, — деді,
Сізге қызмет қылармыз бізлер, — деді.
8870 Сейіт сонда аңлардан жауап сұрды:
— Мені сізге білдірген кім-дүр? — деді.

Аңлар сонда: — Түс көрдік бізлер, — дейді,
Расул Алла Мұхаммед білдірді бізге, — дейді.
Екісі ол Сейітті алып жүрді,
Сарайына алып келіп, құрмет қылды.

Сейіттің жарасына дәру жақты,
Тағам асап, ол Сейіт ұйықтап қалды.
Сабах садық таң атып, Сейіт тұрды,
Сау-саламат намаз оқып, шүкір қылды.

8880 Уәзір дахи мың, мың шүкір Хаққа қылды,
Сейіт илән намаз оқып, мәжіліс қылды.
— Әй, сұлтан, ғалым, палуан Сейіт, — деді,
Падишаға мен барсам нешік? — деді.

Иләһым, Қадір Сұбхан, патша өзі,
Зұлматтан құтқарғай ол патшаны.
Сейіт сонда: — Хош болар сөзің, — деді,
Ол сұраса, білдіргіл бізді, — деді.

Уәзір Банһам патшаға жетіп келді,
Патша екісі мәжіліс қылды.
8890 Патша сонда: — Иә, Банһам, не білдің? — деді,
Рамл салып көрдің бе кешегіні?

Банһам сонда: — Мен рамл салдым, — деді,
Ол жігіттің талиғны көрдім, — деді.
Ол жігіттің қуаты ғажап, — деді,
Ол — Мұхаммед пайғамбардың нәсілі, — деді.

Сонда Меһрасып уәзірден мұны сұрды:
— Оның тұтқан дін мазһабы қайсы? — деді.
Уәзір сонда ғажайып сөз сөйледі,
Мұхаммед пайғамбарды көп мақтады.

8900 — Ол Мұхаммед пайғамбар табынар бір Тәңірге,
 Жаратқан жер мен көкті ол Тәңірге.
 Жұмла ғаламды жаратқан ол Тәңірге,
 Тағат қылып жалынар ол Мәулаға.

Сонда Мехрасып падиша сөз сөйлейді:
 — Менім Тәңірім жаратқан жер мен көкті.
 Ол сөзге уәзір Банһам жауап берді:
 — Біздің пұтты, бір пұтты жасар ерді.

Тілесө, ол пұтты бұзар, — деді,
 Тілесө, ол пұтты түзер, — деді.
 8910 Тәңірі ол-дүр жұмла ғаламды жасар, — деді,
 Жан беріп және ризық берер, — деді.

Бұ ғаламды бар-жоқ қылса Қадір өзі,
 Һешкімнен ақыл сұрамас, ғалым өзі.
 Патша сонда: — Хош айттың мұны, — деді,
 Ол жігітті келтірші мұнда, — деді.

Уәзір сонда жүгіріп үйге барды,
 Сейітті ізет қылып, алып келді.
 Патша илән Шаһ уәли сөз сөйлесті,
 Сейіт енді патшаға бір сөз айтты:

8920 — Жас күнінде асырасаң бір ұланды,
 Бек құп ұстарсың ол ұланды.
 Ғиззат қылып һәм берсең көп малдарды,
 Уа және патша қылып қойсаң оны.

Әлхасыл, тастап кетсе бір күн сені,
 Ол сенен артық көрсе бір патшаны.
 Бір күнлері қолыңа түссе ол ұланды,
 Сол күнде не қылар едің ол ұланды?

Ол сөзге патша сонда жауап берді:
 — Терісін тірі сояр едім оның, — деді.
 8930 — Иә, падиша, білдің бе үшбу сөзді,
 Топырақтан бар еткен Алла сені.

Кәмелетке жеткізіп, ол өстірді,
 Уа және патша қылып, ол құрметтеді.
 Қисапсыз нығмет беріп, құрмет қылды,
 Нешік пікір қылмассың сізлер мұны?

Өз қолыңмен жасарсың пұттар өңкей,
 Нешік Тәңірі қыларсың сізлер оны?
 Ол пұттан пайда да жоқ, зарар да жоқ,
 Көңіліңізге нешік Тәңірі қыларсың тоқ?

8940 Сол уақытта Мехрасып қайран қалды,
 Ғажап қылып ол Сейітке қарап тұрды.
 — Барып біздің пұтымызды келтір, — деді,
 Не сөз айтар, тыңдалық оны тағы.

Қызметші алып келді алтын пұтты,
 Үстінде алтын шатыр, жауһарларды.
 Келтіріп ортасына оны қойды,
 Бетінен бүркеншегін алып қойды.

Бейшаралар көп алтынды ысырап қылған,
 Адам сипатты көзлерін гауһар қылған.
 8950 Тамағын ол пұтының лағыл қылған,
 Іші қуыс, зағыпыран илә миск толған.

Мехрасып: — Иә, Тәңірім, — деп жауап сұрды,
 Мен саған Тәңірім деп сәжде қылдым.
 Бір адам үшбу тұрған маған келді,
 Ол сені батыл деп хабар берді.

Жауап бергіл Тәңірі болсаң бұған, — деді,
 Сөйлемесең, сәжде қылман саған, — деді.
 Сол уақытта пұт қозғалып, сөз сөйледі:
 — Рұм халқын хараб қылған, Баттал, — деді.

8960 Келдің бе бұ араға, әй, Баттал, тағы, — деді,
 Жаһанды хараб қылып болдың, — деді.
 Ол сөйлеген шайтан, лагин, залым ерді,
 Ол халықты аздырған малғұн ерді.

Сейіт сонда мүбәрак аузын ашты,
Аятул Күрсиді оқып үшкірді.
Сол уақытта пұт жығылып, пәре болды,
Әр пәресі «Алла» деп сәжде қылды.

8970 «Мұхаммед расул Алла — хақ-дүр дейді,
Сейітбаттал — шаһ жиһан, уәли дейді.
Мұхаммед расул Алла — хақ-дүр дейді,
Сейітбаттал — шаһ жиһан, уәли» дейді.

Бұ адам сол уақытта тұра келді,
— Менім пұтым не себеплі пәре болды?
Банһам сонда: — Иә, падиша, — деп сөйледі,
Алланың есімін айтып бұ сөйледі.

Сол уақытта бір жігіт тұра келді,
Басын қойып Сейітке ол жылады.
Сейіт оның құлағын кескен ерді,
Сейітке оны беріп, ол жылады.

8980 — Пұтқа оқыған дұғанды айтшы, — деді,
Құлағым әуелгідей болсын, — деді,
Сейіт сонда «Әл-хамду лилланы» оқып ерді,
Құлағы әуелгідей бүтін болды.

Меһрасып мұны көріп, ықылас қылды,
Сейіттің ісіне қайран қалды.
Сейіт және: — Иә, Меһрасып патша, — деді,
Және сұрар жауабыңыз бар ма? — деді.

8990 Баба Мұхаммед мұғжизатын айтам, — деді,
Жоқса, иман келтіргілі қазір, — деді.
Меһрасып сонда Сейітке жауап берді:
— Сенің дінің хақ екен, білдім, — деді.

Ләкин бір мүшкілім бар менім, — деді,
Айыпқа бұйырмасаң айтам, — деді.
Сейіт сонда: — Хош, болар, — деп изин берді,
Меһрасып сонда сөзіні баян қылды:

— Менім бір махбүблі қызым болған, — деді,
 Диюлар алып кеткен оны, — деді.
 Сол қызымды келтірсең мұнда, — деді,
 Жұмла халқым илән мұсылман болам, — деді.

9000 Сейіт сонда: — Ол қызың қайда? — деді,
 Бар болса, келтірейін мұнда, — деді.
 Банһам сонда: — Апарайын сізді, — деді,
 Құдайым медет берсе сізге, — деді.

Мен көрдім екі зәңгі жолда, — деді,
 Қырық аршын қад қаматы болар, — деді.
 Көтерген күрзілері таудай, — деді,
 Жерге ұрса, ол қылар күлдей, — деді.

Сонан неғып кетерміз бізлер? — деді,
 Сейіт сонда: — Қауіп қылмағыл онан, — деді.
 9010 Әлхасыл, екілісі жолға жүрді,
 Төрт күнде ол зәңгіге жетіп келді.

Зәңгі сонда нағра салып, жетіп келді,
 — Ажалың айдап келген сені, — деді.
 Қолына тастан күрзі алып келді,
 Бұнларды ұрайын деп қаһарланды.

Сейіт сонда атын тастап, жаяу жүрді,
 Алланы зікір қылып, туғры жүрді.
 Зәңгі сонда Сейітті ұрып қалды,
 Сейіт қарғып, бір жанға тұрып қалды.

9020 Енді Сейіт жұмырық ұрып ерді,
 Бұ басынан мұғаллақ ол жығылды.
 Оның Сейіт кеудесіне мініп алды,
 Қанжарын бұғазына оның қойды.

Ғанжаф сонда: — Сен кімсің? — деді,
 Бір ұрып, мен аждаһаны жықтың, — деді.
 Сейіт сонда өзіні баян қылды,
 Иман айтып, ислам дінін аян қылды.

- Ғанжаф енді Сейіттен аман сұрды,
Иман айтып, аяғына басын қойды.
- 9030 — Мен сенің құлың болдым енді, — деді,
Өз құлағын өзі тіліп, белгі қылды.
— Бұ жерге не қызметке келдің? — деді,
Баян қыл раушан бізге, қожам, — деді.
Сейіт сонда Мехрасыпты баян қылды,
Оның алынған қызын аян қылды.
- Ғанжаф сонда: — Әй, палуан Сейіт, — деді,
Ол қызды дию алған, — деді.
Ол малғұн бек, бір ғажап күшті, — деді,
Һешбір жатқан тағат қылмас оған, — деді.
- 9040 Құдайым ғинаят қылса саған, — деді,
Ол көрсетер мүмін болса саған, — деді.
Жолыңда бір інім бар менім, — деді,
Ол көрсетер мүмін болса саған, — деді.
- Сейіт илән Банһам уәзір және жүрді,
Төрт күнде Ғазрифке жетіп келді.
Мұны және Ғанжафтай мұсылман қылды,
Құл болып, өз құлағын о да қылды.
- Сейітке жол көрсетіп, о да қалды,
Жеті күнде бір қалаға бұнлар келді.
- 9050 Ақ мәрмөрдан салған екен ол қаланы,
Там басынан қараған қызды көрді.
- Ол қыз және: — Садық расул Алла, — деп сөйледі,
Хош келдің, Сейітбаттал ғазы, — деді.
Ол қыз келіп, үшбулерге қапу ашты,
Сейіттің аяғына басын қойды.
- Сейіт аңа: — Кім білдірді бізді? — деді,
Раушан бізге баян қылшы, қызым, — деді.
— Иә, Шаһ жиһан, мен —
Қарун падишаның қызы, — деді,
Жеті жыл жесір болдым мұнда, — деді.

9060 — Бұ кеште көп жылап жаттым, — деді,
Түсімде расул Мұхаммедті көрдім, — деді.

«Қызым, сен көп жыламағыл, сабыр, — дейді,
Ертең Сейітбаттал ұғылым келер» дейді.
Қызға «Диюддың жолыны көрсет, — дейді,
Оны өлтіріп, халас қылар сені» дейді.

Қыз: — Диюддың қапуы үшбу, — деді,
Бұ басқышпен төмен түсіп кетер, — деді.
Ол басқышпен төмен түсіп Сейіт кетті,
Қыз илән Банһам жылап сонда қалды.

9070 Қырық басқыш төмен жүріп келіп ерді,
Ол жерде бір сарайды және көрді.
Төрт жерге тақ және құрған көрді,
Әр тақтың түсында хұжра көрді.
Бір тақтың астында қапу көрді,
Қапу ашып қараса, қиу көрді.

Ол қиудан нардибан басқыш және көрді,
Қырық аршын басқыш илән келіп тұрды.
Оның түбі бек қараңғы, ғажап ерді,
Шаһ әулие көзін үйретіп қарап тұрды.

9080 Назар салып қараса, бір дария көрді,
Ол дариядан өтерлік жол болмады.
Сейіт енді Хақ ғинаят зары қылды,
Мұхаммед Мұстафадан шапағат сұрды.

«Бұ жерден кері қайтсам, әгар, — деді,
Қорқып кеткен болар дер адамлары.
Мұсылман болам деген көп халықтарды,
Ол сауаптан қалдырма және бізді» [деді].

Сол уақытта дария жош әйлады,
Бір балық дариядан бас шығарды.

9090 Сейітке тағзым илән сәлем берді,
— Мен Жүніс пайғамбарды жұттым, — деді.

Қырық күн ол ішімде тәсбих айтты,
Сол себепті менім ішім нұрға толды.
Балықтардың пірі болдым сонан, — деді,
Жұмла балықтар табиғ болды маған, — деді.

Бұ күні Хақтан әмір болды маған, — деді,
«Сейіт келді, дариядан шығар» дейді.
Ол балық тауға меңзер ғажап ерді,
Шығып ердім, ол балық суға батты.

9100 Бір аралға келіп, сайран қылдым, — деді,
Бір жерде бір сарайды көрдім, — деді.
Асылған бір нардибанды көрдім, — деді,
Оны тұтып, жоғары шықтым, — деді.

Оның және ішіне кірдім, ғажап, — деді,
Он сегіз қыз ішінде көрдім, — деді.
Жүздері зағыпыран кебі сарғайыпты,
Диюдан қорқып, қаны суалыпты.

Қыздар келіп, ол Сейіттен хал сұрады:
— Бұ жерге нешік келдің? — деп сұрады.
9110 Сейіт сонда қыздарға жауап берді:
— Қызметім көрі диюды өлтірем, — деді.

Сізлерді халас қылам мұнан, — деді,
Апарам мемлекетіңізге жұмлаңызды.

Қыздар сонда «ah» деп, сөз сөйледі:
— Болар ма сіздің айтқан сөзің, — деді.
Ол малғұн адам жүзін көрсін, — деді,
Ғеш адамның күші жетпіс оған, — деді.

Қыздар бірлән Сейіт сөйлесіп тұрған ерді,
Сол уақытта бір ғұлғұла пайда болды.
9120 Ол дауыс көрі диюдың аяғы ерді,
Жерге басқан қадамының хадасы ерді.

Қыздар сонда жығылды жүздерінен,
Есін танып кеттілер сөзлерінен.
Сейіт сонда жасырынды тақыт астына,
Диюдың назар салды шұһрасына.

Хинзир басы ұқсайды оның басы,
Ұқсаған мисли пілге һәм құлағы.
Сұры арысланға һәм ұқсайды,
Құйрығы аждаһадай ысқырады.
9130 Қолыңда екі арыслан бақырады,
Біріне бірін ұрып, пәре қылды.

Уа және айбат бірлән күркірейді,
— Келдің бе, Сейітбаттал? — деп ақырады.
Рұм халқын хараб қылған сен бе? — деді,
Енді іздеп келдің бе мені? — деді.

Не қылармын мен саған, тоқта, — деді,
Қаның айдап келтірді сені, — деді.
Бір тауды күрзі қылып ол алыпты,
Оған санбур ағашын сап қылыпты.

9140 Ол күрзіні көтеріп ұрып ерді,
Сейіт сонда секіріп кейін тұрды.
Күрзі сонда балшыққа ұрған мисли
Жерге батып, ол күрзі көрінбеді.

— Баттал, саған сол керек, — деп сөйледі,
«Сейітті өлтірдім» деп ол ойлады.
Сол халде Шаһ әулие нағра салды,
Қолына «тайғ зухаки» қылышын алды.

Қаһарланып қолтығынан салып ерді,
Малғұнды екі пәре қылып салды.
9150 Уа және сол лағин сөз сөйледі:
— Ер болсаң және ұршы, — деп сөйледі.

Сейіт оған: — Әй, лағин, — деп сөйледі,
Ердің ісі екі емес, бір-дүр, — деді.

Ол лағинның тыпырлап жаны шықты,
Жаһаннамнан ол малғұн орын тапты.

Сейіт оның бас терісін сойып алды,
Қыздар сонда естерін жиып алды.
Сейіттің аяғына басын қойды,
Уа және көзін сүртіп, зар жылады.

- 9160 — Аһ, біздің көргеніміз түс пе? — дейді,
Өлген тәнге, ия кірген жан ба? — дейді.
Сейіт сонда қыздардан сөз сұрады:
— Меһрасыптың қызы бар ма мұнда? — деді.

Бір қыз сонда жылап тұра келді,
— Жаным құрбан болсын, — деп ол жылады.
Әлқисса, бұ қыздарды алып жүрді,
Дарияның жағасына жетіп келді.
Сол уақытта дария жош әйлады,
Балық және Сейітке сәлем берді.

- 9170 Және Сейіт хазіреті ол балыққа мініп алды,
Қыздар илән дариядан Сейіт шықты.

Балық енді Сейітке сөз сөйледі:
— Бір аманат тапсырам сізге, — деді.
Сәлем айтқыл Мұхаммед Мұстафаға бізден, — деді,
Ұмытпасын шапағатынан мен ғаріпті.

Шаһ әулие «хош, болар» деп сөйледі,
Балық илән уағдаласып, жолға жүрді.
Банһам илән қыз жылап отыр ерді,
«Иә, Алла, Сейіттің халі нешік? дерлер ерді.

- 9180 Аман Сейіт бұ жерге келсе ерді,
Перілерден халас қылар ерді ол бізлерді.
Әғар Сейіт келмесе аман мұнда, — дейді,
Сонда мүшкіл халіміз болар» деп жылады.

Сол уақытта Шаһ әулие бұнларға жетіп келді,
Он сегіз қызды қасына ертіп келді.

Банһам сонда Сейітті көріп, шүкір қылды,
Аллаға шүкір үшін намаз қылды.

Диюддың бас терісін және көрді,
Сейіттің аяғына басын қойды.
9190 — Иә, сұлтан ғалым, келдің бе аман, — деді,
Бізде бар тек шықпаған жандар, — деді.

Бұ уалаятқа сен рахмат болдың, — деді,
Сөйленсін қияметкеше оның, — деді.
Ол сарайларды Сейіт хазіреті сайран қылды,
Бір қапуды Шаһ жиһан және ашып көрді.

Иә, ғажап, бір сахара, мәнзил, бау-бақша болды,
Ішінде төрт жүз атты олар көрді.
Иә, ғажап, бұ хикметтерді тыңлаң енді,
Сейіттің жоғалған аты сонда болды.

9200 Сейітті танып, ол аты шауып келді,
Сейіт қуанып, атының көзін сүйді.
Ер-тұрманы, жұмла құралы тамам жүрді,
Мұны көріп Банһам илән Сейіт ғажап қылды.

Төрт жүз аттың жұмласын ұстап алды,
Бұны көріп Банһам уәзір қайран қалды.
Ол аттарды кәрі дию келтіріпті,
Адамзаттың палуаны болса өлтіріпті.

Сейітті өлтіруге бата алмайды,
Атын ұрлап, бұ жерге келтіріпті.
9210 Сейіт енді төрт жүз атқа
алтындарды артып алды,
Уа және жауһар илән күмістерді.

Он тоғыз қыздарды мінгізіп жүрді,
Тоғыз күнде Ғазрафқа жетіп келді.
Кәрі дию перінің басын көрді де,
Сейіттің аяғына басын қойды.

Кешмерінің қызына көзі түсті,
Ғашық ерді, көңілі жош әйлады.
Қыздың дахи көңілі анда ерді,
Сейіт біліп, екісін некахлады.

- 9220 Төртінші күнде Ғанжафқа және келді,
Ғанжаф дахи бұ іске қайран қалды.
Қарун шаһтың қызына ғашық ерді,
Қыздың дахи көңілі анда ерді.

Сейіт оның екісіне неках қылды,
Мұрады хасыл болып, бұнлар қалды.
Енді Банһамға Сейіт: — Ілгері барғыл, — деді,
Меһрасыптан сүйінші алғыл, — деді.

- 9230 Меһрасып падишаға Банһам барды,
Сейіттің кереметін айтып барды.
Әлхасыл, Меһрасып патша атқа мінді,
Шаһардың жұмла халқы бірге барды.

Сейіттің аяғына басын қойды,
Сол жерде қойдай шулап, мүмін болды.
Тағзым қылып, Сейіт сұлтанды алып жүрді,
Келтіріп сарайына қонақ қылды.
Кәрі диюдың басын орамға ілді,
Он сегіз патшаларға хабар берді.
«Ғайып болған қыздарыңыз мұнда келді,
Шаһ әулие Сейітбаттал алып келді».

- 9240 Есітіп, он сегіз патша жұмла келді,
Жұмласы қыздарын көріп, шүкір қылды.
Сейіттің аяғына басын салды,
Жұмласы халқы илән мүмін болды.

Он сегіз патша жерлеріне қайтып кетті,
Сейітке көп-көп рахмет айтып кетті.
Енді Банһам Сейітке сөз сөйледі:
— Менің сізде бір мақсұдым бар, — деп сөйледі.

Сейіт оған: — Мақсұдың не-дүр? — деді,
 Қолдан келсе мақсұдың болсын, — деді.
 9250 — Сіз білерсіз Мағаз атты ұғылымды,
 Меһрасып қызын соған берсе, — деді.
 Хұтба оқып берсеңіз өзің, — деді,
 Мақсұдым хасыл болар ерді сонда, — деді.

Меһрасыпқа Сейіт мұны баян қылды,
 — Қызыңызды Мағазға беріңіз, — деп
аян қылды.
 — Хош болар, — деп, Меһрасып қызын берді,
 Шаһ әулие хұтба оқып, дұға қылды.

Сейіттің сағадатлы дәулеті хасыл қылды,
 Патша илән беклердің қызметі тамам болды.
 9260 Он тоғыз патша Сейіттен керемет көрді,
 Жұмласы соғыс қылмай, мүмін болды.

Өзін жаныб

*Һиндүстанға барып, патшасын өлтіріп, ақ пілді алып
 келгені*

Енді Сейіт Меһрасыпқа сөз сөйледі,
 Әуелден жүрген істеріні:
 — Ақ піл үшін мен келдім мұнда, — деді,
 Білермісің, ол қайда болар? — деді.

Меһрасып патша: — Әй, сұлтан ғалым, — деді,
 Ол ақ піл һиндүстанда болар, — деді.
 Оның падишасын һайлан атар, — деді,
 Пұт параст, өзі — малғұн жүһүд, — деді.

9270 Бұ жерден жеті күндік болар, — деді,
 Сен барсаң, мен де бірге барам, — деді.
 Ол маған қатты дұшпан болар, — деді,
 Күшім жетпей мен оған жүрмін, — деді.

Сізіңмен бірге барсам оған, — деді,
 Өшімді сізің бірлән алсам, — деді.

Сейіт оған: — Мен барамын жалғыз, — деді,
Сізлер аяқ бау боларсың бекер, — деді.

- Мақсат қылған ақ пілді алсам, — деді,
Мақсатың сенің дахи болар, — деді.
9280 Бұнлармен уағдаласып, жолға жүрді,
Хаққа хамд, Пайғамбарға салауат етіп жүрді.

Құдаға мінәжаттарды зары қылды,
Гауһарлар көзлерінен жары қылды.
Хаққа сиынып, бір күнлер бір тауға келді,
Оның бір сахара сонда әскер көрді.

Екі сап қарсы тұрған оны көрді,
Майдан түзеп, мұбараз қылған көрді.
Бір адамнан Шаһ жиһан хабар сұрды:
— Бү әскерлер кім болар? — деп онан сұрды.

- 9290 Бір әскері — Мысырдың сұлтаны, қайсар, — деді,
Ол мұсылман — Мұхаммед-дүр пайғамбары.
Оның бар сексен мыңдай ләшкерлері,
Аз да болса ол ұрады дін қылышыны.

Бір әскері — найлан-дүр пұт парасты,
Оның бар жүз мың әскер адамлары.
Бү хабарды есітіп Сейіт келді,
Ол әскерге мұбәрак көзін салды.

- Майданға берәм-берәм ерлер барды,
Жүһүд илән мұсылманлар хамлә қылды.
9300 Бір мүшірік он мүмінлерді шаһид қылды,
Халид есімді бір мұсылман және келді.
Халид келіп, ол мүшірікті қатил қылды,
Жанын жаһаннамға ұластырды.
Жүһүдтерден Қалүн есімді және келді,
Ол малғұн Халидті шаһид қылды.

Халидтің ол лағин ішін жарды,
Жүрегін алып, мұсылманларға қыршып жеді.

Оны көріп, Сейіттің қаһары келді,
Рағд кебі сол халде нағра салды.

- 9310 Екі тарап әскерлері қайран қалды,
Жеті қат көк жерге түскен мисли болды.
Бұныңдай сағиқаны һеш есітпеді,
Айрылып ақылынан, есінен танды.

Сейіт сонда майданға жетіп барды,
Қалұнға: — Әй, лағин, — деп сөйледі.
Адам етін асар ма адам? — деді,
Не себеплі жүрегін жедің? — деді.

- Ол малғұнның мықтысы ғажап ерді,
Ат көтермей, ол пілді мінген ерді.
9320 — Сені және сондай қылам, тоқта, — деді,
Сейітке күрзі алып оңтайланды.

Сейіт сонда мунадилердің сүңгісін алды,
Ол малғұнға үшкіріп оны салды.
Хикметулла сүңгінің оты шықты,
Ол малғұнды піл илән отқа жақты.

Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Сол майданда жетпіс жүһүдті отқа жақты.
Енді мүшіріклер майданға келе алмады,
Сейіт енді қаһар илән нағра салды.

- 9330 Көп мүшіріктің сол жерде жаны шықты,
Есін танып, бағзылары атқа міне алмады.
Сейіт сонда мүшіріклерге хамлә қылды,
Мүшіріклердің қаны мисли наһр, селдей болды.

Сол уақытта күн кеш болып, кері қонды,
Сейіт туғры бір тауға жүре берді.
Сейіт келіп ол тауға атын қойды,
Мұсылманлардың шатырына өзі келді.

- Қайсар сұлтан тағында отыр ерді,
Уәзір, беклер жұмласы бірге ерді.
9340 Жұмласы ол Сейітті ғажап қылды,
— Бұ кісі дию ма, я пері ме? — деп сөйледі.
- Ол жігіт, әгар, келсе мұнда, — деді,
Берер ердім тәж-тағымды оған, — деді.
Белгілі, ол адам емес, періште болар, — деді,
Мұсылманларға жәрдем үшін келген, — деді.
- Бұны естіп, Шаһ әулие және жүрді,
Хайланның шатырына кіріп келді.
Хайлан жәду шатырында отыр ерді,
Алдына пұтын қойып табынар еді.
- 9350 Уа және: — Мағбұдым, — деп сөз сөйлейді,
Мен саған көп табындым, — деп сөйлейді.
Бір адам бүгін мұнда келді, — деді,
Палуан беклерімді отқа жақты.
- Ол және ертең мұнда келер, — деді,
Не деп жауап беремін оған? — деді.
Сейітке өнер бастар уақыт келді,
Мунадилдің сүңгісін қолына алды.
- Ол пұттың іші қуыс, панар ерді,
Ішіне отты салса, жанар ерді.
9360 Сейіт оның ішіне от жіберді,
Пұттың іші гүрілдеп жана берді.
- Хайланның шатырына от тұтасты,
Хайлан сонда шатырдан шыға қашты.
Және Сейіт һәр шатырға оттар салды,
Һәрқайсы от бірлән һөлак болды.
- Атқа мініп, үш мәртебе Шаһ әулие нағра салды,
Халайықтар оны естіп, есін танды.
Әскерлерге түн ішінде қырғын салды,
Бірін-бірі танымай қырылысты.

9370 Бір уақытта сабах садық таң да туды,
Мүшіріклер өз әскеріне көзін салды.
Арасында һеш мұсылман көрінбеді,
«Бірін-бірі қырыпты» деп қайран қалды.

Хайлан жәду бұны көріп, мәлүл болды,
«Тез ақ пілді келтір!» деп айқай салды.
Соғыстың жұмла құралын қолына алды,
Пілге мініп, майданға тұра қалды.

Мұсылманлардың адамлары шаттық тапты,
Мүшіріклердің қырылғанынан хабар тапты.
9380 Сейітке бір мұсылман жетіп келді,
Ол келіп, ізет илән сәлем берді.

— Сөзім бар саған айтар, иә, палуан, — деді,
Төрт жүз жыл өмір сүрдім тамам, — деді.
Мен Әли әл-Мұртазаны көрдім, — деді,
Бұ уалаятқа ол Әли келген ерді.

Қырық тоғыз күн бұ ақ пілді мінген ерді,
Бұны мініп, көп мүшірікті қырған ерді.
Бұ қайсардың атасы Ғұнқа ерді,
Оны мұсылман хазіреті Әли қылған ерді.

9390 Әли оған бұ ақ пілді берген ерді,
Мүлкінде ол Ғұнқаның тұрған ерді.
Бұ Хайланның атасы мүшірік ерді,
Ғұнқаны ол малғұн шаһид қылды.

Бұ ақ пілді қайсардан тартып алды,
Бұ ақ піл хазіреті Әлиге ғашық ерді.
Бұ хабарды білдірдім сізге, — деді,
Соңын өзің білерсің, — деп ғайып болды.

Бұ хабарды Шаһ әулие біліп алды,
Пілге келіп, Шаһ жиһан сөз сөйледі:
9400 — Иә, піл, менің сөзімді тыңла, — деді,
Менім атам — Хазіреті Әли Асадулла, білің, — деді.

Үстіңе қырық тоғыз күн ол мініпті,
Мүшіріклерді саған мініп, көп қырыпты.
Ол Әлиге сен ғашық болсаң, — депті,
Маған және жәрдемші болғыл, — депті.

Сейіттің сөйлегенін піл біліпті,
Піл сонда: — Мархабат, — деп пысқырыпты.
Құданың құдіретін көргіл енді,
Піл сілкініп, Һайланды жерге ұрды.

- 9410 Хортумы илән ауаға лақтырды,
Келіп жерге түскенде, һәм таптады.
Және Сейіттің аяғына басын қойды,
Сейітке тағзым қылып, тәсілім болды.

Шаһ әулие сол халде аттан түсті,
Ол ақ пілдің үстіне мініп алды.
Аллаға шүкір қылып, қаһар илән нағра салды,
Мүшіріклердің әскеріне келіп кірді.

- «Тайғ-зухаки» қылышын қолына алды,
От шығатын сүңгісін және алды.
9420 Кәһи оңға, кәһи солға хамлә қылды,
Мүшіріклерге өрт мысалы қырғын салды.

Мұсылманлардың әскерлері және кірді,
Сейіттің қайратына көзін салды.
Сейіттің кереметті құрметінде,
Һәр мұсылманлар мисли бір аждаһадай.

Мүшіріклер үркіген қойдай һәр тарапы,
Мұсылманлар оған шапқан мисли арыслан.
Бұ соғыста бір ғажап хикмет болды,
Бір сағатта алпыс мың мүшірік өлді.

- 9430 Шаңның ішінде Һайлан ұғылы ұшырады,
Сейіт оны сол халде байлап алды.
Алып келіп қайсар сұлтанға оны берді,
Һайланның ұғылын қайсар алып шат болды.

Шаһ әулие мүшіріклерді және қырды,
 Тағат тұтпай, мүшіріклер шаһарға қашты.
 Мұсылманлар арттан қуып, оны қырды,
 Аман тілеп, мүшіріклер шаһарға кірді.
 Шаһ Жиһан әулие қайсарға қайтып келді,
 Қайсар сонда Сейіттің жүзін сүйді.
 9440 Қайсар және: — Иә, Құдауанда, — деп сөйледі,
 Білмедік иә, палуанзада, кімсің? — деді.

Қай зүрият боларсыз, білдір? — деді,
 Сенің үшін жаным құрбан болсын, — деді.
 Бізге рахмат болдың сен, жаным, — деді,
 Баян қыл раушан бізге, иә, сұлтан, — деді.

Сейіт сонда өзін баян қылды:
 — Асылым — араб, құрайыш — затым, — деді.
 Зүриятым Әли әл-Мұртазадан болған, — деді,
 Бабам Мұхаммед — шапағатшым менің, — деді.

9450 Туған атам — Хұсайын ғазы, білсең, — деді,
 Өзім атым — Сейітбаттал ғазы, — деді.
 Қайсар сонда Сейітке басын қойды,
 Көрген жоқ бұрын, естіп білер ерді.

Уәзір, бек басын қойып зар жылады:
 — Біздің әзиз сұлтанымыз сен бе? — дейді.
 Ғайланның ұғылы және Сейітті білді,
 Аяғына басын қойып, мүмін болды.

Бұнлар енді шаһарға жұмла келді,
 Ғайланның ұғылын шаһарға патша қылды.
 9460 Шаһар әһлінің жұмласы мүмін болды,
 Сейітке ізет илән құрмет қылды.

Қайсардың қызын Ғайлан ұғылына бермек болды,
 Сейіт оған ақд неках тамам қылды.
 Жұмласы Сейіт илән мәжіліс қылды,
 Сейіт оған дін жолын тағриф қылды.

Ол шаһарға мәжид, медреселер бина қылды,
Жұма оқып, Шаһ әулие уағыз қылды.
Есіткен халайықтар қайран қалды,
Мисли қиямет күндей зар жылады.

- 9470 Сейіттің кереметін заһир көрді,
Жұмласы ықылас қылып, нұрға толды.
Әлқисса, Сейіт хазіреті қайтпақ болды,
Қайсар және Мысырға жүрмек болды.

Һайланның ұғылы алтын, жауһар көп шығарды,
Мың жүк қылып, күміс жиһаз һәм шығарды,
Ғилман ұлдан ұғыл, қыздарды һәм шығарды,
Жүз атқа қыздар илән ұғлан мінді.

- Ақ піл илән көп малды және берді,
Жұмласын Сейіт хазіретке халғат қылды.
9480 Сейітке екі патша уағдаласты,
Айрылғанға патшалар көп жыласты.

Бір күнлері Мехрасыпқа Сейіт келді,
Мехрасып хал сұрасып, шат болды.
Сейіттің кереметіне тахсин қылды,
Сейітті тағзым қылып, қонақ қылды.

Сегіз күн Сейіт хазіреті сонда болды,
Он тоғыз патша жиылып, құрмет қылды.
Алтын, жауһар, арғымақ аттар берді,
Ғилман ұлдан ұқсаслы қыздар берді.

- 9490 Уа және жақсы кемелерді әзірледі,
Ол малдардың баршасын оған салды.
Маллахтар жол білетін мініп алды,
Туғры жолмен жеті күнде қырға шықты.

Сейіт илән уағдаласып, дұға алды,
Көп адам сол арадан кері қайтты.
Сейіт енді Хаққа хамд, Пайғамбарға салауат айтты,
Жолдастарын ертіп, жолға шықты.

- Бір күнлері бір шашмаға келіп түсті,
Ол жерде бір адамға ұшырады.
9500 Сейіт хазіреті ол адамнан жөн сұрады:
— Малатияның тарапы қайсы? — деп сұрады.
- Ол адам бір тараптан жол көргізді,
— Үшбу жол Малатияға барар, — деді.
Бір күнлері Малатияға келіп ерді,
Хараб болған шаһардың халін көрді.
Ол шаһардың қорғанын бұзық көрді,
Бір тасы жоқ, жұмласын сынық көрді.
Һәр сарайдың жығылған көрді биналары,
Туғры тұрған болмады қиамдары.
- 9510 Һеш сұрайтын болмады адамлары,
Қайран болып жылады Сұлтан ғазы.
Бақтың ішіне һәм барды Шаһ ғазы,
Сайран қылып қарады Шаһ уәли.
- Ол бақта Сейіт көрді бір адамды,
Ол адам — Абул Фаттах белгілі жаранлары.
Сейітке жүгіріп келіп, сәлем берді,
Аяғына басын қойып, зар жылады.
- Сейіт оның көтерді басын енді,
Құшақтап, оның енді көзін сүйді.
9520 — Білгеніңнен хабар айт, жаным, — деді,
Не уақиға болған-дүр бұған? — деді.
- Иә, сұлтан ғалым, мен айтайын сізге, — деді,
Бір һәлакат ерісті бізге, — деді.
Сіз кеткенін қайсар малғұн білген, — деді,
Жүз мың әскер илән ол мұнда келген, — деді.
- Ғапыл күнде ол малғұн мұнда кірді,
Бірнеше адамларды шаһид қылды.
Ұлық өзің білетін жаранлары
Әмір Омардан жүз төндіріп, кетті бөрі.

- 9530 «Сен алдың қатынның тілін, — деді,
Жібердің бізге қорған палуанды».
Сол себепті жаранларың тарап кетті,
Әмір Омар Керманның қаласында жатыр, — деді.

Әлқисса, ол адамға Шаһ уәли: — Барғыл, — деді,
Біздің аман келгенімізді білдір, — деді.
Әмір Омарға хабар айтқыл бізден, — деді,
Жаранларымен жұмласы келсін, — деді.

- Ол адам Керманға жетіп барды,
«Шаһ әулие келді» деп хабар берді.
9540 Мұны естіп жұмлалары шат болды,
Құдаға шүкір үшін намаз қылды.

Әмір Омар жаранлары илән жетіп келді,
Сейіттің аяғына басын қойды.
— Сіз кеткен соң, қайсар малғұн мұнда келді,
Бұ шаһарды хараб қылып бұзды, — деді.

Әмір Омар Сейіт хазіретіне ғұзыр қылды,
— Бір білместік басымыздан өтті, — деді.
Не қылсаң, өзің білгіл енді, — деді,
Тек шықпаған жаным бар тәнде, — деді.

- 9550 Фатима сізге берген қызымызды,
Не пайда, мүшіріклерге жесір болды.
Мәслихат не болар, иә, Сұлтан уәли?
Өзің біл, не тәдбир қылсаң енді.

Сейіт хазіретінің алып келген малдарыны,
Уа және ғилман ұл мен қыздарыны.
Арғымақ ат, алтын, жұмла заттарыны,
Ғиндүстаннан келтірген ақ піліні.

- Ұлық-кішік жаранлары көрді оны,
Тахсин қылып Сейітке тұрды бәрі.
9560 Шаһ жиһан әулие Омарға әмір қылды:
— Бұ малдармен Малатияны түзет! — деді.

Әуелгіден биік салсын қорғаныны,
 Уа және жақсы салғыл ғимаратыны.
 Мен барайын Ыстамболға жалғыз, — деді,
 Хақ Тағала не қылса, өзі білер, — деді.

Бабам Мұхаммед шапағат қылса, ағар, өзі,
 Иншалла, келтірермін мұнда, — деді.
 Әлқисса, Сейіт хазіреті жүрмек болды,
 Жаранлармен уағдаласып, дұға қылды.

- 9570 Бұ қисса үшбу жерде қадари хал тамам болды,
 Мұхаммед Мұстафаға салауат,
 Сейітке дұға қылғыл енді.
 Бұ қиссаны назым жазған бұ пақыр құлды,
 Дұғадан тастай көрме бұ хақыр құлды.
 Құдайым қабыл қылсын қылған дұғамызды,
 Иләһым жарылқасын жұмламызды.
 Сейіт хазіретінің шарапатты құрметіні,
 Оның сақтап тигізісін рахматыны.
 Тыныштық ұғылының тілеген мақсұдыны
 Қабыл қылып, жеткізгей шапағатыны.

*Он алтыншы бап: Сұлтан Сейітбаттал хазіретінің
 Һиндүстаннан келіп, әмір Омардың қызын іздеп, тауып алып
 келгені, уа және қайсардың Кетайун есімлі қызы ағу бергені,
 һәм Аржис тауында жаһаннам қиусына салғаны, һәм онан
 құтылып, мұшіріклерді қырып, Кетайунды алғаны.*

- 9580 Бисмиллаһи хамд илән сөз башлалы,
 Сейіттің хикметлерін һәм башлалы.
 Сұлтан Сейіт жаһанда өткен уәли,
 Талай хикметлер көрсеткен Шаһ уәли.

Оған хикмет көп берген Қадір Мәула,
 Және жәрдем көп берген сұлтан Нәби.
 Сейіттің заһир болған кереметі,
 Көрінген һәр орында ғаламаты.

Сейітке қанша болса кереметі,
 Мұхаммед Мұстафаның мұғжизаты.
 9590 Сол себеплі Мұхаммед Мұстафаны,
 Сөз башлалық салауат илән жад қылалы.

Салауат сәлем сенің болсын, Сұлтан Нәби,
 Мақрұм шапағатыңнан қылма бізні.
 Сұлтан Сейітбатталдың мұнахибуны,
 Сеңа сиынып айталы біз бір халі.

Көңіліме илһам салғай Қадір Мәула,
 Назым бірлән сөйлелік бізлер оны.
 Һиндүстаннан Сейіттің келгеніні,
 Малатияның шаһары һәлак болғаныны.

9600 Сейіттің көзі көріп, жылағаныны,
 Мейрбан мұсылманларға қылғаныны.
 Әмір Омардың қызын және іздегеніні,
 Айтайын назым бірлән сізлерге оны.
 Риуаят рауиларның сөзі келді,
 Тыңлайтұғын қиссаның өзі келді.
 Шаһ әулие рұмша төбдил киім киді,
 Ыстамболдың тарапына сапар қылды.

Бір күнлері Дақи деген шаһарға келді,
 Ол шаһарда жиылған адам көрді.
 9610 Бір адамнан Сейіт хазіреті хабар сұрды:
 — Бұ жиылған адамлар не-дүр? — деді.

Сейітке үшбу адам жауап берді:
 — Қайсар барып, Малатияны хараб қылды.
 Сейітбатталдың бір қатынын алып келді,
 Бір уәзірінің ұғылына бермек болды.

Соның үшін той қылып жатыр-ды,
 Адамлар оның үшін жиылар, — деді.
 Сейіт хазіреті бұ адамнан хабар білді,
 Көп адамның арасына бұ да кірді.

9620 Өлеңшілер шалғы тартып, ойнар ерді,
Мақтасып қыз бен күйеуді сөйлер ерді.
Сейіт сонда Інжілден аят айтты,
Мақтауын қыз-күйеудің бұ да айтты.

Сейіттің хұсни даусын ғажапласты,
Күйеуге Сейіттің сөзі хош көрінді.
Күйеу сорлы бір адамға өмір қылды:
— Сол жігітті сарайға келтір, — деді.

Біреу келіп Сейітті алып жүрді,
Шаһ әулие сарайда бірге отырды.
9630 Қыздың сонда Сейітке көзі түсті,
Сейітті танып, көзінің жасын төкті.

Сейіт сонда ернін тістеп қойды,
«Сабыр қыл» деп, ишарат һәм білдірді.
Қыз енді шарасыздан сабыр қылды,
Ішіне ғашық оты жош әйлады.

Жиылып арақ-шарап жұмла ішті,
Һәрқайсы бір сөз айтып, күлкі қылды.
Бұ адам бір кесе шарапты қолына алды,
Өзінің сүймес ісін көңіліне алды.

9640 — Батталға қаһар үшін ішем, — деді,
Бізге Нар-нұр риза болсын, — деді.
Бір адам сол уақытта сөз сөйледі:
— Болмас істі сөйлеме бекер, — деді.

Ол адам: — Батталмысың? — деп сөйледі,
Не үшін болысарсың оған? — деді.
— Әй, ақымақ, мен қашан Баттал болдым, — деді,
Мен — Ғақбаның ұғылы Уәлид, — деді.

Мен көрдім кітаптарда ол Батталды,
Һәр орында жиылыс болса келер, — деді.
9650 Сізлер ғапыл болмаңызлар онан, — деді,
Баттал келіп қалмасын мұнда, — деді.

Ол Баттал қорқақ емес, ер-дүр, — деді,
Тірі болса, өшін алмай қоймас, — деді.
Мұны айтып ол Уәлид тысқа шықты,
Артынан Сейіт хазіреті бірге шықты.

Уәлид сонда артына қарап көрді,
Келе жатқан Сейітті танып білді.
Сейітке ғиззат илән сәлем берді,
Сейіттің аяғына басын қойды.

9660 — Мен — құлыңмын, сен — менім қожам, — деді,
Не бұйырсаң, әміріңше болам, — деді.
Сейіт сонда: — Олай болса жақсы, — деді,
Бір жақсылық көрсетші маған, — деді.

— Не жақсылық істерсің менен, — деді,
Қолдан келсе, әмірің болсын, — деді.
Сейіт сонда: — Уәзір ұғылы
мас болып жатыр, — деді,
Сен барып, ғапыл халде өлтір, — деді.

Түн ішінде адам білмес сені, — деді,
Мен қапуда тұрайын аңдып, — деді.
9670 — Хош болар, — деп сарайға Уәлид кірді,
Мас болып жатқан күйеуді көзі көрді.

Уәлид оның басын кесіп алды,
Сейітке алып келіп оны берді.
Сейіт енді: — Қыз қайда? — деп сұрады,
— Қыз бақшадағы сарайда отыр, — деді.

Екілісі ол бақшаға жетіп келді,
Қыз дахи интизар болып отыр ерді.
Түн ішінде Сейіттің даусын білді,
Сейіттің аяғына басын қойды.

9680 Екісі амандасып, хал сұрасты,
Аллаға шүкір, Пайғамбарға салауат айтты.

Сарайдағы алтын, күміс, жауһарларны,
Бір атқа артып алды затларыны.

Түн ішінде шаһардан шығып кетті,
Он бір күнде Малатияға жетіп келді,
Жаранлары ұлық-кішік жұмла келді,
Сейітке тағзым илән көріс қылды.

Жеті күн өмір Омар тойды қылды,
Сейітке неках қылып, қызын берді.
9690 Енді Сейіт хазіреті хатты жазды,
Халифаға ақ піл илән мал жіберді.

Халифа ақ пілді алып, тойды қылды,
Хат жазып, Шаһ әулиеге халғат берді.
Шаһ жиһан Фатима илән шадыман ерді,
Шатлығы аз күн болды, бір қайғы тағы келді.
Құдайым сүйіп оны қайғы берді,
Ақырында шатлықты тағы берді.

Өзін жаныб

Айтайын ол қайғының себебіні,
Залым Уәлидтің асылы нақу жұтқаныны.
9700 Жалған мұсылман ол Уәлид болған ерді,
Бір фитна саларға жүрген ерді.

Сейітке қызмет қылып жүрген болды,
Бір күні Фатиманы көріп, ғашық болды.
Бір күні Сейіт илән бақшаға барды,
Сейіт андан: — Кілті қайда? — деп сұрады.

— Аһ, үйде ұмыт қалған екен, — деді,
Тез барып әпкелейін, — деп үйге кетті.
Жүгіріп келіп екі атты ерттеді,
— Иә, Фатима, сізні Сейіт шақырды, — деді.

9710 Не білсін Фатима байғұс атқа мінді,
Уәлид малғұн бақшадан аулақ жерге келді.

Фатима сонда Уәлидтен жауап сұрды:
— Барарсың қай тарапқа, Уәлид? — деді.

Уәлид сонда: — Мен ғашық саған, — деді,
Мұрат хасыл тілеймін сенен, — деді.
Әгар қабыл қылмасаң бұ сөзімні,
Рұмға алып кетем енді сені, — деді.

Фатима сонда: — Әй, харамзат, малғұн, — деді,
Қайттың ба асылыңа тағы? — деді.
9720 Бұны айтып енді Фатима қаша берді,
Уәлид малғұн артынан қуа берді.

Фатиманың назары артында болды,
Аты келіп бір тамға ұшырады.
Аты соғылып ол тамға жығылады,
Фатима жығылып, сол жерде жан береді.

Оны көріп Уәлид малғұн «аһ» деді,
— Құс болып қашсам да Сейіт қоймас, — деді.
«Рұм халқы қайда» деп, қаша берді,
Сейіт хазіреті бұ істен ғапыл ерді.

Әзін жаныб

9730 Сейіт хазіреті екіндіде үйге келді,
Фатиманың шаһидлығынан хабар білді.
Әмір Омар қатыны илән бұнлар келді,
Фатиманың өлгенін біліп, зар жылады.

Әлхасыл, хүкімі лиллаһи арызы болып,
дәфін қылды
«Инна лиллаһи уа инна илайһи ражиғуна»^{*}
деп оқыды.

Сейіт хазіреті рұмша киім киді,
Уәлидтің ізін көздеп, жолға жүрді.

^{*} Шындығында, бәріміз Алладанбыз және де оған қайта оралмақпыз. (Құран аяты.)

- Нехасыл, үшбу сөзді азайталы,
Ол малғұн қолға түспей, талай қашты.
9740 Ол малғұнның тағдыры кейін ерді,
Сол себеплі құтылып жүре тұрды.
- Ақырында Сейіт оны һәлак қылды,
Баяны өз бабында келер тағы.
Сейіт хазіреті және іздеп келер ерді,
Бір мың қадари ләшкерні қатар көрді.
- Бір адамнан Сейіт келіп хабар сұрды:
— Бұ ләшкер қай тарапқа барар? — деп сұрады.
Ол адам Сейіт хазіретке жауап берді:
— Үшбу ләшкер — Бадрун шаһ палуан, — деді.
- 9750 Рұмда жеті ықылым падишаһ болды,
Бірісінің есімі Хамран деген ерді.
Оның бір Ғадунбану деген қызы болды,
Жаһаннан қайраты асқан палуан болды.
- Ол қызы жеті ықылымға қағаз жазды:
«Әр шаһарда палуан болса келсін, — дейді.
Менің бірлән күресті салсын, — дейді,
Майданда мені жықса, алсын» дейді.
- Мұны естіп һәр патшалардан палуан келді,
Ол қызға күш жетпей һәлак болды.
9760 Бадрунша бір уәзірдің ұғылы ерді,
Ол Бадрун үшбу кеше түс көріпті.
- Түсінде Сейітбатталға жолығыпты,
Мұсылман болып, аяғына бас ұрыпты.
Ол қызды Бадруншаға апарыпты,
Сол себеплі Бадрунша келер депті.
- Бұ хабарды Шаһ жиһан онан білді,
Құдаға шүкір қылып, жолға жүрді.
Шаһ әулие жол жүріп келер ерді,
Сол уақытта бір бөлек адам келді.

9770 Бір адамның қолында бар бір арысланы,
Көрсеткен палуанлықтың ғаламаты.
Сол адам Сейіт хазіретке туғры келді,
Қолындағы арысланын қоя берді.

— Бұ жерде рұқсатсыз жүрген кімсің? — деді,
Сейітке қылышын алып, хамлә қылды.
Сейіт сонда жұмырық илен атын ұрды,
Аты сонда мұғаллақ ол жығылды.

Аты жығылып, адамы сонда тұра келді,
Етегін түріп алып және ұмтылды.
9780 Сейіт сонда атынан түсе қалды,
Екісі құшақтасып, күрес салды.

Шаһ әулие оны көтеріп, жерге ұрды,
Ол адамның жығылғанда басы ашылды.
Сейіт оны бір аураат әйел білді,
Шаһ әулие кейін барып тұра қалды.

Қыз енді тез орнынан тұра келді,
Сейіттің аяғына басын қойды.
— Менім атым — Ғадунбану қызбын, — деді,
Атамызды Хамранша падишаһ дейді.

9790 Мен бір уәде әуелде қылдым ерді,
Кім жықса, мені алсын дедім ерді.
Әуелгі уәдемде тұрам, — деді,
Мен саған халал болдым алсаң, — деді.

Сейіт сонда: — Мен алман сені, — деді,
Бадруншаға Алла қосты сені, — деді.
Мұны естіп Ғадунбану атқа мінді,
Өзінің шаһарына қыз жөнелді.

Сейіт хазіреті жол жүріп шаһарға келді,
Бөлек-бөлек ләшкерлер жатқан көрді.
9800 Бұ жерге Шаһ жиһан қонып жатты,
Құдаға хамд, Пайғамбарға салауат айтып жатты.

Барабан соғып, Хамранша атқа мінді,
Елу мың ләшкер илән тауға келді.
Шаһардан Ғадунбану жәнә шықты,
Бір жүз қызды қасына ертіп шықты.

Үшбу қыздар майданда ойын қылды,
Ойынына халайықтар ғажап қалды.
Майданда Ғадунбану жалғыз қалды,
Ғайр қызлар ләшкерге келіп тұрды.

- 9810 Хамран патша қызына сөз сөйледі:
— Менім сөзімді алсаңшы, қызым, — деді.
Һешбір адам шақ болмады саған, — деді,
Тыныштық һеш болмады маған, — деді.

Не болар, бір бектің ұғылына тисең, — деді,
Не болар, бұ ғауғаны тыйсаң, — деді.
Қыз сонда: — Жаныма шам болмас, — деді,
Уағда бос орынға қалмас, — деді,

- Әлхасыл, Ғадунбану майдан тұрды,
Майданда түрлі ғажап ойын қылды.
9820 Фиранның патшасының ұғылы келді,
Ғадун илән екілісі хамлә қылды.

Сүңгі илән Ғадунбану жерге ұрды,
Басын кесіп, ләшкерге лақтырды.
Әлқисса, һәр палуанлар келіп ерді,
Жұмласын сөйлетпей, һәлак қылды.

Андан соң Бадрун шаһ келіп ерді,
Екісі қарсы келіп, сөз сөйледі.
— Менім атым Бадрун шаһ білсең, — деді,
Атаңның ағасының ұғылы, — деді.

- 9830 Мал-мүлкәтім менің көп білсең оны,
Қабыл көріп, жұмласын алсаң, — деді.
Сонда Ғадун: — Мал керек емес маған, — деді,
Майданда жықсаң, тием саған, — деді.

Білмеймісің, қатынларға ерлер керек,
Қатынлар неш қатынға тимес керек.
Ер болсаң, бұ майданда жықпақ керек,
Халайықтар ерлігіңді көрмек керек.

«Бәрежелді, ер екен!» демек керек,
Қыз қызығып, көңілінде тұрмақ керек.
9840 Ер болсаң, қайратыңды башла, — деді,
Майданға мені жығып ташла, — деді.

Ер болсаң, сөйлемегіл бос сөз, — деді,
Ер кісіге керек-дүр хош сөз, — деді.
Мұны естіп Бадрун шаһ хамлә қылды,
Қыз көтеріп Бадруншаны жерге ұрды.

Басты кесейін деп оңтайланды,
Сол халде Шаһ әулие нағра салды.
Жұмла тұрған халайықтар есін танды,
Жеті қат көк жерге түскен мисли болды.

9850 Сол уақытта Шаһ әулие жетіп келді,
Көтеріп Ғадунбануды жерге ұрды.
Қыз сонда бірден тұрып, қол қусырды,
Сейіттің аяғына басын қойды.

Сол жерде иман айтып, мүмін болды,
Құдайым көңіліне нұр толтырды.
Бадрун шаһ Сейітке келіп сәлем берді,
Тағзым қылып: — Мардан ғалым, кімсің? — деді.

Сейіт сонда Бадрунға жауап берді:
— Түсіңде кімді көрсең, сол — мен, — деді.
9860 Бадрун шаһ бұ хабарды естіп білді,
Сейіттің аяғына басын қойды.

Сол жерде ықылас илән мүмін болды,
Көңіліне иман нұры оның толды.
Қыз енді: — Патша жиһан, — деп сөйледі,
Сен алғыл, мен күң болам саған, — деді.

Сейіт сонда: — Иә, қызым, Ғадун жаным, — деді,
Құдадан әмір саған болған, — деді.
Ишарат Хақтан саған келген, — деді,
Тәсілім бол Бадрун шаһқа, жаным, — деді.
9870 Нәсіп жоқ мен аларға саған, — деді,
Құданың әмірін бұзған жаман, — деді.
Енді қыз Бадрунға риза болды,
Сейіттің әмірінше тәсілім болды.

Атасына қызы барып, хабар берді,
— Мен риза Бадрун шаһқа болдым, — деді.
Хамран патша қызының сөзін білді,
Шарасыз Бадруншаға қызын берді.

Сейіт хазіреті Хамранға һәм сөйледі,
Дін жолын тағриф қылып көп сөйледі:
9880 — Жұмла сөзіңіз мақұл-дүр, сөзіңіз, — деді,
Хамран сонда: — Иә, сұлтан ғалым, — деп сөйледі.

Ләкин мен қайсардан қорқам, — деді,
Аз ғана күн рұқсат бер бізге, — деді.
Қайсар дахи тәсілім болар сізге, — деді,
Біз мұсылман болармыз сонда, — деді.

Хамраншаға Сейіт хазіреті изин берді,
Хамранша Бадруншаға қызын берді.
Хамран шаһ ұлық, ғиззат тойды қылды,
Сейіт хазіреті ақд неках оған қылды.

9890 Бадрун шаһ Ғадун илән үйге кірді,
Сейіт хазіреті бір жерде иқрар қылды.
Сейіт хазіретіне Бадрунша және келді,
Сейіттің жылағанын көзі көрді.

Әуел келіп Ғадунбануға хабар берді:
— Сейіт хазіреті не үшін жылар? — деді,
Екілісі Сейіт хазіретке және келді,
Жүздерін жерге қойып, ғұзыр қылды.

- Иә, сұлтан ғалым, жыларсың не үшін? — деді,
Көңіліңдегі құсаңды білдір, — деді.
- 9900 Сейіт сонда: — Бес неках менде болды,
Жұмласы бұ дүниядан сапар қылды.
- Әмір Омардың Фатима деген қызы болды,
Ол маған нәсіп болып, қосылып ерді.
Мұрады хасыл болмай, аз күн тұрды,
Уәлид малғұн өлтіріп, шаһид қылды.
- Сол түсіп көңіліме, мөлүл қылды,
Шапағат үшін жыладым соған, — деді.
Сол уақытта Ғадунбану һәм сөйледі:
— Иә, сұлтан ғалым, сөзім бар тыңла, — деді.
- 9910 Әй, Шаһ жиһан, Сейітбаттал сұлтан, — деді,
Һеш қайғы, құса қылмағыл оған, — деді.
Сіз алған Маһпруза — қайсардың қызы,
Оның бар бір сіңілісі, ғажап, — деді.
- Жаһанда теңдесі жоқ көркем, — деді,
Оның есімі — Кетайун маһи, — деді.
Кауакиб теңізінде орны, — деді,
Сізден қорқып ол жерге қойған, — деді.
- Мен сізді апарайын анда, — деді,
Көрерсіз хұсни жамалын оның, — деді.
- 9920 Әуелі сіздің мұратыңыз хасыл болсын, — деді,
Сізден бұрын мен мұрат хасыл қылман, — деді.
- Ол қыз — менің махбүблi достым, — деді,
Һәр уақытта жолығып тұрам, — деді.
Бұ сөзді айтып, үшбулер жолға жүрді,
Бір теңіздің жағасына келіп түсті.
- Бір бұзылған ғимаратқа атын қойды,
Өзлері бір қайыққа мініп алды.
Сейіт енді руһбан тонын киді,
Ғадунға: — Өзің жалғыз барғыл, — деді.

- 9930 Кетайун[ға] өзің әуелі сөйле, — деді,
Келді деп бір руһбан білдір, — деді.
Шат көңілі жұмсар оның, — деді,
Шақырғыл сол уақытта бізді, — деді.

Ғадунбану «хош болар» деп, анда барды,
Ол келіп Кетайунға көріс қылды.
Кетайун илән хал сұрасып, тамам болды,
— Бір руһбан келтірдім жақсы сізге, — деді.
Жаһанда теңдесі жоқ ғалым, — деді,
Хұсни Жүсіп сәни көрсең, — деді.

- 9940 Қайратына һеш адам шақ болмайды,
Атам сізге жіберді көрсін, — деді.

Қабыл көрсең, келтірейін сізге оны,
Алып келген тұхфамыз білсең оны.
Кетайун сонда: — Хош болар, келтір оны,
Көрелік нешік ғалым-дүр бізлер оны.

Ғадунбану Сейіт хазіретін алып келді,
Сейіттің Кетайунға көзі түсті.
Мисли маһ табан айдай көрінді,
Көрмеген бұ мысалы һешбір қызны.

- 9950 Кетайунның Сейітке көзі түсті,
«Бар ма екен бұ мысалы һеш жан» деді.
— Хош келдің, дін ұлысы, мұнда, — деді,
Сөйлеші діннің жайын бізге, — деді.

Сейіт сонда оқыды Инжіліні,
Мисли Дәуіт оқыған Забұрыны.
Қыз сонда хұсни дауысына ғажап қалды,
«Бәлки Иса болар ма?» деп ойлады.

- Кетайун сонда Ғадунға сөз сөйледі:
— Африн бұ жігітке, — деп сөйледі.
9960 Бұны туған анасы нешік — деді,
Адамзаттан туар ма бұндай?! — деді.

Кетайун және Сейітке сөз сөйледі,
Сейітті шикаят қылып, көп сөйледі.
Сейіт хазіреті Кетайунға һәм сөйледі:
— Сейітбаттал кім болар? — деп сөйледі.

Кетайун сонда: — Сейітбаттал — араб, — дейді,
Нәсілі Пайғамбардан болған дейді,
Ғалымлықта назыры жоқ оның дейді,
Палуанлықта Рүстемнен артық дейді.

- 9970 Сахилықта Хатымтайдан жомарт дейді,
Хайлакері жаһаннан озған дейді.
Кәһи руһбан, кәһи бектей болар дейді,
Кәһи жерде, кәһи көкте жүрер, ұшар дейді.

Бү жаһанды хайла бірлән алған дейді,
Көп адамды қайрат бірлән қырған дейді.
Сол себеплі біз тұрамыз мұнда, — деді,
Кеше-күндіз рахат, ұйқы көрмес, — деді.

- Сейіт сонда: — Иә, Кетайун, — деп сөйледі,
Мақтадың Сейітбатталды, ханшам, — деді.
9980 Сол мысалы өнер және болса, — деді,
Адамзат қашар ма онан? — деді.

Кетайун сонда: — Ол — мұсылман адам, — деді,
Мәсиханың дініне дұшпан, — деді.
Бір тума апамызды өзі алды,
Ғамайунды халифаға және берді.

Ол Баттал — мұсылманның сиқыршысы,
Онан қашып құтылмайды һешбір кісі.
Сейіт сонда: — Ол хайлакер адам болса, — деді,
Қояр ма қашқан бірлән аша сені?

- 9990 Сонда Кетайунның көңіліне қорқу түсті,
— Сен бәлки Сейітпісің? — деп сөйледі.
Сейіт сонда: — Бәлі, білдің мені, — деді,
Алармын бұ орыннан сені, — деді.

Кетайун сонда естіді бұ хабарды,
 Қайран болып Ғадунбануға һәм сөйледі:
 — Менім саған дұшпандығым қашан болды?
 Не себеплі келтірдің дұшпанымны?

10000 Ғадунбану Кетайунға жауап берді:
 — Сен маған айтпадың ба бұрын, — деді.
 «Ғәр орынға сайран қылып алсаң енді,
 Жақсы жігіт тапсаң келтір» демедің бе?

Мен кездім жеті ықылым патшаларны,
 Сынадым жігітлердің жұмлаларны.
 Бұ жігіттің қайратын білдім, — деді,
 Жаһанда теңдесі жоқ палуанлығы.
 Өнері және ғажап алуан түрлі,
 Келтірдім мұны саған сол себеплі.
 Уа және Бадрун шаһ та үгіттеді:
 — Табылмас мұнан жақсы адам, — деді.

10010 Әлқисса, Кетайун қыз һеш болмады,
 Айқайлап, шақырарға оңтайланды.
 Сейіт сонда Кетайунға қолын салды,
 Бұғазына жабысып, өзін бұды.

Қызметшілердің жұмласын және қырды,
 Төрт сандыққа алтын, жауһар салыпты.
 Төртеуі кемесіне мініп алды,
 Атын қойған ғимаратқа жетіп келді.

10020 Ол жерде қарар қылып, ниғмат ішті,
 Кетайунға және насихат сөз сөйледі.
 Кетайун насихатын тыңламады,
 Төртеуі атқа мініп, жолға жүрді.

Төртеуі атқа мініп келер ерді,
 Алдында не қисапсыз әскер көрді.
 Әуелгі ғимаратқа қайта түсті,
 Бадрун шаһ хабар аларға анда барды.

Бадрун шаһ ол ләшкерден жауап сұрды:
— Барарсыз қай тарапқа сізлер? — деді.
Анлар сонда: — Уәлид келді бізге, — дейді,
Сізлердің Кетайуныңнан хабар берді.

- 10030 Батталға бермексізлер Кетайун қызды,
Соның үшін жіберді қайсар бізді.
Екі жүз елу мың ләшкер бізлер, — деді,
Өлтіреміз Батталды тапсақ, — деді.

Бадрун шаһ бұны естіп қайтып келді,
Жұмла сөзні Сейітке айтып келді.
Сейіт хазіреті атына мініп алды,
Майданда жетпіс екі ойран салды.

- Менім атым — Сейітбаттал ғазы, білсін, — деді,
Һәркім өлімін сағынса, келсін, — деді.
10040 Сейіттің Кетайун, Ғадун ойынын көрді,
«Не үшін тәсілім болмассың бұған?» деді.

Сейіт хазіреті майданда нағра салды,
Һайбаттан қорқып һешкім бара алмады.
Келмеген соң Сейіттің өзі барды,
Ақшамға шақлы жүһүдтерді бек көп қырды.

Күн батқан соң қосына қайтып келді,
Бадрун шаһ Ғадун илән қарсы барды.
Жүздерін жерге қойып, қолын созды,
Сейіттің тонларының қанын жуды.

- 10050 Сейіт хазіреті таһарат алып, намаз қылды,
Намаздан фариг болып, тағам жеді.
Тағам асап, Аллаға чок шүкір қылды,
Кетайунға және насихат сөз сөйледі:

— Жалғыз кісі көп ләшкерге не іс қылды?
Құданың құдіретін көрдіңіз бе?
Жұмласы — бабам Мұхаммедтің мұғжизасы,
Көрдің бе, кәр қылмады кәрі, жасы?

- 10060 Және айтты Бадрун шаһ екілісі,
Мұхаммедтің Хақ жүрер мұғжизасы.
Ғадунбану көп сөйледі екілісі,
Әуелде тамам болған ықыласы.
- Кетайун сонда Сейітті сүйді көңілі,
— Ләкин мен дiнiмдi қойман, — дедi.
Сейiт сонда: — Мүшiрiктi алман, — дедi,
Һәр адам мүшiрiк болса — харам, — дедi.
- Әлхасыл, екілісі келіспеді,
Харам күнде Сейіт оған қол салмады.
Андан соң сабах садық таң да туды,
Әскерлері бейқисап және келді.
- 10070 Ол ләшкердің бастығы Алиун ерді,
Сейітке ол Алиун туғры келді.
Сейітке бек қабахат сөз сөйледі,
Уа және сүңгісін оңтайланды.
Сейіт сонда Алиунға қаһарланды,
Көтеріп ат үстінен көкке атты.
Кері айланып бір уақытта келіп ерді,
Жерге түспей, қылыш илән екі бөлді.
- 10080 Әлқисса, азайталы үшбу сөзді,
Жетпіс түрлі ойын илан һөлак қылды,
Сол уақытта Фарун патша және келді,
Жұмласы екі жүз мың ләшкер болды.
- Сейіт хазіреті ақшамға ше соғыс қылды,
Ат жүрместей, адам қаны селдік болды.
Қосына Сейіт хазіреті қайтып келді,
Бадрун шаһ Ғадун илән қарсы келді.
- Сейітке ғиззат илән құрмет қылды,
Сейіт хазіреті намаз оқып, шүкір қылды.
Кетайунға Бадрун, Ғадун һәм сөйледі,
Насихат оның үшін көп сөйледі.

10090 Не шара Кетайун дахи сөз алмады,
Насихат қанша айтса да тыңламады.
Уа және сабах садық таң да туды,
Сейіт хазіреті әскерлерге және барды.

Майданға Баһаман деген біреу келді,
Сейітке бек қаһарланып келген болды.
Сейіт хазіреті күрзі бірлән ұрып ерді,
Аты илән жерге кіріп, көлдік болды.

Не қисса аз етелік үшбу сөзді,
Сол жерде отыз үш палуанды һәлак қылды.
10100 Андан соң жұмла әскерлер қаплап ерді,
Сейіт сонда қаһар илән нағра салды.

Ол нағраның дауысы ғажап болды,
Жеті қат көк жерге түскен мисли болды.
Бағзылар аттан ұшып жерге түсті,
Бағзылардың есі кетіп, жаны шықты.

Сол халде Сейіт хазіреті қылыш ұрды,
Уа және сүңгі, күрзі бірдей ұрды.
Шаң басып, адамның жүзі көрінбеді,
Фаридун сол уақытта ұшырады.

10110 Сейітті артынан келіп ұрып ерді,
Сейітке бір захмат еріштірді.
Артына Сейіт сонда айланыпты,
Фаридунға сүңгісін өзі салды.

Фаридунға сүңгісі өтіп кетті,
Фаридун жаһаннамнан орын тапты.
Әлқисса, күн батқанша соғыс болды,
Адамның қаны ой жерді көлдік қылды.

Әскерлер кеш болған соң, кері қонды,
Сейіт енді қосына қайтып келді.
10120 Бадрун шаһ Ғадун илән ғиззатлады,
Сейіт хазіреті таһарат алып, намаз қылды.

Кетайунға Бадрун сөз сөйледі:

— Көрдің бе Сейітбаттал нешік қылды?
Біз тұрдық там басынан қарап, — деді,
Бұ жүрді қанша жанды қырып, — деді.

Жердің жүзін бояды қанға, — деді,
Өлген жанлар қалды ғой, таң ба? — деді.
Сенің көзің көрмеді ме сонда? — деді,
Мұхаммед пайғамбардың мұғжиза шұһрасын.

10130 Дадасы — Мұхаммед пайғамбардың мұғжизасы,
Тарауыт тұрған мүшіріклерге көп салар ісі.
Қырылған мүшіріклердің өз жазасы,
Сейіт-дүр мұсылманлардың пәруанасы.

— Сен дахи, иә, Кетайун, болма ғасы,
Тәсілім болғыл Сейітке, жаным, осы.
Сол уақытта Кетайун сөз сөйледі:
— Ол сорыма қатын алмас па өзі? — деді.

10140 Мені тастап, қатын алмаса, әгар, осы,
Мені аларға дұрыс болса ықыласы.
Сейіт сонда Кетайунға жауап берді:
— Мұнан [кейін] рұқсатсыз
алмайын қатын, — деді.

Бұны естіп, Кетайун енді иман айтты,
Бадрун шаһ Ғадун илән шат болды.
Бадрун шаһ Ғадун илән басқа болды,
Кетайун Сейіт илән бірге болды.

Ол залым жалған иман айтқан ерді,
Ол сырдан бұ үшеуі ғапыл ерді.
Кетайун сандықтарын аша берді,
Сейітке бір түйіншек затты берді.

10150 — Үшбүді, әй, палуан, алшы, — деді,
Мұрныңа бір иіскеп қойшы, — деді.
Бұ бір жақсы дәру-дүр білші, — деді,
Жарақатының да болған жазулары.

Сусағанда сусын да болар жөне, — деді,
 Һәр уақытта қажет болар сізге, — деді.
 Сейіт сонда мұрынға иіскеп ерді,
 Табариктің ақылы сонда зайұл болды.

10160 Қыз енді сол арадан тышыра шықты,
 Бадрунға білдірмей қашып кетті.
 Ғадунбану Кетайунды қашқан көрді,
 Келіп ол Бадрун шаһқа хабар берді.

— Харами зат асылына қайтқан, — деді,
 Енді қайтіп жетеміз оған, — деді.
 Жүгіріп Сейіт хазіретке келіп ерді,
 Халсіз жатқан Сейіттің халін көрді.

«Аһ» деп, екілісі зар жылады,
 «Ол залым ағу берген» деп жылады.
 Сейітке неше кере дауыс қылды,
 Сейітте тұратұғын хал болмады.

10170 Нехасыл, Кетайун Хамран шаһқа барып жетті,
 «Сейітбатталға у бердім, — деп хабар жетті.
 Жеті күнше оңалмас Баттал, — деді,
 Тез барып, әпкеліңіз мұнда» деді.

Сабах садық таң туды, ләшкер жүрді,
 Бадрун Ғадун илән қарсы жүрді.
 Екілісі әскер илән соғыс қылды,
 Үш күн-кеш мүшіріклерді жібермеді.

10180 Хамран патша Ғадунға хабар жазды:
 «Батталға ағу берген Кетайун, — дейді.
 Ол Баттал бұ ағудан өлер, — дейді.
 Кім үшін әуре боларсыз бұнда? — дейді,

Айырман Бадрун шаһтан сені, — дейді.
 Һешкіммен ұрыс қылмай, жай тұр» дейді.
 Ғадунбану естіді бұ хабарды,
 Келген адамның кесіпті құлақ, мұрнын.

— Сейітбаттал көп көрген мұндай істі,
 Құдайым асан қылған талай істі.
 Бір күні халас қылар Қадір мұны,
 Сол уақытта һәлак қылар жұмлаңызды.

10190 Енді Хамран жіберді көп ләшкерді,
 Бадрунша Ғадун илән көп өлтірді.
 Екісі Сейіт хазіретке және келді,
 Басын құшақтап, екісі зар жылады.

Нехасыл, Сейіт хазіреті тұра алмады,
 Көзін ашып, жауапты бере алмады.
 Екісі Хаққа мінәжат, зар қылды,
 Гауһарлар көздерінен жары қылды.

«Тапсырдық Хақ Тағалаға сізні, — деді,
 Нәжат берсін Құдайым сізге» деп жүре берді.
 10200 Төртінші күн әскерлерге және кірді,
 Тәртіп жойып, ортасынан жүре берді.

«Алла» деп Малатияға жетіп барды,
 Есітіп шаһар әһлі зар жылады.
 Әмір Омар бұ хабарды халифаға һәм білдірді,
 Халифа оның үшін көп жылады.

Өзін жаныб

Ғадун илән Бадрун кетіп ерді,
 Мүшпіріклер ессіз жатқан Сейітке жетіп келді.
 Халсіз жатқан Сейітті байлап алды,
 Көтеріп тақта илән алып кетті.

10210 Бұ хабарды қайсарға Хамран білдіреді,
 Бұ хабарды қайсар естіп шат болды.
 «Батталды өлтірейін өзім, — деді,
 Мен барғанша өлтірмей тұрсын» деді.

Әлқисса, жеті күнде Сейіт тұрды,
 Бір тақтаға байланған өзін көрді.

Сейіт енді «Аһ» деп ой ойлады,
«Кәпір естен тұтқан екен» деп ойлады.

Аллаға мінәжат қылып, сөз сөйледі:
«Не келсе, жұмла сенен келер, — деді.
10220 Ғинаят, қуат, құдірет сенен, — деді,
Сенен ғайр іс болмас зор» деді.

Бір адам Кетайунға барып айтты:
— Есін жиып, Сейітбаттал тұрды, — деді.
Кетайун енді Сейітке жүріп келді,
Жүзінен пердесін ашып келді.

— Баттал, сен көп біліпсің ғалымдықты,
Білмегенсің қатындардың макирін.
Сен алдың әуелі менің екі апамды,
Уа және сен өлтірдің ата бірлән ағамызды.

10230 Қостантин қайсар келер қазір, — деді,
Жұмласының өшін алар өлтіріп.
Сейіт оған неш жауап сөйлемеді,
Сөзіне неш ілтисат қылып қарамады.

«Сиқыршы Баттал» деп көп замлады,
Сейіт сонда ашуланып тебіренді.
Сол уақытта бір малғұн сөз сөйледі:
«Әй, сиқыршы Баттал» деп көп замлады.

Сейіт сонда ашуланып тебіренді,
Ау-шынжыры үзіліп, қолын босандырды.
10240 Сонда малғұн жүгіріп қаша берді,
Артынан Сейіт жетіп, жұмырық ұрды.
Мұғаллақ төбесінен жығылып, жанын берді,
Сейіттің қайратына қайран қалды.
Нехасыл, көптігімен байлап алды,
Сейіттің қайратына қайран қалды.

— Қорқумен адамларды мұндай қырды,
Қаруын алса, қырар еді-ау жұмламызды.

Хамран сонда: — Қайсарсыз болмас, — деді,
Ақыратис сонда: — Кел, өлтірелік мұны, — деді.

10250 Не қылса, өзі қылсын мұны, — деді,
Көшелік бұ арадан қазір, — деді.
Сұлу қия деген бір қалаға бұнлар келді,
Қасындағы бір тауға келіп түсті.

Бір терекке Сейітті байлап қойды,
Кетайун шатырын оған қарсы тікті.
Кетайун енді бек һәйбәтлі зиннәтләнді,
Сейітке және келіп сөз сөйледі:

— Иә, Баттал, көзім қимас сені, — деді,
Сейітке және келіп сөз сөйледі:
10260 — Мен саған қатын ұқсаслы һешкім, — деді,
Біздің дінге кірсеңші енді, — деді.

Сейіт оған һеш жауап бермеді,
Көңілін бір Алладан айырмады.
Әскерлері арақты ішіп жатты,
Қазандағы астары пісіп жатты.

Жұмлалары масты болып ұйықтап қалды,
Сейіт отыр ағашта қылып зарды:
«Иә, Алла! Жаратушы өзің, Мәула,
Өзіңе мағлұм-дүр пенде халі.

10270 Менім жаным құрбан-дүр
саған паймалы, Мәула,
Ләкин мұсылмандардың не-дүр халі.
Дұшпанлардың аты аяғында
қылмағыл суығыны,
Иллі балшық паймалы.

Сиынам соның үшін, иә, Қадір Мәула»,
Сол уақытта бір нәрсе суылдады.
Ағаштың басынан бір жылан түсе қалды,
Қазан асқан ошақларды аралады.

Уа және һәр қазанға басын сұқты,
Андан соңыра ол жылан қайтып кетті.
10280 Сол уақытта Қарун патшаның ұғылы тұра келді,
Құлдарына қышқырып, «Тұрғыл» деді.

Ниғматлар піскен-дүр, келтірді,
Қасындағы беклері, жұмла беклері.
Жұмласы асын асап, тамам болды,
Сол уақытта Баһрам Қарун ұғылы тітіреді,
Тыпырлап, жаһаннамға ол жөнелді.

Әлқисса, үшбу сөзні тамамлалы.
Сол жерде жетпіс палуан өліп қалды,
Кетайун қыз сол уақытта ой ойлады.
10290 Баһрамды оның көңілі сүйер ерді,

Сейіттің қасына келіп, сөз сөйледі:
— Әй, сиқыршы, сен қылдың мұны, — деді,
Сейіт сонда: — Әй, ақымақ Кетайун, — деді,
Не келер менім қолымнан, білші? — деді.

Кетайун Сейіттің сөзін тыңламады,
Сейітті қылыш илән салып қалды.
Құданың ғинаяты Сейітке болды,
Сейітке тимей, байлаған жіпке тиді.

Сейіттің қолы босатылып, нағра салды,
10300 Кетайун сол уақытта қаша берді.
— Әгар қуатым болған болса менім, — деді,
Құтылып кетер ердім сенен, — деді.

Тарун, Талқан екі палуан жетіп келді,
Сейітті байлайын деп оңтайланды.
Сейіт сонда Тарунға жұмырық ұрды,
Төбесінен мұғаллақ ол жығылды.

Тарунның бір аяғын Сейіт тұтып алды,
Уа және бір аяғын басып, тартты.

Шіріген бөз мысалы оны жыртты,
10310 Жауырынын шоқпар қылып, қолына алды.

Оның бірлән дұшпанларын ұрып ерді,
Күрзі бірлән ұрғандай қырылады.
Сол халде Ақыратис палуан ұшырады,
Оның және бір ұрғанда белі сынды.

Сол уақытта жұмла ләшкерлер қамалады,
Нехасыл, көптігімен байлап алды.
Сол уақытта қайсар да жетіп келді,
Уәзірлер Сейіттің күшін баян қылды:

— Иә, ғажап, Сейітбаттал нешік адам! — дейді,
10320 Құр қолымен бізлерні бек көп қырды.
Мұны естіп қайсардың мәңзі солды,
Айырылып ақылынан, есін танды.

Әлқисса, үшбу сөзні азайталы,
Қайсардың не қылғанын шарх айталы.
Сейітті өлтіруге сөз сөйледі,
Мәслихат һәрбіреуі көп сөйледі.

Жәмлиха дейміш бір уәзірі болар дейді,
— Бір мәслихат айтайын сізге, — деді.
Батталды өлтірмеңіз сізлер, — деді,
10330 Бір мәслихат айтайын сізге, — деді.

Тарион отқа жақты, бұ өлмеді,
Ғақба ғазы ағу берді және өлмеді.
Әғар мұны өлтірсеңіздер сізлер, — деді,
Қаны жерге шашылар мұның, — деді.

Топыраққа қатар шур болса қаны, — деді,
Он жерден доқлар өсер және, — деді.
Ол шөпті бүбілер асар, шықса, — деді,
Қойларды адамлар асаса, әғар, — деді.

- Шаһуат хасыл болар онан, — деді,
10340 Сейіт болып туарлар жұмла, — деді.
Қайсар сонда: — Не қылармыз еш мұны,
Құтылатын себебін сөйле, — деді.

Жәмлиха және қайсарға сөз сөйледі:
— Мен бұрын бір сиқыршыны көрдім.
Неше кере өлтірді ол сиқыршыны,
Сонда да ол сиқыршы неш өлмеді.

- Аржистың тауында бір қиу болар ерді,
Атын: «Шаһ Жаһаннам» деп айтар ерді.
Апарып соған оны салып ерді,
10350 Сонда халас болдылар онан, — деді.

Соған апарып салалық мұны, — деді,
Сонда халас болмасақ бізлер, — деді.
Патша, беклер бұ сөзді мақұл көрді,
Аржистың қиусына алып барды.

- Бір тақтаның үстіне отырғызды,
Бір жалладқа «Сен сал!» деп әмір қылды.
Жаллад сонда салурға жұмла қылып ерді,
Тақтай ойып, екісі бірге кетті.
Мүшіріклер шат болып енді күлді,
10360 Сейітті қиуға тастап, көңілі тынды.

Әзін жаныб

Дұшпанлар шат болып күле тұрсын,
Құдайым Сейіт хазіретке нәжат берсін.
Ғадунның Бадрун илән сөзі келсін,
Малатияға жетіскен хабар келсін.

Екісі Малатияға келіп ерді,
Сейіттің мажырасын айтып ерді.
Малатияның халайықтары зар жылады,
Уа және халифаға хабарын айтып ерді.

10370 Халифа ибн Мансұрға: — Барғыл, — деді,
Не уақиға болғанын білгіл, — деді.
Яхия ибн Мансұр тез барып жетті,
Сейітке не қылғанын ол көріпті.

Аржистың қиусына салғанын
Қайтып келіп, Малатияға ол білдірді.
Естіп Малатия әһлі зар жылады,
Уа және халифаға хабар жазып білдіреді.

10380 Халифа Сейіт үшін көп жылады,
Естіген мұсылманлар зар жылады.
Яхия және: — Мен бір хабарды білдім, — деді,
Фағфоршин екі жүз мың ләшкер жүрді.

Қайсар илән екісі қаулы қылды,
Мағрибтан Қарун патшаны тез алдырды.
Жұмласы мұнда келмек оның қас-ты,
Жоқ қылмақ мұсылманлардың жұмласын.

Қарунға Кетайун қызды бермек болды,
Мұсылманлардан өшін алмақ болды.
Кетайун сонда естіпті бұ сөзіні,
Өзіне қайғы қылып, сөз сөйледі:

10390 — Қарун патша үш жүз жасқа келген ерді,
Қара жүзлі, өзі сасық шіркін ерді.
Тек шықпаған таңда жаны жүрген ерді,
«Алармын» деп ойлай ма екен ол да мені.

Менім теңім ол болар ма, ғажап, — деді,
Жүзі қара, нешік лайық көрді екен мені! — деді.
Менім теңім Сейітбаттал сұлтан ерді,
Толған айдай балқыр ерді оның жүзі.

10400 Дүр, маржан жаралған оның көзі,
Бал-шекерден тәтілі ерді оның сөзі,
Уа қайраты Рүстемнен артық ерді.
Нәсілі Пайғамбардың асыл заты ерді.

Жаһанды сайран қылған қаршыға ерді,
Ол қаршыға қолыма қонып ерді.
Не пайда, мен ұшырдым қаршығамды
Қиуға бекер салдым оны, — деді.

Аһ, дариға, ол сұлтан қайда?! — деді,
Болар ма қайта қонар күнлер енді?!
Кетайун мұны айтып, көп жылады,
Өкініп, Сейіт үшін зар жылады.

10410 Есін танып өзінен кете жазды,
«Алла» деп, аузынан от шығады.
Кәһи хал, кәһи халсіз отырады,
Басын көтерсе «Сейіт» деп ол сөйледі.

Өзін жаныб

Кетайун Сейіт үшін жылай тұрсын,
Басына қылған ісі келе тұрсын.
Мүшіріклердің ләшкері көше тұрсын,
Жақындап Малатияға бара тұрсын.

10420 Енді өмір Омардың сөзі келсін.
Халифаға хат жазып, хабар берсін,
«Қайсар малғұн харақат қылған мұнда, — дейді.
Қисапсыз ләшкер илән жүрген, — дейді.

Бұ күнде пәлен жерге келген, — дейді,
Сіз де өскер жібергін жылдам, — дейді.
Жоқса, хараб қыла-дүр ол бізлерні,
Білерсіз, мұнда ләшкерлер аз-дүр» дейді.

Өзін жаныб

Халифа хатты көріп, келе тұрсын,
Өмір Омар патшаның сөзі келсін.
Яхия ибн Мансұр жансыз келіп, хабар берді:
«Пәлен жерге Фағфоршин келді» деді.

- 10430 Бұны естіп әмір Омар ләшкер жиды,
Қырық мың ләшкер илән қарсы барды.
Фағфоршин екі мың ләшкер ерді,
Мұсылманлар аз да болса қарсы тұрды.
- Екі сап майдан түзеп тұрып ерді,
Майданға Ғұнқас деген жүһүд келді.
Мүмінлерден Ғадунбану жетіп барды,
Ғұнқас сонда Ғадунға: — Кімсің? — деді.
- Ғадунбану кендүсін баян қылды,
Мұсылман болғанлығын аян қылды.
Андан соңыра екілісі мұбараз, хамлә қылды,
10440 Ғұнқасты Ғадунбану пәре қылды.
- Әмір Омар Бадрун шаһқа: — Бұ кім? — деді,
Бадрун шаһ: — Ол — менің қатыным, — деді.
Естіген мұсылманлар қайран қалды,
«Әйел мұндай болар ма!» деп ғажап қалды.
- «Адам сөзі бас жарар» деген сөзі,
Ғадунбануға ол сөзлер зарар болды.
Ғұнқастың бір ұғылы болар ерді,
Майданда ол Ғадунды шаһид қылды.
- 10450 Бадрун шаһ оны көріп, жетіп барды,
Келубан ол малғұнды екі бөлді.
Уа және аттан түсіп, бір іс қылды,
Қанжарын бағырына туғры қылды.
- Сабын Ғадунбануға сүйеп қойды,
Жығылып ол қанжарға шаһид болды.
Екі ғашық қосылып шаһид болды,
Мұсылманлар оның үшін көп жылады.
- 10460 Намазын оқып, екілісін дөфін қылды,
Сол күні соғыс қылмай, қайта қонды.
Қайсар малғұн әскер илән о да келді,
Фағфоршинға қосылып, мәжіліс қылды.

Ғұнқас илән ұғылына бек қайғырды,
«Оның үшін алармыз тоқта әлі» деді.

Өзін жаныб

Сейіттің қиудан шыққаны баяны

Мақтанып бұнлар мұнда тұра тұрсын,
Енді Сейіт хазіреттің сөзі келсін.
Тыңлаңыз, ықылас бірлән бұ ғажапты,
Шаһ әулиенің Хақтан тапқан мінәжатын.

Сейіт хазіреті: «Қиуға түсіп кеттім, — деді,
Үш жүз «Құл хуа Алланы»
оқыдым сонда, — деді.

10470 Түбіне сол уақытта жеттім, — деді,
Балшыққа белуарымнан баттым, — деді.

Қырық қадам және шетке жүрдім, — деді,
Сол уақытта диуарына жеттім, — деді.
Қарадым назар салып сонда, — деді,
Зұлматтан һешбір нәрсе көрінбей.

Сол уақытта күркілдеген дауыс шықты,
Ол келген жоғарыдан тастар ерді.
Мүшіріклер ұлығ тасты қопарыпты,
Астында мені қалсын деп ойлапты.

10480 Иләһым, ол тастардан аман қылды,
Банағы жаллад сорлыны басып қалды.
Отыр ердім назар салып һәрбір жерді,
Һәр тараптан шұғылалар пайда болды.

Уа және шырылдаған дауыс шықты,
Мисли құстың даусы ол ұқсайды.
Назар салып қарасам ол шұғыланы,
Һәрқайсы бір аждаһаның көзі ерді.

Бсқырып, ол аждаһа жүріп ерді,
Алдымды «Аятул Күрси» оқып сездім, — деді

Аждаһа сол уақытта кейін тұрды,
10490 Уа және екі ұлығ аждаһа жетіп келді.

Сол уақытта қиудың іші жарық болды,
Бір жасыл жыланды келтіріп, анда қойды.
Ол жылан ғиззат илән сәлем берді,
— Хош келдің, салла Аллаһ расул Сейіт, — деді.

Мұхаммед Мұстафаның ұғылы —
Сейітбаттал, — деді,
Мархабан, хош келіпсің мұнда, — деді.
Түстім деп бұ қиуға қайғырма, жаным, — деді
Көрерсің Құданың хикметін талай, — деді.

Көрмеген сенің ісің көп-дүр, — деді,
10500 Көрерсің көп ғажапты мұнда, — деді.
Жіберген көрмек үшін сізге бізді,
Уа және білмек үшін сізге бізді.

Лақап есімім — Шаһмаран менің, — деді,
Жәмлиха — әуел қойған есім, — деді.
Үшбу тұрған аждаһалар — құлым, — деді,
Һешбір зиян тигізбес сізге, — деді.

Сүлеймен пайғамбарды көрдім, — деді,
Ол патша қылған ерді мені, — деді.
Бір күнлері Ғафан деген адам қонды,
10510 Қырық күн алып жүріп, жер кездірді.

Көтеріп тау-тастарды ол кездірді,
Шөптерден дәру сұрап, хабар білді.
Ол адамнан Хақ Тағала нәжат берді,
Андан соң бұ қиуға кірдім, — деді.

Бір заманда бұ қиудан шықтым, — деді,
Зиарат Мұхаммед Мұстафаға қылдым, — деді.
Уа және бұ қиуға келіп тұрдым, — деді,
Бұны «Шаһ жаһаннам» деп айтар, — деді.

10520 Бір қиусы Қап тауында мұның, — деді,
 Кәһи анда, кәһи мұнда тұрам, — деді.
 Енді ол бір жыланға өмір қылды:
 — Бір гауһар нығметті келтір, — деді.

Ол жылан алып келді бір гауһарды,
 Нұры бар шам мысалы ол гауһардың.
 — Иә, Шаһ жиһан, қонақ болдың бізге, — деді,
 Бұ гауһар ниғмат болар сізге, — деді.

10530 Һәр уақытта қарның ашса сенің, — деді,
 Бұ гауһарды аузыңа сал сонда, — деді.
 Қараңғыда дәм болар сізге, — деді,
 Жәдігер бізден болсын сізге, — деді.

Ол гауһарды қолыма алдым, — деді,
 «Бисмиллаһи» деп аузыма салдым, — деді.
 Иә, ғажап, ол гауһардың ләззат дахи,
 Бұ дүнияның ниғматынан артық болды.

Қарным тойып, мен Аллаға шүкір қылдым, — деді,
 Ол тас және әуелгідей тұрды, — деді.
 Уа және Шаһмаран Сейітке сөз сөйледі:
 Қайғы қылма, иә, сұлтан, — деп сөйледі.

10540 Құдайым саған назар қылған, — деді,
 Шығарсың бұ қиуадан қазір, — деді.
 Әлқисса, Шаһмаран көп сөз айтты,
 Сол уақытта менім ұйқым келді, — деді.

Сол жерде жатып, ұйықтап қалдым, — деді,
 Бір уақытта ұйқым қанып тұрдым, — деді.
 Һәр тарапқа мен назар салдым, — деді,
 Һешнәрсе ол арада көрінбеді.

10550 Әлқисса, көп көрдім мен ғажайыпты,
 Айтарға тілмен сөйлеп таусылмайды.
 Андан соң мінәжат қылдым бір Аллаға,
 Жаратқан барша ғаламды Мәуласыға.

«Иә, Иләһым, Қадір Сұбхан, Пәруардигар,
 Жұмла құлдың ісі саған әшкере.
 Өгар күнә қылдым Ер Сәмин сеңа,
 Тәубе қылдым, пұшайман болдым, иә, Алла,

Бұ қиуда қалдым ерсе, иә, Мәула.
 Лутфуң илән иман бергіл, иә, Алла,
 Сәруар ғалам, иә, Мұхаммед Мұстафа,
 Және сахаба, расул Алланың, Әбубәкір халифа.

10560 Және Омар, Осман, Әли Әл-Мұртаза,
 Шаһид болған Хасен, Хұсайын, Кербала.
 Және жұмла Пайғамбар, Хақ нәби,
 Мұрсал асфия,
 Және дәруішлер, жұмла өткен әулие.

Және мүзлим шаһид өлген ғұлама,
 Һәм мүдәррис, тәлиб, әлғылым һәм талаба.
 Және хауар фариадта зар жылаған ғұлама,
 Мүмінлерге шапағат үшін қылған аһ.

Және жомартлық қылған
 жаранларымның Хақына,
 Халас қылғыл бұ қиудан, иә, Алла».
 Мінәжат қылып отыр ердім мен сонда,
 10570 Бір аждаһа жетіп келді сол халде.

Ол қиудан тышыра шықты аждаһа.
 Басы шықты, құйрығы тұрды ішінде
 Оның тұттым құйрығын мен сонда,
 Көз жұмғанша болдым қиудың тысында.

Назар салып көрдім сонда бір шашма,
 Таһарат алып, намаз қылдым мен сонда.
 Таң туғанша ғибадат қылдым мен сонда,
 Мінәжат қылып, сәна айттым Құдаға.

10580 Сабах садық және соқты бәд сабах,
 Назар салдым, есім жиып далаға.

Шошқа баққан шопан көрдім мен сонда,
Тас көтеріп келе жатыр қиуға.

Қабаятлап замлап келер Сейітті,
Қиуға атты алып келген тасыны.
Сол уақытта жетіп келдім шопанға,
— Атың кім? — деп, онан сұрдым мен сонда.

— Атым менім — Лаулан, — деді ол сонда,
Қожам есімі — Кетайун қыз-дүр падишаһ.
Ол Лауланның басын кестім мен сонда,
10590 Тонын алып, оны салдым қиуға.

Лауланның тонларыны киіп алды,
Кеш болғанда шошқаны айдап келді.
Кетайунның шаһарына шошқа кірді,
Лауланның орнын танып Сейіт кірді.

— Ah! — деп Кетайун сонда кіріп келді,
Иә, шопан, не білдің? — деп сөз сұрады.
Сен қиуға бардың ба бүгін? — деді,
Білдің бе Сейітбатталдан хабар? — деді.

Сейіт енді шопан болып сөз сөйледі:
10600 — Мен білдім, Сейітбаттал тірі, — деді.
Қиудан еңіз-еңіз дауыс келді,
Естіп құлағым илән келдім, — деді.

Сол уақытта қыз Кетайун «Ah» деді,
«Өзіме-өзім қылдым» деп жылады.
Сейіт сонда: — Әй, Кетайун қожам, — деді,
Не себепті жылайсың оған? — деді.

Ол Сейіт керек болса саған, — деді,
Бір мәслихат айтайын мен сізге, — деді.
Бір жіпті байлап, қиуға ендір мені,
10610 Сейітті шығарайық сонан, — деді.

Кетайун сонда: — Әй, Лаулан, — деп сөйледі,
 Бұны қылсаң, саған риза болармын сонда, — деді.
 Өгар саламат шығарсаң ол Сейітті,
 Көп мал беріп, азат қылам сонда сені.

Шопанға түрлі ниғмат ол келтірді,
 Туғалы һеш қылмаған құрмет қылды.
 Кетайун енді сарайына барып кірді,
 Түн бойынша ұйықтамай, қиам тұрды.

10620 Таң туған соң, Кетайун арқан алды,
 Лауланға тағзым қылып, һәм сөйледі:
 — Түндегі уағдаңда тұрсаң, — деді,
 Баралық тез қиуға, жүргіл, — деді.

«Хош, болар» деп Сейітбаттал тұра келді,
 Қиуға шынжыр алып бұнлар жүрді.
 Қыздың ықылас қылғанын Сейіт білді,
 Құданың хикметіне ғажап қалды.

10630 Тастан қатты көңіліні жұмсар білді,
 Кәмил ықылас қылғанын анық білді.
 Сейіт енді оны: — Кетайун, — деп сөйледі,
 Туғры маған қарашы деп, — сөйледі.

Кетайун сонда Сейітті қарап көрді,
 Кәмил Сейіт екенін танып білді.
 Кетайун сонда есінен танып кетті,
 Бір уақытта көзін ашып, сөз сөйледі:

— Жүргенім түсім бе, иә, қиял ма, ғажап! — деді,
 Жоқса, мәжнүн болдым ба, әй-һу! — деді.
 Сейіт сонда: — Ақылыңды жиғыл, — деді,
 Заһир, аян Сейіт-дүр білгіл мені.

10640 Бабам Мұхаммед Мұстафаның
 мұғжизасын біліңіз, — деді,
 Хақ біліп, сен ықылас қылдың, — деді.

Ғақба малғұн ағу берді, кәр қылмады,
Тарион отқа жақты һәм болмады.

Жаһаннамның құдығына салдыңыздар тағы,
Құдайым нәжат берді маған тағы.
Бабамның мұғжизасын білсең енді,
Ықылас мүмін болғыл қазір, — деді.

Кетайун сол уақытта мүмін болды,
Сейітті сарайына алып жүрді.
Кетайунның жұмла хадимлары мүмін болды,
10650 Сейітке жұмлалары құрмет қылды.

Сейіт енді Кетайуннан сөз сұрады:
— Бұ күнде қайсар қайда? — деп сұрады.
Кетайун сонда: — Қайсар кеткен бұнан, — деді,
Жеткен-дүр Малатияға анлар, — деді.

Сейіт сонда: — Мен дайу жүрем онда, — деді,
Мұсылманлар болмасын мөлзам, — деді.
Сейіттің алып келді ат илән құралдарын,
Шаһ әулие киіп алды жұмласыны.

Кетайун және көп алды асыл заттарыны,
10660 Уа және алтын күміс-жауһар тастарыны.
Аттарға артып алды жұмласыны,
Қыз тапты бір жаратқан Мәуласыны.
Қырық қыз, қырық қараушы құлдар алды,
«Иә, Алла» деп Малатияға бұнлар жүрді.

Өзін жаныб

Енді Сейітбаттал жолымен жүре тұрсын,
Қасында Кетайун қыз ойнап, күлсін.
Малатияның тарапының сөзі келсін,
Тыңлаған мүмінлердің көңілі тынсын.

Малатияда екі әскерлер жатар ерді,
10670 Сабах садық таң туды, нағра шалды.

Жаң жеріне екі тарабы әзір келді
Майданға Абдулуаһап ғазы келді.

— Менім атым — Абдулуаһап сахаба, білің, — деді,
Бұ күнде үш жүз он беске келдім, — деді.
Мұхаммед Мұстафа,

Хақ пайғамбарды көрдім, — деді,
Өлсем шаһид, қалсам ғазы, келің, — деді.

Сол уақытта Талот деген малғұн келді,
— Әй, қарт кісі, мұнда неге келдің? — деді.
Сенен басқа ләшкерлерде жоқ па ерді?

10680 Келдің бе өлмек үшін мұнда? — деді

— Ей, бейдін, сөйлемегіл бос сөз, — деді,
Мен сендей өлтіргенмін талай ерді.
Әлқисса, екілісі мұбараз, хамлә қылды,
Абдулуаһап Талотқа сүңгі салды.

Талоттың жүрегінен сыртқа шықты,
Найзамен ол Талотты лақтырды.
Андан соң Шамғұн деген келіп ерді
Абдулуаһап оны дахи һәлак қылды.

Қайсар илән Фағфоршин ғажап қылды,
10690 «Қарт та болса бөрекелді бұған» деді.
Андан соң Ораң деген біреу келді,
Келіп ол Абдулуаһапқа бір оқ атты.

Абдулуаһаптың қалқанын оқ сындырды,
Етінен бір қарыстай барып өтті.
Андан соң Ахмет Тұран ғазы шықты,
Абдулуаһап сахаба кейін шықты.

Ораң және Ахмет Тұранға күрзі ұрды,
Қалқанын Ахмет Тұранның һәм сындырды.
Уа және Ахмет Тұранның аты жығылды,
10700 Мүмінлерден Әли бин Һашым келді.

Ораң дахи Әлидің атын жықты,
 Қалқанын пәре қылып, мөлзам қылды.
 Не қисса азайталық үшбу сөзді,
 Сол жерде он мұсылманды мөлзам қылды.

10710 Әмір Омарың бұ халді көзі көрді,
 Тарсус, Мәлік, Хұсайынға әмір қылды.
 Қырық мың ләшкер мұсылманлар хамлә қылды,
 Екі ләшкер қосылып, соғыс қылды.
 Бір күн, бір түн үшбулер соғыс қылды,
 Мұсылманлар бөгеліп, бек қиналды.

Әзін жаныб
Халифаның келгені

Хақ Тағалаға мінәжат зарлық қылды,
 Пайғамбар илән әулиелерден жәрдем сұрды.
 Сол уақытта Бағдаттың тарапынан тозаң шықты,
 Екі жүз мың әскер илән халифа келді.

Ақ пілдің үстіне тағын құрған ерді.
 Уа және бір алтын шатыр жапқан ерді,
 Көтергені пайғамбардың туы ерді.
 Уа және төрт шаһариарлардың туы ерді,

10720 Қасында төрт жүз хафиз хатым Құран ғалымлары,
 Құп әуез илән «Әл фатиха» сүресін оқыр ерді.
 Бір жүз мүмін ертіп келер бәрі,
 Көкке шығар салауат айтқан садалары.

Уа және он мың мұбараз оқшылары,
 Көріне кезлеп келер саржалары.
 Уа және он мың баһадүр қылыш тұтқанлары,
 Ысқыртып аждаһадай келер бәрі.

10730 Уа және он мың күрзі көтерген палуанлары,
 Күңіренген жолбарыстай садалары.
 Уа және бір жүз зәңгі пілді тұтқан шынжыр аулы,
 Келе-дүр күркіресіп күн мысалы.

Уа және бір жүз бедеу, арғымақ ат алтын ерлі,
Бос жетелеп келе-дүр жігіттері.
Уа және шиғыр айтып келе-дүр жыршылары,
Дін қуатлап, сайрашүр жұмлалары.

Бұ азиматты қайсардың көзі көрді,
Айрылып ақылынан есін танды.
Соғысқан дұшпанларын халифа көрді,
«Оқ ат!» деп, оқшыларға әмір қылды.

10740 Оқшылар жаңбыр кебі о, Алла, жаудырды,
Ол оқтар көп дұшпанды һәлак қылды.
Қайсарға ләшкері қашып барды,
Ұрысуға жарамай, сасып барды.

Екі ләшкерлер айырылып, кері қонды,
Әмір Омар халифа илән бірге қонды.
Сейітті жоқтап, үшбулер көп жылады,
«Құдайым, ғианят берсін» деп жылады.

10750 Таң туып, екі әскерлер және тұрды,
Майданға ибн Мазраб Әли барып тұрды.
Ол Әли елу мүшірікні һәлак қылды,
Мүмінлер шат, мүшіріклер мәлзам болды.

Ораң деген мүшіріклерден біреу келді,
Әлиге Ораң келіп, күрзі ұрды.
Әли оның күрзисін маниғ қылды,
Бірін-бірі ала алмай көп жүрісті.

Әлқисса, ол Ораңды күрзімен һәлак қылды,
Жанын жаһаннамға ұластырды.
Фираң деген бір малғұн және келді,
Әли мен екілісі көп алысты.

10760 Бұрын шаршап ол Әли қалған ерді,
Фираң да бір ұлығ малғұн ерді.
Фираң сонда қолына қылышын алды,
Әли сонда басына қалқан тұтты.

Фираң сонда қылыш илән ұрып ерді,
Қалқаны сынып, Әлиді шаһид қылды.
Мұсылманлар Әли үшін қылды зар,
Рухына «Фатиха» оқып бағышлады.

Андан соң Абдулуаһап ғазы келді,
«Әли үшін өлейін» деп сөйледі.
Талот пілің Абдулуаһаптың атын жықты,
10770 Майданнан мұсылманлар алып кетті.

Андан соң Ахмет Тұран ғазы келді,
Талотпен екілісі көп ұрысты.
Уа және Ахмет Тұранның атын жықты,
Қайсардың туы түбіне байлап қойды.

Әлхасыл, Талот, Фираң қайрат қылды,
Қырық палуанды мұсылманлардан байлап алды.
Мұны көріп, мұсылманлар мәлүл болды,
Дұшпанлар шат болып, нағра шалды.

Халифа сонда құдаға мінәжат қылды,
10780 Топыраққа жүзін қойып, зар қылды,
«Мұхаммед Мұстафа» деп, налар қылды.
Жұмла пайғамбар, әулиелерден жәрдем сұрды,

Сөждеден жүзін және көтермеді,
Сол халде Хақтан ғинаят, жәрдем келді.
Ыстамболдың тарапынан тозаң шықты,
Тозаң ішінде сары аләм ту көрінді.

Мұсылманлар назар салып, оны көрді,
«Шаһ әулие, сұлтанымыз Сейіт!» дейді.
Қасында екі жүздей адамлары,
10790 Астында мард мәжаз сары аты.

Екі жанында самсырар күрзілері,
Бәд сабах жел кебі келер өзі.
Әмір Омар халифаға шауып барды,
— Иә, халифа, басың көтер, сүйінші! — деді.

Сұлтанымыз, Шаһ әулие келді, — деді,
Хақ Тағала ғинаят берді бізге, — деді.
Халифа көріп, Аллаға шүкір қылды,
Шүкір үшін намаз оқып, дұға қылды.

10800 «Әмин» деп, мұсылманлар жұмла тұрды,
Башарат нағра салып, салауат, сайха қылды.
Дауысы мүмінлердің көкке шықты,
Мүшіріклер бұны естіп, аң-таң қалды.

Шаһ әулие жолдастарын кейін қойды,
Майданға өзі келіп тұра қалды.
Үш мәрте қаһарланып нағра салды,
Жеті қат көк жерге түскен мисли болды.

10810 Мінген аттар жығылып, қалтырады,
Аңлары сахараның үркіп қашты.
Мүшіріклер мұны естіп, қайран қалды,
Айрылып ақылынан, есін танды.

Халифа сонда Сейітке келіп ерді,
Сейіт сонда: «Уақытым жоқ қазір» деді.
Сейіт және дұшпанларға сөз сөйледі:
— Арысландық қылдың ба сізлер? — деді.

Мені сізлер өлді деп білдің еді?
Хақ Тағала нәжат берді, көргілі енді.
Малғұн қайсар, келдің бе мұнда, — деді,
Не қылармын сені әлі, тоқта, — деді.

10820 Сол уақытта Жалут малғұн жетіп келді,
Қолындағы сүңгісін салып қалды.
Сейіт сонда күрзі илән ұрып ерді,
Аты илән жерге кіріп, жексен болды.

Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Шаһ әулие келгенін һөлак қылды.
Фағфоршин сонда қайсарға һәм сөйледі:
— Өлтірдім деп өтірік неге айттың?! — деді.

- Қайсар сонда қылған ісін баян қылды,
Фағфордан қатты ұялып, аян қылды.
— Бұ келген Сейіт болмас, бәлки, — деді,
10830 Ғайр адам нәсілінен болған, — деді.
- Майданға енді адамлар келе алмады,
Сейіт енді өзі кірмей тұра алмады.
Шаһ әулие нағра салып, келіп кірді,
Дұшпанларын шөп мысалы шауып қырды.
- Қан кеудені көтеріп, селдік болды,
Әскерлері келіп, қайсарға қорғалады.
Сол уақытта күн кеш болды, барабан соқты,
Екі әскерлер айрылып, кері қонды.
- Сейіт хазіреті мұсылманларға енді келді.
10840 Жаранлары Сейітті көріп, қарсы жүрді,
Халифа енді аттан түсе көріс қылды.
Құшақтап ол Сейітті қатты сүйді,
- Жұмла жаранлары жыласып, көріс қылды,
— Нешік халас қиудан болдың? — десті.
Шаһ әулие көргенін баян қылды,
Құданың құдіретін аян қылды.
- Әй, халифа, үшбу сөз ұзақ, — деді,
Қазір халде тауысып болмас, — деді.
Иншалла, айтармыз бір күн, — деді,
10850 Тар уақытта таусылып неш болмайды.
- Шаһ жиһан жаранларға көзін салды,
Бірнеше жаранлары көрінбеді.
«Қайда?» деп мағлұмларын сұрап ерді,
— Дұшпанлар бүгін тұтқын қылды, — деді.
- Бадрун илән Ғадунды және сұрды,
Оның шаһид болғанын хабар берді.
Сейіт мұны естіп көп жылады,
Ғадұб илән сол халде иман қылды.

- 10860 Бір луқма аузына ас салмады,
— Жаранларымды алмай,
 һеш тағам жемен, — деді.
Ғадун мен Бадрунның өшін алмай,
Қайсардың және басын кесіп алмай.
- Дұшпанның су орнына қанын төкпей,
Рахат харам болсын маған, — деді.
Түн жарымы болғанда, Сейіт атқа мінді,
Үстіне тәбдил жаман киім киді.
- 10870 Сол халде күн күркіреп, жаңбыр жауды,
Мисли топан селдей сулар ақты.
Қайсардың әскерлері зар жылады,
«Сейітбаттал сиқырлық қылды, — деді.
Бізлер һәләк болармыз енді» деді.
- Һәрқайсы басын сақтап, қорғалады
Сейіт сонда аралап жүрген ерді,
Бір жерде жаранларға ұшырады.
Кімі өлмiш, кімлері жылап отыр ерді,
Сейітке басын қойып, ол жылады.
Шаһ әулие бауырына басып сүйді,
— Тез сiзлер әскерiңiзге барғыл, — деді.
- 10880 Бұнларға ат әкеліп Сейіт берді,
Шат болып, ләшкеріне бұнлар келді.
Енді Сейіт мүшiрiклердi аралады,
Бір адамнан: — Қайсар қайда? — деп сұрады.
- Не қыласың ол қайсарды сұрап? — деді,
— Жаһаннамға ол қайсар кетсін, — деді.
Ол жатқан Қарун патшаның ләшкері ерді,
Қарунға Сейіт келіп, сөз сөйледі:
- 10890 — Сені қайсар шақырды, жүргілі, — деді,
Су алмайтын бір жерге қоям, — деді.
Қарун сорлы Сейітке еріп жүрді,
Жұмырық илән еңсеге оны ұрды.

Әкеліп бір ағашқа байлап қойды,
Қарун сонда: — Байлайсың неге? — деді.
Сейіт оған: — Сел алмасын сені, — деді,
Танимысың, танытармын тоқта, — деді.

Шамғұнның шатырына және келді,
Алдап алып қайсарды және келді.
Қарунның қасына әкеліп, байлап қойды,
Уа және Фағфоршинға жетіп келді.

10900 Оны және хайламен алып шықты,
Оны және келтіріп, байлап қойды.
Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Қайсар илән қырық палуанның басын кесті.

Майданға дар ағашын және тікті,
Қырықын алып келіп, іліп қойды.
Түн ішінде Шаһ әулие қырғын салды,
Таң туғанда екі тарабы көрді.

Өзін жаныб

Соғыстың бек қызған баяны

10910 Екі тарабы бұ іске қайран қалды,
Мүшіріклер есін танып сандалады.
Мұсылманлар шат болып, сайха қылды,
Аллаға хамд, Мұхаммед Мұстафаға
салауат қылды.

Сейіттің хайласына ғажап қалды,
«Адамзат қыла алмас мұндай!» деді.
«Алла, Алла» деділер мүмінлері,
«Жауыз көзден сақтасын Алла» деді.

Майданға екі әскерлер келіп тұрды,
Мүшіріклер патшаларын көзі көрді.
Айрылып ақылынан, есін танды,
Патшасы жоқ, не қыларын біле алмады.

10920 Шаһ әулие уа және бір боләнд дауыслады,
— Әні, малғұн, көрдіңіз бе патшаларыңны!
Бар болса палуанларыңыз келсін енді,
Жоқ болса, кезек келді сізге енді.

Ол майданға һешбір адамлар келе алмады,
Патшасыз һешкім төдбир қыла алмады.
Шаһ әулие енді қарап тұра алмады,
Дұшпанларға нағра салып, қылыш салды.

10930 Исламның ләшкерлері бірге кірді,
Екі дария қосылып, соғыс қылды.
Сейіттің шарапатлы кереметі,
Болыпты һәр мұсылманлар мисли бір арыслан.

Қылыш тиіп қылышқа оттар шықты,
Күрзі тиіп күрзіге күркүл шықты.
Желдерім найзағайдай дауыс шықты,
Мисли қиямет күннің даусы шықты.

Сейіт хазіреті ақырар арысландай,
Қылышы ысқырады аждаһадай.
Нағра салса, зілзала жер қозғалады,
Дүния болып кетті бұзылғандай.

10940 Тозаңнан күннің жүзі көрінбеді,
Ат аяғын өліктен баса алмады.
Қан кеудені көтеріп, селдік болды,
Ой жерлерге құйылып, көлдік болды.

Мүшіріклерге соғыс қайда, бас сақтады,
Табарға жөнін таппай үрке берді.
Әлхасыл, Сейіт хазіреті туды жықты,
Мұсылманлар дұшпанларын жерге тықты.

10950 Үш күн, үш түн қашқандарын және қырды,
Уа және көп адамды жесір қылып, алып қайтты.
Жеті күн шашылған малды жинап алды,
Тақсым қылды халифаға бестің бірін.

Қалғанын әскерлерге бахшиш қылды,
Бір хаббесін Шаһ әулие һеш алмады.
Жұмла адамлар Шаһ әулиеге дұға қылды,
«Әмин» деп жұмлалары шуылдады.

Халифа Кетайун қызға тойды қылды,
Ғалымдар хұтба оқып, неках қылды.
Екісінің мұраты хасыл болды,
Құданың әмірі илән уасыл болды.

10960 Андан соңыра халифа ағзам жүрмек болды,
Һәр ықылымның патшаларына рұқсат берді.
Уағдаласып, жұмлалары сапар қылды,
Һәрқайсысы шаһарларына барып тұрды.

Бір күнлері Ыстамболдан елші келді,
Шамғұнның ұғылы Астурдан хабар келді.
«Менім атам білместік қылған, — дейді,
Көп адамды қырдырып, ғасы болды.

10970 Мені қайсар халифа қойсын, — дейді,
Хараж беріп тұралық сізге, — дейді.
Һеш қиянат қылмайын сізге, — дейді,
Изин берсе халифа бізге» дейді.

Сейіт илән халифа кеңес қылды:
— Оны дахи сыналық бізлер, — дейді.
Атасы да қиянат қылған ерді,
Бұ да қарап тұра алмас жайға, — дейді.

Тұрмаса уағдасында о да, — дейді,
Топырағын ұшырармыз көкке, — дейді.
Терісін тірі соям сонда, — дейді,
Мисли Ғақба малғұндай қылам, — дейді.

10980 Әлқисса, халифа ағзам хатты жазды,
Астурды қайсар қойып, мөһір басты.
Хатты алып, елшілері анда барды,
Сейіттің айтқан сөзін айта барды.

Халифа ол адамнан сөз сұрады:
— Кім саған жәбір, жапа берген? — деді.

Ол адам тағзым бірлән сөз сөйледі:
— Келемін Ыстамболдан, — деп сөйледі.
11010 Сауда қыла ол шаһарға бардым ерді,
Астур қайсар көп затымды алып ерді.

Бір күні хақын сұрап барып ердім,
— Кет, мұнан саған берер мал жоқ, — деді.
Мен оған: — Халифа мүлкі дедім, — ерді,
Ол менің бұ сөзіме ашуланды.

— Халифамен қорқытармысың мені, — деді,
Барып айт халифаға, — деп, кесіп алды.
Сол себеплі мен келдім сізге, — деді,
Күшің жетсе, алып бергіл қысасымды.

Бұны естіп халифаның ашуы келді,
11020 Һәр шаһарларға хат жазып, ләшкер жиды.
Тоғыз жүз мың әскерлері бірге жүрді,
«Ғайр әскерлер артымнан келсін» деді.

Малатияның шаһарына бұнлар жүрді,
Әмір Омар Сейіт илән қарсы келді.
Хал сұрасып, сырын халифа баян қылды,
Астур қайсардың қиянатын аян қылды.

Сейіт хазіреті халифаға сөз сөйледі:
— Сіз машақат шекпеңіз босқа, — деді.
11030 Біз-ақ сапар қылалық оған, — деді,
Сіз дұғада болыңыз маған, — деді.
Халифа сонда Сейітке жауап берді:
— Ғазилық талап қыла-дүр көңілім, — деді.
— Олай болса хош болар, жүргіл, — деді,
Отыз мың әскер илән Сейіт жүрді.

Тоғыз жүз мың әскер илән халифа жүрді,
Ғайр ләшкерлер жұмласы сапар қылды.

- 11040 Ыстамболға жақын жерде бір тау болды,
Ол тауға жұмлалары келіп қонды.
Бұ хабарды Астур қайсар естіп білді,
Барабан, нағра шалып, әскер жиды.

Өзін жаныб

- Қайсар және тоғыз жүз мың әскер алды,
Ол тауға қарсы келіп, о да қонды.
Қолына қалам алып, қағаз жазды,
Төкаппарлық өзінің пиғылын жазды.
- Даниял атты бір уәзірі алып келді,
Сейіт хазіреті ол хатты оқып көрді.
«Батталды маған тұтып берсін, — депті,
Мойнына хараж алсын халифа, — депті.
- 11050 Жоқ десе, не қылармын білсін, — депті,
Қырармын халифа илән жұмласыны». **Сейіт хазіреті ол хатты пәре қылды,**
Даниялдың құлақ-мұрнын кесіп алды.
- Астурға жылдам барып айтқыл, — деді,
Атасынан бас артық алсын, — деді.
Уәзір сорлы тоналып, қайтып барды,
Астурдың мұны көріп, қаны солды.
- 11060 Сабах садық таң туды, әскер жүрді,
Екі тарапы сап болып, майдан тұрды.
Мүшіріклерден қарт Фиран жетіп келді,
Мұсылманлардан Саһил ғазы қарсы барды.
- Қарт лағин оқ илән атып ерді,
Саһилді ол лағин шаһид қылды.
Мұсылманлардан және біреу барып ерді,
Оны дахи ол лағин шаһид қылды.
- Ол малғұнды тек тұрмай, сор айдады,
Екі мәрте «Сейіт келсін» деп сөйледі.

Сол уақытта Шаһ әулие жетіп барды,
Сүңгі бірлән көтеріп, жерге ұрды.

11070 Андан соң бір малғұн келіп ерді,
Оны дахи жаһаннамға жөнелдірді.
Андан соң Астур қайсар әмір қылды,
«Аталарымның қанын ал, — деп — қапта» деді.

Андан соң жұмла әскерлер қаптап ерді,
Халифа және мұсылманларға
«Қапта!» деп әмір қылды.
Екі дария мисли қосылып, соғыс қылды,
Қылыш тиіп қылышқа от шашылды.

11080 Сол халде Шаһ жиһан нағра салды,
Аспан жерге түскендей болып кетті.
Мүшіріклер сол уақытта есін танды,
Бірін-бірі танымай, қырылыс қылды.

Мұсылманлар тараптан қырғын салды,
Қан кеудені көтеріп, селдік болды.
Шаһ әулие мүшіріклердің туын жықты,
Астур қайсар мұны көріп, кері қайтты.

Мұсылманлар арттан қуып, қыра берді,
Бағзысын жесір қылып, тұтып алды.
Мұсылманлар дұшпанлардың малын жиды,
Белгілі тақсым қылар жерге келді.

11090 Сейіт хазіреті малдарны тақсым қылды,
Бестің бірін халифаға халғат қылды.
Қалғанын ләшкерлерге бахшиш қылды,
Бір хаббесін Шаһ жиһан һеш алмады.

Әзін жаныб
Екінші соғыстың баяны-дүр

Халифа және Сейіт хазіретке сөз сөйледі:
— Иә, Шаһ жиһан, қатарың нешік? — деді.

Сөзім бар, сізге мәслихат болса, — деді,
Кері қайтпалық,
Ыстамболға бір төдбир қылмай, — деді.

11100 Сейіт сонда: — Хош илө болсын, — деді,
Сен үшін пәрмен жеріне келсін, — деді.
Жұмла әскерлер аттанып және жүрді,
Ыстамболдың қасына жақын түсті.

Сейіт хазіреті Астурға қағаз жазды:
«Иә, Астур, менім сөзімді алғыл, — дейді.
Дін исламның жолына көнгіл, — дейді,
Көнбесең қор боларсың, білгіл, — дейді.
Рұм халқын қырармын, білгіл, — дейді,
Құдайым медет берсе бізге», — дейді.

11110 Хатты көріп Астур қайсар тігіреді,
Жұмла уәзір, беклерін жинап алды.
— Батталға не деп жауап берем енді?
Оған қарсы тұрарлық қал жоқ, — деді.

Нарут деген бір уәзір жауап берді:
— Бұған мұқабил бір сиқыршы бар-дүр, — деді.
«Қалан» деген бір жазира болар, — деді,
Сонда бір Нарус деген жөду, — деді.
Ол мұнда келер болса, әгар, — деді.
Жұмла мұхаммедилерні қалдырмай қырар ерді.

11120 Мұны естіп Астур қайсар қағаз жазды,
Көңіліндегі мұрадын айтып жазды.
Нарусқа ол хаттарын алып барды,
Хатты көріп, Нарус енді жұмла жүрді.

Астур оның алдынан қарсы жүрді,
Әуе жүзін қамалаған әскер көрді.
Бағзысы аждаһаны мінер көрді,
Қолынан жылан қамшы алар көрді.

Бағзысы доңыз суретті шіркін көрді,
Қоқысы нәжістен сасық көрді.
Шарасыз Астур сорлы қонақ қылды,
Сейіттің хикаятын баян қылды.

11130 Һарус малғұн Сейітті білер ерді,
— Ол Батталға біздің халіміз келмес, — деді.
Ол білер төрт кітапты жатқа, — деді,
Һәм білер жұмла жанның тілін, — деді.

Мәгәр бар бір сиқыршы палуан, — деді,
Мақамы Зұлқарнайында болар, — деді.
Оның есімі **Көзанда жәду** деген, — деді,
Қад қаматы қырық аршын болар, — деді.

11140 Әгар ол келер болса мұнда, — деді,
Дүния толған Баттал болса да қырар, — деді.
Оны естіп, **қайсар және қағаз** жазды,
«Әгар келсең, құл болам саған» дейді.

— Бұ хатты кім апарар оған енді? — деді,
Һарус сонда: — Мен апарам қазір, — деді.
Ол хатты Һарус жәду алып кетті,
Әуеге құс мысалы ұшып кетті.

Әзін жаныб

Халифа және әскер илән аттаныпты,
Үшбулер Ыстамболға жақындады.
Астурға үшбулерден хабар келді,
Бірнеше әскерлері көріп келді.

11150 Алдында сұлтан Сейіт ғазылары,
Келе-дүр фауж-фауж оның ләшкерлері.
Мүсілім жас жігіт ерді халифасы,
Көрінді салтанатпен шұһрасы.

Ақ пілдің үстінде бар алтын тағы,
Еріскен аспан ара шұғыласы.

Алдында азан айтқан жігіттері,
Ершүр көк жүзіне төкбірлері.

Оң, солында келе-дүр ғалымлары,
Құран оқып келе-дүр хафизлары.
Көтергені Мұхаммед Мұстафаның алтын туы,
11160 Жазылған Құран аят нақышлары.
Сонда жазған аяты үшбу ерді,
Көрсеңіз ғайр илән сөзлеріні.

Насыр мин Аллаһи уа фатихун қарибун
уа бәшир ил-муминин*

«Иә, Мұхаммед, саған насыр берілді» деген сөзні.
Бұ азиматыны қайсардың көзі көрді,
Айрылып ақылынан, есін танды.
Халифа келіп, Ыстамболға жақын түсті,
Сияпат, салтанатпен шатыр тікті.

Астурға Сейіт хазіреті хатты жазды,
«Бейшара, мұсылман бол, — деп бұ білдірді.
11170 Жүһүдлікпен дүниядан кетпе, — дейді,
Халқыңды зұламаттан сақта, — дейді.

Бұ сөзімді алмасаң, әгар, — дейді,
Ғәлак болған халқыңның обалы саған, — дейді.
Рұм халқы хараб болар жұмла, — дейді,
Көнесе, мұсылман қылармын оны, — дейді.

Мұнда келген мақсұдымыз үшбу, — дейді,
Түсінбей, һәлакатқа қалмаң» дейді.
Бұ хатты Маусыл қазы алып барды,
Астур қайсар хатты көріп, есін танды.

11180 Сиқыршыға ол жіберіп қойған ерді,
Ол келгенше Сейіттен изин сұрды.

* Алланың көмегімен жәрдемі жақын, мүміндерді сүйіншілеу.

Сиқыршыға жібергенін білдірмеді,
Сейітке изин берер сылтау айтты.

«Он күнгеше изин бергіл бізге, — деді,
Бізде бар һәр ықылымларда молда, — деді.
Жиылсын ол кеше жұмла анлар, — деді,
Ол қазылармен мінажат қылсын, — деді.

Хақ дін қайсы сөйлесін жұмла, — деді,
Хақ болғанға кірелік сонда» деді.
11190 Бұ сөзіне өһлі исламлар изин берді,
Сол жерде рахат қылып жатпақ болды.

Өлқисса, Астур қайсар көп жылады,
Сол жерде уөзір, беклер өзір ерді.
— Бұ Баттал аярлықпен жаһанды алды,
Ата-бабамның жұмласын һөлак қылды.
Енді бізге кезек келер қазір, — деді,
Не төдбир қыларсызлар, беклер? — деді.

Уөзір, беклер: — Сабыр қылғыл қазір, — деді,
Көзанда жәду келсін мұнда, — деді.
11200 Бір мәслихат қылармыз сонда, — деді,
Жинай тұрғыл жетпіс екі ықылымларды.

Сол жерде Ғақбаның ұғылы өзір ерді,
Сол уақытта қолын қусырып тұра келді.
— Иә, қайсар, қайғы қылмағыл мұны, — деді,
Мен бір төдбир ойладым қазір, — деді.

Мен бір өуре қылайын ол Батталды,
Алдап алып кетейін мен бір оны.
Өгар алдап кете алсам ол Батталды,
Қырарсыз сонда барып қалғаныны.

11210 Астур сонда бұ сөзге шат болды,
— Бұ іс сенің қолыңнан келсе, — деді.
Қыз-қарындасымды беремін саған, — деді,
Жұмла беклер, куө болғыл бұған, — деді.

Малғұн Уәлид бұ сөзге бек қуанды,
 Қызын қазір алғандай болып күлді.
 Сол жерде шаш-сақалын бояп алды,
 Сопы тонын үстіне киіп алды.
 Мұсылманлардың ғаламатын қылып алды,
 Мойнына ол төсбихын салып алды.

- 11220 Уағдаласып, ол жерден Уәлид кетіп қалды,
 Мұсылманлардың шатырын ол аралады.
 Таң намазының уақытында жетіп келді,
 Халифа илән намазын бірге оқыды.

Намаздан фариғ болып, қойнынан хатын алды,
 Ол хатты халифаға ұсынып берді.
 Халифа ошал хатты оқып көрді,
 Әуелі Алланың есімін жад қылышты.

- Уа және Мұхаммед Мұстафаны жад қылышты,
 Уа және салауат оқып, паш қылышты.
 11230 Уа және халифа илән Сейітке жалынышты,
 Сәлем жазған халдерін білдіріпті.

«Біз Мағрибтың патшасы келген, — депті,
 Менім атым — Әбділмүмін патша, — деп білдіріпті.
 Сіздің Ыстамболға келгеніңді білдік, — депті,
 Жолымызда бір шаһарға келдік, — депті.

Ол шаһардың халқы бізлерді жібермеді,
 Жетпіс мың ләшкермізді қамап алды.
 Уа және көп жәбір, жапа бізге қылды,
 Бізлерге жәрдем бергіл сізлер, — депті.

- 11240 Жоқса, һәлак қылатын бізді, — депті,
 Жалғыз Сейіт келсе де болар ерді.
 Бұ шаһардың әскерлері аз-дүр» депті,

Халифа сонда сұрады ол шаһарны.
 — Бұ жерден қанша күнлік болар? — деді,

Ол малғұн халифаға жауап берді:
— Бұ жерден бес күн шамалы болар, — деді.

Не қисса азайталық үшбу сөзді
Сейіт хазіреті оның бірлән жүріп кетті,
Бір теңіздің кенеріне бұнлар келді.
11250 Екілісі бір қайыққа мініп жүрді,
Бір аралға екілісі зоурақпен жетіп келді.

Зоурақны шетке қойып, қыр шықты,
Сейіт хазіреті таһарат алып, намаз қылды.
Малғұн Уәлид зоурақ мініп, жүре берді,
Намаздан фариф болып, Сейіт сұрды:
— Әй, малғұн, барасың қайда? — деді.

Сонда ол қарап: — Мен — Ғақба ұғылы, — деді
Алдап сені келтірдім мұнда, — деді,
Ғұмырың бұ аралда өтер енді.
11260 Мақсұдым хасыл болды менім, — деді.

Малғұн мұны айтып жүре берді.
Сейіт хазіреті ол аралды көп аралады,
Сол уақытта бір қаршық жетіп келді.
Қысылса һәр уақытта келер ерді.

Хал сұрасып, Сейітке тағам берді
Тағам ішіп, Шаһ өулие шүкір қылды,
— Иә, ұғылым, мөлүл болмағыл, — деді.
Бұ істе хикмет Алла болар, — деді,
Сені Қызырға жөнелтейін қазір, — деді,
11270 Боларсың бұ дариядан халас, — деді.

Сейітті Қызыр аләйһиссаләмға алып келді,
Қызыр илән хал сұрасып бұнлар болды.
Енді Қызыр Сейітке үш оқ берді,
— Жәдулерге атарсың мұны, — деді.

Сейітке: — Көзінді жұм, ұғылым, — деді,
Жұмып ерді, уа жөне «Ашқыл» деді.

Көзін ашса, өзіні жерде көрді,
Уа және ол дариядан өткен көрді.

11280 Сейіт енді сөжде шүкір қылды,
Құдаға намаз оқып, мінәжат, зікір қылды.
Құдаға сәна айтып, шаһарға Сейіт жүрді,
Енді малғұн Уәлидтің сөзі келді.

Өзін жаныб

Сейітті малғұн Уәлид алдап кетті,
Қайсарға келіп, малғұн хабар айтты:
— Сейітті бір аралға қойдым, — деді,
Ғұмыры сонда өтер оның, — деді.

11290 Астур мұны естіп шат болды,
Ғарус жәдуге уа және ол білдірді.
Ғарус жәду шат болып: — Жүргіл, — деді,
Сейіт қалса, һөлак қылармын қазір, — деді.

Астур жұмла әскерін алып, тышыра шықты,
Сап болып мұсылманларға тұра қалды.
Мүмінлерден бір адам келіп ерді,
Майданға Ғарус жәдудің бірі келді.

Афсүн оқып, ол мүміннің қолын буды,
Қылышпен басын кесіп, шаһид қылды.
Уа және бір мұсылман келіп ерді,
Оның және қолын буып, шаһид қылды.

11300 Андан соң Абдулуаһап ғазы келді,
Оған және афсүн оқып, су жіберді.
Айналасын Абдулуаһаптың сулар алды,
Абдулуаһап ғарық боларға жақындады.

Пайғамбардың дұғасын оқып ерді,
Сол уақытта Абдулуаһап халас болды.
Абдулуаһап төкбир айтып, хамлә қылды,
Жәдуны қылыш илән төртке бөлді.

- Андан соң Қаратис деген жөду келді,
Оны және Абдулуаһап екі пәре һөлак қылды.
Мұсылманлар төкбір айтып, қылыш ұрды,
11310 Мүшіріклердің қандары селдік ақты.
- Қалған дұшпанлар шаһарға қашты,
Артынан мұсылманлар қуып қырды.
Сол уақытта Һарус жөду жетіп келді,
Афсүн оқып, мұсылманларға топырақ шашты.
- Мұсылманлардың әр үстіні зұлмат басты,
Қолы байланып, мұсылманлар мөлзам болды.
Дұшпанлар сол уақытта қылыш ұрды,
Мұсылманлар халифаға қашып барды.
- Халифа сол уақытта пілден түсті,
11320 Топыраққа жүзін қойып, мінәжат қылды.
«Құдай-а, Қадір Ханнан Мәннан^{*}, — деді,
Жұмланың халі өзіңе мағлұм, — деді.
- Иә, Мұхаммед Мұстафа,
Нәби Алла, — деп жылады,
Хақ дінге жәрдем бергіл жұмла» деді.
Сол уақытта бір нағра пайда болды,
Мұсалманлар оны естіп шат болды.
- Шаһ әулие мұсылманларға көзін салды,
Мұсылманлардың бұзылғанын Сейіт білді.
«Аһ» деп, бір нағра және салды,
11330 Аспан жерге түскендей ғажап болды.
- Мүшіріклер со халде есін танды,
«Қиямет болды ма екен» деп ойлады.
Сейітке мұсылманлар ат келтірді,
Шаһ әулие атына мініп алды.
- Дұшпанларға қаһарланып қылыш ұрды,
Сол халде Һарус жөдуге ұшырады.

* Құдай күшті, мейірімді, міндет артушы.

Ол малғұн афсұн оқып, топырақ шашты,
Топырағы ол Сейітке кәр қылмады.

11340 Шаһ әулие қылыш илән салып ерді,
Алмадай оның басы ұшып түсті.
Сол халде зұлмат кетіп, нұр ашылды,
Мұсылманлар енді мүшіріклерге қылыш ұрды.

Мүшіріклер шаһарына қайта қашты,
Мұсылманлар арттан қуып, қыра берді.
Қалғаны шаһарына келіп кірді,
Қапуын шаһарының берік қылды.

11350 Мұсылманлар атырабын қамап алды,
Ғешбір адам сыртына шыға алмады.
Халифа келіп, Сейіттің көзін сүйді,
Уа және хайыр дұға халифа тілеу қылды.

Сейіт енді сапарынан хабар берді,
Білдірді Уәлид малғұнның алдағанын.
— Бұ әскерде көрінсе ол малғұн, — деді,
Аман бермей, өлтіріңіз ол залымды, — [деді].

Әзін жаныб

Отырсын мәжіліс қылып бұнлар енді,
Қайсардың сөзі келді, тыңла енді.
Астурға Көзандадан хабар келді,
Алдынан Көзанданың қайсар барды.

11360 Ол лағинның шұһрасы жаман ерді,
Қоқысы адам бармас, сасық ерді.
Шарасыз Астур сорлы алып жүрді,
Арақ-шарап ішкізіп, қонақ қылды.

Сейітті шикаят қылып, көп сөйледі:
— Біздің Рұм халқыны хараб қылды.
Сонда қайсарға: — Мәлүл болма, — деп сөйледі,
Өшінді әперермін онан, — деді.

- Қап тауының жұмла жері, заттары,
Өмірімнен шыға алмас баршалары.
Рубуғ мәскүнттің жұмла адамлары,
11370 Қайратыма шақ болмас жұмлалары.

Мұны естіп қайсардың іші күйді,
«Өз аяғымды өзім кескен болдым, — деді
Сейітбатталға, бөлки, шара болар ерді,
Бұған нешік шара болар» деп жылады.

Әлқисса, сабах садық таң да туды,
Сейіт хазіреті шаһарға назар салды.
Сол уақытта бір оқ бірлән қағаз түсті,
Сейіт алып, ол хатты оқып көрді.

- Ол хатта Хаққа хамд, Пайғамбарға салауат көрді,
11380 Уа және Сейітке дұға қылған көрді.
«Досты садық, Шамас пірмін-дүр, — депті,
Астур мені зынданға салды, — депті.

Уәлид малғұн білдірген бізді, — депті,
Үш мың мұсылман жатырмыз сонда, — депті.
Иншалла, аларсың бұ шаһарды,
Көресің Пайғамбардың мұғжизасын, — [депті].

- Қатарыңнан тастама мұнда бізді, — [депті],
Халас қылып, құтқарғыл сонда бізді, — [депті].
Сізің үшін дұғада бізлер, — депті,
11390 Құдайым жәрдем берсін сізге» депті.

Бұ хатты оқып, Сейіт хазіреті көп жылады,
Халифа илән жаранларға һәм және баян қылды.
Шамас үшін жұмла жаранлар һәм жылады,
«Қолымызға түсер ме Уәлид» деп жылады.

Әлқисса, хауарзамин қырық сап болды,
Ғайр мұсылманлар және бір сап болды.
Мүшіріклер саптарын түзеп тұрды,
Ғифрит арыслан кебі қарғыды.

- 11400 Қолында аждаһадай жылан қамшы,
Аузынан жаңбыр кебі от шығады.
Мұсылманлар оны көріп қалтырады,
«Иләһым, медет бер» деп зар жылады.
- Халифа Сейіт үшін дұға қылды,
Фил хал жұмла Пайғамбарлардан медет сұрды.
Шаһ әулие майданға жетіп барды,
— Әй, лағин, кел мұнда, — деп нағра салды.
- Сол уақытта Көзанда жәду һәм сөйледі:
— Рұм халқын хараб қылған сен бе? — деді.
Сейіт хазіреті: — Бәлі, — деп жауап берді,
11410 — Сені де һәлак қылармын тоқта, — деді.
- Сонда малғұн қойнынан бір тас алды,
Афсүн оқып, Сейітке лақтырды.
Сейіттің айналасын оттар алды,
Һәрқайсысы бір аждаһа жылан болды.
- Бісқырып, атыраптан аузын ашты,
Оны көрген адамлардың қуаты өшті.
Сейіт сонда Қызырдың дұғасын оқып ерді,
Ол сиқырлары сол халде батыл болды.
- Сол уақытта мағлұм қаршық жетіп келді,
11420 — Иә, ұғылым, Қызырдың оғы қайда? — деді.
— Ол оқтар жанымда-дүр, анам, — деді,
— Олай болса атың, — деді, — оғыңызды.
- Сейіт сонда бір оқты атып ерді,
Жәдуннің оң көзінен өтіп шықты.
Ол малғұн Сейітке және ұмтылды,
Көтеріп алып кетерге оңтайланды.
- Шаһ әулие және бір оқты атып ерді,
Уа және сол көзінен өтіп шықты.
«Аһ» деп, қайта ұрысарға оңтайланды,
11430 Сейіт сонда қылыш илән басын кесті.

Жаһаннамға жанын ұластырды,
Майдан жерге қанын бұластырды.
Оны көріп ғайр жәдулер қаша берді,
Кеудесін алып, аспанға ұша берді.

Мұсылманлар оны көріп, шат болды,
«Аләйк ғаун Алла» * деп дұға қылды.
Енді мұсылманлар дұшпанларға қылыш ұрды,
Мүшіріклер шаһарына қайта қашты.

Хауарзаминнің жігіттері алдын алды,
11440 Жібермей шаһарына бек көп қырды.
Астурға Абдулуаһап ұшырады,
Бір ұрып, ол қайсарды байлап алды.

Мұсылманлар мүшіріклерді және қырды,
Жесір қылып, көп адамларын байлап алды.
Мұсылманлар шат болып, қайтып келді,
Руйзамин халифасына сәлем берді.

Халифа Сейіт хазіретке [Астурды] алып келді,
Бағ-бұғауын мойныға салып келді.
Сейіт енді Астурға сөз сөйледі:
11450 — Әй, залым, нешік жалғаншы болдың? — деді.

Енді иман келтіргіл қазір, — деді,
Жоқ десең, өлтіремін сені, — деді.
Астур сонда Сейітке ғұзыр қылды:
— Қабыл көрсең, бір сөз айтам сізге, — деді.

— Не сөзің бар, иә, малғұн, айтқыл, — деді,
Мақұл болса, сөзіңді алам, — деді
Астур: — Алпыс шаһар бар бізде, — деді,
Екі мың қалалар бар және, — деді.

Әгар мұсылман мен болсам мұнда, — деді,
11460 Һұжым қылып өлтірер мені бөрі, — деді.

* Саған Алланың жәрдемі жетсін.

Бұ сапар амандық бергіл бізге, — деді,
Жұмламыз хараж берелік сізге, — деді.

Ғеш мұсылманларға қиянат қылман, — деді,
Қабыл көрсеңіз сөзіміз үшбу-дүр, — деді.
Халифа Сейіт илән кеңес қылды,
Мәшурат уәзірлер жұмла қылды.

«Әгар мұны өлтірсек қазір, — деді,
Мұның бірлән іс бітпес қазір, — деді.
Қазір уақыт табылар біреулерді,
11470 Уа және тұтып алар мұсылманларды».

Әлқисса, жұмла айтпақ зорлар қылды,
Астурны және қайсар қоймақ болды.
Сейіт енді Астурға сөз сөйледі:
— Бір өгіздің терісіндей жер бер, — деді.

Астур сонда: — Хош болар, алың, — деді,
Сейіт енді бір өгізді сойып алды.
Терісін таспа қылып тіліп ерді,
Ұзындығы төрт мың аршын жерге жетті.

Ыстамболдың жартысына жетіп ерді,
11480 Жеткен жердің биналарын жұмла жықты.
Ол жерге мәжид, медресе бина салды,
Ыстамболдың алынғанына нышан қылды.

Астурға: — Шамас пірді келтір, — деді,
Қасындағы жұмла мұсылманларды бірге, — деді.
Жұмласыны Астур барып алып келді,
Сейіт хазіреті Шамас пірге құрмет қылды.

Халифа илән жұмла мұсылманлар
ғиззат қылды,
Көрісіп, Шамас пірні тағзым қылды.
Бір ұлық мәжид салып, мұнара салды,
11490 Басында мұсылманлар азан айтты.

Әһлі ислам ол мәжидте жұма оқыды,
 Мінбарда Сейіт тұрып, уағыз айтты.
 Оны естіп халайықтар жұмла зар жылады,
 Мисли бір қияметтің күні болған болды.

Намаздан фариф болған соң Шамас өлді,
 Халайықтар жаназа оқып, дөфін қылды.
 Ол жерде шаһидлердің мазарлары,
 Мөшһүр-дүр бүгін-кеші зиаратлары.

11500 Халифаның енді Ыстамболды алып, көңілі бітті,
 Астурдың қайсар болып, көңілі тынды.
 Сол жерде жеті жылғы хараж алды,
 Халифа енді Малатияға сапар қылды.

Бір күнлері Малатияға ләшкер илән халифа келді,
 Әмір Омар халифаны тағзым илән қонақ қылды.
 Жеті күн Малатияда халифа тұрды,
 Андан соң уағдаласып, жұмла қайтты.

11510 Көп алып Бағдатқа халифа келді,
 Естіп әһлі исламлар шат болды.
 Сейіт хазіретке әһлі исламлар дұға қылды,
 «Әмин» деп, жұмла мүміндер сада қылды.

Сұлтан Шаһ жиһанның дәулетіні,
 Әһлі исламның пақырлары көріп тұрды.
 Құдаға сәна, Пайғамбарға салауат айтып тұрды,
 Сейітке дұға қылып, жұмла тұрды.

Бір заман мұның бірлән шатлық болды,
 Екі тарап жай тұрып, тыныш болды.
 Мүшіріклер һәр уақытта жай тұрмады,
 Жай тұрса, уағдасында кім тұрмайды.

11520 Сейіттің манақиб кереметі таусылмайды,
 Таусылса, орынсыз сөз кім сөйлейді.
 Бұ қисса үшбу жерде баян, тамам болды,
 Мұхаммедке салауат, Сейітке дұға қылып енді.

Насырды назым жазған Тыныштық ұғылыны,
Дұғадан ұмыта көрмең ғасы құлны.

Әлхамдулиллаһи раби-аләмин уа салауат
Уассалам алә хаир халқиһи
Мұхаммадин уа әлиһи
Уа асхабиһи әжмағин*.

Он сегізінші бап: Сейіт хазіреттің екі ұғылының ғайып болғаны. Оны Абдулуаһап іздеп, Рұмда тұтқын болғаны. Сейіт іздеп, диюларды өлтіріп, хабар тапқаны

Бисмиллаһи хамд илән сөз башлалы,
Көңілімізден Алланың жадын таптамалы.
Мұхаммед Мұстафаны ықылас илән жад қылды,
Есімін айтып, салауатты бағышлалы.

11530 Бейшара залым болған көңілімізді,
«Түзет» деп, шапағаттан біз тілелі.
Шапағат қылса, түзетер көңілімізді,
Көрсетер ақыры жол мен туғры жолды.

Айқара түзеткен көңілдерні,
Иғтиқат иман айтып көнгендерді.
Және баян қылалы Шаһ жиһан әулиені,
Паш болған жаһан ара Сейітбатталды.

11540 Риуаят рауиларның сөзі келді,
Тыңлаңыз, ықылас бірлән сізлер мұны.
Бір күнлері Мүсілім халифа дүния салды,
Ұғылы Әбділмүмін халифа болған ерді.

Бұ хабарды Малатияның әһлі естіп ерді,
Әмір Омар Сейіт илән жүрмек болды.
Малатияға Абдулуаһапты әмір қойды,
— Біз келгенше сақ болып тұрғыл, — деді.

* Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаға арналады және де оның жаратылысының абзалы Мұхаммедке, оның отбасы мен барлық дос-жарандарына салауат және жарылқау мен қолдауы болсын.

Сейіттің үш ұғылы болар ерді,
 Бірі — Әли, Бәшір, бірісі Нәзір деген ерді.
 Әли атқа мінерлік болған ерді,
 Бәшір, Нәзір өспегендер үйде қалды.

11550 Екілісін Абдулуаһапқа тапсырды, сапарлады,
 «Аманат, үшбулерге сақ бол» деді.
 Әмір Омар Сейіт илән сапар қылды,
 Бағдаттың шаһарына келіп түсті.
 Халифа илән шаһарының әһлі құрмет қылды,
 Қырық күн ол шаһарда қонақ болды.

Әзін жаныб

Енді Малатия тарапының сөзі келді,
 Бір күнлері Бәшір, Нәзір ғайып болды.
 Һәр тараптан қарадылар, таба алмады,
 Абдулуаһап сахаба енді мөлүл болды.

11560 Сейітке енді не деп жауап береді,
 Шыдамай Рұм жұртына сапар қылды.
 Рұм халқының естіді сөзлеріні,
 «Қайсардың ұғылы Такфур деген ғайып бопты».

Уәзір, беклер және алдырған қызларыны,
 Көре-дүр Сейітбатталдан жұмласыны.
 Һәр жерде қанша болсалар руһбанлары,
 Сейіттен қорқып жылар жұмлалары.

11570 Бір руһбанның жоғалған және қызы,
 Қайсарға келіп бір күн қылған зары.
 — Бір қарақшы бүлдірді елімізді,
 Онан қорқып, берерсің көп харажны.

Сенің бар қанша ықылым халқың, — деді,
 Жинап сен қайрат қылмассың неге? — деді.
 Қорқармын не болар саған, — деді,
 Бір күні қорықсаң да алар басыңды.

Бұ руһбанның естіді қайсар сөзні,
 Жинады һәр ықылым ләшкерлерні.
 Үш жүз мың әскер алып бұнлар жүрді,
 Бір күнлері Мағмүрияға келіп қонды.

Өзін жаныб

Абдулуаһаптың түс көргені

11580 Ол сахаба бір жерде таһарат алып, намаз қылды,
 Ұа және ұйқысы ғалиб болып, ұйықтап қалды.
 Ұйықтап жатып, сахаба түсті көрді,
 Бір жамандық болатын істі көрді.

Қара балшық бір торды киер көрді,
 Ұа және пұтқа сәжде қылар көрді.
 Аузынан ақ құс ұшып, қара кірді,
 Саф көңілдің ішіне жара кірді.

11590 Бір күнлері Сейіт хазіреті келген көрді,
 Үстінен қара тонын алған көрді.
 Ақ тон кигізіп, жүрегін жарған көрді,
 Саф қылып, қайта оны жуған көрді.

Сол уақытта оянып тұра келді,
 «Аһ» деп, Абдулуаһап көп жылады.
 — Бұ түсім маған қайыр болмас, — деді,
 Ақырын қайырлы қылғыл, Алла, — деді.

Ұа және намазға сахаба отыр ерді,
 Үстіне Астур қайсар жетіп келді.
 Намаздан фариғ болып, сахаба тұрды,
 Қолына қылышын алып, хамлә қылды.

11600 Сол уақытта Нақтай фираң жетіп келді,
 «Баттал» деп, сахабаға көп сөйледі:
 — Әй, Баттал, көне қылған уағдаң, — деді,
 Неге ұрладың бізлерден ұғылы, қызны?

«Өлтірем» деп сахабаға хамлә қылды,
Ол малғұнды Абдулуаһап екі бөлді.
Астур сонда әскерлерге: «Қаптаң!» деді,
Қаптап ерді, Абдулуаһап көп өлтірді.

Әлқисса, үшбу сөзді азайталық,
Көптігімен Абдулуаһапты байлап,
Астурдың хозурына алып келді.
11610 Қарасалар, бір қарт кісі оны көрді.

— Кімсің? — деп Астур сонда сұрап ерді,
Абдулуаһап кімдігін баян қылды.
— Мен Мұхаммед пайғамбарды көрдім, — деді,
Бү күнде үш жүз он жасқа келдім, — деді.

Қағбаға жетпіс кез төуаб қылдым, — деді,
Мыңнан артық қажылық қылдым, — деді.
Мұрадыма жеттім, тамам, — деді,
Иә, өлтір, иә, қоя бергіл, мейлің, — деді.

Бұны естіп, Астур сонда пікір қылды,
11620 Уәзір илән беклерге кеңес қылды.
Уәзір, беклер Абдулуаһаптан жауап сұрды,
Бұ тарапта не үшін жүрген қызметін.

Абдулуаһап бұнларға жауап берді:
— Халифа өліп, Сейіт оған кетіп ерді.
Оның екі ұғылы ғайып болып ерді,
Соны іздеп келермін мұнда, — деді.

Қылмаңыз сізлер Сейітке күмән, — деді,
Ұғыл, қызыңызды сізлердің ол алмады.
Бұны естіп әскерлері кері жүрді,
11630 Абдулуаһапты өлтірмей алып жүрді.

— Бұған махбүб, сүйікті қыз берелі,
Дінімізге хайламен кіргізелі.
Әуелден Сейіт мұның жар жолдасы,
Сейітті ұстап беруге болар басы.

Әлқисса, Абдулуаһапты алып келді,
 Бір халуат сарайға құрмет қылды.
 Астурдың бір көркем қызы болар ерді,
 Қараңғыны мұнаууар ол қылар ерді.

11640 Ол қызға жұмлалары ақыл айтты:
 — Атаң Астур жіберді бізді, — деді.
 Біздің дінге көндірсін мұны, — деді,
 Сейітті тұтып берер бізге, — деді.

Қыз сонда: — Хош болар, — деп зиннәтленді,
 Үстіне түрлі һәйбат тонлар киді.
 Әдеппен Абдулуаһапқа кіріп келді,
 Уа және әдеп бірлән сәлем берді.

11650 Әдеп бірлән сөз сөйледі,
 Бү дүнианың ләззатын енді баян қылды.
 Ер мен әйел қосылған зауқы ерді,
 Махаббатлы қосылған шауқы ерді.

— Мен — бір махбүб патшаның қызы, — деді,
 Көрелік бұ жалғанның қызығыны.
 Біздің дінге кірсеңіз, өғар, — деді,
 Мен саған болам қазір, — деді.

Абдулуаһап оның сөзін тыңламады,
 Ілтипат илән оның жүзіне қарамады.
 Қыз енді уәзір, беклерге хабар берді,
 Қайсар естіп, Абдулуаһаптың істерін.

11660 Қыз және енді ғажап сөз сөйледі:
 — Рахатты машақатқа сатпаң, — деді.
 Әй, шер Құдажан, бір махбүб қызбын, — деді,
 Мені алсаң не болар сізге, — деді.

Өз мойныға қылышты салма, — деді,
 Өзінді өлтіріп, обалға қалма, — деді.
 Көрмеймісің көп кісі, болмас, — деді,
 Жалғыздың күші көп кісіге жетпес, — деді.

- Неше түрлі қыз ғажап сөз сөйледі,
 Бірінен-бірін артық көп сөйледі.
 Өлжасыл, Абдулуаһап пікір қылды,
 11670 Ықтиярсыз өлмекті зікір қылды.
- «Иқрар тәсілім илән қылсам, — деді,
 Иғтиқад көңілімді Хаққа салсам, — деді.
 Ғинаят бір күні Алла Көрім қылса ерді, — деді,
 Шаһ жиһан Сейіт мұнда келсе, — деді.
- Тәждид иман келтірсем сонда, — деді,
 Құдайым, жәрдем қылғай сонда» деді,
 Шарасыз қыздың сөзін қабыл қылды.
 Рауқ сафа шарабын бірге ішті.
- Қыз енді атасы қайсарға хабар берді,
 11680 Оны естіп, Абдулуаһапты қонақ қылды.
 Үстіне түрлі алуан тон кигізді,
 Ақд қылып, Астур оған қызын берді.
- Абдулуаһапқа мүнкәр сөзді ол білдірді,
 Күпір сөзге Абдулуаһаптың көңілі
 «Бөнім халімді білер» деп, биһуш болды,
 Көзін жұмып, сол халде ұйықтап қалды.
- Қыз құшақтап, басын тізесіне салды,
 Хүсни жамалына қарап, тахсин қылды.
 Сол халде бір ақ құс оның аузынан ұшты,
 11690 Бір қара құс аузына келіп кірді.
- Бұны көріп сонда қайран қалды,
 Абдулуаһап тұрғанда сөйледі.
 Абдулуаһап естіп: — һай-һу, — деді,
 Ақ құс — менім иманым, — деп жылады.
- Қара құс көпірлік-дүр, өй, қыз, — деді,
 Ессіз ғұмырым зайығ болды, — деп жылады.
 Сол уақытта бір ғауға пайда болды,
 Пәнжарадан кесілген бастар түсті.

11700 Қыз сонда «аһ» деп шошып тұрды,
 Абдулуаһап қылыш алып, тышыра шықты.
 Ол арада һеш нәрсе көрінбеді,
 Үйге кірсе, уа және басты көрді.

Уа және Абдулуаһап тышыра шықты,
 Һеш ғаламат уа және көрінбеді.
 Енді кірсе, [қыз] үйде һәм болмады,
 Ғажап қылыш, қайсарға жүгіріп барды.
 Қайсар келіп, ол бастарды көріп ерді,
 «Бұ істі Сейіт қылған болар» деді.

Өзін жаныб

11710 Қайран қалып, үшбулер тұрсын енді,
 Енді Сейіт хазіреттің сөзі келді.
 Қырық күнде Бағдаттан Сейіт келді,
 — Абдулуаһап қайда? — деп елден сұрды.

Жаранлары Сейіт хазіретке жауап берді:
 — Сіздің екі ұғылығыз ғайып болды.
 Һәр тараптан қарадық, таба алмады,
 Сол себептен Абдулуаһап іздеп кетті.

11720 Сейіт хазірет бұны естіп киініпті,
 Тәбдил сурет киіп жүре берді.
 Рұмның шаһарын аралап, сөз тыңлады,
 Ол халықтың сөйлеген сөзін білді.

«Абдулуаһап сахаба келген, — деді,
 Қайсардың қызы алдаған оны, — деді.
 Өз дінін қиып, ол қызды алған, — деді,
 Мақсұды хасыл болмай қалған, — деді.

Ол қызды Сейіт алып қашқан, — деді,
 Сөйтіп, рөсуа, бейшара болған» деді.
 Сейіт хазіреті естіп аһ әйлады,
 «Есіл ерге не қаза болған?» деді.

- 11730 Бір күнлері қайсардың үстіне Сейіт кірді,
Қайсарды тақ үстінде отыр көрді.
Жұмла беклер қасында бірге ерді,
Алтын, күмісте Абдулуаһапты отыр көрді.
- Жұмласы арақ-шарап ішер ерді,
Сейітті шикаят қылып сөз сөйледі.
Сейіт сонда Абдулуаһапқа жұмырық ұрды,
Тісі сынып, күрсиден ұшып түсті.
- Патша, беклер бұ іске қайран қалды,
Сейіттен: «Кімсің?» дайу жауап сұрды.
Сейіт сонда: — Мен — Фағфоршиннен елші, — деді,
11740 Астур қызын ғайрға берген, білші, — деді.
- Фағфорға бермек ердің сен қызыңды,
Не себеплі ғайрға бердің сізлер оны?
Онан артық көрдің бе қарт кісіні?
Соның үшін мен бердім жазасыны.
- Мұны айтып ол Сейіт шығып кетті,
Андан соң Абдулуаһап тұра келді.
Астур сонда сұрады ол адамды,
— Танырмысың, ол саған не іс қылды?.
- Сонда Абдулуаһап: — Білмедің бе сізлер оны?
11750 Ол адам — Сейітбаттал ғазы, аяр, — деді.
Бұ істі ол маған қылып кеткен, — деді,
Құдай аман сақтаған сізні, — деді.
- Бұны естіп қайсар сонда фариад қылды,
«Жұмлаңыз һәр тараптан қара!» — деп
әмір қылды.
Нехасыл, жұмла қарап, Сейітті таба алмады,
Енді қорқып өздері сандалады.

Үстіндегі тонларын шешіп алды,
Фалқараттың тонларын киіп алды.
Өзіні мисли **Фалқарат қылып алды,**
Өз тонын Фалқаратқа кигізіп, **Баттал қылды.**

Уа және Фалқаратқа жұмырық ұрып,
төбдил қылды,
11790 Аузы-мұрнын қан қылып білгізбеді.
Ешбір адам танымайтын оны қылды,
Бір темірмен тасқа шынжырлап оны қойды.

Қапу ашып, Фалқараттың құлдарын
hәм шақырды:
— Бү Батталды сөйлетпей, ұрғыл, — деді.
Сөз сөйлесе, бұл қылар бір хайланы,
Талай алдап кеткен-дүр hәркімлерді.

Сол уақытта Фалқарат сөйлеп ерді,
«Сөйлеме» деп, өз құлы оны ұрды.
Фалқарат сонда ойбайлап, сөз сөйледі:
11800 — Анау тұрған хайлакер Баттал, — деді.

Ол мені хайла бірлөн байлап қойды,
Аузы-мұрнымды қан қылып, білдірмеді.
Сонда Сейіт хазіреті: — **Ай-һай,** — деді,
Бү Батталдың хайласын қара, — деді.

Сізлерге бү сенсін деп, хайла қылды,
Сөйлетпей, бү залымды ұрғыл, — деді.
Сол уақытта құлдары көп сабады,
«Шығарма даусыңды» деп бек қинады.

Ұра-ұра сорлының көзі шықты,
11810 «Мен — Фалқарат» дегенін тыңламады.
Сол күні қайсар және жетіп келді,
Сейіт хазіреті Фалқарат болып қарсы барды.

Қайсар илөн Фалқарат болып хал сұрасты,
Батталдың және жәйін ол сұрасты.

— Дәулетіңіз жары қылды, Астур, — деді,
Нар-нұр айдап, Батталды берді, — деді.

Үш күннен бері қинадым ол Батталды,
Сонда да шынын һәр кез ол айтпады.
Бұ сөзні Астур естіп, шат болды,
11820 «Көрелік, — деп, — Батталды» жұмла жүрді.

Бір темірмен таста тұр шынжырлаулы,
Үсті-басы қан болып, зар жылаулы.
«Қайсар келді» дегенін ол естіпті,
Ойбайлап: — Астур қайда? — деп жылады.

Баттал мені бұ халге салды, — деді,
Рақым қыла көргілі бізге, — деді.
Иә, Астур, мен — Фалқарат, — деп жылады,
Қасыңдағы Баттал-дүр, сақ бол, — деді.

Мен Фалқарат болмасам, өгар, — деді,
11830 Нар-нұр менім басымды жақсын, — деді.
Хайламенен байлады Баттал мені,
Көрер көзім болар ма, ойбай, сені.

Қайсар сонда: — Әй Баттал, аяр! — деді,
Ғануз хайла сөйлерсің маған, — деді.
Хайла бірлән өлтірдің бабаларымызды,
Және алдың бізлерден ұғыл-қызды.

Қисапсыз және алдың малымызды,
Қисапсыз және қырдың адамларды.
Хараб қылып бүлдірдің жаһанды,
11840 Нар-нұр айдап, қолымызға берді сені.

Мың жаннан қалдырман бір жаныңды,
Алармын жұмласының өшлеріні.
Және малғұн Фалқарат сөйлеп ерді,
Сейіт сонда: «Сөйлеме» деп жұмырық ұрды.

— Жылдам айт шыныңды, — деп ұрып ерді,
 Ол сорлы: — Мен — Баттал, — деп иқрар қылды.
 Сейіт сонда Астурға сөз сөйледі:
 — Не азаппен өлтірейін мұны? — деді.

11850 Қайсар сонда: — Өзің білгіл, палуан, — деді,
 Қай азаппен өлтірсең мейлің, — деді.
 Сонда Сейіт Фалқаратты қатты ұрды,
 Есін танып Фалқарат ол жығылды.

Фалқараттың құлдарына Сейіт әмір қылды:
 — Бұ Батталды сахараға алып жүргіл, — деді.
 Сахарада отқа жағам мұны, — деді,
 Естісін һәр ықылымлар жұмла, — деді.

11860 Құлдары сахараға алып жүрді,
 Уа және көп жинады отынларды.
 Жиылды шаһар әһлінің жұмалары,
 «Батталды көреміз» деп һәр жанлары.

Оттың ішіне салдылар Фалқаратты,
 Ойбайлап Фалқараттың шықты жаны.
 Енді қайсардың «Баттал өлді» деп, көңілі тынды,
 Сейітке Фалқарат деп, көп халғат берді.
 Уа және һәр ықылымларға хат жазып,
 хабар берді,
 «Сейітбатталды Фалқарат отқа жақты» дейді.

11870 Сейіт енді қайсардан изин сұрды:
 — Бұ Батталдың жолдастары болар, — деді.
 Һәр орыннан іздейін мен анларды,
 Тапсам оның қырайын жұмласыны.

«Хош, болар» деп, қайсар бұған изин берді,
 Қасына екі жүз палуанды қосып берді.
 — Мен де әскер жинаймын, қазір, — деді,
 Барамыз Малатияға бізлер жұмла, — деді.
 Сол жерде қосылармыз бізлер — деді,
 Қылайық астын-үстін Малатияны.

- Сейіт енді қайсардан айырылып, шүкір қылды,
 Хаққа хамд, Пайғамбарға салауат қылды.
 Сейіт хазіреті екі жүз палуанға изин берді,
 11880 Жолдасын қойған қырық руһбанға жетіп келді.
 Әлқисса, үшбу сөзді қысқарталы,
 Қырық руһбанды өлтіріп, жолдасын алып кетті.

Әзін жаныб

- Екілісі бір дәреге жақын жетіп келді,
 Сол жерде шошқа баққан шопан көрді.
 Сейіт енді ол шопаннан сөз сұрады:
 — Қай дінлік боларсың? — деп сұрады.
- Ол сонда: — Әһлі ислам мен-дүр, — деді,
 Бағдаттың шаһарында елім, — деді.
 Ибн Масғұт Ыбраһым-дүр атым, — деді,
 11890 Қырық кісі базаршы ердік бізлер, — деді.
- Бұ жерге жолымыз түсіп келдік ерді,
 Бұ жерде бір сиқыршы дию ұшырады.
 Ол бізді афсүн оқып, байлап алды,
 Ол малғұн жолдасымның бәрін қырды.
- Мен пақырды бұл халге салып, шопан қылды,
 Қырық жыл шопан қылып, әуре қылды.
 Сейіт деген бір мұсылман палуан болар ерді,
 Ол келсе, бұ залымнан алұр ерді.
- Үміт қылып жүр ердім соны, — деді,
 11900 Бұ күнде үмітім кесілді, аһ!
 Фалқарат деген бір жүһүд залым болар ерді,
 «Сейітті отқа жаққан» деп естілді.
- Үшбу жер — Көзанданың жері, — деді,
 Бізді тұтқан Көзанданың қатыны, — деді.
 Көзанданы Сейіт хазіреті өлтіріп ерді,
 Оның және екі ұғылы болар екен, — деді.

- Бірі мұнда, бірі оның қасында болар, — деді,
Кәһи онда, кәһи мұнда жүрер, — деді.
Ол залымның бір әдеті болар екен, — деді,
11910 Һәр тараптан ұғыл-қызны көзлер, — деді.
- Кімнің сұлу ұғыл-қызы болса, — деді,
Оны алып, жеріне ұшып кетер, — деді.
Кімін бір жан жылатып асар, — деді,
Кімін жесір жылатып тұтар, — деді.
- Кете көргіл бұ арадан сізлер, — деді,
Залымның келер уақыты жақын болды.
Сол уақытта бір ғұлғұла дауыс келді,
Сол халде «Аһ, залым келді ғой!» деп жылады.
- Сол халде бір жалаңаш ғифрит жетіп келді,
11920 Ол лағин Сейітті көріп, қаһ-қаһ күлді.
— Сені іздеп жүр ердім һәр күн, — деді,
Ажалың айдап келген сені, — деді.
- Көзанда жәду ол менің ерім ерді,
Өлтірген Көзанданы сен бе? — деді.
Сол халде афсүн оқып, топырақ шашты,
Сол уақытта Сейіттің үстін зұлмат басты.
- Сейіт сонда Қызырдың дұғасын оқып ерді,
Лағинның афсүні батыл болды.
Ол лағин тау мысалы тасты көтеріп алды,
11930 Сейіттің үстіне ол тасты тастап ерді.
- Сейіт сонда шоршып кейін тұрды,
Жәду және бір тасқа қолын созды.
Сейіт сонда жәдуді атып ерді,
Көзден кіріп, желкесінен оның шықты.
- Уа және қылыш илән жәдуны шауып ерді,
Малғұнды екі пәре қылып, отқа салды.
Сол уақытта Ыбраһым илән Мұса келді,
Сейіттің аяғына басын қойды.

- 11940 Сол уақытта бір ғұлғұла дауыс шықты,
Тау жақтан «Сейітбаттал» деген естілді.
— Ата-анамды өлтірдің, иә, Баттал, — деді,
Мен сенің екі ұғылыңды алдым, — деді.
Мен сені өлтіремін қазір, — деді,
Ажалың айдап келген сені, — деді.
- Ол тауға Шаһ әулие келіп шықты,
Ол таудың төбесінде бір көл көрді.
Ол көлдің ортасында бір тас көрді,
Ол тастан будақтаған түтін көрді.
Шаһ әулие енді тұрып пікір қылды,
11950 «Не болса да сол таста болар» деді.
- Тауды жарып, ол суды ағызыпты,
Су кеткен соң, ол тауға жетіп барды.
Ол тасты қаһарланып лақтырды,
Тас үстінде бір ғажап құдық көрді.
- Назар салып о құдыққа қарап ерді,
Қатты зұлмат неш нәрсе көрінбеді.
Қойнынан гауһар тасты алып көрді,
Асылған нардибан қылып басқыш көрді.
- Нардибан илән қырық қадам жүріп ерді,
11960 Қиудың түбіне келіп біраз тұрды.
Мың қадам және жүріп бір қапу көрді,
Қапуды ашып, Шаһ әулие ішке кірді.
- Назар салып һәр тарапқа қарап ерді,
Құданың хикметі бір ұлық шаһар болды.
Уа және бір сарайға Шаһ әулие кіріп ерді,
Құрылған шаршауларды және көрді.
- Ол перделерді көтеріп қарап ерді,
Төрт қапулы қарсы тұрған хұжра көрді.
Ортасында мисли тақыт Сүлеймен және көрді,
11970 Һәр хұжрада алтын, күміс, күрзі көрді.

Ол хұжраның ішлері ғажап нұрланады,
 Ләкин һешбір адам ол арада көрінбейді.
 Бір қапуны Сейіт және ашып ерді,
 Көреді алтын, күміс үш тақтаны.

Һәрбірінде бір қыздар жатыр көрді,
 Үй толы жан нәпасы білінбейді.
 Ортасында бір мөрмөр тақта көрді,
 Ол тақтада жазылған жазу көрді.

11980 Әуелі Алланың есімін жад етіпті,
 Андан соң «Ескендір патша мен-дүр, — депті.
 Маһриқ, мағрибты тамам кездім, — депті,
 Жүмла халқын масхар еттім, — депті.

Бұ мақамны салдырған мен-дүр, — депті,
 Үшбу жатқан үш қыздар менім, — депті.
 Бұнларды тапқан анасы Аян махбүб ерді,
 Өзі салих Хаққа жақын, ғабид ерді.

11990 Оның және бір сіңілісі болар ерді,
 Ол маған ғашық болып, сүйер ерді.
 Ол менім үш қызымды аздырыпты,
 «Анаң сенің ерге бермес, білдім, — депті.

Бұ дүнияның ләззаты әйелге ер-дүр, — депті,
 Қосып ұғлан сүймек және, — депті.
 Сен анаңды ағу беріп өлтір, — депті,
 Мен сізлерге ана болып, ерге қосам сонда» депті.

Бейақыл ол қыздарды ол алдапты,
 Анасына ағу беріп өлтіріпті.
 Бұ істен бір күн хабар алдым, — депті,
 Андан соң бұ мақамды дүздім, — депті.

12000 Һәрбіріне бір қызметші бердім, — депті,
 Елу жылдық напақа қойдым және, — депті.
 Тылсым илән кезледім бұ мақамларды,
 Бекітіп, адам көрмес қылдым мұны.

Хош келдің, Саллалаһу Расул мұнда, — деді,
 Падишаһ жиһан, Сейітбаттал ғазы, — деді.
 Сейіт сонда ол қыздардан жауап сұрды:
 — Сізлерге кім білдірді бізді? — деді.

Қыздар сонда Сейітке жауап берді:
 — Бұ кеште Мұхаммед Расул түсімізге кірді, — деді.
 «Иә, қыздарым, жыламаңыз сізлер, — дейді,
 Сейіт ұғылым халас қылар ертең» дейді.

12040 Ол лағин һәр күнлерде келер, — деді,
 Екеумізді бір жан қылып ол жейді, — деді.
 Сейіт сонда: — Астурдың қызы бар ма? — деді,
 «Мархабан» деп қыз сонда тұра келді.

Сонда: — Дию қайда? — деп сұрады,
 Қыздарды сонда үшбу қапудан кетірді.
 Ол қапуды Сейіт ашып, ішке кірді,
 Алпыс аршын диюдоды отыр көрді.

12050 Алдында үлкен қылып от жағыпты,
 Екі темір жебесін әзірлепті.
 Екі махбұб қыздарды ол байлапты,
 Темір іскек шаншырға әзірлепті.

Сейіт сонда нағра салып, сөз сөйлепті:
 — Әй, малғұн, мұның не? — деп сөйлепті.
 Талай мұндай қылғансың көп істерді,
 Алайын жұмласының өшлеріні.

Ол малғұн сонда Сейітке сөз сөйледі:
 — Ажалың айдап келген сені, — деді.
 Қолына бір ұлығ күрзіні көтеріп алды,
 Сейітті ол малғұн салып қалды.

12060 Сейіт сонда секіріп, кейін тұрды,
 Шоқпары малғұнның жерге кірді.
 Және қайта ұрарға ол оңтайланды,
 Сейіт сонда қылыш илән екі бөлді.

Басын ол малғұнның кесіп алды,
 Жанын жаһаннамға малғұнның жөнелдірді.
 Жұмла қыздар Сейітке келіп, басын қойды,
 Зар жылап, бұнлар Сейітке дұға қылды.

Сейіт және сарайларды сайран қылды,
 Ол арадан төрт жүз атты тауып алды.
 Жұмласына алтын, жауһарды артып алды,
 12070 Қыздар илән Ыбраһым Мұсаға жетіп келді.

Анлар келіп Сейіт хазіретке басын қойды,
 Бұнларды ертіп алып, жолға жүрді.
 Ыстамболдың тарабына жақын келді,
 Бір адам ол арада ұшырады.

Сейіт хазіретке назар салып, қарай қалды,
 Сейіт оған: — Қарайсың неге? — деді.
 — Сейітке ұқсатармын сені, — деді,
 Мәгөр оны Фалқарат отқа жақты.

Ол адам және Сейіттен жауап сұрды:
 12080 — Уа, Алла, ағлам, сен — Сейіт, — деп сөйледі.
 — Бөлі, білдің, мен — Сейіт, — деп сөйледі,
 Енді иман келтіргіл, білсең, — деді.

Ол жігіт иман айтып, мүмін болды,
 Сейіттің аяғына басын қойды.
 Сейіт енді қайсардан хабар сұрды,
 Уа және: — Абдулуаһап қайда? — деді.

О жігіт: — Шаһ жиһан, — деп сөйледі,
 Малатияға ләшкер жиып кеткен, — деді.
 Абдулуаһап сахаба мұнда, — деді,
 12090 Һәр күнде бұ орынға келер, — деді.

Сізді отқа жаққан жерге келер, — деді,
 «Аһ, Сейітбаттал» деп жылап кетер, — деді.
 Сол уақытта бір адамларды келер көрді,
 — Үшбу Абдулуаһап сахаба болар, — деді.

Сол халде Абдулуаһап сахаба жетіп келді,
Танымай Сейітке келіп, сөз сөйледі.
Сейіт сонда «Ар-рахман» сүресін оқып ерді,
Абдулуаһап аттан түсіп, есін танды.

12100 Сейіт оның басын тізесіне салды,
Бір уақытта есін жиып, тұра келді.
Абдулуаһап: — Әй, Шер Құда, — деп сөйледі,
Түсім бе, иә, қиял ма? — деп сөйледі.

Сейіт сонда: — Иә, Абдулуаһап ғазы, — деді,
Досты садық, жолдасың мен-дүр, — деді.
Сол уақытта Абдулуаһап басын қойды,
Тәжид иман келтіріп, иқрар қылды.

12110 Қайсардың қызы Абдулуаһапты және көрді,
Шат болып ғашығына ол көрісті.
Ол қыздар Абдулуаһапқа сөз сөйледі,
Сейіттің хикметлерін көп сөйледі.

Әлқисса, Ыстамболға бұнлар келді,
Сейіт хазіреті: — Қайсар қайда? — деп сұрады.
Абдулуаһап Сейіт хазіретке жауап берді:
— Төрт жүз мың ләшкер илән кетті, — деді.

Бү күнде Малатияда болар, — деді,
Не оқиға болғанын білмен, — деді.
Сейіт сонда: — Екі ұғылымды білдім, — деді,
Қап тауында, Көзанданың ұғылы алған, — деді.

12120 Иншалла, оған сапар қылам, — деді,
Хақ Тағала не бұйырса көрем, — деді.
Қазір Малатияға жүрелік бізлер, — деді,
Қалмасын мұсылманлар зарда, — деді.

Қайсардың қызы атасының затын алды,
Алтын, күміс, қисапсыз жауһар алды.
Әлқисса, көп заттарын артып алды,
Қасына бір қыз, ұғлан ертіп алды.

Жұмласы Малатияға сапар қылды,
«Алла» деп, күн-түн асығып бұнлар жүрді.

Өзін жаныб

12130 Үшбулер жолы бірлөн келе тұрсын,
Енді Малатия тарабының сөзі келсін.
Әмір Омар халифаға хат жазып, хабар берді,
«Сейітті отқа жақты» деген сөзні.

Уа және қайсардың әрекет қылғаныны,
Төрт жүз мың әскер илән жүргеніні.
Халифа бұ хабарны естіп білді,
Сейіт үшін халифа көп жылады.

Халифада екі палуан болар ерді,
Бір жүз мың әскер илән қоя берді.
«Өзім және артыңыздан барам, — деді,
12140 Сізлер жылдам жетіңіздер анда» деді.

Өзін жаныб

Әлқисса, бұнлар жолымен жүре тұрсын,
Уа және Малатияның сөзі келсін.
Әмір Омар отыз мың әскер алды,
Дұшпанлардың алдынан қарсы барды.

Мүшіріклердің ләшкері де жетіп келді,
Екі тарап сап-сап болып қалды.
Сол уақытта Рұм жақтан тозаң шықты,
Сұлтан Сейіттің сары аләм туын көрді.

12150 Назар қылса, Шаһ әулиені келер көрді,
Мард мәжаз ұшқыр атын мінер көрді.
Самсырар екі жанында күрзі көрді,
Қасында Абдулуаһапты келер көрді.

Жаранлары Сейітті көріп шат болды,
Һәрбіреуі сүйінші сұрап, сайха қылды.

Башарат нағра шалып, ойын қылды,
Сұлтан Сейіт хазіретке қарсы барды.

12160 Баршасы қойдай шулап, көріс қылды,
Қолы жеткенлері иығына басын қойды.
Астур қайсар мұны көріп, зар жылады,
«Батталдан құтылар күн жоқ» деді.

Қайсарға бір адам келіп хабар берді:
— Қызың илән Абдулуаһап та келді, — деді.
Қызыңызды дию, пері алған, — деді,
Оны өлтіріп, Сейітбаттал келген, — деді.

Және Ыстамболға ол қызың барған, — деді,
Жұмла асыл заттарыңды ол алған, — деді.
Әлқисса, ол күн соғыс болмады,
Қайсар келіп шатырында зар жылады.

12170 — Тарион отқа жақты, ол өлмеді,
Ғақба ғазы ағу берді, және өлмеді.
Аржистың құдығында және өлмеді,
Фалқарат отқа салды және өлмеді.
Бізге Иса неш жәрдем неге қылмады?
Нар-нұр бізден жүз төндірген болар, — деді.

Сонда екі палуан қайсарға сөз сөйледі:
— Сіз өлі мөлүл болмай тұрғыл, — деді.
Мен тұтып келтірермін оны, — деді,
Шат болып сен күлерсің сонда, — деді.

12180 Бү екінің хайлакері мәшһүр ерді,
Қарауылға бас қылып қоя берді.
Екеуі қарауылға шығып кетіп ерді,
Бірісі Сейіт хазіретке ұшырады.

Сейіт оны майдан жеріне алып келді,
Бір ағашқа тірсегінен іліп қойды.
Бірісі және Ғашым палуанға ұшырады,
Ғашымды екі бөліп, дарға іліп қойды.

- Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Сейіт хазіреті дұшпанларға хайла қылды.
Мүшіріклердің қарауылын өуре қылды,
12190 «Мұсылманлар келді» деп, хабар қылды.
Дұшпанлар түн ішінде атқа мінді,
«Мұсылман» деп, бірін-бірі қыра берді.
- Шаһ өулие әр тарапқа шауып барды,
Мұсылманлардың палуаны болып, сайха қылды.
Мүшіріклер бұны танымады,
Сол түні жиырма мың адам өлді.
- Сабах садық таң атып, жұмла тұрды,
Өлген жанда һеш мұсылман көрінбеді.
Айрылып ақылынан, есін танды,
12200 Сандалып майдан жеріне келіп тұрды.
- Мақтанып түнде кеткен екі сорлы,
Ілініп тірсегінен тұрған көрді.
Қайсар бұған таң қалып тұрған ерді,
Қызының жазған хатын алып келді.
- Көргенін тафриқа қызы баян қылды,
Сейіттің кереметін аян қылды.
Пайғамбардың мүғжизасын һәм білдірді,
«Ғапыл болып, атам, сен қалмаң» деді.
- Атасы қызының сөзін тамам білді,
12210 Оның ықылас қылғанын және білді.
Бейшара көңілі қара, һеш тіл алмады,
Қызының жазған хатын пәре қылды.
- Екі әскерлер сап болып тұрған ерді,
Майданға Жәмілиха деген біреу келді.
Мұсылманлардан Махсин ғазы келді,
Жәмілиханы Махсин ғазы һөлак қылды.
- Уа және бір малғұн келіп ерді,
Оны дахи сөйлетпей, һөлак қылды.

12220 Мүмінлер Махсинға қайран қалды,
Сол кезде Настур деген біреу келді.

Махсинға ол келіп күрзі ұрды,
Махсинның сол халде аты жығылды.
Сол халде Сейіт хазіреті нағра салды,
Естіген халайықтар есін танды.

Настурды көтеріп алып, жерге ұрды,
Тірсегінен оны дарға іліп қойды.
Андан соң екі лағин келіп ерді,
Терісін сойып алып, сабан тықты.

12230 Оны дахи дар ағашына іліп қойды,
Мұны көріп, майданға һешкім келе алмады.
Қайсар сонда: — Жұмлаңыз қапта, — деді,
Сейітті ортаға алып, ұста, — деді.

Мүшіріклер сол уақытта қаптап ерді,
Шаһ әулие сол халде нағра салды.
Аспан жерге түскендей болып кетті,
Дұшпанлардың соғыспастан есі кетті.

12240 Екі тарапы соғысқа араласты,
Қылыш тиіп қылышқа шақырласты.
Мисли қияметтің күні болған болды,
Тозаңнан күннің көзі көрінбеді.

Сол уақытта күн кеш болып, нағра салды,
Екі әскерлер айрылып, кері қонды.
Мүшіріктерді мөлүл болып, қайғы басты,
Мұсылманлар шат болып, тағат қылды.

Сабах садық таң туып, әскер жүрді,
Екі әскерлер сап болып, қарсы тұрды.
Сол уақытта Бағдат жақтан тозаң шықты,
Ол келген жүз мың ләшкер халифа ерді.

12250 Шаһ әулие майданда нағра салды,
Жер мен көк тоғысқандай болып кетті.
Мүшіріклерге Шаһ әулие қылыш ұрды,
Мұсылманлар Сейіт илән бірге кірді.

Халифаның ләшкерлері және кірді,
Дұшпанлардан сел мысалы қан ағызды.
Сейіт енді қайсардың жолын жақты,
Туын тастап, ол қайсар міне қашты.

12260 Мүшіріклер енді сабыр қыла алмады,
«Бістамбол қайда» дайу, қаша берді.
Мұсылманлар үш күн, үш түн оны қуды,
Аттан түспей, анларды қыра берді.

Қисабын пенде білмес, Алла білді,
Уа және көп адамын жесір қылды.
Халифаның хозурына алып келді,
Ол арада Сейітбаттал көрінбеді.

Сейіт хазіреті қайсарды қуған ерді,
Халифа «Аһи аман болса екен» деп жылады.
Сейіт хазіреті қайсарды қуған ерді,
Бір бұлақта қайсарды тұтып алды.

12270 Желкесіне қолын байлап алды,
Шаһ әулие халифаға жетіп келді.
Сейітті көріп, халифа шат болды,
Аттан түсіп, Сейітке көріс қылды.

Халифа енді Сейіт хазіретке дұға қылды,
Халайықтар жұмла тұрған «әмин» дейді.
Енді жұмла әскерлер жерге түсті,
Халифа Сейіт илән бірге түсті.

12280 Астурды халифаның хозурына алып келді,
Сейіт оған Пайғамбардың мұғжизасын баян айтты.
— Не істесем бабамның мұғжизасы,
Иман келтір, Аллаға болма ғасы.

Астур сонда Сейітке жауап берді:
 — Мақұл көрсен, бір сөз айтам сізге, — деді.
 Сейіт сонда: — **Не сөзің бар, айтқын,** — деді,
 Мақұл болса, тыңлайын оны, — деді.

Астур сонда: — Иә, Шаһ жиһан, — деп сөйледі,
 Жұмла сөзің дұрыс-дүр сенің, — деді.
 Менің көп қарап тұрған халқым, — деді,
 Сен кетсең, һұжым қылар маған, — деді.

12290 Сіз әуелі **Қап тауынан келгіл,** — деді,
 Бар болса, ұғылымны әпкел, — деді.
 Хозурыңда мұсылман болам сонда, — деді,
 Өзің жәрдем берерсің маған, — деді.

Сейіт сонда: — **Бү сөзің болсын,** — деді,
 Қолыңнан куәлік хат бергіл, — деді.
 Астур сонда бұ сөзге риза болды,
 Астурды мемлекетіне қайсар қойды,

12300 Сейіт илән уағдаласып, қайтып кетті.
 Қолымен хатын жазып, Сейітке берді.
 Сейіт хазіреті Астурға рұқсат берді,
 Он мың жесір адамларды азат қылды.

Уа және әһлі исламның әскерлері рұқсат алды,
 Һәрқайсы шаһарларына қайтып кетті.
 Халифа және Бағдатқа қайтпақ болды,
 Сейт илән уағдаласып, о да кетті.

Енді Омар Сейіт илән шаһарға келді,
 Жолдастары Малатияға жұмла келді.
 Әһлі исламлар шат болып, қарар қылды,
 Зауқы сафа асап ішіп, рахат қылды.

12310 Сейітке хайыр дұға әһлі ислам базы қылды,
 «Әмин» деп, жұмлалары шуылдады.
 Бұ қисса үшбу жерде тамам болды,
 Мұхаммедке салауат, Сейітке дұға қылғыл енді.

Насырны назым жазған Тыныштық ұғылын
Дұғада ұмыта көрме, иә әһлі жар.

Әлхамдулиллаһи раби-аләмин уасалауат уас-салам алә ха-
йыр халқиһи Мұхаммадин әлиһи уа асхабиһи әжмағин*.

**Он тоғызыншы бап: Сейіт хазіретінің Қап тауына сапар
қылып, адамзаттан басқа он екі патшаны өлтіріп, жет-
піс екі ықылымнан ләшкер алып, перілерден ұғылын алып
келгенінің баяны**

Бисмиллаһи хамд илән сөз башлалы,
Иә, Мұхаммед Мұстафа деп һәм башлалы.
Сұлтан Сейіт хазіреттің ғазисыны,
Қадари хал назым бірлән біз башлалы.

12320 Риуаят рауиларның сөзлеріні,
Раушан білгенімше біз ашалы.
Бір күнлері Сейіт хазіреті сөз сөйледі:
— Әй, жаранлар, мен Қап тауына жүрем, — деді.

Іздеймін екі қорған ұғылдарымды,
Сізлер жары дұғада болың, — деді.
Жаранлар Сейіт илән уағдаласты,
«Иләһым сақтасын» деп, зар жыласты.

12330 Қап тауына Сейіт хазіреті жүріп кетті,
Адам көрмес хикметтерді талай көрді.
Айтармын, иншалла, тоқта оны,
Жолдағы заһир болған хикметтерді.

Сейіттің алып кеткен ұғылдарын,
Айтайын алып кеткен себебіні.
Жоғарыда баян қылдым Көзанданы,
Сейіт ерді өлтірген ол періні.

* Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаға арналады және де оның жаратылысының абзалы Мұхаммедке, оның отбасы мен барлық дос-жаранда-рына салауат және сәлем болсын.

Көзанданың бар ерміш екі ұғылы,
 Бірін және өлтірген Сейіт ерді.
 Анасын һәм өлтірген Шаһ уәли,
 Жоғарғы бапта айтылған оның сөзі.

12340 Бір ұғылының есімі Һилак ерді,
 Ол малғұн сиқырлыққа маһир ерді.
 Атасының өлгенін білген ерді,
 «Қайтып өшін алам» деп жүрген ерді.

Сейіт жоқта Малатияға келген ерді,
 Оның үшін Қап тауына жүрген ерді.
 Қантар деген бір адам болар ерді,
 Кимияның ғылымын білерге көмил ерді.

12350 Оны ертіп Сейіт хазіреті сапар қылды,
 Екі айлық азық алып бұнлар жүрді.
 Дария бірлән үшбулер көп қыдырды,
 Арал, қала көрсе ұғылын сұрды.

Өлқисса, алты ай жүріп, бір тауға келді,
 Жолдастарын анда қойып, Сейіт аралады.
 Күн батқанда бір шұғыла отты көрді,
 Ол отқа Шаһ әулие жетіп келді.

Бір үңгірде қырық ғифрит періні көрді,
 Доңыз етін пісіріп, асар көрді.
 Мұнарадай залымлардың қад қаматы,
 Күлкісі күн мысалы күркірер еді.

12360 Һәрқайсысы бір түрлі сөз сөйледі,
 Бірісі сонда: — Менім сөзімді тыңла, — деді.
 Үшбу таудың артында шаһар бар, — деді,
 Ол шаһардың есімі — Сайлаң, — деді.

Ғасажад — патшасының есімі, — деді,
 Оның бар бір махбүблі сұлу қызы.
 Мен соны келтірейін қазір, — деді,
 Сізлер рахат қыла тұрғыл мұнда, — деді.

Бұны айтып ол ғифрит ұшып кетті,
Тез заманда ол қызды алып келді.
Қуанып жұмлалары арақ іпті,
12370 Ол қызға: — Сен де іш, — деп өуре қылды.

Қыз пақыр ол арақты ішпеп ерді,
Аузынан ұрып, ол қызды байлап қойды.
Шаһ өулие қолына қанжар алды,
Жұмласының басыны кесіп салды.

Қыздың және қолын шешіп алды,
Қыз енді Сейіт хазіретке басын қойды.
— Иә, сұлтан ғалым, кімсің? — деп және сұрды,
Сейіт сонда өзін баян қылды.

Түн ішінде ол қызды алып жүрді,
12380 Ол қызды сарайына һәм кіргізді.
Өзі келіп, бір бұлақтан таһарат алды,
Намаз оқып, ол жерде ұйықтап қалды.

Бір уақытта бір сөйлескен дауыс шықты,
Көзін апса, дәруіш отыр көрді.
Сейітке ғиззат илән сәлем берді,
— Хош келдің, иә, сұлтан ғалым Сейіт, — деді,

Сейіт сонда бұнлардан жауап сұрды:
— Мені сізге білдірген кім-дүр? — деді.
Анлар сонда Сейітке жауап берді:
12390 — Мұхаммед расул Алла түсімізге кірді.

«Тез тұрып, бұ орынға барғыл, — дейді,
Шүкір күші Сейіт жатыр, көргіл, — дейді.
Ғиззат, құрмет сізлер оған қылғыл, — дейді,
Не бұйырса, әмірінше болғыл» дейді.

Сіз енді бізің илән жүргіл, — деді,
Сізге құрмет қылармыз, көргіл, — деді.
Сейіт енді бұнлармен жүріп келді,
Дәруішлер Шаһ өулиеге құрмет қылды.

Бұнларды жөне қыз шақырып қонақ қылды,
12400 Қырығына қырық қаз пісіріп жөне берді.
Сейітке мың кесе алтын жөне берді,
Сейіт оны алмап ерді, ажиз қылды.

Шарасыз оның ғұзырын қабыл қылды,
Ол алтынды дәруішлерге бағышлады.
Қыз илән уағдаласты, анлар кетті,
Өздерінің сарайына келді, түсті.

Банағы қыздың берген қазларыны,
Һәрқайсысы алды да ішін жарды.
Һәрқайсысының ішінен бір гауһар көрді,
12410 Оны көріп дәруішлер қайран қалды.

Сейіт енді жолдастарын баян қылды:
— Мен енді жолдастарыма кетем, — деді.
Сол уақытта дәруішлер сөз сөйледі:
— Бабаң Расул Алла қырық күн мұнда тұрсын деді.

Енді базарға дәруішлерден біреу барды,
Саррафқа бір гауһарды сатпақ болды.
Саррафтар ол гауһарды танып білді,
«Үйден ақша әкелем» деп, алып кетті.

Дәруіш пақыр дүкенде тұрып қалды,
12420 Сарраф енді патшаға туғры келді.
Патша ол гауһарды танып білді,
— Сен мұны қайдан алдың? — деп сұрады.

Сарраф сонда дәруішті баян қылды,
Патша сонда: — Ол дәруішті келтір, — деді.
Дәруішті патшаға алып келді,
Дәруіштен: — Қайдан алдың? — деп сұрады.

Ол дәруіш: — Қожамыз бар біздің, — деді,
Қайдан алса ол білер бұ гауһарды.
Әлқисса, Сейіт хазіретті алып келді,
12430 — Сен мұны қайдан ұрладың? — деп сұрады.

Сейіт сонда патшаға жауап берді:

— Мен — Мұхаммед пайғамбардың нәсілі, — деді.
Зүриятым һеш ұрлық қылмады,
Дүния, малын һеш және сүймеді.

Сен берсең дүния, малың жұмла, — деді,
Бір пұлдай қажеті жоқ бізге, — деді.
Ғасажад патша бұ сөзге ашуланды,
Шаһардың жұмла халқын ол жинады.

— Бұны сізлер танимысыз, білдір, — деді,
12440 Танымасаңыз өлтіремін қазір, — деді.
Сол уақытта Ситаха деген бір адам тұра келді,
Ол адам Ғақбаның бірге туған ерді.

— Менім ағам Ғақбаны бұл өлтірді,
Менім қанды дүшпаным осы, — деді.
Дәулетің бәрі қалып келген, — деді,
Аман бермей, өлтіре көр қазір, — деді.

Сол уақытта жалладтарға әмір қылды:
— Қолын байлап, дарға асқыл мұны! — деді.
Бір жаллад қолын байларға келіп ерді,
12450 Сейіт оның кеудесіне жұмырық ұрды.

Мұғаллақ төбесінен ол жығылды,
Қарбыздай жерге ұрған жаны шықты.
Патша сонда көп жалладқа әмір қылды:
— Жабылыңыз, өлтіріңіз, — деп, — бұ Батталды!

Жұмласы сол уақытта қаптап ерді,
Сейіт сонда сегізіні һәм өлтірді.
Сейіт және нағра салып, сайха қылды,
Ол тұрған халайықтар есін танды.

Қыз Ғамайун нағраны естіп білді,
12460 Жүгіріп сол уақытта жетіп келді.
Келубан Сейіт хазіретке басын бүкті,
Аяғына басын қойып, көзін сүртті.

Патша сонда қызына ғажап қалды,
 — Әй, қызым, саған не іс болған? — деді.
 Не үшін тағзым қылдың, бұ ұғылыны?
 Не себепті сүйерсің аяғыны?

Қыз сонда баян қылды баяғыны,
 Перілердің халас қылған себебіні.
 — Бү жігіттің мен көрдім кереметіні,
 12470 Заһир, аян мен көрдім қайратыны.

Оның үшін мен бердім бұ гауһарларды,
 Садақа жаным үшін жауһарларды.
 Жеті күн мен көргелі үшбу істі,
 Сізге айтпадым намыс деп бұ ісімді.

Иә, ата, мен айтайын ғажап істі,
 Бү түнде пері алып, аспанға ұшты.
 Пәлен тауда бір ғарға алып барды,
 Ішінде қырық ғифрит отыр ерді.

Оны көріп, жүрегім бек пәре болды,
 12480 Тәнімнен жан шығарға жақындады.
 Сол уақытта бұ жігіт жетіп келді,
 Сол жерде перілердің басын кесті.

Нанбасаңыз, пәлен ғарға барғыл, — деді,
 Өлімтігі жатқан-дүр өлі, — деді.
 Патша мұны естіп, қайран қалды,
 «Көріп кел» деп жіберді көп адамды.

Әлқисса, мұғтабарлы адамлар анда барды,
 Қырық ғифриттың өлімтігін көріп келді.
 Патшаға оның зорлығын баян қылды,
 12490 Өздерінің қорыққандығын аян қылды.

Енді патшаның көңіліне қорқу түсті,
 Сейіттің аяғына жүзін сүртті.
 Сейіт илән дәруішлерді алып жүрді,
 Сарайына алып келіп, құрмет қылды.

Қарт сонда: — Сіз білмейсіз оны,
 Ол Баттал — бек хайлакер адам, — деді.
 Бұ жаһанды хайламен алған, — деді,
 Һәм Сайланның шаһарына келген, — деді.
 Патшасының қызын алған, — деді,
 12530 Енді сізлерді қырағға келген, — деді.

Ол қарттан зәңгілер енді сөз сұрады:
 — Біздің бір патшамыз болар, — деді,
 Ғасажад патшаның қызына ғашық ерді.
 Ол қызды алу үшін кетіп ерді,
 Онан хабар білдің бе, айтшы? — деді.

Қарт сонда: — Білдім, — деді, — сұлтаныңды,
 Қызды алып, қырық диюға келіп ерді,
 Жұмласының Сейітбаттал басын кесті.
 Ол қызды атасына алып барды,
 12540 Атасы риза болып, қызын берді.

— Ол Баттал менің дахи қанлұм ерді,
 Өлтіруге күшім жетпей жүрмін, — деді.
 Қасына мен барайын оның, — деді,
 Жұмламыздың өшіміз бітсін, — деді.

Сонда сізлер өлтіріңіз оны, — деді,
 Ұйықтағанда хабар берем сізге, — деді.
 Сонда сізлер өлтіріңіз оны, — деді,
 Жұмламыздың өшіміз бітсін, — деді.

Мұны айтып малғұн қайтып кетті,
 12550 Сейітке: — Бір шаһар көрдім, — деп айтып келді.
 Шаһарға бара алмадым, қорықтым, — деді,
 Хабар айтамын деп сізге келдім, — деді.

Сонда Сейіт: — Сен мұнда отыр, — деді,
 Мен барып көрейінші оны, — деді.
 Сейіт барып ол тауға назар салды,
 Һеш нәрсе ол арада көрінбеді.

Біраз жүріп Табарик ұйықтап қалды,
 Малғұн барып зәңгілерге хабар берді.
 — Пәлен жерде ол Баттал жатыр, — деді,
 12560 Тез барып сізлер оны өлтір, — деді.

Үш ғифрит пері сол уақытта жүріп ерді,
 Сейіт хазіреті ұйықтап жатып, түсті көрді.
 Түсінде хазірет Әли хабар берді,
 «Тез тұрғыл, шүкір күшам, ұғылым, — дейді.

Дұшпанлар үстіңе қазір келер, — дейді,
 Не үшін ғапыл жатырсың мұнда» дейді.
 Сол уақытта Шаһ әулие тұра келді,
 Зәңгілерді Сейіт көріп, нағра салды.

Зәңгілер сол уақытта есін таңды,
 12570 Қылыштары қолынан түсіп кетті.
 Сол халде Шаһ әулие жетіп барды,
 Үшеуінің басын кесіп алды.
 Оны көріп шайтан малғұн қаша берді,
 Сейіт оның шайтанлығын сонда білді.

Өзін жаныб

*Екінші бір патшаның әйелін мұсылман қылғаны-дүр.
 Сейіттің хикметі, хазірет Расулдың мұғжизасы*

Дарияның жағасына Сейіт келді,
 Сол уақытта бір сандық ағып келді.
 Сандықты Сейіт хазіреті ашып ерді,
 Ішінде құп суретті жігіт көрді.

Ғошсыз болып ол жігіт жатыр ерді,
 12580 Сейіт оның жүзіне су бүрікті.
 Сол уақытта ол жігіт тұра келді,
 Ақылын жиып, Сейітке сәлем берді.

Сейіт хазіреті сұрады оның халін,
 — Қай зүрият боласың, білдір? — деді.

Сол уақытта ата-анам шат болыпты,
«Мұхаммедтің діні хақ» деп, ол кіріпті.

Жұмла халқы сол жерде мүмін болыпты,
Менім атымды сол жерде Мағин қойыпты.
Әлқисса, бір күнлерде атам опат болды,
Атамның орнына мен пақырды патша қойды.

12620 Атамның бір інісінің ұғылы болды,
Діні — батыл, ол малғұн жүһүд ерді.
Атамның опатлығын ол біліпті,
Ғапыл күнде ол мені тұтып алды.

Ол мені өлтіруге қастық қылды,
Сол уақытта анам біліп, фариад қылды.
Андан соң мені бұ сандыққа салды, — деді,
Онан ғайр білмеймін неш нәрсені деді.

12630 «Халім бұ» деп, Сейітке ғұзыр қылды,
Сейітке басын қойып ол жылады.
Ол жігітке Сейіт хазіреті рақым қылды,
Ғансурдың шаһарын іздеуге бұнлар жүрді.

Бір күн, бір түн болғанда шаһарға келді,
Кемеге Мағинды қойып, Сейіт түсті.
Сейіт келіп бір бұлақтан таһарат алды,
Ол жерде хұсни даусымен азан айтты.

Ол шаһарда төрт жүз мұсылманлар болар ерді,
Сейіттің құп өуезін танып білді.
Жұмласы ол Сейітке жетіп келді,
Сейіт илән намаз оқып, дұға қылды.

12640 Андан соң үшбулермен хал сұрасты,
Сейіт енді Мағинды баян қылды.
Анлар сонда бұ сөзге қайран қалды,
— Патшамыз Мағин деп жүрміз, — деді.

Әлқисса, Сейіт хазіреті шаһарға келді,
Патшаның сарайына туғры кірді.
Ол патша Сейіттен сөз сұрады:
— Қай жерлік боларсың? — деп сұрады.

Сейіт айтты: — Халуат қылғыл үй ішіні.
Бір құпия хабарым бар, айтам, — деді.
Ол сорлы сарайды халуат қылды,
12650 Сейітке өнер бастар уақыт келді.

Кеудесіне шаһин кебі мініп алды,
Мағинға қылған ісін баян қылды.
— Ініңді не үшін салдың суға? — деді,
Баян қыл жазасыны маған, — деді.

Иман айтсаң, құтыларсың менен, — деді,
Сейітбаттал дұшпанларға заһир
қаталмын-дүр, — деді.
Иман айтпай, дауыстарға оңтайланды,
Сейіт сонда қолымен махкам тұтты.

Аузын басып, малғұнды тұншықтырды,
12660 Көтенінен шығарды оның жанын.
Уа және Шаһ әулие тысқа шығып айтты,
Бір үезірге: — Патша шақырды сізді, — деді.

Үезір сорлы жүгіріп келіп ерді,
Сейіт оған: — Иман айт, — деп әмір қылды.
Қабылы жоқ ол сорлы инкар қылды,
Сейіт және оның басын кесіп алды.

Әлқисса, азайталық үшбу сөзні,
Найып пен әйелінің басын кесті.
Патшаның сарайына қан толтырды,
12670 Жұмласының басын алып, тысқа шықты.

Енді өзін білдіріп, нағра салды,
Сол уақытта төрт жүз мұсылманлар қылыш ұрды.

Шаһардың халқы қорқып, аман сұрды,
Жұмласы иман айтып, мүмін болды.

Сол уақытта Ғасажад патша жетіп келді,
Қасына он ләшкер ертіп келді.
Сейіттің бұ қайратын көзі көрді,
Шат болып, Сейіт хазіреттің қолын сүйді.

12680 Шаһ әулие Мағинды патша қойды,
Ол ықылымлар мұсылман болып, нұрға толды.
Мұсылманлар жол тауып, нұрға толсын,
Шат болып шаһарында тұра тұрсын.

Өзін жаныб

Енді Сейіттің Қап тауына жүргені

Енді Сейіт хазіреті кемеге мініп алды,
Қасына Ғасажад патша бірге мінді.
Жеті күн кеме илән бұнлар жүрді,
Сол күнде Ғасажад патша сөз сөйледі:

— Иә, Шаһ жиһан,
бұдан ары адамзат болмас, — деді,
Енді ғайр мақұлықтың жеріне келдік, — деді.
12690 Бір әлам ершүр, — деп қауіп қылды,
Бір қауіпті жерге біз келдік енді.

Сонда Сейіт: — Сіз қауіп қылсаң қуатты,
Мен Аллаға сиынып жүрем, — деді.
Әлқисса, бір ақ тауға бұнлар келді,
Шатыр құрып, ол тауда рахат қылды.

Сейіт енді ол тауды көп аралады,
Шаршап келіп, бір жерге ұйықтап қалды.
Түсінде хазіреті Әли келіп хабар берді:
«Көрерсің бұ сапарда көп ғажап, — дейді.

12700 Таң туғанда суға назар салғыл, — дейді,
Бір алма ағып келер сонда, — дейді.

Сол алманы асағыл, ұғылым, — дейді,
Білерсің жұмла мақлұқ, Алланың тілін» дейді.

Түсті көріп, Шаһ әулие тұра келді,
Уа және судың бетіне назар салды.
Бір алма сол уақытта ағып келді,
Шаһ әулие ол алманы асап алды.

Ол алма Хақ Тағаланың һибасы ерді,
Оны асап, жұмла мақлұқтың тілін білді.
Аллаға шүкір қылып, Сейіт жүрді,
12710 Ғасажад патшаға жетіп келді.

Ғасажад Сейітті көріп, зар жылады,
Қазан соққан жирафтай қалтырады.
— Аждаһаның аузына түстік, — деді,
Құтылатын күн болар ма онан? — деді.

Біраз хайуанлар ұлысып келді, — деді,
Ит мысалы ұлысып жүрер, — деді.
Тау-тасты тұтарлар дауыстары,
Бұ келген ләшкерінің жаушылары.

Һәр қапуының ұлықлығы бір қаплады,
12720 Көп келселер қояр ма біздің жанды?
Енді нешік қылармыз? — деп жылады,
Һәрқайсы өз қамын жеп жылады.

Сейіт сонда бұнларға тасила жауап берді:
— Сізлер сабыр қылыңыз,
мен білейін оны, — деді.
Шаһ әулие анларға жүріп барды,
Өз тілінше бұнлар сөз сөйледі.

Шаһ жиһан ақырып, һайбат қылды,
— Не сұрайсың бізлерге келіп? — деді.
Анлар сонда Сейітке жауап берді:
12730 — Адамзат бұл жерге келмес ерді.

Не себеплі келдіңіз мұнда? — деді,
 Патшамыз жіберді сізге, — деді.
 — Олай болса жүріңіз сізлер, — деді,
 Бір құпия хабарым бар, айтам, — деді.

Падишаһының есімі Харасан ерді,
 Сейіт хазіретті патшаға алып барды.
 Харасан Сейіттен жауап сұрды:
 — Әй, адамзат, не үшін келдің мұнда? — деді.

12740 Бізiм тiлдi сен қайдан бiлдiң? — дедi,
 Сейіт сонда Харасанға жауап берді:
 — Әуелде мен сізлерден болған, — деді,
 Адамзат ұрлап алған, — деді.

Кішік ердім, мен анда өстім, — деді,
 Еркіне анлардың көндім, — деді.
 Харасан сонда: — Ғасажад патша неге келді?
 Білдің бе қызметі не-дүр? — деді.

12750 Сейіт сонда: — Оның ұғылы ғайып, — деді,
 Қилбарақлар ұрлағанлар оны, — деді.
 Оның үшін Ғасажад мұнда келді, — деді,
 Бір махбүблi сұлу қызын алып келді.

Алып берсең оның екі ұғылын, — деді,
 Сол қызды сізге бере келді, — деді.
 Оны естіп Харасан патша шат болды,
 Сексарларға: — Көріп келші оны, — деді.

Сейіт хазіреті Ғасажадқа қайтып келді,
 Көргенін берәм-берәм айтып келді.
 Шаһ әулие бір махбүблi сурет түзді,
 Толған айға ұқсаған бір қыз қылды.

12760 Сексарларға ол суретті көргізіпті,
 Сексарлар Харасанға мақтап барды.
 Харасан сонда терісіне сия алмады,
 Найбаттанып Ғасажадқа жетіп келді.

Сейіт оның алдынан қарсы барды,
 Әкеліп бір шатырға қонақ қылды.
 Сейіт хазіреті сексарларға изин берді,
 — Патшаңыз қыздың қасында болар, — деді.

Сексарлар кері қайтып кетіп ерді,
 Сейіт келіп, Харасанның басын кесті.
 Сол түні бас терісін илеп алды,
 12770 Сексарларға Харасан болып, Сейіт келді.

Сексарлар жүзін жерге қойып тұрды,
 «Рұмның патшасы» деп құрмет қылды.
 Сейіт енді сексарларға өмір қылды:
 — Он мың ләшкер кемеге мінсін қазір, — деді.

Қилбарақларға жүремін қазір, — деді,
 Ғасажадтың ұғылын әперем онан, — деді.
 Әлқисса, қилбарақларға бұнлар жүрді,
 Бір күнде қилбарақларға жетіп келді.

Патшасының есімі Ғонқа болар ерді,
 12780 Харасанды ол Ғонқа білер ерді.
 Хал сұрасып, екісі көріс қылды,
 — Бұ жерге не үшін келдің? — деп сұрасты.

Харасан болып, Ғонқаға жауап берді:
 — Саиланның патшасы Ғасажад бізге келді.
 Оның екі ұғылы ғайып болған, — деді,
 Кәлим күштер алған екен оны, — деді.

Оның екі сұлу қызы болған, — деді,
 Оның бірін ол маған берді, — деді.
 Бірісін саған алып келді, — деді,
 12790 Жәрдем қылсаң, бере-дүр саған, — деді.

Бұл сөзді Ғонқа патша естіп білді,
 Шат болып Ғасажадқа бұ да келді.
 «Қыз алам» деп ол сорлы келіп ерді,
 Оның дахи Сейіт басын кесіп алды.

Оның және бас терісін илеп алды,
Ғонқа болып, ләшкеріне жетіп келді.
Ләшкерлері «өз патшам» деп құрмет қылды,
— Не тәдбир қыласыз? — деп қол қусырды.

12800 Патша сонда: — Он кемені өзірле, — деді,
Он мың ләшкер мінесіңдер оған, — деді.
Кәлим күштің халқына жүрем, — деді,
Ғасажадтың ұғылын алып берем, — деді.

Әлқисса, он мың ләшкер болып жүрді,
Бір күнлерде кәлим күштерге жетіп келді.
Әлхасыл, азайталық үшбу сөзді,
Әуелгі патшалардай және қылды.

12810 Жетпіс екі тайпалардан ләшкер алды,
Жұмласының суретіне кіріп алды.
Һәрқайсысынан отыз мыңнан ләшкер алды,
Жұмласы адамзаттан басқа ерді.

Шаһ әулие бұ сипатпен сапар қылды,
Бір күнлер дариядан қырға шықты.
Ол жері жәннат мысалы ғажап ерді,
Жеміс бар һәрбір жерде түрлі-түрлі.

Жұмла ләшкерлер ол арада рахат қылды,
Шаһ әулие сайран қылып аралады.
Бір жерде бір ұлық ағаш көрді,
Түбінде үш ғажайып құбба көрді.

12820 Бірісі — алтын, бірісі оның зу таза күміс ерді,
Бірісі — ғажап ақ маржан, жауһар ерді.
Ол жерде һешбір мақлұқ көрінбейді,
Сол жерде ағып жатқан бұлақ көрді.

Ол бұлақтан Шаһ әулие таһарат алды,
Құп әуезбен Құран оқып, намаз қылды.
Сол уақытта хикмет Құда құбба ашылды,
Нұры балқып, үшбу адам шыға келді.

- Сейітке ғиззат илән сәлем берді,
Сейіт оның сәлемін жақсы алды.
Ол адам Сейіт хазіретке сөз сөйледі:
12830 — Хош келдің, иә,
Мұхаммед пайғамбардың нәсілі, — деді.

Сол уақытта ауадан бір сада келді,
Дастархан илән бұнларға тағам келді.
Ол тағамнан үшбулер асап тойды,
Хикмет Алла ол дастархан қайта ұшты.

Енді Сейіт бұнлардан жауап сұрды:
— Бұ мақам қай орын? — деп сұрады.
Сейітке ол шайхлар жауап берді:
— Харамбад деп айтар үшбу жерді.

- Зұлқарнайынның мақамы үшбу, — деді,
12840 Қап тауының етегі осы, — деді.
Зұлқарнайынның жаранлары бізлер, — деді,
Біз тұрғалы бес мың жыл болды, — деді.

Бұ кеш түсте көрдік Мұхаммед Мұстафаны,
«Шүкір күшам Сейіт келер ертең, — дейді.
Не бұйырған әмірінше болғыл, — дейді,
Екі ұғылын қарап келер мұнда, — дейді.

- Бұ мақамны диюлардан алұр, — дейді,
Ұғылын алып бұ жерден қайтар, — дейді.
Сейітке бек, көп сәлем айтқыл, — дейді,
12850 Бұ жерде бек ықтият болсын, — дейді.

Бұ жерде кәпір, перілер көп-дүр, — дейді,
Мұсылманларға бек дұшпан малғұн» дейді.
Сейіт енді бұнлардың есімін сұрды,
Үшбулер есімлерін баян қылды.

— Біріміз — Ғабил, біріміз — Майл, — деді,
Біріміз — Камил есімлі, — деп жауап берді.

Үшбулерден Шаһ уәли ұғылын сұрды,
Үшбулер ұғылын һеш білмеді.

— Бұ жерде отыра тұрғыл сізлер, — деді,
12860 Мен барып ләшкерлеріме келем, — деді.
Сейіт хазіреті ләшкерлеріне жетіп келді,
Жетпіс екі тайпа ләшкерлерге хабар берді.

Һәрқайсылар «өз патшам» деп құрмет қылды,
Бұйырған әмірінше төсілім болды.

— Ертең мұнда дұшпанлар келер, — деді,
Бек мұқият сақ болғыл сізлер, — деді.
Һеш рақым қылмаңызлар оған, — деді,
Күшің жетселер, аман бермей өлтір, — деді.

Әлқисса, сабах садықтың таңы туды,
12870 Алдындағы тауларға назар салды.
Сейіт хазіреті үш шайхқа жетіп келді,
Анларға тағзым илән сәлем берді.

Ол шайхлар Сейіттің ләшкерлеріне көзін салды,
Шайхлар ол әскерлерге қайран қалды.
Сол уақытта тау жақтан тозаң шықты,
Уа және оттар жанып, түтін шықты.

Шайхлар сонда: — Шаһ жиһан, — деп сөйледі,
Ғалал жәдуның ләшкері келді, сақ бол, — дейді.
Сейіт сонда: — Мен білермін ол жәдуны,
12880 Мәгәр біріңіз ол жәдуге барғыл, — деді.
Менің екі ұғылымды берсін қазір, — деді,
Екі ләшкерлер қырылмай босқа, — деді.

Ол шайхлар Сейіт хазіретке жауап берді:
— Ол малғұн һеш тыңламас сөзіңізді.
Мәгәр сізің әміріңіз болсын, — деді,
Ғабил шайх: — Мен барайын оған, — деді.

Жолдастарымен уағдаласып, ол жылады,
Ғауһар кебі көзден жасы төгіледі.

Сейіттің қолын сүйіп, һәм сөйледі:
12890 — Аманат сөзім бар, — деп ол жылады.

Жаным құрбан сізің үшін болсын, — деді,
Нұр иман әһлі исламға толсын, — деді.
Мен жәдулерге барғанда қарағыл, — деді,
Басым ұшып, хозурыңа келер, — деді.

Оқығыл жаназамды өзің, — деді,
Мүбәрак қолыңыз илән көмгіл, — деді.
Уа және Мәдине мұнауарға барсаң аман, — деді,
Сәлем айтқыл Мұхаммед Мұстафаға
бізден, — деді.

Ұмытпасын шапағатынан жарын, — деді,
12900 Иман айтып, мен үмбет болдым енді.
Өсиет айтып, қоштасып жүре берді,
— Шаһидлікті нәсіп қылсын бізге, — деді.

Ол шайх Һалал жәдуге барып ерді,
Алмадай басы сонда ұшып келді.
Сейіт сонда ол шайхтың басын тұтып алды,
Басын сонда иман айтып, иқрар қылды.

Ол басқа Сейіт хазіреті намаз қылды,
Мүбәрак өз қолымен дәфін қылды.
Андан соң әскерлерге өзі жүрді,
12910 Жетпіс екі ықылымларға өмір қылды.

— Һалал жәдуның ләшкерлері келер, — деді,
Аман бермей, келгенін өлтір, — деді.
Қырық мың ғифрид жәдулер келер көрді,
Һәрқайсысы сиқырлыққа маһир ерді.

Жұмласы афсүн оқып, келер көрді,
Аузынан оты шашылып шығар көрді.
Оны көріп, Ғасажад патша бек қорықты,
Қорқып, аяқтары оның қалтырады.

— Аждаһаның аузына бізлер түстік, — деді,
12920 Нешік халас болармыз? — деп жылады.
Сейіт сонда: — Қауіп қылмағыл һешбір, — деді,
Бір жерде басыңды сақтап отыр, — деді.

Хақ Тағаланың ғинаяты,
жәрдемі болар бізге, — деді,
Һәм бабам Мұхаммед Мұстафаның
мұғжизасы болар, — деді.
Шаһ әулие Һалал жәдуге туғры барды,
Тақ үстінде отырған оны көрді.

Ол жәду Сейітті көріп, қаһ-қаһ күлді,
— Ажалың айдап келді жаныма менім, — деді.
12930 Рұмның халқын хараб қылған, Баттал, — деді,
Енді іздеп келдің бе мені? — деді.

Сейіт өлтірдің ата-анам, илә һәм інімді,
Қаны айдап келтірген-дүр мұнда сені.
Бұ сапарда сені іздеп шыққан ердім,
Дәулетім жары қылып, айдап келді.

Әуелі мен өлтірсем, әгар, Баттал сені,
Жер жүзінде қоймаспын һеш мұхаммедилерді.
Ол залым афсүн оқып, отты шашты,
Сейіттің әскерлерін түтін басты.

Сейіт сонда Қызырдың дұғасын оқып ерді,
12940 Жәдулернің сиқырын сонда Баттал білді.
Оның шашқан оттары көр қылмады,
Шаһ әулиенің ләшкерлері қыра берді.

Әлқисса, жеті күн-түн соғыс болды,
Сиқыршылардың қанлары сел болып ақты.
Тағы илә Һалал жәду көкке шықты,
Уа және афсүн оқып, отты шашты.

Шаһ әулие дұға оқып, шашып ерді,
Ол малғұнның сиқырларын батыл қылды.

Уа және саржасын қолына Сейіт алды,
12950 Қызыр берген оқ илән атып қалды.

Ғалалдың тақтысынан оғы өтті,
Ғалалдың **бір-екісін жарып өтті.**
Малғұн сонда жерге қарап, һәм ұмтылды,
Сейітті алып ұшарға оңтайланды.

Сейіт сонда қылыш илән шалып ерді,
Бір қолын жәдунің кесіп түсті.
Ғалал сонда кесілген қолын алып ұшты,
«Болмас-болмас» деді де, нағра салды.

Ол малғұнның дауысы бек ғажап болды,
12960 Күн мысалы күркіреп, жерді жарды.
Оны естіп, ғифрит жәдулер қаша берді,
Енді Сейіттің әскерлері қыра берді.

Сол күні кеш болғанша оны қырды,
Ақшам болғанда Сейіттің ләшкері кері қонды.
Сейіттің жалғыз өзі шаһарға келіп көрді,
Аспан илән таласқан қорған көрді.

Кірерге ол шаһарға жол таппады,
Ақылы қайран болып, сәждеге басын қойды.
«Иә, Иләһым, Қадір Сұбхан,
медет қыл өзің бізге, — деді,
12970 Бұ мүшкілді асан қылғыл енді» деді.

Сол уақытта Қызыр аләһиссалам жетіп келді,
Сейітке сәлем беріп: — Тұрғыл, — деді.
Мәлүл болмағыл, иә, Жағыпар ұғылым, — деді,
Бұ уалаятты ашарсың қазір, — деді.

Атыңа, ұғылым, қазір **мінгіл**, — деді,
Атыңның басын туғры қыл шаһарға, — деді.
Қолына жасыл қамшыны және берді,
— Бұ қамшымен атыңды ұрғыл, — деді.

12980 Қызыр аләйһиссаламның әмірін қылып ерді,
Аты ұшып шаһарға келіп кірді.
Атын қойып, шаһарды Сейіт кезді,
Жадуның сарайын танып кірді.

Ішінде жеті жабулы перде көрді,
Анларды жөне ашып, ішке кірді.
Төрт сафа һәм құрылған тақыт көрді,
Ортасында тақыт Сүлеймен мисли көрді.

12990 Үстінде Һалал малғун жатыр көрді,
Афсүн оқып, кесік қолына үшкірер көрді.
Шаһ әулие оны көріп, құстай ұшты,
Кеудесіне шаһин кебі мініп алды.

Һалалдың бұғазыдан махкам тұтты,
Желкесіне оның қолын байлап салды.
Ол малғун афсүн оқып бағып ерді,
Афсүн көр қылмады, мөлзам болды.

Малғун сонда Сейітке сөз сөйледі:
— Аман бер, — деп Сейітке көп жалынды.
Өлтірдің атам, анам илән қардашымны,
Менім қаным не болар, жібергіл мені?

13000 Сейіт сонда: — Екі ұғылым қайда? — деді,
Әуелі тауып берші сен соларды.
Сонда Һалал: — Алып келдім ұғылыңды,
Ғайр дию, перілер тартып алып кетті оны.

Ұғылыңды не қылған-дүр білмен оны,
Қайсардың ұғылы Такфур мұнда, — деді.
Сейіт хазіреті назар салып көрді оны,
Тағының аяғына байлап қойған бейшараны.

13010 Шаһ әулие шештіріп алды ол Такфурды,
Такфур сонда Сейітке басын қойды.
Шаһ жиһан Ысқақтың шынжырын қолына алды,
Ол Һалалдың бұғазына байлап алды.

Такфурге жетелетіп алып жүрді,
Шаһардың қапуына алып келді.
Қызырдың қамшысымен ұрып ерді,
Қапу ашылып, үшбулер тысқа шықты.

Ғасажад патшаның қасына алып келді,
Жұмласы Сейіт хазіретке қайран қалды.
Һалал малғұннан Сейіт және ұғылын сұрды,
«Ұғылыңды білмеймін» деп жауап берді.

13020 Шаһ әулие қылышын қолына алып тұрды,
Қаһарланып лағинға қылыш ұрып, пәре қылды.
Лағин жан шығардан нағра салып,
Жәдулер мұны естіп, жұмла қашты.
Сейіт илән Ғасажад патша шаһарға келді,
Ол жәдулердің мүлкатләрін жұмла ашты.

Мақалы Зұлқарнайынның хикметтерінің баяны-дүр

Сейіт хазіреті шаһарның ішні сайран қылды,
Бір ұлы қубба сарайға һәм ұшырады.
Қасында бір шайх адамны отыр көрді,
Шаһ әулие ол шайхқа сәлем берді.

13030 Ол шайх ғиззат илән сәлем алды,
— Хош келдің, Сейітбаттал ұғылым, — деді.
Бұ ықылымларға сен дәулет болдың, — деді,
Жәдулерден сен халас қылдың, — деді.

Сейіт хазіреті ол шайхқа сөз сөйледі:
— Бұ қуббаның қапуын ашқыл, — деді.
Шайх сонда: — Иә, саллалаһу
Расул Алла, — деді,
Мен келгелі үш мың жыл болды, — деді.

13040 Һеш ашпадым бұ қуббаның қапуыны,
Кім ашар бұ қуббаны білмен, — деді.
Сол уақытта Қызыр аләйһиссалам жетіп келді,
Сейіт сәлем беріп, көріс қылды.

— Иә, шүкір күшам, ғазаң мақбұл болсын, — деді,
 Жәдулерден халас қылдың бұ ықылымларды.
 Ол құббаның қапуын Қызыр ашты,
 — Зиарат қылғыл бұ орынға, ұғылым, — деді.

Зұлқарнайынның зираты осы, — деді,
 Зиарат қылсаң, көрерсің көп ғажапты.
 Сейіт хазіреті ішкері кіріп ерді,
 Жәннат мысалы бір ұлы бақша көрді.

13050 Түрлі ғажап жемістері пісіп тұрды,
 Һәм райхан гүлдерінің иісі шығып тұрды.
 Ортасында бір ұлық құббаны және көрді,
 Ақ маржан, қапуы лағыл, маржан сарай ерді.

Оның және ішіне кіріп, назар салып көрді,
 Үш мың қадим айна бар, бір ұлық тақты көрді.
 Үстіне төрт түрлі төсек салған көрді,
 Төрт тарапында алтын күрси және көрді.

13060 Ортасында бір ғажап тақыт көрді,
 Тілмен тағриф қыларға ол болмайды.
 Осында Ескендір шаһ отыр көрді,
 Қасында Арыс, Талыс уәзірін бірге көрді.

Бек қарадым назар салып сонда: «Әне, — деді,
 Гуя сұхбат, мәжіліс қылып отыр, — деді.
 Өзімнен кете жаздым сонда, — деді,
 Есім жиып, қарадым сонда» деді.

Алдында бір жазылған лаухы болды,
 Оқыдым ол лаухының жазуларыны.
 «Хош келерсің, иә, Сейітбаттал ғазы, — дейді,
 Сен — Мұхаммед пайғамбардың нәсілі, — дейді.

13070 Мен — Ескендір патшамын, білің, — дейді,
 Тамамын жердің жүзін үш мәртебе кездім, — дейді.
 Бұл масхар жұмла ықылымларны
 қылдым, — дейді,

Дию, перілернің жұмласын алдым, — дейді.
Бұ менім ғади суретім, білің, — дейді,
Артымдағы сарайға кіргіл, — дейді,
Білерсің менім халімні сонда» дейді.

13080 Бұны көріп, ол сарайға кірдім, — деді,
Қызыл алтын табытты көрдім, — деді.
Бір қол шығып ол табыттан тұрған, — деді,
Ол қол тұтып тұрыпты бір тақтаны,
Алтын илән жазыпты көп сөзлерні.
Ол жазудың оқыдым сөзлеріні,
Әуелі Алланың жад қылған есімін.

Андан соңыра: «Иә, Сейітбаттал, — депті,
Бұ жерге сен келерсің хош хал, — депті.
Менен ғибрат алғайсың, ұғылым, — депті,
Бұ дүнияның опасы жоқ, жалған, — депті.
Екі асылы бұ дүнияның болса ерді,
Бұ дүния маған опа тілесе, қылар ерді.

13090 Жердің жүзін сайран қылып кездім, — депті,
Иәжүжі уа мәжүжіні
мен әскер қылдым, — депті.
Дарияларды мен садду қылдым, — депті,
Қап тауында бекіттім Иәжүжлерні, — [депті].

Бұ дүнияның төрт тарапын кездім, — депті,
Жұмла мақлұқтарын масхар қылдым, — депті.
Тылсым илән мақам түздім мұнда, — депті,
Беркіттім тылсым илән жұмла, — депті.

13100 Таппадым ақыры әмір ажалға һеш шараны,
Бұ дүниядан бос кеткен көргіл мені.
Бұ дүнияға мағрұр болма сен де, — депті,
Жігіттік, палуанлыққа сенбе, — депті.

Бұ дүнияға көңіл бермегіл, ұғылым, — депті,
Бұ дүнияға бергенлер мағибун, — депті.

Менен саған аманат сөз бар, — депті,
Сәлем айтқыл Мұхаммед Мұстафаға
бізден, — депті.

Ұмытпасын шапағатынан бізні, — депті,
Салауат айтып, мен үмбет болдым, — депті.
Иә, Шаһ жиһан, сен қарағыл бас, үстімді,
Қойғанмын сенің үшін бір гауһарды.

13110 Қолыңа баз уа бөнд қыл сол гауһарды,
Жәдігер біздің үшін қыл дұғаны.
Ұмытпағыл дұғаңыздан біз ғаріпті,
Құдайым қабыл қылсын ғазаңызды».

Әлхасыл, көп жазыпты насихатты,
Шаһ әулие көп жылап, төкті жасты.
Көз жасын сүртіп алып, тысқа шықты,
Қапулары хикмет Алла өзі жабылды.
Шаһ әулие әскерлеріне қайтып келді,
Хабар таппай ұғылдарынан мөлүл болды.

Ұғылының хабарын тапқаны-дүр

13120 Такфурден Шаһ әулие және сұрды:
— Білмедің бе, жаным, екі ұғылымды?
Әуелден баян қылшы білгеніңді,
Бү жерге не рәуіш илән келгеніңді?

Сонда Такфур баян қылды білгенін,
Диюлардың бұнларға не қылғанын.
— Бір ғарға алып келді ол бізлерді,
Мисли тандыр қылып отты жақты.

13130 Бізлердің махкам бұды қолдарымызды,
Ол тандырға асарға оңтайланды.
Сол уақытта аспан ара ғауға шықты,
Мисли рағд кебі күркіл шықты.

Сол халде үшеуімізді алып ұшты,
Мені тұтқан бірін бұл өлтірді.
Ғалал жәду алып келіп, байлап қойды,
Андан соңыра мен білмедім неш хабарды.

Сейіт оған: — Сол ғарды көрсет, — деді,
Такфур сонда сол ғарға алып келді.
Ол ғарға Шаһ әулие назар салды,
Ішінде бір бұлақ суды ағар көрді.

Шаһ әулие ол бұлақтан таһарат алды,
13140 Сол жерде намаз оқып, мінәжат қылды.
Құдаға зар жылап, дұға қылды,
Әулие, әнбиелерге ол сиынды.

Сол уақытта бір қарт қатын жетіп келді,
Сейітке ғиззат илән сәлем берді.
Хүсни толған айға меңзер ерді,
Үстінде түрлі алуан тоны болды.

Әдеп бірлән Сейітке сөз сөйледі:
— Ұғылың үшін мәлүл болма, ұғылым, — деді.
Ұғылдарыңыз саламат тұр қазір, — деді,
13150 Екілісі — екі ықылымларға патша, — деді.

Тамус сұлтанның қызын алды, — деді,
Екісі — Тамус сұлтанға күйеу, — деді.
Ол Тамус — жұмла перінің падишасы,
Өзі — мұсылман, Ыбраһым Халил Алланы
көрген осы.

Бұ мақамны Тамус сұлтан білер ерді,
Ғалал жәду Ғасаб илән алған мұны.
Иләһым саған жәрдем берген, ұғылым, — деді,
Ол малғұнды өлтіріпсің, ұғылым, — деді.

Ғазаңыз мақбұл болсын, ұғылым, — деді,
13160 Бұ ықылымларға нұр болыпсың жақсы, — деді.

Тамустың қызларының мен даясы,
 Күзетке кеше-күндіз пәруанасы.
 Екі ұғылыңа жұпты боған екілісі
 Перілерге сұлтан болған екілісі.
 Күйеу болды сұлтанға екілісі,
 Болған-дүр бұ ықылымларның дүр данасы.

13170 Болып-дүр жүз мың пері оның сақшы,
 Және көп хозурында қызметші.
 Сіз мұнда рахат қылып отыр, — деді,
 Мен барып келтірейін ол Тамусты.

Мұны айтып, ол қатын ұшып кетті,
 Аллаға Сейіт хазіреті шүкір етті.
 Сейіт хазіреті сөна айтып отыр ерді,
 Сол халде аспан ара ғауға толды.

Барабан, нағра тартып, сайха толды,
 Гүрілдер күн мысалы оның даусы.
 Жер жүзіне құйылды құс мысалы,
 Әскерлер аспан ара шөп мысалы.

13180 Жердің жүзіне тіктілер патырларны,
 Тілмен тағриф қылмаслық ғажап болды.
 Уа және қисапсыз әскер келді,
 Патшасы Тамус сұлтан бірге келді.

Ұзын бойлы, ақ сақалды, сұлу жүзді,
 Үстінде жасыл, атлас тоны болды.
 Мұнаууар түрленеді оның нұры,
 Күн мысалы жалтырар оның жүзі.

13190 Физзатлап ол Сейітке сәлем берді,
 Сәлем алып екілісі көріс қылды.
 Қолын жайып, екілісі дұға қылды,
 Аллаға хамд, Пайғамбарға салауат қылды.

Андан соң хал сұрасып, сөз сөйледі:
 — Сапарыңыз құтты болсын! — деп сөйледі.

— Ғалал жәдуден құтқардым ұғылыны,
Құрметлеп және бердім сұлу қызды.
Енді менім жазығым не-дүр? — деді,
Қате қылсам, білдіргіл жазығымды.

Екісінің арасында көп сөз болды,
Сейіттің екі ұғылыны һеш қия алмады.
Сейіттің ашуланар орны келді,
13230 Қызыр аләйһиссалам үгіттеп: — Сабыр, — деді.
Адамзатты бүйтіп болмас, Тамус, — деді,
Сейіттің екі ұғылын келтір, — деді.
Тамус сұлтан не қылсын бұған енді,
Шарасыз екі ұғылын алып келді.

Екі ұғылы атасыны құшақтады,
Бірін-бірі сүйісіп, көп жылады.
Бұнлардың жылағаныны жұмла көрді,
Жұмла тұрған перілер зар жылады.

Сол уақытта Қызыр аләйһиссалам сөз сөйледі:
13240 — Сабыр қыл, жаным ұғылым, — деп сөйледі.
Бұл уақыт тар уақыт-дүр, жаным, — деді,
Мұсылманлар интизар-дүр саған, — деді.

Сен кеткен соң, бір малғұн пайда болды,
Мұсылманларның бірөзін мөлзам қылды.
Мұсылманлар интизар-дүр саған, — деді,
Сенсіз шарата болмас оған, — деді.

Қасындағы әскерлерні қайтар, — деді,
Ғәркімлернің дұшпаны бар, аңдыр, — деді.
Қызыр аләйһиссаламның сөзіні қабыл көрді,
13250 Ғасажад илән жетпіс ықылымларға изин берді.

Тамус сұлтан Сейітті қонақ қылды,
Жеті күн-түн зауқы сафа рақат қылды.
Сейіт хазіретке түрлі, алуан халғат берді,
Асыл жауһар, қымбатлы заттар берді.

Сейіттің екі ұғылына тонларды және берді,
Ол тонлар алтын кебі жалтырайды.
Сегізінші күн Сейіт хазіретке рұқсат берді,
Дарияның жағасына алып келді.

Ол жерде құшақтасып, досты болды,
13260 Сейіттің ұғылын сүйіп һәм жылады.
Тамус сұлтан: — Падишаһ,
Жиһан палуан, — деді,
Сөзім бар саған айтар менім, — деді.

Һәрқашан сәлем жазсалар менен, — деді,
Кешікпей, сол уақытта келгіл, — деді.
Саған дахи дұшпанлар
Һужымлық қылса, — деді,
Шақырсаң, мен барармын бұнан, — деді.

Дариядай әскерлерім бар менім, — деді,
Бір сағатта айлық жерді алар, — деді.
Апарар қалаған жеріңе сені, — деді,
13270 Ұмытпаңыз дұғаңыздан мені, — деді.

Әлқисса, көп сөз айтып уағдаласты,
Екісі досты болып айырылысты.
Дариядан ұғылы илән Сейіт өтті,
Құдадан жәрдем болып тез-ақ өтті.

Сол уақытта бір адам жетіп келді,
Өзінің Бөшір деген құлы ерді.
Сейіттің аяғына басын қойды,
— Жаным, қайдан келесің? — деп Сейіт сұрды.

Бөшір айтты: — Сауда қылып жүрдім ерді,
13280 Жол байланып, бұ шаһарда тұрмын, — деді.
Сейіт сонда: — Не оқиға болған? — деді,
Малатияның халқы аман ба анда? — деді.

Бөшір сонда: — Бір малғұн шықты, — деді,
Бұ күнде мұсылманлар мөлзам, — деді.

Естірсің мажырасын оның, — деді,
Құдайым аман қылсын сізні, — деді.

Сейіт сонда: — Сен қайсарға барғыл, — деді,
Сүйінші ол қайсардан алғыл, — деді.
Алып келдім Такфур деген ұғылыны,
13290 Бізден бұрын қайсарға бер хабарны.

Бәшір барып, қайсарға хабар берді,
Оны естіп шат болды.
Беклеріне ол қайсар: — Сейітке барғыл, — деді,
Құрметілеп, мұнда алып келгіл, — деді.

Алдынан өзім бармақ керек ерді,
Бұ күнде халім зағип, марид, — деді.
Әлқисса, үшбу сөзні азайталы,
Беклері көп кісімен қарсы барды.

Сейіт хазіретіне ғиззат илән сөлем берді,
13300 Ғиззатлап Ыстамболға алып келді.
Астур қайсар Сейітке тағзым қылды,
Жәду алған ұғылыны көзі көрді.

Құшақтап, ұғылының жүзін сүйді,
Сейітке ықылас қылып, мүмін болды.
Ұғылы жұмла көргеніні баян қылды,
Сейіттің кереметін аян қылды.

Ыстамбол халқы естіп, қайран қалды,
Сейітке ықылас қылып, жұмласы мүмін болды.
Сол күнде Астур қайсар марид болды,
13310 Құдадан тағдыр болып, опат болды.

Сейіт оған намаз оқып, дәфін қылды,
Астурдың ұғылы Такфурды патша қойды.
Бұрынғы уәзір, беклерні уәзір қылды,
Такфур сонда уәзір, беклерге халғат берді.

Сейіт хазіреті ислам дінін баян қылды,
Мұхаммед Мұстафаның мұғжизасын
аян қылды.

— Енді мен Малатияға жүрем, — деді,
Дініңізді махкам тұт, — деп уағдаласты.

13320 Такфур сонда Сейітке ғұзыр қылды:
— Бір ұғылыңды қасымда қойғыл, — деді.
Сіз кеткен соң, мен мұнда қорқам, — деді,
Ұғылыңыз жәрдем қылсын сонда, — деді.

Такфурдың Сейіт ғұзырын қабыл қылды,
Бәшір деген ұғылыны ол қалдырды.
Нәзірін ертіп алып Сейіт жүрді,
Малатияның шаһарына Шаһ әулие сапар қылды.

Бұ қисса үшбу жерде тамам болды,
Мұхаммедке салауат, Сейітке дұға қылғыл енді.
Естітсеңіз Мұхаммед Мұстафаның есіміні,
13330 Иләһым салла алә Мұхаммед демек уәжип болды.

Сейіттің баян қылдық ғазасыны,
Иләһым, нәсіп қылсын шапағатыны.
«Әмин» деп бағышласа дұғасыны,
Құдайым қылсын жұмласыны.

Айыпқа бұйырмаңыз Тыныштық ұғылыны,
Насырны назым жазған мен ғасыны.
Тамам қылдым оқыған,
тыңлағанларның дұғасыны,
Дұғадан ұмытпасын деп бұ ғасыны.

Жиырмасыншы бап: Сұлтан Сейіт хазіреті Қап тауына кеткенде, Бабек дейміш бір малғұн адам шығып «Мен — Пайғамбар» деп, көп адамларны өлтіріп, уа және көп адамларның дінін бұзғаны, ол залымды Сейіттің өлтіргені

Бисмиллаһи деп және сөз башлалы,
13340 Алланың есімін айтып сиыналы.

Салауат Мұхаммед Мұстафаға
біз айтып бағышлалы,
Мұғжизат шапағатынан жұмламыз һәм сұралы.

«Көңілімізге хайыр илһам салғыл» делі,
«Тілімізге туғры көлам салғыл» делі.
Сұлтан Сейіт хазіреттің хикметлерні,
Айталық назым бірлөн сөзлеріні.

Тыңлаңыз ықылас бірлөн сізлер оны,
Қиссаларның жауһары-дүр білсең мұны.
Шаһ әулие Қап тауына барып келді,
13350 Сиқыршы, перілерні ол қырып келді.

Ғайып болған екі ұғылын алып келді,
Мұсылман Ыстамболды қылып келді.
Шат болып Ыстамболдан қайтып ерді,
Қасында ұғылы Нәзір бірге ерді.

Жол жүріп биләдунға келер ерді,
Алдынан бір керуен қарсы келді.
Шаһ әулие ол керуенлерден хабар сұрды:
— Не естіп, білгеніңді білдір? — деді.

Ұлықлары Сейіт хазіретке жауап берді:
13360 — Келерміз Бағдаттан бізлер, — дейді.
Бү күнде Мүслім халифа опат, — дейді,
Оның ұғылы Мағатғасым халифа болды, — дейді.

Бү күнде бір малғұн адам пайда болды,
«Мен Пайғамбар болдым» деп хабар қылды.
Адамлар онан мұғжизат сұрап ерді,
Ол малғұн мұғжизат деп көп көргізді.

Қылыш кеспес, сүңгі өтпес, оқ батпайды,
Адамларның ата-анасын айтпай білді.
Қабір астынан қақпасын ашып, мәр шығарды,
13370 Пақырларды бай қылып, алтын,
күміс және берді.

Бiрге туған қыз қарындасларды халал еттi,
Атасы өз қызын алса, дұрыс, — дедi.
Арақ iшпек, доңыз етi **һәм халал**, — дедi,
Куллу шайда һеш харамлық жоқ-дүр, — дедi.

— Менiм атым — харам көшип,
 пайғамбар, — деп сөйледi,
Иланбаса ол маған, көпiр, — дедi.
Сiз кеткен соң ол залым пайда болды,
Һешкiм ерселер аңа мұқабил бола алмады.

13380 Әлқисса, Сейiт хазiретi асылын сұрды:
— Бiлермiсiз қай шаһардан пайда болды?
— Аңларсың, иә сұлтан, бiлдiк оны,
Бағдатта бiр ұры болған ердi.

Оны ұрып, халифа қуған ердi,
Тауға барып, бiреудiң сиырын бақты.
Бiр күңмен ол зина қылған ердi,
Екi ай [да] бiр ұғлан онаң туды.

13390 Оның есiмiн **Бабек деп қойған** ердi,
Сол оның күң ата-анасы өлген ердi.
Ол Бабек тез заманда өсiп жеттi,
Ол Бабекке бiр қарт адам келген, — дейдi.

Ол қарт оған: — Мен — Жәбiрейiл, — деп айтыпты,
Пайғамбарлық келтiрдiм саған, — дептi.
Бабек сонда: — Пайғамбарлық
 нешiк болар? — дептi,
— Пайғамбарға мұғжизат керек, сұрса, — дептi.

— Мен сонда не айтармын соған? — дептi,
Сұрасалар мұғжизат менен, — дептi.
Қарт сонда: — Мен бiлдiрем саған, — дептi,
От жақпас, қылыш кеспес сенi, — дептi.

13400 Адамлар жиылып саған келсе, — дептi,
Сұрамай, ата-анасын бiлдiр, — дептi.

Мен сенің қасыңда болам сонда, — депті,
Айтармын жұмласының есімін, — депті.

Уа және пақырларны шақырғыл жұмла, — депті,
Тау астынан алтын, күміс бергіл, — депті.
Андан соңыра тәсілім болар саған, — депті,
Жаһанға мәшһүр болар есімің, — депті.

Бү сөзні Бабек малғұн мақұл көрді,
Һәр жерден көп сорлыны шақырып салды.
Он мың пақыр адамларны бай қылыпты,
13410 Һәр жерден көп жарлыны жинап алды.

Халифа бү істерден хабар білді,
Әсет деген бір елшіні ол жіберді.
Әсет барып Бабек малғұнға тәсілім болды,
Қайтып келіп, халифаға хабар берді.

Халифа Нақтай уәзірін һәм жіберді,
Жиырма мың әскер илән анда барды.
Бабекке Нақтай сонда туғры барды,
Бабектен: — Кімсің? — деп жауап сұрды.

Нақтайға Бабек малғұн жауап берді:
13420 — Харам кәшиш, пайғамбар мен-дүр, — деді.
Сонда Нақтай: — Нағұзу биллаһи
пайғамбар болмас, — деді,
Мәгөр болса пайғамбарда
мұғжизат болар, — деді.

Бабек сонда: — Қылыш илән шалғыл мені,
Кеспесе, тәсілім болғыл маған, — депті.
Нақтай сонда алмас илән шалып ерді,
Бабектің һешбір қылын кесе алмады.

Сонда Нақтай атынан түсе қалды,
Қолын сүйіп, Бабекке тәсілім болды.
Жиырма мың әскерлері жұмла тәсілім болды,
13430 Әскер бастығы Нақтайды қылып қойды.

Оянсаң, сен көрерсің оны, — дейді,
 13460 Бабекті өлтірер ұғылым Сейіт», — дейді.
 Оянып, намаз оқып жүрдім ерді,
 Шүкір-ақ қазір сізді көрдім, — деді.

Сейіт оған: — Халифаға барғыл, — деді,
 Менің аман келгенімді білдір, — деді.
 Әскер илән Бағдатқа келсін, — деді,
 Мен барайын Бабекке тура, — деді.
 Сейіт хазіреті жолымен жүре тұрсын,
 Енді Бабек малғұнның сөзі келсін.

Өзін жаныб

Бабек малғұн Бағдатта отыр ерді,
 13470 Оң-солында төрт жүз мың ләшкер ерді.
 Күліп сонда малғұн сөз сөйледі:
 — Сейітбаттал ертең келер мұнда, — деді.

Ол мені қайсар қылып келер, — деді,
 Ол маған тәсілім болмас һәр кез, — деді.
 Өгар тәсілім ол болса маған, — деді,
 Жаһанның палуанлығын берем, — деді.

Сонда Бабектің жолдастары сөз сөйледі:
 — Сейітбаттал Қап тауына кеткен ерді.
 Жәдулер ол Сейітті өлтіріпті,
 13480 Естідік бұ хабарны бізлер, — дейді.

Бабек сонда: — Өлген жоқ әлі, — деді,
 Ұғылын алып, ол мұнда келді, — деді.
 Жетпіс екі ықылым патшалардан ләшкер алды,
 Ғалал жәдуні өлтіріп, мүлкін алды,
 һөлак қылды.

Әлқисса, ол Сейітті көп мақтады,
 — Адамзаттан өнері асқан, — деді.
 Хош болар маған тәсілім болса, — деді,
 Сабах садық таң атып, тауға шықты.

Өзін жаныб

- Енді Сейіт хазіреттің сөзі келді,
13490 — Тез, қарсы ол Батталға барғыл, — деді.
Бабекке шайтан малғұн хабар берді:
— Тез, қарсы ол Батталға барғыл, — деді.
- Ол Бабек әскері илән қарсы барды,
Қисапсыз әскерлерге Сейіт келді.
Айғай салып, Шаһ әулие сөз сөйледі:
— Әй, ақылсыз, халайықтар, — деп сөйледі.
- Мұхаммедтің дінін қойдыңыз ба?
Малғұн шайтанның сөзіне ердіңіз бе?
Әй, халайықтар, Құдадан қорықпадың ба?
13500 Не деп жауап берерсіз, білдіңіз бе?
- Әй, халайықтар, біліңіздер сізлер мені,
Сейітбаттал ғазы-дүрмін, көргіл мені.
Қап тауына мен барып келдім, — деді,
Көп ғажайыпты көрдім, — деді.
- Ғалал илән көп жәдуні қырдым, — деді,
Ұғылдарымды мен алып келдім, — деді.
Малғұн Бабек алдапты бүгін сізді,
Иншалла, өлтірермін бір күн оны.
- Қанатос сонда Сейітке жетіп келді,
13510 — Пайғамбарды не үшін малғұн дейсің? — деді.
Оның сөзін естіп, қаһары келді,
Қанатосты қылыш илән төртке бөлді.
- Андан соң Ғаблан малғұн келіп ерді,
Оны және ескі бөздей пәре қылды.
Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Сол уақытта жүз көпірді һөлақ қылды.
- Андан соң Бабек малғұнның өзі келді,
Сейітке түрлі алуан сөз сөйледі:

— Мен — Пайғамбар, мұтиғ болғыл маған, — деді,
13520 Мен мұғжизат көрсетем саған, — деді.

Сейіт сонда: — Әй, лағин, — деп сөйледі,
Жүз мәрте көрсетсең де нанбан, — деді.
Сен — бір залым ұрының ұғылы, — деді,
Шайтан малғұн алдаған-дүр, білгіл сені.

Бабек сонда: — Мен — бір жетім ұғлан, — деді,
Ғинаят маған берген Алла, — деді.
Мұхаммед Әмин, мысалы, жетім ұғлан ерді,
Қадір Алла Пайғамбар қылған оны, — деді.

Сен де бір жетім қалған ұғлан ерді,
13530 Ғинаят саған да Алла қылған, — деді.
Жаһанға атың мәшһүр болған, — деді,
Дию, перілерді саған мұтиғ қылған, — деді.

Мені дахи тасауир қыл соған, — деді,
Бұ мүнәсипті Алла маған берген, — деді.
Ғайрдай көрмегіл енді мені,
Харам кәшиш, пайғамбар, білгіл енді мені.

Әгар мұтиғ болсаң маған, палуан, — деді,
Мұхаммедтің Әлиіндей қылам сені.
Сейіт сонда: — Әй, малғұн, залым, — деді,
13540 Мұхаммедке Құран азим назил болды.

Сен көрсетші назил болған аятты,
Жоқ ерсе, шайтан һәлак қылды сені.
Бабек сонда: — Ол Мұхаммед зерек ерді,
Һәр не сөзні өзі біліп, сөйлер ерді.

Сейіт сонда ол Бабекке сүңгі қылды,
Бабек сонда сүңгісін маниғ қылды.
Сейіт және қылыш илән шалып ерді,
Қылышы және ол малғұнға көр қылмады.

Және «Самсуар» күрзисін қолына алды,
 13550 Қаһар бірлән ол малғұнға және ұрды.
 Сол ұрғанда ол малғұн жығылып ерді,
 Ол малғұн зиян көрмей, тұра келді.

Ол күрзіні Қап тауына ұрса ерді,
 Қап тауы талқан болып сынар ерді.
 Сейіт сонда ол малғұнға қайран қалды,
 «Бұ істе не хикмет бар?» деп қарап тұрды.

Малғұн енді Сейітті ұрып ерді,
 Сейітке о да және көр қылмады.
 Бұ іске бар халайықтар қайран қалды,
 13560 Кеш болып, екілісі қайта қонды.

Бабек келіп әскерлеріне сөз сөйледі:
 — Сейіттің қайраты көп, — деп сөйледі.
 Сейіт келіп бір шайымнан таһарат алды,
 Құдаға сөна айтып, намазын оқып алды.

Өзін жаныб

Намазын Хақ Тағала қабыл қылсын енді,
 Мұхаммед ибн Фаллахтың сөзі келді енді.
 Дамашыққа ибн Фаллах жетіп келді,
 Халифаға «Сейіт келді» деп баян қылды.

Халифа оны естіп бек шат болды,
 13570 Бес жүз мың әскер илән халифа жүрді.
 Үшбулер жолы бірлән жүре тұрсын,
 Сейіт илән Бабектің сөзі келсін.

Өзін жаныб

Сабах садық таң атып, Сейіт тұрды,
 Намазын оқып, Шаһ жиһан атқа мінді.
 Майданға Сейіт келіп, нағра салды,
 «Малғұн Бабек майданға келсін» деді.

Сонда малғұн майданға қайтып келді,
Екісі түс болғанша соғыс қылды.
Екісіне де қылыш, оқ һеш көр қылмады,
13580 Халайықтар мұны көріп, қайран қалды.

Сол уақытта Шам шарифтан халифа келді,
Бес жүз мың ләшкер илән келіп тұрды.
Майданда жалғыз тұрған Сейітті көрді,
— Бү кім? — деп, уәзірлерден халифа сұрды.

— Көп әскердің ішінде жалғыз өзі,
Неғып тұрған адам? — деп ғажап қалды.
Уәзірлер сонда: — Сіз білмейсіз ол Сейітті,
Көрген жоқсыз Сейіттің қайратыны.

Талай мұндай көп көрген ләшкерлерні,
13590 Шөп мысалы қырар ерді көпірлерні.
Иләһым жәрдем берсе Сейітке және, — деді,
Бү малғұнды өлтірер бір күн, — деді.

Халифа аттан түсіп, жаяу келді,
Сейітке тағзым қылып, көріс қылды.
Ол күні екі әскерлер кері қонды,
Сейіт илән халифа келіп бірге қонды.

Шатырын тігіп, халифа таққа отырды,
Сейіт келіп топыраққа қарсы отырды.
Халифа сонда Сейітке орын берді,
13600 — Неге отырдың топыраққа, Шаһым? — деді.

Сейіт сонда: — Мен жоғары шықпан, — деді,
Маған лайық үшбу жер болар, — деді.
Бейдін малғұн келіп тұр мұнда, — деді,
Ислам дінін кемітіп, залал қылды, — деді.

Көп мұсылман адамларды көпір қылды,
Бабамның дінін «қойғыл» деп бұйырады.
Дін қылышын һәр уақытта ұрар ердім,
Бабамның құрметінде залымларды қырар ердім.

- 13610 Дін қылышын һәр уақытта ұрар ердім,
Бабамның құрметіне залымларды қырар ердім.
Тау мисли дию, перілерді қырып ердім,
Бұ малғұнға қылышым өтпей, залил болдым.

Ол малғұнды мен һәлак қылмай, — деді,
Мен рахат қылмаспын һәркез, — деді.
Әлқисса, сабах садық таң да туды,
Екі әскерлер даяр болып және тұрды.

- 13620 Сол уақытта Бабек малғұн жетіп келді,
Үстіне жалғыз гөмлек киіп келді.
— Палуан болсаң, Сейітбаттал, келің, — деді,
Сен де үстіңе жалғыз гөмлек кигіл, — деді.

Халифаның оқшылары оны көрді,
Бабекке жаңбыр кебі оқ жаудырды.
Оқшылардың қуатын білсең енді,
Тас қорғанларды талқан қылып бұзар ерді.

Атқан оқтар ол малғұнға кәр қылмады,
Болат оқтар қайрылып, жерге түсті.
Сейіт сонда киімдерін шеше берді,
Халифа сонда: «Шешінбе» деп жылады.

- 13630 Тілін алмай, бір гөмлекпен атқа мінді,
Қолына «тайғ Зухаки» қылышын алды.
Сейіт енді дін хақын бек сөйледі,
«Алла бір, Мұхаммед Хақ,
хатым Нәби» деп сөйледі.

Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Екісі нәубет бірлән қылыш ұрды.
Екісінің қылыштары кесе алмады,
Екілісін ғажап қылып, халайық жұмла тұрды.

Сейітке малғұн және сөз сөйледі:
— Мұтиғ маған болғыл, — деп сөйледі.

13640 Көрмей, кесерге қимадым сені, — деді,
Қуат қылсаң һәм күшің жете алмай.

Мен кесерге қимадым сені, — деді,
Тәсілім болып көнер ме деп, бір күн сені.
Әгар тәсілім бола қалсаң маған, — деді,
Жаһанға патша қоям сені, — деді.

Сейіт сонда: — Әй, малғұн, — деп сөйледі,
Біллессің Хақтың сырын, залым, — деді.
Мен сендей талай көрдім сиқыршыны,
Ақырында өлтірдім жұмласыны.

13650 Уақытың қазір болмай-дүр сенің, — деді,
Иншалла, өлтірермін бір күн сені.
Халайықтар екісіні көріп тұрды,
«Бү сырда не хикмет бар?» деп сөйледі.

Пайғамбардың пенде қылған саш құрметі,
Сейітті сол себеплі кесе алмады.
Кеш болып, екі әскерлер кері қайтты,
Сейіт келіп атына мініп, жалғыз кетті.

13660 Бір бұлақтан таһарат алып, намаз қылды,
Аллаға мінәжат қылып, зар жылады.
Бү існің пәнде білмес хикметтеріні,
«Бү мүшкілді асан қыл, — деп жылады.

Бір малғұн хақ дінді бұзып болды,
Бабам Мұхаммедтің дінін ол қорлады.
Мұсылманлардың көңілін һәм құр қылды,
Хақ дінге өзің жәрдем бергіл» деді.

Зар жылап, Шаһ әулие ұйықтап қалды,
Ұйқысында хақ Мұхаммед хабар берді:
«Қайғы қылмағыл, шүкір күшам,
ұғылым, — дейді,
Жұмла ісің бір Аллаға мағлұм дейді.

13670 Пендесінің ықыласын Алла білді,
 Ләкин құлдарын сынап, залымды берді.
 Һәркімлернің ықыласын сынап білді,
 Иғтиқатсыз адамлар оған ерді.

Ол Бабектің өлімі сенен, — дейді,
 Бір күнлер қор қыларсың оны, — дейді.
 Ол Бабекке шайтан малғұн келтірді,
 Оқ атса, қылыш шапса, тұтар, — дейді.

13680 Сол себеплі қылыш кеспес әлі, — дейді,
 Сен аңламай ғапылсың онан, — дейді.
 Һәр қаруларыңа Алланың есімін жазғыл, — дейді,
 «Лә хаула уа лә қууата илла биллаһи
 әл-али, азим»*, — деген сөзні.

Оқығыл үшбу сөзді сонда, — дейді,
 Сонда сенен ол шайтан қашар» дейді.
 Мұны естіп, Шаһ әулие тұра келді,
 «Алла» деп, һәр қаруларға сөзді жазды.

Өзін жаныб

Атқа мініп, майданға Сейіт жетіп келді,
 «Малғұн Бабек келсін!» деп, нағра салды.
 Ол нағраны екі ләшкерлер естіп білді,
 Қуанып халифа және атқа мініп жүрді.

13690 Түн бойынша халифа мәлүл ерді,
 Шатланып нағра соғып жұмла жүрді.
 Саплар тартып, әскерлер келіп ерді,
 Күндей балқып Сейітті тұрған көрді.

Сол уақытта Сейіт және нағра салды,
 Аспан жерге түскендей ғажап болды.
 Сол уақытта көп халайықтар есін танды,
 Бұрын даусын естімегендер «Бұ не?» дейді.

* Жоғары, ұлық Алладан басқа еш күш-қуат жоқ.

Бұрын естіген екі тараптың адамлары,
 «Сейіттің қаһарланған дауысы, — десті.
 Бұ мысалы қаһармен тиылса, әгар, — десті,
 13700 Дұшпанын һәлак қылмай қоймас» дейді.

Башарат, халифа ағзам нағра шалды,
 Ләшкерлер шиғыр айтып, ойын қылды.
 Сейіт және: — Иә, Бабек! — деп һәм шақырды,
 Әй, малғұн, тез майданға келгіл! — деді.

Енді шайтан майданға келе алмады,
 Шарасыз Бабек малғұн өзі келді
 Өткен күндей жалаңаш келе алмады,
 Жұмла қару, киімін киіп келді.

Сейіт сонда: — Әй, лағин Бабек, — деді,
 13710 Үстіңе не үшін кидің киім? — деді.
 Бабек айтты: — Бұ күн Жәбірейіл келе алмады,
 Қару алмай, киім кимей, һеш болмайды.

Сейіт сонда: — Әй, малғұн Бабек! — деді,
 Ол келген Жәбірейіл емес, шайтан, — деді.
 Сені ұры қылып жүр, лағин, — деді,
 Иман айтып, тез мұсылман болғыл, — деді.

Ол иман айтпай, қарсы болды,
 Сейіт сонда жұмырықпен салып қалды.
 Ат артынан жеті құлаш ұшып түсті,
 13720 Мұсылманлар оны көріп шат болды.

Әскері Бабеклердің жұмла шапты,
 Көптігімен Бабекті алып қашты.
 Мұсылманлардың ләшкерлері және шапты,
 Бабектің әскерлерін қырып шапты.

Мұсылманлар Бабеклерді бек көп қырды,
 Туын жығып, Бабеклердің мүлкін алды.
 Ол арада Бабек малғұн көрінбеді,
 Қарасып, һәрбір жерден таба алмады.

13730 Сейіт енді әскерлерге қайтып келді,
Халифа Сейітті көріп, көзін сүйді.
Сейіт енді халифаға: — Қайтқыл, — деді,
Аз әскермен іздейін ол Бабекті.

Қаласы ол малғұнның тауда ерді,
Қорғаны қаласының биік ерді.
Үш күн ол қаланы Сейіт қамалады,
Бір түні шынжыр тастап, ішке кірді.

13740 Жиырма палуанлар Сейітпен бірге кірді,
Қапудағы күзетшіні жұмла қырды.
Қапуды Сейіт хазіреті ашып ерді,
Мұсылманлар ішке кіріп,
Бабеклерді түнде қырды.

Бабектің ұғыл-қызын Матха залым алып қашты,
Мұсылманлар қырып жүріп, білмей қалды.
Таң туғанда Бабеклерді және қырды,
Ол орында неш аман, рахым қабыл алмады.

Сейіт хазіреті зынданға келіп кірді,
Ұғылы илән қырық төрт кісіні жатқан көрді.
Сейітті көріп, таныды жұмлалары,
Аяғына басын қойып, қылды зары.

13750 Бабекті шикаят қылып көп сөйледі:
— Көрмедік ол мысалы неш малғұнды.
Шүкір Алла, сақтады Алла бізді,
Қоймадық қанша айтса хақ дінімізді.

Сейіт айтты: — Қауіп қылмаңыздар енді,
Әлхамдулилла, лағинның
тылсымын бұздым, — деді.
Бабек малғұн Заңкинәға барған ерді,
Заңкинәнің патшасы Асқат ерді.

Асқат бин Сағиттың ұғылы ерді,
Бабекті ол шаһарға кіргізбепті.

Ләшкерлері ол малғұнға қарсы тұрды,
13760 — Бұ шаһарға кірерге жол жоқ, — деді.

Әсәд кофи лағин жетіп барды,
— Пайғамбарға не үшін қылыш тұттың? — деді.
Асқат сонда: — Бұ Бабек — малғұн, — депті,
Малғұнды Пайғамбар десе, көпір болар, — депті.

Асқат әскерлеріне: — Қаптаң, — депті,
Бұ малғұнның жұмласын қырғыл, — депті.
Әлқисса, жеті күндей соғыс болды,
Асқаттың әскерлері мөлзам болды.

Сол уақытта мұсылманлардан ләшкер келді,
13770 Асқаттың ләшкерлеріне үшбу жәрдем.
Уа және қырық мың әскер әйла Миғад келді,
Ол және Бабеклерге қылыш ұрды.

Малғұнлардан Лағун деген біреу келді,
Ішінде малғұнлардың мықтысы ерді.
Сейіт сонда ол малғұнға туғры келді,
Төрт бөліп, жаһаннамға жөнелдірді.

Лағунның ләшкерлерін мөлзам қылды,
Қашып барып, Бабек малғұнға хабар берді:
— Миғад патша бізлерді һөлак қылды,
13780 Сейітті танымай, Миғад деп айтып барды.

Бабек сонда: — Өзім барам ертең, — деді,
Ол малғұнға білдірмеңіз бізді, — деді.
Сейіт барып бір тауға жасырынды,
Суретін перілердей өзге қылды.

Сабах садық таң атып, әскерлер жүрді,
Екі тараптың әскерлері сап болып тұрды.
Сейіт хазіреті сол уақытта таудан келді,
Адамзаттан ғайр сурет болып келді.

- Майданға келіп, Шаһ өулие нағра салды,
 13790 — Қап тауынан мен келген мақлұқ, — деді.
 Адамзаттан бір пайғамбар шыққан, — деді,
 Оны естіп, жүз мың ләшкер келдік, — деді.
- Әғар мұғжизат көрсетсе ол бізге, — деді,
 Бас қойып, біз ереміз оған, — деді.
 Досына дос болармыз бізлер, — деді,
 Дұшпанларын қырамыз жұмла, — деді.
- Оны естіп, Бабек малғұн жетіп келді,
 Сейіт сонда: — Пайғамбарсың ба? — деді.
 Бабек малғұн: — Мен — Пайғамбар, — деп сөйледі,
 13800 Сейіт сонда: — Мұғжизанды көрсет, — деді.
- Малғұн сонда: — Қылыш кеспес мені, — деді,
 Оқ өтпес, от та жақпас және, — деді.
 Адамлардың ата-анасын білем және, — деді,
 Һешкімнен сұрамаспын оны, — деді.
- Сейіт сонда: — Сен білші мені, — деді,
 Кімнің ұғылы, есімім кім менім? — деді.
 Малғұн сонда төрт тарапқа назар салды,
 Ол жерде шайтан малғұн көрінбеді.
- Сол уақытта ол малғұн ажиз қылды:
 13810 — Ертең айтам бұ істі саған, — деді.
 Сейіт сонда: — Әй, малғұн, көпір, залым, — деді,
 Сиқырыңды Сейіт бұзған сенің, — деді.
- Мен — Сейіттің жаранлары, білгіл енді,
 Қор қылып, малғұн, сені өлтірер, — деді.
 Бабектің бір жолдасы сөз сөйледі:
 — Пайғамбарға не үшін айттың жаман сөзні?
- Сейітті ұрайын деп оңтайланды,
 Сейіт сонда қылыш илән екі бөлді.
 Сейітке куфи Мұртад һәм ұмтылды,
 13820 Оны дахи қылыш илән пәре қылды.

Бабек сонда: — Әй, палуан, сабыр, — деді,
Ертең саған жолығайын мен бір, — деді.
Сонда Бабек әскерлеріне жүре берді,
Сейіт сонда ат үстінен жерге ұрды.

Кеудесіне шаһин кебі мініп алды,
Сақалынан махкам тұтып, бүріп алды.
Сол уақытта Бабек малғұн хайла қылды,
— Өлтірмегіл, мен мұсылман болам, — деді.

13830 Алып жүргіл халифаға енді мені,
Сол жерде қарар қылам сені, — деді.
Сейіт сонда Бабектің қолын буды,
Қолына Миғад патшаның оны берді.

Енді өзі көпірлерге қылыш ұрды,
Қисапсыз көпірлерні өзі қырды.
Бір уақытта Сейіт хазіреті қайтып келді,
Миғадқа ол: — Бабекті келтір, — деді.

13840 Миғад сонда күзетшіге жетіп келді.
Күзетшінің басын кесіп, қашқан көрді ерді,
Сейітке Миғад келіп хабар берді,
«Аһ» деп Сейіт хазіреті және қуды.

Әскер илән Миғад және жұмла жүрді,
Бабектің келген шаһарына бұнлар келді.
Сейіт және ол шаһарға келіп, нағра салды,
— Әй, малғұн, құтылмассың менен, — деді.

Түн ішінде көпірлерге сайха салды,
Көпірлер есін танып соғылысты.
Бабеклер өздерін есі кетіп танымады,
Түн ішінде өздерін бек көп қырды.

13850 Таң туғанда Миғад шаһ және келді,
Мұсылманлар Бабеклерге қылыш ұрды.
Бабеклер тағат тұтпай шаһарға кірді,
Шаһардың қапуын берік қылды.

Жеті күн, түн ол шаһарды қамалады,
Сегіз күнде Сейіт хазіреті бұзып кірді.
Ішке кіріп, шаһар әһлін және қырды,
Шаһар әһлі аман тілеп, мүмін болды.

Сейіт сонда: — Бабек малғұн қайда? — деді,
Анлар сонда: — Ол малғұн қашты, — дейді.
13860 Қашқан жағын Сейіт сұрап және қуды,
Бір шашмада ол малғұнға және келді.

Өзін жаныб

Шайтан және Бабекке келіп хабар берді:
— Тез тұрғыл, Сейітбаттал келді, — деді.
Бабек тұрып, қаруларын жұмла алды,
Бабектің ләшкерлері атқа мініп, хамлә қылды.

Сейіт сонда қаһарланып, нағра салды,
Аспан жерге түскендей болып кетті.
Адам түгіл хайуанлар есін танды,
Бірнеше жубун адамлар өліп қалды.

13870 Бұ нағрасы форсақ жерге барды,
Оны естіп Миғад патша жетіп келді.
Бабеклердің әскерлеріне қылыш ұрды,
Қырық мың әскер илән Абдулуаһап және келді.

Бұ нағрасы көп форсақ жерге барды,
Оны естіп Бабек патша жетіп келді.
Шаһ әулие ол малғұнға қылыш ұрды,
Атының мойнын кесіп, жерге түсті.

Сейіт сонда атынан түсе қалды,
Ол малғұн бір ағашқа атын қойды.
Сейіттен аман тілеп, ол жалынды,
13880 — Енді атқа мінбейін һәркез, — деді.

Сейіт сонда: — Амандық болмас, — деді,
Әғар иман келтірсең, болар, — деді.

Сол халде бір жылаған дауыс шықты,
Сейіт сонда артына қарап көрді.

Қараса, бір қарт адам жылап отыр — дейді,
«Аман бермей, бұ малғұнды өлтір, — дейді.
Хасен, Хұсайынды өлтірген бұның нәсілі,
Аман бермей өлтіргіл сол себеплі».

13890 Оны естіп, Хұсайын үшін көңілі бұзылды,
Көзіне анлар үшін жас толтырды.
Көзін сүртіп, уа және қарап ерді,
Қарт та жоқ, Бабек те жоқ, қайран қалды.

«Аһ» деп, Шаһ жиһан өкініш қылды,
Ол алдаған шайтан малғұн екенін білді.
Енді Сейіт Абдулуаһапқа: — Қайтқыл, — деді,
Бабектің ұғыл-қызын алып, — деді.

13900 Мен іздеп ол малғұнды кетем, — деді,
Енді тапсам, һәлак етем, — деді.
Ол малғұн ләшкерсіз, жалғыз қашты,
Қатын илән баласын тастап қашты.

Сейіт хазіреті Бабекті іздеп кетті,
Бір күнлері бұлақтан таһарат алып,
намаз қылды.
Сол уақытта бір адам жетіп келді,
Ол келген Мүмланның ұғылы Нұғман ерді.

Сейітті көріп, аяғына басын қойды,
Екісі хал сұрасып, көп жылады.
Бабекті шикаят қылып, көп сөйледі:
— Ол малғұн көп халықты бұзды, — деді.

13910 Сейіт сонда: — Қорықпағыл онан, — деді,
Іздегіл һәр тараптан ол малғұнды.
Әлқисса, Нұғман іздеп, хабар тапты,
Бір таудағы руһбанларға барған ерді.

Өзін жаныб

Ол малғұн қашып анда барған ерді,
Көп руһбанларды аздырып, бұзған ерді.
— Мен — Бабек, харам кәшиш пайғамбар, — деді,
Жұмла жарлы малсыз болса, келсін, — деді.

Бү сөзді руһбанлар жұмла білді,
Жұмла малсыз жарлылар ол жиылды.
Жетпіс, сексен малсыздар бай болыпты,
13920 Ол малғұнға «Пайғамбар» деп иланыпты.

Өлқисса, әскер болып көп жиылыпты,
Бір күнлері сахараға ол шығыпты.
Сол сахарада Сейіт хазіреті ұшырады,
— Бабек малғұн қайда? — деп шақырады.

Бабек малғұн ләшкеріне: — Қапта, — деді,
Батталды ортаға алып, өлтір, — деді.
Жалғыз Сейітті сол уақытта ортаға алды,
Сейіт хазіреті күн батқанша соғыс қылды.

Сол уақытта Мүмлан ғазы жетіп келді,
13930 Он мың ләшкер қасына ертіп келді.
Анлар және малғұнларға қырғын салды,
Малғұнлардың қанлары селдік болды.

Сол уақытта Бабек малғұн және қашты,
Көп іздеп, ол малғұнды таба алмады.
Сейіт хазіреті Мүмланға изин берді,
— Табриздың шаһарына сен барғыл, — деді.

Жалғыз өзім іздейін ол малғұнды,
Құдайым қолға бергей ол малғұнды.
Ол арада бір теңіз жақын ерді,
13940 Жағасында кемелерді тұрған көрді.

Бабек малғұн ол кемеге келген ерді,
Кім екенін білдірмей мінген ерді.

Мәгәр Сатха ол кемеде болар ерді,
Сейітті көріп, Бабекті ол жасырды.

Сейіт келіп кемеге және кіріп алды,
— Бабекті көрдіңіз бе? — деп сұрады.
Сатха сонда танымай ол сөйлейді:
— Сонау кеткен кемеге мінді, — деді.

— Ол кеме қай шаһарға барар? — деп сұрады,
13950 Анлар сонда: — Шын шаһарына барар, — дейді.
Сатха өзін білдірмей, қызмет қылды,
Дәру салып, Сейітке тағам берді.

Сейіт оның тағамын ішіп ерді,
Есі кетіп, ол Сейіт жатып қалды.
Енді Бабек малғұн Сейітті қылыштады,
Сейіттің бір қылыны кесе алмады.

Қайран қалып, Сейіттің қолын буды,
Мойнына ләнгар байлап, суға салды.
Күші жоқ, Сейіт хазіреті суда қалды,
13960 Ләнгар басып, су түбіне жүре берді.

Құдайым халас қылды ол Сейітті,
Өздерін топан соғып, һәлак қылды.
Кемесі сынып, тақтайлары таратылды,
Бір тақтайға Бабек илән Сатха мінді.

Екі малғұнды толқын айдап, шетке шықты,
Таудағы миуалардан теріп жеді.
Тауға шықса, бір шаһарды анлар көрді,
Қасында көп әскерлер һәм көрінді.

Әскерлерден айырылған екі сорлы,
13970 Барарға ол шаһарға бата алмады.
Сол уақытта шайтан малғұн жетіп келді,
Бабек көріп шайтанды зар жылады.

— Сен өуре қылдың ғой мені, — деді,
Сейіт маған көп жапа берді, — деді.
Шайтан сонда: — Қайғырмағыл енді, — деді,
Сейіт енді көре алмас сені, — деді.

Бұ шаһардың патшасына барғыл, — деді,
Мұғжизат сұрасалар, көргіз, — деді.
13980 Мен сенің қасыңда болам сонда, — деді,
Еш нәрседен қауіп қылмай тұрғыл, — деді.

Бабек малғұн бұл сөзге шат болды,
Шын шаһарының қапуына жетіп келді.
Бір адамға: — Сен патшаға барғыл, — деді,
Пайғамбар сізден сұрды дегіл енді.

Ол адам патшаға барып хабар берді,
Патша оған: — Пайғамбар болса келсін, — деді.
Бабек малғұн Сатхамен тура барды,
Патшаның ата-анасын баян қылды.

13990 Түндегі көрген түсті һәм сөйледі,
Оған лайық тәдбирді һәм сөйледі:
— Сізлерде қанша болса жарлы, — деді,
Пәлен жерде алтындар бар, алсын, — деді.

Бабектің айтқан сөзін мақұл көрді,
«Қаз» деген таудан барып алтын алды.
Патша, беклер жұмласы ықылас қылды,
Бейшаралардың жұмласы көпір болды.
Пақырлары бай болып, шаттық тапты,
Жұмласы харам істерді «халал» депті.

Өзін жаныб

Сейіт хазіреттің «Тақыт әлсардан» мажырасы

14000 Шат болып ол хассылар тұра тұрсын,
Шаһ әулие Сейіттің сөзі келсін.
Шаһ әулие су ішінде есін жиды,
Ғажайып ғарионды көзі көрді.

«Дарияның түбіне кеттім ерді,
Есім жиып, көзімді аштым, — деді.
Ер тарапқа назар салып, бақтым ерді,
Судың беті көктен алыс ол көрінді.

14010 Сол уақытта бір адам басым тұтты,
Мойнымдағы лонгар темірді шешіп алды.
Ол адамға назар салып бақтым ерді,
Көркем жүзді, ұзын бойлы көрдім, — деді.

Белінде қылышы бар, бек найбатты,
Шұһрасы арабстан сияпатлы.
Мойнында тасбиғы бар, маржан түсті,
Басында сәлдесі бар, жауһар түсті.

Құшақтап, мені төмен алып жүрді,
Жүзімнен оңды-солды және сүйді.
Бір уақытта шым түбіне жеттік ерді,
Қарар қылып, жер басып жүрдім ерді.

14020 Сол уақытта ол маған сөз сөйледі:
— Ұғылым, қайғырмағыл, — деп сөйледі.
Жаранлар көрер болар мұндай істі,
Көрмеген адамзатлар ғажап істі.

Құданың көп жаратқан хикметтерін,
Көрерсің үшбу жайда көп ғажапты.
Әлқисса, көп сөз айтып келер ерді,
Алдымыздан бір ғажайып шаһар көрінді.

14030 Жақындап ол шаһарға келдік ерді,
Алдымыздан ол шаһардан жанлар шықты.
Ол жанларға қасымдағы адам сөз сөйледі:
— Зиарат қылыңыз, Сейітбаттал осы, — деді.

Сол уақытта баршалары сәлем берді,
Ғизатлап баршалары тәуап қылды.
Ғизатлап шаһарына алып жүрді,
Ол жолда бейқисапсыз жанлар болды.

Ол шаһардың ұлықлығы ғажап ерді,
Жеті бұрышы бар ерді тау ұқсаслы.
Ортасы көз жетпейтін майдан ерді,
Үйілген тау мысалы бидай ерді.

14040 Халайықтар шуал-шуал алып кетті,
Бірі кетсе, бірі келер, неш таусылмайды.
Құмырсқадай шұбырған жұмлалары,
Онда да ол бидай таусылмайды.

Әлқисса, анлар мені бір сарайға алып келді,
Бір ғажайып патшаны көзім көрді.
Тақтысы алтын, лағыл, гауһар ерді,
Басында төжі шам мысалы жауһар ерді.

14050 Оң, солында уәзірлер отыр ерді,
Қызметшілері сап-сап болған әзір ерді.
Жұмлалары тағзым қылып, тақтан түсті,
Ұлық-кішік баршалары көріс қылды.

— Хош келдің, Сейітбаттал ғазы, — дейді,
Құданың Хабибісің, ұғылы сұлтан, — дейді.
Көрерге интизар болдық сізні, — дейді,
Чоқ шүкір, сізді көргізді Алла, — дейді.

Бү жерді «Тақыт әлсара» деп атар ерді,
Бү жерді адамзатлар неш көрмейді.
Аспаны жеті қабат Хақ жар етті,
Жерді және жеті қабат ол жар етті.

14060 Әуелінде адамзатлар болар, — дейді,
Екіншіде перілер илән жынлар, — дейді.
Үшіншіде нешбір нәрсе болмас, — дейді,
Анда Хақтың хикметлері болар, — дейді.

Төртіншіде дию, перілер болар, — дейді,
Бесіншіде ғифрит, перілер толған, — дейді.
Алтыншысы бек зұлмат, ғажап, — дейді,
Жетіншісі жерді көтерген теңіз, — дейді.

- Жұмласының сырын білмес һешкім, — дейді,
Жұмласы бір Аллаға мағлұм, — дейді.
Әлқисса, азайталық үшбу сөзні,
14070 Бек ғажайып көрмеген істі көрдік.
- Сегіз күн қонақ болдық анда, — дейді,
Тоғызыншы күн рұқсат берді бізге, — дейді.
Сәлем айтқыл Мұхаммед
Мұстафаға бізден, — дейді,
Ұмытпасын шапағатынан жарын, — дейді.
- Айрылдық уағдаласып онан, — деді,
Жолдасым: «Көзіңді жұм, ұғылым» деді.
Көзімді жұмып ердім: «Ашқыл» деді,
Ашып ердім ол адам көрінбеді.
- Тұрған жерім дарияның жағасы ерді,
14080 Мені көріп, атым ойнап, шауып келді.
Атым келіп, иіскеп келіп тұрды,
Үстінде жұмла қаруларым тамам тұрды.
- Құданың құдіретін көзім көрді,
Дарияға кеткен заттар да түгел келді.
Киім киіп, атқа мініп жүрдім, — дейді,
Бір дарға бина қылған келдім, — дейді.
- Ол дардан бір руһбан шыға келді,
Ол маған тағзым илән сәлем берді.
— Хош келдің, Сейітбаттал ғазы, — деді,
14090 Сейіт сонда: — Неден білдің мені? — деді.
- Руһбан сонда: — Түс көрдім бүгін, — деді,
Мұхаммед расул Алла хабар берді:
«Бүгін саған шүкір күшам, Сейіт келер, — дейді,
Сен оны тағзым қылып сыйла, — дейді.
- Шапағат мен қылармын саған, — дейді,
Ұмытпаспын махшар күнде және» дейді.

Уа және иман айтып, иқрар қылды,
Сейітті тағзым илән қонақ қылды.

- Бұ шаһар, қай шаһар? — деп Сейіт сұрады,
14100 Бабек малғұнды білдің бе және? — деді.
— Иә, Шаһ жиһан, Шын шаһары үшбу, — дейді,
Патшасының есімі — Оқас, — дейді.

Бабек малғұн ол мұнда келді, — дейді,
Бұ шаһардың жұмласын көпір қылып,
бұзды, — дейді.

Сейіт сонда мүмінлерге қайғы қылды,
Құдайдан ғинаят тілеп һәм жылады.

- Қолына қалам алып, ол Сейіт қағаз жазды,
«Иә Алла, иә Мұхаммед» деп салауат жазды.
Өзінің Сейіт атын және жазды,
14110 Оқасқа айтып баяндады.

«Бабек малғұн, мына қашқан залым, — дейді,
Ол сізлерді алдаған малғұн, — дейді.
Бұ сөзімні тыңласаң хош-хал, — дейді,
Тыңламасаң не қылармын тоқта» дейді.

Ол хатты руһбан алып, анда барды,
Оқас илән Бабек малғұн оқып көрді.
Бабектің мұны көріп, мәңзі солды,
Шарасыз ішкі сырын білдірмеді.

- Оқас сонда қаһарланып, сөз сөйледі:
14120 «Пайғамбарға еңіз қылған кім-дүр?» деді.
Әлқисса, әскер илән Оқас жүрді,
Бабек малғұн әскер илән бірге жүрді.

Сейіт сонда қаһарланып нағра салды,
Аспан жерге түскендей мисли болды.
Көп адамлар есін танып, аттан түсті,
Оқас сонда: — Бұ не ғажап сайха? — деді.

Бабек айтты: — Бұ — Сейіттің нағрасы,
Соғысқа келсе, қылатын бір әдеті.
Палуанлықта һеш назары болмас, — деді,
14130 Ләкин тәсілім болмас маған, — деді.

Оқас сонда Сейітке назар салды,
«Жүсіп сәни болар ма!» деп ғажап қылды.
Уа және жетпіс екі ойын қылып келді,
«Періште болар ма!» деп ғажап қалды.

Ақырған дауысына жер қозғалды,
«Рағд періште» деп һәм ойлады.
Оқастың есімін айтып, сайха қылды,
— Иман айтқыл, Сейітбаттал мен-дүр, — деді.

Жоқ десеңіз, һәлак қылам жұмлаңызды,
14140 Көрерсізлер жаһаннамда жаныңызды.
Оны естіп, бір мүшірік келіп ерді,
Шаһ әулие көтеріп алып, ауаға атты.

Қара құстай айналып келіп ерді,
Жерге түспей, қылышпен екі бөлді.
Әлқисса, азайталы үшбу сөзні,
Жетпіс екі ойын иләһ көп өлтірді.

Сол уақытта Бабек малғұн әмір қылды:
— Жекпе-жекке ол болмас,
жұмлаң қапта, — деді.

Сол уақытта жүз мың жүһүдлер ортаға алды,
14150 Сонда Шаһ уәли қаһар иләһ нағра салды.

Сейіттің нағрасы бек ғажап болды,
Аспан жерге түскендей жер жарылды.
Көп адамлар сол уақытта есін танды,
Шаһ әулие сол халде қырғын салды.

Жалғыз үш күн, үш түн соғыс қылды,
Табарик сол уақытта бір шаршапты.
Бір жерінен жарақат болып ерді,

- Табариктің жарасынан қаны ақты.
 Бір жерге сәжде қылып, зар қылыпты,
 14160 Шапағат Пайғамбардан ол сұрапты.

Өзін жаныб

Сейіт хазіреті шаршағанда, Тамус сұлтан келгені-дүр

- Сол уақытта ауадан сада келді,
 Перілердің патшасы Тамус келді.
 Жүз мың пері қасында әскерлері,
 Келіп ол мүшіріклерге қырғын салды.

Мүшіріклердің бастары алма кебі
 Кім кескенін білмеді, ұша берді.
 Бір сағатта төрт жүз мың көпір өлді,
 Шайтан малғұн Бабекті алып қашты.

- Сейіт сонда бір жерде отыр ерді,
 14170 Сүйеніп найзасына «Алла» деді.
 Сол уақытта Тамус сұлтан жетіп келді,
 Сейітті тағзым қылып, көзін сүйді.

Тамусты көріп, Шаһ әулие шат болды,
 Екісі хал сұрасып, сөз сөйледі.
 Сейітті шатырына алып келді,
 Түрлі ниғмат келтіріп, құрмет қылды.

- Бабек малғұнның істерін хәм сөйледі:
 — Ол малғұн қайда болар? — деп сөйледі.
 Тамус айтты: — Рұмға қашып кетті,
 14180 Шайтан малғұн көтеріп ұшты, — деді.

Андан соң екісі шаһарға жүрді,
 Сияпат, азимат илән бұнлар келді.
 Бұ азиматты Оқастың көзі көрді,
 Айырылып ақылынан, есін танды.

Уа және Сейіт хазіреті сайха, нағра салды,
 — Иә, Оқас, тез мұсылман болғыл, — деді.

Жоқ десең, һәлак қылармын жұмлаңызды,
Астын-үстін қылармын шаһарыңызды.

14190 Оқас сонда естіді бұ хабарны,
Қапуын ашып, кіргізді үшбулерні.
Сейітке тағзым қылып, қойды басты,
Иман айтып, тамам қылды ықыласты.

Жетпіс пәре шаһардың жұмла қауымдары,
Жұмласы ықылас илән мүмін болды.
Ол шаһарда Сейіт хазіреті бір ай тұрды,
Мәжид салып, дін ғылымын тағриф қылды.

Андан соңыра Тамус періге изин берді,
Тамус сұлтан уағдаласып, қайтып кетті.
Шаһ әулие Оқас патшаға өмір қылды:
14200 — Әзір қыл жақсы кеме бізлерге, жүрем, — деді.

Мен енді Рұм шаһарына барам, — деді,
Барған-дүр Бабек малғұн анда, — деді.
Оқас патша жақсы кемеңі әзірледі,
Қырық палуан Сейіт илән жолдас болды.
Оқас илән уағдаласып бұнлар жүрді,
«Алла» деп дін жолына сапар қылды.

Әзін жаныб

14210 Үшбулер «Алла» деп жүре тұрсын,
Қаслаған Ыстамболға келе тұрсын.
Енді Бабек малғұнның сөзі келсін,
Алланың лағнеті оған болсын.

Малғұн Бабек Сейіттен қашып ерді,
Бір теңіздің жағасына келіп ерді.
Сол уақытта шайтан малғұн жетіп келді,
Халін сұрап Бабекті жұбатыпты.

Бабекті шайтан малғұн алып ұшты,
Дарияны өтіп, Ыстамболға жақын түсті.

— Сен енді Ыстамболға барғыл, — дейді,
Такфур илән Сейіттің ұғылы бірге, — дейді.

14220 Оны өлтіріп, өшіңді алғыл, — дейді,
Сейіт естіп харратта қалсын, — дейді.
Алдыңнан қырық кәшиш келер, — дейді,
Ол саған тәсілім болып ерер, — дейді.

Суыт жүріп, пәлен тауға барғыл, — дейді,
Келгенде қырық руһбанға сөйле, — дейді.
Бабек малғұн ол жүріп келер ерді,
Алдыңнан қырық руһбанды келер көрді.

— Кімсің? — деп анлар Бабектен жауап сұрады,
Бабек сонда: — Сізлер білдіргілі әуел, — деді.
Және қайда барасыз жүріп? — деді,
14230 Сізлер бізге білдірші жөніңізді?

Анлар сонда: — Рұм халқы бізлер, — дейді,
Жөніміз Ыстамболдан келем, — дейді.
Бабек сонда: — Патшаңыз кім, білдір? — деді,
Анлар сонда: — Патшамыз Такфур, — дейді.

Сейітбаттал мейман қылды ол Такфурды,
Қасында Сейіттің ұғылы, Бәшір, — дейді.
Бабек және сұрады жөнлеріні,
— Енді қайда барасыздар сізлер? — деді.

14240 Анлар сонда Бабек малғұнға жауап берді:
— Патшамыздың найыбы Қастур ерді.
Жасырынып, дін тұтып тұрар ерді,
Ол Қастурға пұттарымыз хабар берді:

«Бабек пайғамбар жол жүріп келер, — дейді,
Иә болса, сізлер барып келтір, — дейді.
Ол Бабек келер болса мұнда, — дейді,
Такфурды Бәшір илән өлтірер» дейді.

Бұны естіп Бабек малғұн бек шат болды,
— Сол іздеген Пайғамбарыңыз мен-дүр, — деді.
Кәшишлер оны естіп шат болды,
14250 Бабектің аяғына басын қойды.

Бір боқша тонлар алып келер ерді,
Малғұнға оны беріп, киіндірді.
Құрметлеп Ыстамболға алып жүрді,
Алдынан Қастур лағин қарсы келді.
Қолын сүйіп, құрметлеп алып келді,
Бір орынға жасырып оны қойды.

Өзін жаныб

Бір күні Такфур патша аңға шықты,
Қасына Сейіттің ұғылы ере шықты.
Хабары жоқ, бұ екісі ғапыл ерді,
14260 Ғапыл күнде екісін шаһид қылды.

Андан соңыра Бабек малғұн заһир болды,
Дауыстап халайықтарға хабар берді:
— Харам кәшиш, пайғамбар мен-дүр, — деді,
Шын шаһарында өлтірдім Сейітбатталды.

Сонан мен бұл шаһарға келдім, — деді,
Өлтірдім Такфур илән һәм Бәшірді.
Сізлер мұтиғ болыңыздар бізге, — деді,
Мен мұғжизат көрсетем сізлерге енді.

Өлқисса, азайталық үшбу сөзні,
14270 Өзіне мұтиғ қылды халайықтарны.
Такфурға табиғ болған адамдарды
Өлтіріп, шаһид қылды жұмлаларны.

Ол малғұн таққа мініп, тәдбир қылды,
Төрт тарапқа қағаз жазып, хабар қылды.
Оны естіп төрт жүз мың адам келді,
Малғұнға мұтиғ болып, кәпір болды.

Бабек малғұн ол шаһардан әскер алды,
Малатияның шаһарына сапар қылды.
Ол уақытта Малатияның халқы ғапыл ерді,
14280 Ғапыл халде қырық төртнің палуанын
шаһид қылды.

Әли, Нәзір — Сейіт хазіреттің екі ұғылы,
Бірнеше жаранлар илән соғыс қылды.
Нехасыл, көп әскерлерге күш жетпеді,
Жұмласы Райхан шаһарына барып тұрды.

Бабек малғұн әскеріне бұйрық қылды:
— Малатияны хараб қылып, бүлдір, — деді.
Бір күні Бабек малғұн пікір қылды,
Сейіттің қайратын паш қылды.

«Ол Сейіт ізлер, — деді, — енді мені,
14290 Өгіздің мүйізіне кірсем де табар» деді.
«Қабты» дейміш бір шаһарлар болар ерді,
Көп ерді ол шаһарда көргенлері.

Малатияда тұра алмай малғұн қашты,
Ыстамболдың ләшкерлері қайтып кетті.
Бабек малғұн Қабтыларға барып жетті,
Өзінің қылған ісін баян етті.

Өзін жаныб

Бабек малғұн мақтанып тұра тұрсын,
Шаһ жиһан Сейіттен сөз бітілсін.
Бабекке Хақтан лағнет дайым болсын,
14300 Енді Шаһ әулиенің сөзі келсін.

Бір күнлері Сейіт хазіреті Тарсусқа жетіп келді,
Патшасы беклер илән қарсы келді.
Ғиззатлап Шаһ әулиені алып жүрді,
Ұлық-кішік адамлары Сейітке құрмет қылды.

Асап-ішіп, мәжіліс қылып отыр ерді,
 Бір жігіт сәлем беріп, кіріп келді.
 Сейіттің хозурына бір хат қойды,
 Хатты оқып, көзіне жас толды.

14310 Үшбу хат әмір Омардан келген ерді,
 Бабектің не қылған ісін айтқан ерді.
 «Бабек малғұн Ыстамболға барған, — дейді,
 Такфур илән Бәшір ұғылың шаһид, — дейді.

Ыстамбол әһілін жұмла көпір қылған, — дейді,
 Уа және Малатияға ол малғұн келген, — дейді.
 Көп жаранларды ол шаһид қылған, — дейді,
 Малатияны хараб қылып, бұзған, — дейді.

14320 Райханның шаһарындамыз бізлер, — дейді,
 Екі ұғылыңыз бізлер илән бірге» дейді.
 Жазған хаттың сөзін жұмла білді,
 Отырған ұлық-кішік көп жылады.

Әлқисса, Сейіт хазіреті атқа мінді,
 Райханның шаһарына бұнлар жүрді.
 Абдулуаһап сахаба қарсы келді,
 Сейіттің екі ұғылымен көріс қылды.

Бабекті шикаят қып, көп сөйледі:
 «Көрмедім ондай малғұнды һәркез» деді.
 Сейіт хазіреті қалам алып, қағаз жазды,
 Жіберді халифаға Абдулуаһап сахабаны.

14330 Абдулуаһап халифаға алып барды,
 — Бұ күнде Сейіт хазіреті қайда? — деді.
 — Сейіт хазіреті Қабтыларға жүріп кетті,
 Малғұн Бабек сонда деп біліп кетті.

Халифа қырық мың әскерлерді әзірледі,
 Миғад илән Абдулуаһапты басшы қылды.
 — Тез сізлер Сейіт хазіретке барғыл, — деді,
 Жәрдемші Шаһ әулиеге болғыл, — деді.

Күн-түн жүріп, Сейітке бұнлар келді,
Екі күнде жеті күнлік жерге келді.
Әлқисса, Бабектің қауымы бұнлардан хабар білді,
14340 Бес жүз мың әскер илән Бабек шықты.

Мұзубан деген бір малғұн келіп ерді,
Абдулуаһап сахаба һәлак қылды.
Сол жерде Абдулуаһапты ортаға алды,
Сол халде Сейіт хазіреті нағра салды.

— Бабеклерге һеш амандық бермен, — деді,
Сол жерде қаһар илән иамин қылды.
Уа және қаһарланып анларға қылыш ұрды,
Бір күн, бір түн анларды бек көп қырды.

Ол шаһарда Абдулсалып патша ерді,
14350 Сол халде хазіретке туғры келді.
«Аман жоқ» деп, Абдулсалыпты ұрып жықты,
Басын кесіп, әскеріне лақтырды.

Оны көріп әскерлері фариад қылды,
Сейіт хазіреті «иә, Алла» деп нағра салды.
Қырық нағра естіп, есін танды,
Аспан жерге түскендей болып кетті.

Тау гүрілдеп, зілзала болып кетті,
Дария шалқып, сулары толқып кетті.
Мұсылманлар сол уақытта қуат тапты,
14360 Һәрқайсысы арысландай болып кетті.

Мұсылманлар сонда қылыш ұрып ерді,
Қазан соққан жапырақтай бас төгілді.
Ой жер илән қыр жерлер білінбеді,
Өлімтіктен аттар басып жүре алмады.

Мұсылманлар оған рақым һеш қылмады,
Тек Бабеклер көрінсе, қыра берді.
Оны көріп Бабектің құты ұшты,
Айырылып ақылынан, үш күн қашты.

- 14370 Ғандыабат аталған шаһар бар ерді,
Саһил деген патшасы һәм ерді.
Бабек барып Саһилге хабар берді:
— Ҡорғалатын жер мұнда, — деді.
- Саһил оған: — Біздің шаһар тар-дүр, — деді,
Жалғыз өзің келерге болар, — деді.
Бабек, Сатха, Уәлид илән үшеу ерді,
Саһилдің сарайында қонақ болды.
- Бұнлардан Саһил патша хабар берді,
Естіп Сейіт илән Абдулуаһап қаулы қылды.
Абдулуаһапқа: — Сен әскермен тұрғыл, — деді,
14380 Мен түнде ол шаһарға барам, — деді.
- Жақын жерде құлақ салып тұрғыл, — деді,
Даусым шықса, әскер илән келгіл, — деді.
Шаһ әулие ол шаһарға түнде барды,
Бір жерден шынжыр тастап, ішке кірді.
- Саһилдің сарайына Сейіт келді,
Бір бөлмеде жасырынып, сөз тыңлады.
Арақ ішіп малғұнлар сөз сөйледі,
Бабек малғұн мақтанып көп сөйледі:
- Ертең мен ол Батталды өлтірем, — деді,
14390 Жұмла шаһарыны үлестірем сізге, — деді.
Ғақбаның ұғылы Уәлид малғұн һәм сөйледі:
— Маған Бағдаттың шаһарын бергіл, — деді.
- Бабек сонда: — Хош, болсын сөзің, — деді,
Сатха саған найып болсын, — деп сөйледі.
Сол жерде сегіз кісі отыр ерді,
Һәрқайсына бір шаһарды үлестірді.
- Сол уақытта Шаһ әулие кіріп келді,
— Маған қай шаһарды бересің, малғұн? — деді.
Кеудесіне қаршығадай мініп алды,
14400 Аузы-мұрнын қан қылып, байлап салды.

Оны көріп Сатха, Уәлид қаша берді,
Қуып жетіп, екісін төртке бөлді.
Сейіт хазіреттің көптен жүрген ашуы ерді,
Жаһаннамға жіберіп, көңілі тынды.

Сол жерде бар адамның бәрін қырды,
Мәгәр Саһил патша Сейітке басын қойды.
Аяғына басын қойып, иман айтты,
Шаһ әулие Саһилге рұқсат берді.

— Тез барып шаһардың қапуын ашқыл енді,
14410 Жүгіріп барып қапуны Саһил ашқан.
Сол халде Сейіт хазіреті нағра салған,
Даусын естіп мұсылманлар шауып келген.

Келубан Бабеклерге қылыш ұрған,
Таң туғанша Бабеклерді бек көп қырған.
Бабеклерге мұсылманлар һеш рақым қылмады,
Үш күн-кеш Бабеклерді қырды.

Үш күн, үш түн аттарынан һеш түспеді,
Бабеклерден һешбір адамды қоймай қырды.
Енді Шаһ жиһан әулиенің көңілі тынды,
14420 Бабек малғұнның мойнына шынжыр салды.

Саһилге жетелетіп алып жүрді,
Бағдатқа барғанша азап берді.
— Әғар мені босатып жіберсең, Саһил, — деді,
Қияметте шапағат қылар ердім саған, — деді.

Бұ сөзні Саһил патша айтты,
Сейіт сонда Бабекке: — Иман айтқыл!
Бабек сонда: — Мен — Пайғамбар, — деп сөйледі,
Мұхаммедтің дәурені өткен, — деді.

Оны естіп Шаһ уәлидің қаһары келді,
14430 Малғұнның аузына қармақ салды.
Тілін қармақ илән тартып алды,
Түбінен тілін кесіп, хурр әйлады.

Уа және екі көзін ойып алды,
 Уа және құлақ-мұрнын кесіп алды.
 Жол жүріп Бағдатқа келер ерді,
 Бабек және Саһилге мұны білдірді.

«Жібер» деген ишараттың мазмұнын білді,
 Сейітке Саһил мұны һәм білдірді.
 Сейіт және «Иман айт!» деп һәм бұйырды,
 14440 Қолы бірлән ол боқтап, сөз білдірді.

Сейіт сонда екі қолын кесіп алды,
 Бұ сипатпен ол малғұнды жетеледі.
 Оны көрген мұсылманлар шат болды,
 Сейітке ұлық-кішік жұмласы дұға қылды.

Бұ хабары халифаға естіліп шат болды,
 Шаһар әһлі естіп бек қуанды.
 Халифа Сейіт хазіретке ғиззатлап қарсы барды,
 Аттан түсіп, Шаһ уәли құшақтады.

Сейіттің жүзін сүйіп ғиззатлады,
 14450 Қолын тағзым қылып, көзге сұртті.
 Шаһарға тағзым илән алып келді,
 Той қылып, шаһар әһлін қонақ қылды.

Сейіт хазіреті жаранларға өмір қылды:
 — Бұ шаһардың сахарасына от жақ, — деді.
 Жаранлары отын жинап, отты жақты,
 Бабекті алып барып, отқа салды.

Бабек малғұн ойбайлап, отқа жанды,
 Дүния ақыреттің азаптарын бірдей алды.
 Бұ хабар һәр ықылымларға естілді,
 14460 Әһлі исламлар шат болып, дұға қылды.

Жаранлар, ғибрат алсаңыз үшбу сөзден,
 Сақтаныңыздар, білдім, залымлардан.
 Бабек деген, халайықтар, бөле болған,
 Көп халайықтардың дінін бұзып, көпір қылған.

Бабек ерді қалмақты алдап, көпір қылған,
Сол себеплі харамлардан ол қашпаған.
Бұ заманғаше тауарис онан қалған,
Бабекке шайтан илән ықылас қылған.

14470 Ол заманда Шаһ жиһан Бабекті көп іздеген,
Дінін бұзған адамларды мүмін қылған.
Нехасыл, ықыластың кері қайтқан,
Мұсылманлардың ықыласы тамам болған.

Сол себеплі бұ заманғаше бұзылмаған,
Құдайым ғинаят бергенлер жолын тапқан.
Дін үшін һәр милләтләр талас қылған,
Құдайым қалаған құлды жолға салған.

14480 Сейіт хазіреттің сағадатлы дәулетінен,
Талай жанлар мүмін болып, жолын тапқан.
Енді тамам қылалық біз, иә, өһлі жаран,
Көп сөйлесек те болар бірден нұқсан.

Мұхаммедке салауат, Сейітке дұға қылған,
Тыныштықтың ұғылы деп білгіл, әй, жан,
Дұғаны тамағ қылды бұл пақыр енді сізден,
Айып қылмаңыз, сөзімде болса нұқсан,

Ас салауат уас салам аләйк,
иә Хабиба ар Рахман*
Бағдад мақлұқаты халқы жаһан.

Жиырма бірінші бап: Сұлтан Сейіт хазіреті Рағид жәдуді өлтіріп, қырық патшалардың қыздарын халас қылып, мұсылман қылғаны

Бисмиллаһи деп уа және сөз башлалы,
Аллаға хамд айтып сиыналы.
Жұмла ғаламды бар қылған, иә Зұлжалалы,
Сиындым фазылыңа мен бір сиыналы.

* Әй, Рахманның сүйіктісі, саған Алланың салауаты, жарылқауы мен қолдауы сәлемі болсын.

14490 Иә, Мұхаммед Мұстафа, — Алланың хақ Хабибі,
Қыла көр мен ғасы құлыңа шапағатыңды.
Сұлтан Сейітбатталдың мұнахибыны,
Айтайын ықылас бірлән сүйіп оны.

Шаһ жиһан аталған ол сұлтанды,
Сөйлепті бұрынғы өткен жұмла уәли.
Риуаят рауиларның сөзі келді,
Жоғалған халифаның бір күн қызы.

София бану аталған — оның есімі,
Ұқсаған Зылихаға оның жисмі.
14500 Халифа ханым илән көп жылады,
Үш күнше тышыра шығып, көрісе алмады.

Халифа тақытқа шығып отырмады,
Уәзір илән беклерге сөз салмады.
Қатынының есімі Сағида бану ерді,
Бір күні бақ-бақшада көп жылады.

Бір ағаштың түбінде жылап отыр ерді,
Ол ағаштың басына екі құс келіп қонды.
Хикмет Құда екілісі сөз сөйледі,
Екісі бір-біріне құп жауап берді:

14510 — Бұ қатын не үшін жылар, ғажап? — деді,
Мұңы жоқ халифаның қатыны ерді.
Бірісі айтты: — Қызы жоғалған мұның, — деді,
Бірісі айтты: — Кім алған мұның қызын?

Бірісі сонда: — Рағид жәду алған оны, — деді,
Қасында саламат тұрар қазір, — деді.
Бірісі сонда: — Ол қыз қайда болар? — деді,
Бірісі сонда: — Айн әл-Құтырдан әрман, — деді.

Бірісі сонда: — Айн әл-Құтыр қайда? — деді,
Бірісі сонда: — Жеті дариядан әрман, — деді.
14520 Ол малғұн қырық патшаның қызын алған,
Сейіт барса, жұмласын халас қылар ерді.

Бү сөзді айтып, екі құс ұшып кетті,
Ханым естіп, халифаға хабар айтты.
Халифа ғажап қылып, бү сөзді Сейітке айтты:
— Білерсіз бе бү не ғажап хикмет? — деді.

Сейіт сонда: — Хақ Тағала Қадір ерді,
Жаратқан сондай іске мені, — деді.
Нешік әмірін қылмайын оның, — деді,
Машақатқа бұйырса сұлтан өзі.

- 14530 Маған тағы бір қызмет болған, — деді,
Бү қызметті асан қылғай Алла өзі.
Сізлер жары дұғада болғыл енді,
Аллаға мен тәуекел қылам енді.

Шаһ әулие «Алла» деп, сапар қылды,
Бір күнлері Амман деген шаһарға келді.
Бір уәсені пұт көтеріп келер көрді,
Базарға алып келіп, әуез қылды.

- Бұның кебі пұт істемес һешкім, — дейді,
Мен Құдайды істейтін санағ, — дейді.
14540 Бү Құдайды, әгар, һәркімлер алса, — дейді,
Жұмла пәлелерден ол аман болар, — дейді.

Шаһ жиһан естіді бү хабарны,
Ашуланып, ол көпірді шілтеледі:
— Әй, малғұн, сөйлеме мұндай сөзні,
Сендей пұт жасай білмес бір Тәңірни.

Қолмен жасап, Тәңірі дейсің бү нәрсені,
Көрмеймісің, әй малғұн, һәр нәрсені.
Көзіңді ашып қарашы һәр нәрсені,
Тәңірі ол-дүр жаратқан жұмла барды.

- 14550 Күллі жанға ризық берген Қадір өзі,
Маридларға шипа берген және өзі.
Енді мұндай сөйлеме һешбір сөзді,
Сөйлесең, жіберермін жаһаннамға қазір сені.

Сол уақытта ол малғұн ашуланды,
Қабаяхатлаб Сейітке ол сөйледі.
Сейіт сонда жұмырық илән ұрып ерді,
Жаһаннамнан малғұн барып орын алды.

14560 Мұны көріп базар халқы шуылдады,
Жұмласы ол Сейітті ортаға алды.
Сейіт сонда хамлә қылып, нағра салды,
Бір демде көп адамларны қырып салды.

Біреуі барып патшасына хабар берді,
Патшасы атқа мініп шауып келді.
Ол патшаның есімі Тағанош ерді,
Ол Сейітті бұрын естіп, білер ерді.

Сейітті көріп, аттан түсе қалды,
Сәлем беріп, аяғына басын қойды.
Ғиззатлап сарайына алып келді,
Астына алтын тақытын қоя берді.

14570 — Әй, Шаһ жиһан, палуан Сейіт, — деді,
Хош келдің, не қызметке жүрсің? — деді.
Сейіт сонда жүргенін баян қылды,
Халифаның ғайып қызын аян қылды.

«Рағид жәду алған» деп естілді,
— Оның үшін барармын сонда, — деді.
Мұны естіп патша һәм жылады,
— Менің де бір қызым ғайып болған, — деді.

14580 Бар болса, алып келгіл мұнда, — деді,
Әгәр мұнда келтірсең оны, жаным, — деді.
Пұт парасттан безермін өзім, — деді,
Жұмла халқыммен мұсылман болам сізге, — деді.

«Хош болар» деп, Шаһ өулие сапар қылды,
Кеме илән қырық палуанлар бірге жүрді.
Бір күнлері топан соғып, кеме сынды,
Ішіндегі халайықтары һәлак болды.

Дарияда атын жалдап, Сейіт жүрді,
Сол уақытта бір зор кеме жетіп келді.
Ол кемеге аты илән Сейіт мінді,
Ішіндегі адамлар Сейіттен жауап сұрды:

- 14590 — Не себептен бұ дарияға түстің? — дейді,
Не қылып аман жүрсің, ғажап? — дейді.
Сейіт айтты: — Бір дұшпаным болар ерді,
Әскер илән кемеге мініп құдық ерді.

Жел соғып, кемемізді һәлак қылды,
Қасымдағы ләшкерлерім суда қалды.
Бұ атты жалдап, суда жүрдім, — деді,
Құдайым сізлерді айдап кез келтірді.

- 14600 Әлқисса, ол дариядан бұнлар шықты,
Бір таудағы мәрғазадқа ұшыратты.
Ол жерде шатыр құрып, рахат қылды,
Сол уақытта бір мақұлық пайда болды.

Көрінді қырық аршындай оның бойы,
Мисли аждаһадай оның құйрығы.
Аузынан түтін шығып бұрқырайды,
Құйрығынан от шығып шашырайды.

Уа және айғай салып, сөз сөйлейді:
— Менім мүлкіме келіп жатқан кімсің? — деді.
Білмесеңдер, мен — Рағид жәду, — дейді,
Қырармын жұмлаңызды қазір, — дейді.

- 14610 Ол кемеңің бастығы Қантур ерді,
Ол Қантур қайсар қыздан туған ерді.
Жәду келіп Қантурдың қолын тұтты,
Шіріген бөздей екі пәре қылып жыртты.

Әлқисса, афсүн оқып, үшкіріп ерді,
Сол уақытта төрт жүз кісіні отқа жақты.
Уа және Сейіт хазіретке келіп ерді,
Шаһ әулие бір оқ илән атып қалды.

Малғұнның сонда оқ көзінен өтіп кетті,
Сонда малғұн сайха қылып, қашып кетті.
14620 Ол кемеден жүз кісі қалып ерді,
Сейіт сонда білдірді кендүсіні.

Анлар сонда Сейіт хазіретке басын қойды,
Аяғына жығылып, мүмін болды.
Бұнлар және кемесіне мініп алды,
Бір ай тамам болғанда, бір шаһарға келді.

Сейіт сонда: — Бұ қай шаһар? — деп сұрды,
Анлар сонда: — Барынның шаһары, — дейді.
Құмар шаһ — патшасының есімі, — дейді,
Сол уақытта бір адам жауап сұрды.

14630 Ол адам: — Қай милләттан сізлер? — деді,
Бұнлар сонда: — Бізлер —
халифадан елші, — дейді.
Анлар барып Құмар шаһқа хабар берді:
— Халифадан елші болса, келсін, — деді.

Құмар шаһ жетпіс екі кісіні һәм жіберді,
Анлар барып Сейіт хазіретті алып келді.
Құмар шаһ тағзым илән қонақ қылды,
Не себепті жүргенін ол сұрады.

Сейіт сонда халифаның қызын баян қылды,
«Рағид жәду алған» деп аян қылды.
14640 Құмар шаһ: — Сенің есімің кім-дүр? — деді,
Сейіт оған есімін һәм білдірді.

Сонда Құмар шаһ тақыттан түсіп,
тағзым қылды,
Сұлтан Сейіт хазіретке басын қойды.
Сейіттің қайратын естір ерді,
Көрерге ол Сейітке ғашық ерді.

Тақыт үстіне Сейітті ол шығарды,
Қолын қусырып Сейітке ол сөйледі.

Сейітке: — Иә, сұлтан ғалым, палуан, — деді,
Рағид жәду менім бір қызымды
және алған, — деді.

14650 Мұны жұмлалар кітап ашып қарап ерді,
«Ол жәдуны Сейітбаттал өлтірер» деді.
Бихамдилла, мүбәрак дидарыңды
көрдім, — деді,
Иләһым құтты қылсын жолыңызды.

Әгар менім келтірсеңіз ол қызымды,
Халқым илән тәсілім болам сізге, — деді.
Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Бір күн Құмар шаһпен аңға шықты.

Алдынан бір манқыш киік қашты,
Жұмласы ортаға алып, бұғау салды.
14660 Сонда киік сілкініп ерді, бұғау түсті,
Және қашты, һеш адамлар жете алмады.

Сонда Сейіт қуып жетіп, бұғау салды,
Қанша салса, ол киік құтыла берді.
Әлқисса, ол киікті Сейіт тұта алмады.
Шаршап келіп, бір суға ғұсыл қылды,

Судан шықса, ат, тоны көрінбеді.
Ғажап қалып һәр тарапқа қарап тұрды,
Бір хикметтің болғанын Сейіт білді,
Енді Аллаға мінәжат қылып, зары қылды:

14670 «Иә, Алла, Қадір, Ханнан өзің, — деді,
Пендеге не бұйырсаң, хүкімің болар, — деді.
Айрылдым атым илән жұмла құралымнан,
Таба алмай, ақылым болды менің қайран.

Һәр уақытта жәрдем берген өзің, Ханнан,
Уа және жәрдем бергіл өзің, Мәннан.
Иә, Мұхаммед Мұстафа, Сәруар жиһан,
Шапағат өзің қылғыл енді маған.

- Иә, шаһариарлар: Әбубәкір, Омар,
Осман, Әли Арыслан,
Мен болдым бұл уақытта сәргардан.
- 14680 Медет, жар енді сұрадым мен сізлерден»,
Бұны айтып, сәждеге басын қойған.
- Сол уақытта Қызыр аләйһиссалам жетіп келген,
— Басыңды көтер, ұғылым! — деп сәлем берген.
Шаһ әулие сол халде сәлем алып тұра келді,
Ғиззатлап екілісі көріс қылды.
- Иә, ұғылым, не үшін ғапыл болдың? — деді,
Ол киік Рағид жәдунің қызы ерді.
Ол саған зиян қыларға келіп ерді,
Қорқытты Мұхаммед Мұстафаның саш құрметі.
- 14690 Мұхаммед Мұстафаның мәзкүр саш құрметі,
Қолында баз уа бөнд қылып алған ерді.
Сол себеплі ол саған келе алмады,
Ол саған зарар қыларға бата алмады.
- Ол сенің алып кеткен ат, затыңды,
Апарып Рағид жәдуге берген, — деді.
Иншалла, аларсың оның жұмласыны,
Сен оны қайғы қылма қазір, — деді.
- Сарандибта ісің бар, мәлім, — деді,
Жұм көзіңді, жеткізейін соған, — деді.
- 14700 Көзім жұмдым, сол халде тұтты мені,
Сарандибта мен көрдім кендүзімні.
- Үшбу жер — атамыз сопы Алланың зираты,
Әуел уақытта салынған ғимараты.
Зиарат қылып тұра тұр, мұнда, — деді,
Келтірейін Тамус сұлтанды саған, — деді.
- Бұны айтып Қызыр аләйһиссалам ғайып болды,
Саф адамға зиарат қылып тұрдым, — дейді.
«Үш күн анда тафарраж қылып жүрдім, — деді,

- Оның бір күн қадамладым мазарыны.
14710 Ұзынлығы жүз жиырма қадам болды,
Ғажайып Хақ сәнатын білдім» деді.

Өзін жаныб

Енді Тамус сұлтанның сөзі келді,
Қызыр аләйһиссалам Тамусты:
— Жаным, — дейді.

Сейітке жәрдем бергіл қазір, — дейді,
Бұйырған әмірінше болғыл, — дейді.

Тамус сұлтан Сейітке жетіп келді,
Екі сұлтан сәлемдесіп көріс қылды.
Екісі бір-бірінен хал сұрасты,
Шаһ әулие жүрген жұмысын баян қылды:

- 14720 — Рағид жәдунің мақамына жеткіз, — деді,
Мен барарға ол жерге қиын, — деді.
Тамус сонда: — Малғұнның жері қиын, — деді,
Жеті дариядан машақат илән өтер, — деді.

Ол малғұн әккі сиқыршы, жауыз ерді,
Ол бізге ілестірмес пе зарар? — деді.
Сейіт оған: — Аяр қыл сен бізні, — деді,
Иншалла, өлтіремін ол малғұнны.

- Тамустың оған келген әскері бек көп ерді,
Мың періні аңлардан таңдап алды.
14730 Өзгесіне Шаһ сұлтан изин берді,
Мың перілер Сейітті алып жүрді.

Сейіт илән Тамусты алып ұшты,
Сейіт сонда ғажайыптарны көп көріпті.
Бір күнлері бір сахараға келіп түсті,
Ол жерді мисли жәннат ұқсас көрді.

Сейіт сонда бір мұғаззам шаһарды көрді,
Бинәсін ақ мәрмөрдан салған көрді.

Тамус сонда: — Айн әл-Құтыр үшбу, — деді,
Ол жәду келгенімізді біздің білді.

14740 Иә, Шаһ жиһан, сен енді сақ бол, — деді,
Ол малғұн қазір мұнда келер, — деді.
Сейіт сонда қылыш илән саржа алды,
Оқтарына дұға илән сөзлер жазды.

Сол уақытта Рағид жәду жетіп келді,
Қолына алмас қылыш алып келді.
Ол малғұн ақырып, нағра салды,
— Дұшпанымды келтірдің бе, Тамус! — деді.

Әуелі өлтірермін Сейітбаттал палуанды,
Андан соң өлтірермін, тоқта, сені.
14750 Ол малғұн афсүн оқып, от шығарды,
Сейіт хазіретке қаһарланып ол ұмтылды.

Сейіт сонда оғы илән атып ерді,
Малғұнның жүрегінен өтіп шықты.
Лағин сонда ат үстінен ұшып түсті,
Сейіт сонда оның басын кесіп алды.

Тыңлаңыз лағинның зорлығын,
Жүз түйені бауыздағандай қаны болды.
Тамус сонда Сейітке тахсин қылды,
Сейіттің аяғына басын қойды.

14760 Сәжде шүкір үшін, намаз қылды,
— Сұлтаным, ғазаң мақбұл болсын, — деді.
Енді бұнлар шаһарларына келіп кірді,
Һәр сарайларның қапуын ашып көрді.

Бір сарайда тұтқын болған қыздарды көрді,
Қыздар сонда қолын қусырып тұра келді.
Қыздар және ол Сейітке сөз сөйледі:
— Бү жерге адамзатлар келмес ерді,
кімсіз? — деді.

Сейіт сонда өз есімін баян қылды,
 Қыздар сонда: — Садақа Расул, — деп жылады.
 14770 Бізлер түнде көп жылап жаттық, — дейді,
 Түсімізде Мұхаммед Хабиб Алла хабар берді.

Ол бізлерге: «Көп жыламағыл, қызым, — деді,
 Ертең мұнда ұғылым Сейіт келер, — деді.
 Ол келіп Рағид жәдуни өлтірер, — деді,
 Сізлерді алып кетер мұнан» деді.

Мүбәрак дидарыңызды көрдік, — дейді,
 Бихамдул лиллаһи чоқ шүкір, — деп жылады.
 Сонда Шаһ әулие: — Жыламаңыз сізлер, — дейді,
 Иншалла, көрсетермін ата-анаңды, — [дейді].

14780 Бұнлар сонда шат болып тұра келді,
 Сейітке басын қойып, дұға қылды.
 Шаһ әулие перілердің ләшкерлеріне
 әмір қылды:
 — Бұ шаһарды талқан қылып бұзғыл, — деді.

Ғеш ғимарат қалмасын онда, — деді,
 Уа және қазыналарын алғыл, — деді.
 Перілер Сейіт хазіреттің өмірін қылды,
 Шаһардың жыға қырып, өзін бұзды.

Сонда Сейіттің ат, тонын тауып алды,
 Құдаға шүкір үшін, намаз қылды.
 14790 Сейіт және перілерге әмір, тәдбир қылды:
 — Бұ қыздарды көтеретін
 бір зор тақта жаса, — деді.

Перілер сонда бір зор тақтаны жасап алды,
 Үстіне ол қыздарды мінгізіп алды.
 Сейіт илән Тамус сұлтан бірге мінді,
 Перілер аспан ара алып ұшты.

Баршасы тамашаларды көре келді,
 Сандабардың шаһарына жақын келді.

Біреу барып, Құмар шаһқа хабар берді:
— Сүйінші, Сейіт хазіреті қызыңды алып келді!

14800 Құмар шаһ оны естіп, бек шат болды,
Ол адамға ауыр ауқат, халғат берді.
Құмар шаһ шаһардан тышыра шығып ерді,
Азимат илән перізат әскер көрді.

Құмар шаһ, беклер илән қайран қалды,
— Бұ не ғажайып халайық?! — деп есін танды, —
Әуелде жалғыз кеткен Сейіт ерді,
Иә, ғажап, бұ ләшкерді
қайдан алған?! — деп сөйледі.

Әлқисса, Тамус сұлтан періні көрді,
Жаратқан Хақ сұңғатын ғажаплады.
14810 Сейіт хазіреттің аяғына басын қойды,
Сол жерде ықылас илән мүмін болды.

Уа және рағиятыны жұмлаларыны,
Сол жерде жинап алып, мүмін қылды.
Сейіт хазіреті дін жолын тағриф қылды,
Құмар шаһпен уағдаласып, сапар қылды.

Уа және Тағанош патшаға бұнлар келді,
Қызын алып, жұмла халқы мүмін болды.
Ол дахи амандасып қала берді,
Сейіттің хикметіне жұмла қайран қалды.

14820 Андан соңыра Мысыр шаһарына бұнлар келді,
Қарун шаһ қызын алып шат болды.
Ол дахи Хақтың құдіретіне қайран қалды,
Сейіт хазіретіне ғажап қылып, дұға қылды.

Әлқисса, қырық патшалардың қызын
Сейіт берді,
Жұмласы қызын алып, Сейітке ықылас қылды.
Енді Меккеге Тамус илән Сейіт келді,
Пақырларға бес жүз мың алтын үлестірді.

- Тамус илән Мәдинеге Сейіт келді,
 Уа және мың алтын пақырларға үлестірді.
 14830 Енді келіп, Расул Аллаға зиарат қылды,
 Жүзін жерге қойып, зар жылады.
- «Иә, Мұхаммед Мұстафа» деп салауат қылды,
 Құдадан истағанат енді талап қылды.
 «Дін үшін көп қызмет қылдың, — депті,
 Сөйленер қияметкеше атың» депті.
- Сейіттің көзлерінен ол сүйіпті,
 «Жаса, күшам, ризамын саған» депті.
 Бір уақытта ұйқысы келіп, жатып ерді,
 Мұхаммед Мұстафаны түсінде көрді.

Өзін жаныб

- 14840 «Тез тұрғыл, бұ мақамнан, ұғылым, — депті,
 Бағдаттың шаһарына тез барғыл, — депті.
 Хауарижлар һұжымлық қылды анда, — депті,
 Мүмінлер сені іздеп зар жылайды» [депті].

Сейіт сонда оянып тұра келді,
 Тамус періге түсінен хабар берді.
 Тамус илән Сейіт хазіреті өзірленді,
 Перілерге көтертіп, аспанға ұшты.

- Бір сағатта Бағдатқа жетіп келді,
 Бағдатты қамаған әскерлерді Сейіт көрді.
 14850 Пайғамбар мұғжизасын заһир бұнлар көрді,
 Салауат айтып, Мұхаммедке сада қылды.

Әуелгі қисса үшбу жерде баяны тамам болды,
 Мұхаммедке, Сейітке дұға қылмақ келді.
 Оттан нәжат тілесеңіз жауыңызны,
 Жан тілімен салауат қылғыл сізлер енді.

Насырды назым жазған мен ғасы құлды,
 Кінәсін ғапу қыл деп сұра бізді.

Соғыстың бір қызығы ғажап тағы келді,
Айтармын, иншалла, ол соғысты.

Әлхамдулиллаһи рабби-аләмин уас салауат уас саламу әлә хайри халқиһи Мұхаммадин әлиһи әжмағина*.

Жиырма екінші бап. Сұлтан Сейіт хазіретінің хауариж-ларды қырғаны

14860 «Бисмиллаһи» деп уа және сөз башлалы,
«Алла бір, Мұхаммед — хақ пайғамбар»
деп башлалы.

Уа және Сейіт шаһ жиһаннан сөз ашалы,
Ықылас бірлән тыңлағанға сөз башлалы.

Сейітке хикмет берген Қадір Мәула,
Қысылса және жәрдем берген Нәби Уәли.
Сұлтан Әл-әнбия миғраж Нәби,
Көрсеткен һәр орында мұғжизатыны.

Риуаят рауиларның сөзі келді,
Айталық назым бірлән сізлерге оны.
14870 Абамүслім аталмыш бір палуан өткен ерді,
Хорасанда көп қырған хауарижларды.

Хүкім деп қойған ерді есімін,
Мәгәр анда қалып ерді иезидтің бір нәсілі.
Ол малғұн һәр жерге көп қыдырды,
Қылыпты харамлық, айла, көп ұрлықты.

Көп харами жиналып көбейіпті,
Отыз мың әскер болып ол жүріпті.
Ғеш қылмай әмір, шарғыны бұл шиырыпты,
Хауариж сол себеплі аталыпты.

* Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаға арналады және Алланың салауаты мен сәлемі жаратылыстың абзалы Мұхаммедке, оның барлық отбасына болсын.

- 14880 Бір күнлері Хайбар шаһарына ол келіпті,
Алдыннан Антур лағин жолығыпты.
Антур малғұн Хүкімге сөз айтады:
— Менде бар жиырма мың ләшкер, — деді.

Елу мың ләшкер илән біз жүрелі,
Бағдаттың шаһарыны бүлдірелі.
Оның біз халифасын өлтірелі,
Сен — халифа, мен уәзір бір болалы.

- 14890 Әлқисса, екілісі қаулы қылып жүрді,
Бір түнде Бағдатқа бұнлар қырғын салды.
Исламның ләшкерлері шаһарға кірді,
Келіп ол халифаға хабар берді.

Халифа төрт тарапқа хабар салды,
Ол келгенше хауарижлар һұжым қылды.
Бағдаттың аз ләшкерін мөлзам қылды,
Шаһарға қашып кіріп қорғалады.

Жеті күн Бағдаттың шаһарын қамалады,
Сегізінші күн оларға жақындады.
Сол уақытта халифа ағзам тамға шықты,
Басын ашып, топыраққа жүзін қойды.

- 14900 Аллаға сәна айтып, ғинаят сұрды,
Мұхаммед Мұстафадан шапағат сұрды.
Сол уақытта Сейіт хазіреті жетіп келді,
Шаһарды қамалаған әскер көрді.

Шаһ жиһан оны көріп, нағра салды,
«Иә, перілер, қырғыл!» деп әмір қылды.
Перілер хауарижларға қылыш ұрды,
Қаһар илән Сейіт және қылыш ұрды.

- 14910 Қазан соққан жапырақтай бастар төгілді,
Қан кеудені көтеріп, наһр болды.
Хауарижларға һеш рақым қылмай қырды,
Аман сұраса, оның сөзлерін тыңламады.

Бір уақытта Сейіт хазіреті
Хүкім малғұнға ұшырады,
Бір адам Сейітбатталға хабар берді:
— Бұ шаһарға келтірген Хүкім осы, — деді,
Иә, Шаһ жиһан, танымассыз мұны, — деді.

Сейіт сонда: — Әй, малғұн, білмедің бе?
Халің нешік екенін аңладың ба?
Сен халифа болар ма едің, әй, қарақшы?
Саған лайық болар ма еді алтын тақты?

14920 Білермісің Пайғамбардың тақтысын?
Бір қарақшы алар ма еді тәж, тақтысын?
Хүкім сонда: — Әй, Баттал, — деп сөйледі,
Қасад қылсам, өз мүлкіме келдім, — деді.

Абамүслім азап илән тартып алды,
Мұсылман болсаң, алып бергіл тақтысын.
Сейіт сонда жиды иезидлерді,
Ол бір малғұн, қиянатшы, залым ерді.

Пайғамбардың нәсіліне қылыш ұрды,
Қылған ісі басына оның келді.
14930 Құданың құдіретін аңласаңшы,
Пайғамбардың нәсілінен ерлер шықты.

Әһлі өлдінің өшлерін онан алды,
Тақтысын нәсіліне алып берді.
Аннан соң Хүкім малғұн күрзі алды,
Сейітті ұрайын деп оңтайланды.

Сейіт сонда көтеріп, жерге ұрды,
Қолын байлап, Қафадарға оны берді.
Антұр малғұн Сейітке хәм ұшырады,
Қафадарға оны дахи байлап берді.

14940 Нағра салып, хауарижларға және кірді,
Қаһарланып, анларға және қылыш ұрды.

Уа және перілерге Сейіт:
— Сақ бол! — деп әмір қылды,
Қашып кетіп жүрмесін, сақ бол! — деді.

Әлқисса, жәрдем қылмай,
хауариждың бәрін қырды,
Елу мыңнан нешбірін жібермеді.
Хауарижлардың бәрін қырып, Сейіт келді,
Халифа Сейітті көріп жаяу жүрді.

Сейітке тағзым илән сәлем берді,
Құшақтасып, Шаһ әулиенің көзін сүйді.
14950 Тамус сұлтан сахараға шатыр құрды,
Отырып шатырында рахат қылды.

Халифа илән Сейіт хазіреті және келді,
Ғиззатлап Тамус сұлтанға көріс қылды.
Тамус сұлтанға халифа көзін салды,
Ғажаплап шүһрасына қайран қалды.

Перізаты көрмеген жұмлалары,
Сияпат шүһрасына тахсин қылды.
Әлқисса, асап ішіп, жұмла рахат қылды,
Сейіт енді: — Хүкім илән Антұрды келтір, — деді.

14960 Хилаф қылған жазасын көрсін, — деді,
Бұнлардың терісін тірі сойғыл, — деді.
Перілер тірсегінен ағашқа оның ілді,
Терісін тірі сойып, азап берді.

Тұлыбын сабан тығып, іліп қойды,
Мүмінлердің ашуланған көңілі тынды.
Енді Сейіт Тамус сұлтанға изин берді,
Уағдаласып, аспанға Тамус ұшып кетті.

Халифа Сейіт илән шаһарға келді,
Қызын сүйіп, халифаның көңілі тынды.
14970 Әлқисса, нағра шалып, шаттық қылды,
Пақыр илән дәруішлерге мал сарп қылды.

Ол қыздың келгеніне халық қуанды,
Сейіттің кереметіне бек қуанды.

Өзін жаныб

Тағзым илә сәлем беріп, жерді сүйді,
Уа және халифаның алдына бір хат қойды.
Ол хатты Сейіт хазіреті оқып көрді,
Хатқа жазған сөзін жұмла білді.

14980 «Малатиядағы әмір Омар опат, — депті,
Уа және Сейіттің Гамайун қатыны опат» депті.
Бұ сөзні естіп, беклер кеңес қылды:
— Халифа қызын Сейітке берсе нешік, — депті.

Әлқисса, халифа, беклер мақұл көрді,
Сейітке неках қылып, қызын берді.
Сейіттің бір ұғылын Малатияға әмір қойды,
Абдулуаһапты сарғаскер және қойды.

Малатияны екі ұғылына бағышлады,
«Дұғашысы Абдулуаһап болсын, — деді.
Мен баратын іс жоқ-дүр анда, — деді,
Бұ күнде дұшпанлар мөлзам болды» деді.

Өзін жаныб

14990 Енді Ыстамбол тарапы сөзі келді,
Мөлзам болған дұшпанлардың бірі келді.
Астур қайсардың екі ұғылы ерді,
Бірінің есімі Такфур деген ерді.

Қап тауынан Сейіт алып келген ерді,
Ыстамболға падишаһ қылып қойған ерді.
Бабек малғұн оны шаһид қылған ерді,
Баян Бабектің бабында қылған ерді.

Астурдың бір ұғылы Қанатус деген ерді,
Қанатус сол мәжілісте жетіп келді.

- 15000 Ол Қанатус Сейітке келіп, басын қойды,
Сейіттен ғұзыр қылып, тілек сұрды:
— Иә, Шаһ жиһан, Сейітбаттал палуан, — деді,
Рұмға қайсар қойғыл мені, — деді.
Хараж салғыл мойнымызға біздің, — деді,
Қанша салсаң өзіңіз білің, — деді.
Жыл сайын келтірейін жанға, — деді,
Һеш қиянат қылмайын жанға, — деді.
Сейіт сонда: — Мұсылман болғыл,
бейшара, — деді,
Қалмағыл жаһаннамның ішінде, — деді.
- 15010 Қанатус сонда: — Иә, Шаһ жиһан, — деп сөйледі,
Жалғыз мұсылман болудан қорқам, — деді.
Білерсіз Рұм халқы көп-дүр, — деді,
Тәсілім болсам жалғыз, мені өлтірер, — деді.
Әлқисса, Қанатустың ғұзырын алды,
Рұмға Қанатусты қайсар қойды.
— Енді мұсылманларға
Һеш қиянат қылмаң, — деді,
Қиянат қылсаң, мен кім-дүр аңла, — деді.
Қанатусты қайсар қойып, хатты берді,
Қайсар болып Қанатус Рұмға кетті.
- 15020 Қанатустың қайсар болып көңілі тынды,
Жыл сайын хараж беріп тұра берді.
Әһлі ашқиялар қиянат мұсылманға қыла алмады,
Сейіттен қорқып, мойынын бұра алмады.
Жұмла әһлі исламлар енді шат болды,
Хараж бірлән пақыр-пұқырлар ғани болды.
Сейіттің сағадатлы дәулетіні,
Һәр жердегі әһлі исламлар көріп тұрды.
Бұ қисса үшбу жерде тамам болды,
Бір қаза Шаһ жиһанға тағы келді.

15030 Айтармын, иншалла, тағы оны,
 Мұхаммедке салауат, Сейітке дұға қылың енді.
 Оттан мінәжатласаңыз жаныңызды,
 Иләһым Салла алә Мұхаммед демек енді.

Насырды назым жазған біз ғасы құлды,
 Дұғадан ұмыта көрмеңіздер сіздер бізді.
 Тыныштық ұғылының жазған сөзі,
 Дұға деп, назар қылған сізге көзі.

Дүнияға келген жанлардың кетер өзі,
 Біліп айтсалар, артында қалар сөзі.
 15040 Талай қалған бұрынғылардан нақыл сөзі,
 Ғалымдар өлсе, хаты қалар деген сөзі.

Жиырма үшінші бап. Сұлтан Сейіт хазіретіні Тамус сұлтанның сиқыршы перілерден қорқып шақырғаны. Сейіт хазіреті ол сиқыршыларды өлтіріп келгені

Бисмиллаһи хамд иләһи сөз башлалы,
 «Пиғылымызды түзе» деп зарласалы.
 «Мұхаммед Мұстафа» деп сөз ашалы,
 «Салауат сәлем оған болсын» деп ашалы.

Сұлтан Сейіт әулиенің хикметіні,
 Естімей жүргендерге білдірелі.
 Риуаят рауиларның сөзлеріні,
 Назым бірлән баян қылам сізлерге оны.

15050 Иләһым, дүзегей ерді көңілімізді,
 Айтарға туғры қылып сөзімізді.
 Сейіт хазіреті әһлі исламлардың ғимараты,
 Құйылған ғаріптердің мінәжаты.

Шаһ жиһан бір бақшаны кезер ерді,
 Сол бақшада таң намазын оқып отыр ерді.
 Мұсылман жерлерінің патшалары,
 Аңлар да Сейіт хазіреттен жәрдем сұрды.

- Уа және жерді сүйіп, тағзым қылды,
Бір хатты Шаһ әулиеге ұсынып берді.
15060 Ол хатты Шаһ жиһан оқып көрді,
Тамус сұлтан жазыпты оны, білді.

«Жүз мың сиқыршы дию бәрі келді, — дейді,
Тоғыз ай болды, ол бізлерді қамалады.
Оның бастығы Шамама Акфал деген, — дейді,
Ол бізлерді хараб қыларға жақындады.

Алла үшін келе гөр мұнда, — дейді,
Жоқса, һәлак қылатын бізді» дейді.
Мұны естіп Сейіт хазіреті пікір қылды,
Перілерден: «Қанша жерлік?» деп сұрады.

- 115070 Перілер сонда Сейітке жауап берді:
— Адам жүрсе, үш жылдық болар, — дейді.
Бізлер қырық күнде барармыз мұнан, — дейді,
Рақым қылып жүрсеңіз анда, — дейді.

Көтерерміз біріміз сізді, — дейді,
Біріміз көтерерміз қаруларыңызды.
Біріміз көтерерміз азықтарыңызды,
Көерсіз жолда түрлі ғажаптарды.

- Әлқисса, үшбулермен Сейіт кетті,
Һеш адамларға білдірмей ұшып кетті.
15080 Бір күнлерде бір ғажап жерге келді,
Мәскунаға бариз Ғафранның есі шықты.

Ол жерді ғажап қылып, бұнлар түсті,
Ол жерде рахат қылып, ниғмат ішті.
Сейіттің үшбу жерге көңілі түсті,
— Жаталық үшбу жерге бүгін, — депті.

Перілер сонда: — Әй, Шаһ жиһан, — деп сөйледі,
Үшбу жер жатарға болмас, — депті.
Бұ жерді Тамус сұлтан білер ерді,
Арзақ жәду Тамусты мұнан қуды.

- 15090 Үшбу жер бек қатерлі жер-дүр, — деді,
Кетелік үшбу жерден тез біз, — деді.
Һәрқашан үшбу жерден жүрсек, — деді,
Түнде жүріп кетер ердік бізлер, — деді.

Сейіт сонда ант етіп, сөз сөйледі:
— Бұ жерді сайран қылмай кетпен, — деді.
Перілер көп жалынды, һеш болмады,
Киік аулап, ол жерде рахат қылды.

- 15100 Бір күні Сейіт хазіреті ұйықтап ерді,
Перілер қасындағы қорқып тұрды.
Сол уақытта ауадан бір дию келді,
Ол диюдың төрт басын бұнлар көрді.

Оны көріп перілердің құты ұшты,
Сейітті оята алмай жасырынды.
Дию сонда: — Әй, Сейітбаттал, аяр, — деді,
Жақсы пұрсат табылды маған, — деді.

Сейітті кемерінен тұтып алды,
Көтеріп, аспан ара алып ұшты.
Перілердің көзінен ғайып болды,
Сейіттен үміт үзіп, көп жылады.

- 15110 Әлқисса, ол перілер ұшып кетті,
Барып сұлтан Тамусқа хабар айтты.
Тамус мұны естіп, зар жылады,
«Аһ, Сейіт палуан, — деп көп жылады.
Біздің үміт қылғанымыз Сейіт ерді,
Енді нешік қылармыз?» деп жылады.

Өзін жаныб Кашланды өлтіргені

Енді Сейіт хазіреттің сөзі келді,
Дию малғұн көкке шығып, нағра салды.
«Сейітбаттал, талай қырдың диюларны,
Оның қанын алармын сенен, — деді.

- 15120 Талай өліп, тірілдің бұрын, — деді,
Оттың ішіне салайын сені, — деді.
Сонда тіріліп көрмессің бұ дүнианы,
Жақсы десең, барып көр ол дүнианы».

Сол уақытта Сейіт хазіреті көзін ашты,
Өзіне пікір қылып, ақылын шашты.
Құданы зікір қылып, зары қылды,
«Иә, Мұхаммед Мұстафа, — деп тіленіп,
жар қылды.

Құдай-а, құдірет бер күш, Алла, — деді,
Бұ лағинға ғалиб қылғыл мені» деді.

- 15130 Ол малғұнның төрт басында мүйіз болды,
Сейіт оның мүйізінен махкам тұтты.
Бір мүйізін жұлып алып, жерге атты,
«Әй, лағин, жерге түс!» деп, нағра салды.

Әлхасыл, төрт басында сегіз мүйіз,
Сейіт жұлса, сырқырады оның басы.
Сейіт оның мүйізінен айрылмады,
Сейітті түсіре алмай, жерге түсті.
Екісі үш күн күресіп, Сейіт жықты,
Лағинның басын Сейіт кесіп алды.

- 15140 Ол малғұн сол уақытта нағра салды,
Сайхасы жер мен көкті тітіретті.
Сол уақытта Абрақ жәду жетіп келді,
— Каһланды өлтірдің, Баттал, — деді.

Рүстем қаһарман да ажиз ерді,
Анлар да өлтіре алмай кеткен ерді.
Сен келіп өлтіріпсің мұны, — деді,
Мұның қанын сенен алмай қойман, — деді.

- Ол малғұн сиқыр оқып, топырақ шашты,
Жаһанды қараңғылық қатты басты.
15150 Сейіт сонда Қызырдың дұғасын оқып ерді,
Ол жәдудің сиқырлары батыл болды.

Ол жөдуге қылышты ұрып ерді,
Жәдуның бір қолын кесіп түсті.
Сол уақытта ол қолын алып ұшты,
Енді хамлә қыла алмай, қашып кетті.

Сейіт енді Аллаға шүкір қылды,
Аллаға сөна айтып, зар жылап, намаз қылды.
Шаһ әулие ол жерден жүріп кетті,
Жеті күнде бір шаһарға келіп жетті.

- 15160 Қабырғасының биіктігі ғажап ерді,
Биіктігі аспанға таласар ерді.
Қапуында екі арыслан тұрған көрді,
Сейітке аузын ашып, хамлә қылды.

Сейіт оның бір басын һәлак қылды,
Бірісі ол Сейіттен қашып кетті.
Сейіт хазіреті қапуға келіп ерді,
Ол қапуда жазылған жазу көрді.

- «Әй, Шаһ жиһан, палуан Сейіт, — депті,
Бұ мақамға келесің хош-хал, — депті.
15170 Бұ мәнзил — Таһмұс патшасының
қабірі, — дейді,
Бұ қапудан сен ішке кіргіл, — дейді.

Алдыңнан бір аждаһа келер, — дейді,
Оны һәм өлтірерсің, палуан, өзің, — дейді.
Уа және бір қапу бар алдыңда, жүргіл, — дейді,
Сонда жазған жазуды көргіл, — дейді.

Не сөз айтса, ол жазуды қылғыл, — дейді,
Көрерсің ғажайыпты талай, палуан» дейді.
Бұны оқып, Шаһ әулие ішке кірді,
Алдынан бір аждаһа қарсы келді.

- 15180 Шаһ жиһан «тайғ зухаки» қылышын алды,
Аждаһарды екі пәре қылып салды.

Сол уақытта залымлары зайұл болды,
Бір сарайды қарсысында және көрді.

Оның және қапуында тақтаны көрді,
Ол тақтада жазылған сөзді көрді.
«Әй, Сейітбаттал, хош келесің мұнда, — дейді,
Бү мәнзил — Таһмус патшасының жері, — дейді.

Бү қапудан ішкері кіргіл, — дейді,
Анда бар ғажайыпты көргіл» дейді.
15190 Сейіт сонда: — Ол қапудан кірдім, — деді,
Төрт тарапқа назар салып көрдім, — деді.

Ортасында тақыт Сүлеймен мисли, — деді,
Үстінде бір табытты көрдім, — деді.
Екі жағында екі табыт және болды,
Ортасында қызыл алтын тақта болды.

Ол тақтаға жазуды көп жазыпты,
Ол жазудың оқыдым жұмласыны.
«Иә, Шаһ жиһан, Сейітбаттал ғазы, — депті,
Бү мәнзилге келерсің хош-хал, — депті.

15200 Менім есімім — Таһмус патша, — депті,
Жүз мың диюлар құл болды маған, — депті.
Масхар көп перілерді қылдым, — депті,
Патшалық көп дәурен сүрдім, — депті.

Екі табыт ол менің уәзірлерім ерді,
Астурлап кітабына маһир ғалым ерді.
Мен сұрадым анлардан бір күн, — дейді,
— Ыешкім мұнда келер ме? — деген ерді.

Бұнлар сонда кітаптарын қарап ерді,
— Сейітбаттал палуан келер мұнда, — дейді.
15210 Ақырзаманның Пайғамбары
Мұхаммед болар, — дейді,
Оның нәсілінен ол палуан туар, — дейді.

Ол жүрмеген жер болмас һәркез, — дейді,
 Бізден соңыра ол мұнда келер, — дейді.
 Мен сонда: — Не үшін келер? — дедім ерді,
 — Тамус сұлтанға жәрдем үшін келер, — дейді.

Қаһлан дию аспанға алып ұшар, — дейді,
 Жерге алып, Сейіт ақыр түсер, — дейді.
 Сейіт ақыры өлтірер ол Қаһланды,
 Уа және Абрақ жәду келер сонда, — дейді.

- 15220 Оның және бір қолын Сейіт кесер, — дейді,
 Қолын алып, ол Абрақ қашар, — дейді.
 Әлқисса, бұ сөзлерді жұмла естідім, — дейді,
 Сенің үшін бір қанжарды қойдым, — дейді.

Ол қанжарда екі гауһар болар, — депті,
 Қараңғыны мұнаууар қылар, — дейді.
 Бас астында ол қанжарды алың, — депті,
 Жәдігер, сіз дұғада болғыл, — дейді.

- 15230 Сен мағрұр палуандыққа болма, — дейді,
 Бұ дүнияның опасы жоқ, жалған, — дейді.
 Бұ дүния талай жаннан қалған, — дейді,
 Соңында бір күн қалар ақыры, — дейді.

Бір аманат сөзім бар саған, — дейді,
 Ұмыта көрмессің оны, жаным, — дейді.
 Аман-есен Мәдинеге барсаң, — дейді,
 Сәлем айтқыл Мұхаммед Мұстафаға бізден, — дейді.

Шапағатынан ұмытпасын бізді, — дейді,
 Махшар күні болғанда, аһи» депті.
 Әлқисса, көп насихат ол айтыпты,
 Ол сөзді Сейіт естіп, көп жылапты.

- 15240 Шаһ өулие ол жерден тұрып кетті,
 Бұл қиуға жетіп келді.
 Бісқақтың шынжырын тұтып, төмен түсті,
 Ол қиудың түбіне барып жетті.

Ол қиуыны сайран кезіп ерді,
 Қараңғыдан һеш нәрсе көре алмады.
 Мағлұм қанжар, гауһарды қолына алды,
 Қараңғыны мұнаууар қылып көрді.

Жеті перілер шынжырлаулы отыр көрді,
 Сейітті көріп, аяғына басын қойды.
 15250 — Садақа расул Алла, — деп сөйледі,
 Хош келдің, Сейітбаттал ғазы, — деді.

Сейіт сонда: — Кім білдірді саған? — деді,
 Өздеріңді білдірші маған, — деді.
 Сонда бұнлар зар жылап, сөз сөйледі:
 — Бізлер — Тамус сұлтанның уәзірі, — деді.

Абрақ малғұн бізлерді тұтып алды,
 Жүз жыл болды, бұ зынданға салып қойды,
 Бүгін түнде көп жылап жаттық ерді,
 Түсімізде Расул Мұхаммед хабар берді:

15260 «Сорлы, зарлық қылмаңыз енді, — дейді,
 Ертең мұнда Сейіт ұғылым келер, — дейді.
 Сізлерді халас қылар мұнан, — дейді,
 Уа және Тамус сұлтанға апарар» дейді.

Шаһ әулие мұны естіп, пікір қылды.
 Аллаға сәна айтып, шүкір қылды.
 Анлардың бағ-бұғауын жұмла шешті,
 — Ол малғұнның жері қайда, көргіз? — деді.

— Ол малғұнның білмейміз жерін, — деді,
 Бұ жерге келіп-кетіп жүрер, — деді.
 15270 Сейіт сонда пікір қылып отыр ерді,
 Біріне-бірін соғып, һәлак қылды.

— Әй, ғайыр, келдің бе мұнда? — деді,
 Абрақ жәду іздеткен сені, — деді.
 Бір қолын кесіпсің оның, — деді,
 Каһланды өлтіріпсің сен және, — деді,

Оның үшін алайын, — деп хамлә қылды.
Сейіт сонда жұмырық илән ұрып жықты,
Уа және кеудесіне Сейіт шығып алды,
— Тез мұсылман болғыл! — деп, нағра салды.

15280 Сонда Сейіттің сөзін қабыл қылды,
Уа және иман айтып, иқрар қылды.
— Біз әуелде мұсылман перілер ерді,
Онымызды Абрақ жәду қапуға салды.

Үшеуімізді бұ залым хурр әйлады,
Жетеуімізді қорқытып, дінін бұзды.
Ол алтаусын келтірейін сізге, — деді,
Анлар һәм мұсылман болып ерер, — деді.

Изин берді, ол анда ұшып кетті,
Бір сағатта алтысын алып келді.
15290 Арасында біреуін Сейіт ғажап көрді,
Жүзі раушан, толған айдай балқыр көрді.

Сейіт оның ғажап қылып, атын сұрды:
— Бұның аты — Қаһрабан палуан, — деді,
Атасы — дию, анасы жын мұның, — деді.
Біздің сәруар сұлтанымыз осы, — деді,
Тәдбірінде болармызлар мұның, — деді.

Сейіт енді Қаһрабаннан сөз сұрады:
— Ол малғұндардың мәнзилдері қайда? — деді.
Сол уақытта Қаһрабан сөз сөйледі,
15300 Ғажайып көргендерін көп сөйледі:

— Қаһлан бек лағин, малғұн ерді,
Абрақ жәду сиқырлыққа маһир ерді.
Бұ жерге Рүстем илән Қаһарман келіп ерді,
Ажиз қылып, өлтірмей кетіп ерді.
Уа және хазіреті Әли келіп ерді,
Сонда қорқып, ол залым ерді.

Бір күнлері хазіреті Әли дүния салды,
Оны естіп, ол және қайтып келді.
Қаһланды өлтіріпсің, сен, жақсы, — деді,
15310 Кесіп Абрақтың қолын, — деді.

Ол малғұн афсұн оқып, қолын жазды,
Оның бар Сағида атты қызы, — деді.
Әгар оны мұсылман қылсаң, Шаһ уәли,
Көп диюлар мұсылман болар сізге, — деді.

Сейіт сонда: — Сұра, — деді, — ол малғұнды,
Бү күнде қайда болар малғұн? — деді.
— Бү күнде аңға кетті малғұн, — деді,
Иншалла, тез келер мұнда, — деді.

Сол уақытта бір нағра пайда болды,
15320 Жер-көкті тітіретіп, жетіп келді.
— Әй, Сейітбаттал, ғайыр, ғажап, келдің бе?!
Ажалың, ажалың айдап мұнда, — деді.

Бір шынардың терегін суырып алды,
Сейітті қаһарланып салып қалды.
Сейіттің жолдастары үміт үзді,
«Есіл ер һәлак болып қалды-ау!» десті.

Сонда Сейіт кейін секіріп, кейін тұрып ерді,
Шынар сонда балшыққа батқандай көрінбеді.
Малғұн сонда мақтанып, сөз сөйледі:
15330 — Батталға сол керек, — деп сөйледі.

Сейіт сонда қолтығынан шалып ерді,
Қиярдай таза піскен екі бөлді.
Малғұнның сиқырлығын тыңла енді,
Кесілген жарты тәнін жұтып, сағы болды.

Әлқисса, Сейіт хазіреті жетпіс екі бөліп ерді,
Һәр кесігін жұтып алып, сағы болды.
Сол уақытта Абрақ жәду сөз сөйледі:
— Әй, Баттал, бүгін ғазанды қойғыл, — деді.

Күн кеш болып, батты ғой қазір, — деді,
15340 Ертең саған келейін өзім, — деді.
«Хош, болар» деп Сейіт оны қоя берді,
Ол малғұн ләшкерлеріне қайтып кетті.

Сейіт және жолдастарына келіп ерді,
Перілер Сейіттің аяғын құшақтады.
Бір шашмадан таһарат алып, намаз қылды,
Уа және тағам асап, рахат қылды.

Уа және сабах садық таң да туды,
Шамшылар ләшкер илән және келді.
Бір дию мұнарадай көрініп келді,
15350 Мүйізі қарағайдай көрінеді.

Сейітке нағра салып, сайха қылды:
— Атамды өлтірдің бе, Баттал, — деді.
Рүстем, Қаһарман да ажиз қылып ерді,
Өлтірдің менім атамды нағып? — деді.

Қаһраба шаһ Сейітке һәм сөйледі:
— Бұ келген — Қаһланның ұғылы, — деді.
Қолында тау мысалы оның күрзі,
Ат қойған «дәлшәмшад» деп оны пері.

Сейіт енді дәлшәмшадын тартып алды,
15360 Басынан айналдырып, қойып қалды.
Сол халде ол малғұн көрдік болды,
Жаһаннамның ішінен орын алды.

Сейіт енді дәлшәмшадын қолына алды,
Келіп ол диюларды ұра берді.
Қаһрабаның алты перісі һәм хамлә қылды,
Әлқисса, төрт мың диюды хараб қылды.

Сейітке және құп суретлі дию келді,
Сол уақытта Қаһраба шауып келді:
— Иә, Шаһ жиһан, сақ бол, қабыл қыл бұған, — деді,
15370 Бұ келген — Абрақтың қызы, — деді.

Аңсыз қалып, қаһар илән өлтірме, — деді,
Мұсылман болса, пайдасы тиер мұның, — деді.
Сонда ол қыз Сейітке келіп ерді,
Жұмырық илән бір ұрып, оны жықты.

Қолына қанжарын алып һәм ұмтылды,
— Тез мұсылман болғыл! — деп һәм ақырды.
Қыз сонда ол Сейітке һәм сөйледі:
— Каһрабанға берсең, мұсылман болам, — деді.

Сейіт сонда ол қызға һәм сөйледі:
15380 — Хош болар, қалағаның болсын, — деді.
Қыз сонда Сейіт хазіретке басын қойды,
Сол жерде иқрар қылып, мүмін болды.

Сейіт енді бұ іске бек шат болды,
Құдаға шүкір қылып, дұға қылды.
Сол уақытта диюлар қаптап ерді,
Сейіт сонда дәлшәмшадпен ұра берді.

Каһраба алты дию илән және қырды,
Сейіт және нағра салып қаһарланды.
Сол уақытта үш мың дию қырылыпты,
15390 Диюлардың ләшкерлері енді қорықты.

Бір мың дию сол уақытта мүмін болды,
Оны көріп Абрақ жәду нағра салды.
— Әй, саш гәмлек сенің ісің осы ма? — деді,
Не үшін қылыш ұрдың бізге? — деді.

Сол уақытта Каһрабаға Абрақ ұшырады,
Көтеріп алып аспанға ұшып қашты.
Каһраба сонда Сейітке сайха қылды:
— Мені ұмытып кете көрме, палуан, — деді.

Сейіт сонда диюларға өмір қылды:
15400 — Күшіңіз жетсе, жүріп алғыл, — деді.
Мұсылман перілердің жұмласы қуып ерді,
Құтқара алмай, жұмласы қайтып келді.

Оның үшін Шаһ әулие бек қайғырды,
 Қыз сонда: — Қайғы қылма, — деп үгіт берді.
 Абрақ жәду ол менен қорқар, — деді,
 Каһрабаны өлтірмей сақтар, — деді.

Сейіт хазіреті ол қыздан һәм сұрады:
 — Ол малғұнды табармыз қайдан? — деді.
 — Оның бар Саһил деген бір інісі,

15410 Мақамы Қап тауынан әрмен, — деді.

Мұхиттың дариясында, жазирасында
 Берік қылып салынған қабырғасы.
 Абрақ жәду сол жерге барған, — деді,
 Тұра алмас онан ғайр жерге, — деді.

Сейіт енді такаффара қылып, ойға қалды,
 «Бармасам, хараб қылар оны, — деді.
 Каһрабаға бармасам мен мұнан, — деді,
 Оның көңілі қала-дүр менен» деді.

Қыз сонда ол Сейітке сөз сөйледі:
 15420 — Барған бірлән ол малғұн болмас, — деді.
 Оның бар мұхиттың дариясында бір сандығы,
 Болады-дүр оның ішінде оның жаны.

Жер-көкке көгершін фатра құс мисли оның жаны,
 Қарасалар, оны таппас һешкім, — деді.
 Һешкімнің қолы жетпес оған, — деді,
 Мәгер Сүлейменнің жүзігі алұр, — деді.

Сейіт сонда бұл іске қайран қалды,
 — Ол жүзікті табармыз қайдан? — деді.
 Қыз сонда: — Ол жүзікті мен білем, — деді,
 15430 Ол жүзік сол патшаның қолында, — деді.

Мен қызмет қылармын сізге, — деді,
 Апарармын Саһилге сізні бір күн, — деді.
 Әуелі Тамус сұлтанға біз баралық,
 Жәдулерден Тамусты құтқаралық.

Андан соң тәдбирді біз қылалық,
Алла қосса, әуелі біз баралық.
Мұны естіп Шаһ әулие шат болды,
Диюларға көтертіп, бұнлар ұшты.

Өзін жаныб

15440 Диюлар аспан ара алып ұшты,
Бір күнлері Зер шаһарына жетіп келді.
Сейіт келіп, ол шаһарға көзін салды,
Атырабында шатыр құрған ләшкер көрді.

Шаһ уәли қасындағы диюларға әмір қылды,
— Сізлер ауа жүзінде тұрғыл, — деді.
Ғешбірісін жібермеңіз сізлер, — деді,
Мен мұбараз қылайын жерде, — деді.

15450 Сейіт келіп бір биік тауға шықты,
Қаһарланып бір нағраны салып қойды.
Ол нағраның даусы ғажап болды,
Жер мен көкті тітіретіп, тауды жарды.

Акфәл илән Шамама есін танды,
Тақтысынан жығылып, қайта тұрды.
— Иә, ғажап, бұ сағиқа не-дүр?! — деді,
Біздің кебі диюларды жықты, — деді.

Акфәл сонда: — Бұл Сейітбаттал болар, — деді,
Тамусқа жәрдем үшін келген, — деді.
Тамус сонда естіді бұ дауысты,
— Иә, ғажап, бұл — Сейіттің даусы! — деді.

15460 Сонда Тамусқа бір пері жауап берді:
— Сейітті Қаһлан жәду алып кетті.
Алтауымен бірге болған, — деді,
Не оқиға болған-дүр білмен, — деді.

Тамус сонда: — О, Алла, — деп сөйледі,
Сейіттен ғайрға бұ нағра болмас, — деді.

Сол уақытта үш пері жетіп келді,
Тамусқа тағзым илән сәлем берді.

Тамустың аяғына басын қойды,
Тамус сонда: — Мархабан, хош келдің, — деді.
Сіз кеткелі бір жүз жыл болып ерді,
15470 Жаным, сізлер қай тараптан келдің? — деді.

Анлар сонда: — Сұлтанымыз, тыңла, — дейді,
Бізді Абрақ жәду ұрлап ерді.
Апарып бір қапасқа салып ерді,
Сұлтан Сейіт келіп, ол халас қылды.

Каһлан илән ұғылын ол өлтірді,
Абрақтың қызын мұсылман және қылды.
Қырық мың мүмін қылып, мұнда келді,
Қазір келіп, нағра салған Сейіт, — деді.
Бұны естіп Тамус сұлтан шат болды,
15480 Тезлік илән ләшкер алып, тышыра шықты.

Өзін жаныб

Акфөл дию һайбат илән нағра салды,
— Әй, Баттал, ажалың айдап келді, — деді.
Төрт жүз батпан күрзисін қолына алды,
Ләшкерлеріне «қапта» деп өмір қылды.

Диюлар сол уақытта қаптап ерді,
Шаһ әулие қаһарланып нағра салды.
Диюлардың көптері есін танып сандалды,
Сейіт сонда қылыш илән қыра берді.

Бір сағатта төрт мың дию қалды,
15490 Шаһ жиһанның бір қылын кесе алмады.
Және Сейіт хазіреті Акфөлға ұшырады,
Сейітке малғұн сөз сөйледі:

— Әй, Баттал, аярлықты қылдың, — деді,
Жаһанды хараб қылып болдың, — деді.

Қаһланды өлтіріпсің анда, — деді,
Оның қанын алармын сенен, — деді.

Сейіт сонда қаһарланып қылыш ұрды,
Екі бөліп, жаһаннамға Акфәлды жөнелдірді.
Енді перілердің көпір,

15500 мұсылманлары соғыс қылды,
Сейіт сонда тамаша қылып тұрды.

Аспаннан бұршақ кебі бас төгілді,
Жаңбыр кебі уа және қан төгілді.
Шамама сол уақытта Сейітке келді,
— Акфәлды өлтірдің бе, Баттал, — деді.

Мың жаныңнан қалдырман бір жаныңды,
Ғайрлардай оңай көрме мені.
Сейіт сонда: — Мұсылман бол, бейшара, — деді,
Жаһаннамның ішінде қалмасын жаның, — деді.

15510 Ол малғұн үшбу сөзді тыңламады,
Сейіт сонда қылыш илән салып қалды.
Сол уақытта бір қолын кесіп түсті,
Қолын алып, ол Шамама қаша берді.

Ол малғұн аспанға ұшып қашып ерді,
Артынан Рағид қойып кетті.
Қыздың кеткенін Сейіт білмеді,
«Ол қыз қайда кетті?» деп қайғы келді.

15520 Бір уақытта Рағид қыз жетіп келді,
Шамама жәдуі қолын байлап, алып келді.
Сейіт сонда Рағид қызға қайран қалды,
Шамаманы келтіргенге бек шат болды.

Шамамаға Сейіт: — Иман келтір, — деді,
«Алла — хақ, Мұхаммед — Хабиб Алла» дегіл енді.
Шамама сонда: — Мың жыл ғұмыр сүрдім, — деді,
Ғұмырымда есітпедім мұндай сөзді.

Сейіт сонда перілерге: «От жақ» деді,
 Перілер отты жағып, оны салды.
 Малғұн от ішінде шыңғырады,
 Жаны шығып, жаһаннамға жөнелді.

15530 Бұдан соң Тамус, Сейіт көріседі,
 Бір-бірінен хал сұрасып шаттанады.
 Әлқисса, патша, беклер шаһарға келді,
 Тамусқа дұшпан болғандар және келді.

Тамустың аяғына басын қойды,
 Мұтиғ болып, жұмлалары ықлас қылды.
 Һәр жердегі басын тартқан залымлары,
 Жұмласы Сейіттен қорқып, мұтиғ болды.

Өзін жаныб

Қаһрабаны іздегені һәм Абрақты өлтіргені

Әлқисса, ол шаһарда үш ай тұрды,
 Сейіт енді Рағид қызға сөз сөйледі:
 — Қаһрабаны ізделік енді, — деді,
 15540 Нешік халас қылармыз оны? — деді.

Рағид сонда: — Сіз захмат шекпе, — деді,
 Жүзікті келтірейін сізге, — деді.
 Сейіт оған: — Бұл ісің болмас, — деді,
 Өзім көрем жолда түрлі захматларды.

Сонда Рағид жиырма мың ләшкер алды,
 Тамус сұлтан он мың ләшкер және алды.
 Диюларға азық, құралын ол көтертті,
 Жұмласы аспанға ұшып, сапар қылды.

15550 Бір күнлерде Қап тауына келіп түсті,
 Ол жерде түрлі ғажап жерді көрді.
 Топырағы күміс илән зағышыран ерді,
 Шөптері миск ғинбар ислі ерді.

Сол жерде рахат қылып бұнлар қонды,
Рағид қыз Сейітке құп сөз айтады.
Бір күнлерде Қаһлан, Абрақ келіп қонды,
Мақсұдлары Саһил падишаға бармақ ерді.

Түн ішінде үшбу таудан ләшкер келді,
Анлар келіп, көп диюларды хараб қылды.
Сейіт сонда: — Алла — кәрім өзі, — деді,
15560 Не бұйырса, қалағаны оның болар, — деді.

Екіміз күзетелік бұ әскерлерді,
Көрерміз не келген сонда, — деді.
Әлқисса, күзетіп ол ләшкерді жүрген ерді,
Рағид қыз бір уақытта ұйықтап қалды.

Күзетіп Сейіт өзі жүрген ерді,
Алыстан екі шұғыла шам көрінді.
Алдынан Шаһ әулие барып ерді,
Үш жүз аршын, қад қаматы дию келді.

Көрінген екі шұғыла көзі ерді,
15570 Жарқырап, от мысалы жанар ерді.
Басы бар мисли тамның төбесіндей,
Қолы бар мисли шынардың ағашындай.

Аяғы бар мисли пілдің аяғындай,
Көрмеген неш диюды Сейіт мұндай.
Зәңгі сонда Сейіттен сөз сұрады:
— Не мақлұқсың бұ жерге келген? — деді.

Сейіт сонда: — Мен адамзат болам, — деді,
Мен — Мұхаммед пайғамбардың үмбеті, — деді.
Сейітті қаһарланып ұрып ерді,
15580 Күрзісі жерге барып, жатып тұрды.

Сейіт сонда секіріп кейін тұрды,
Уа және нағра салып, ұрып жықты.
Ол зәңгінің кеудесіне мініп алды,
— Тез мұсылман болғыл, — деп, нағра салды.

Зәңгі сонда Сейітке сөз сөйледі:
 — Бір жұмырықпен мені жыққан кімсің? — деді.
 Кім боласың, асыл затыңды білдір? — деді,
 Менім кебі аждаһаны жықтың, — деді.

15590 Сейіт сонда кендүсті баян қылды,
 Һәр ықылымларға жүргенін аян қылды.
 Зәңгі сонда: — Естір ердік сені, — деді,
 Ғашық болып жүр едім саған, — деді.

Мұсылманлықты білдіргіл маған, — деді,
 Шын ықлас қыламын саған, — деді.
 Сейіт сонда ислам дінін баян қылды,
 Зәңгі сонда иман айтып, иқрар қылды.

— Әлхамдулилла, дидарыңды көрдім, — деді,
 Мұратыма еріштім, — деп шүкір қылды.
 Әй, палуан, сен сабыр қылып тұрғыл, — деді,
 15600 Мен барып ләшкерлеріме келем, — деді.

Жүз мың зәңгі хүкімімде менім, — деді,
 Жұмласын тәсілім қылам сізге, — деді.
 Шаһ жиһан Сейіт ләшкерлеріне қайтып келді,
 Рағид қыз Сейітке жүріп келді.

— Ғафлат ұйқы келіпті маған, — деді,
 Дауысыңды естіп, мен келдім саған, — деді.
 Не іс көрдің, иә, сұлтан ғалым? — деді,
 Не себеплі нағра салдың, Шаһ жиһан? — деді.

15610 Сейіт сонда көргенін баян қылды,
 — Хонхар падишаны мұсылман қылдым, — деді.
 Ертең мұнда келе-дүр жұмла, — деді,
 Сол уақытта сабах садық таң да туды.

Қырық мың ләшкер Хонхарша жетіп келді,
 Һәр қиудан бір табақ жауһар берді.
 Сейіттің хозурына тағзым қылды,
 Жұмласы тәсілім болып, мүмін болды.

Сейіт енді Саһилге жүрмек болды,
 Хонхарша: — Менде бірге жүремін, — депті.
 Сейіт аңа: — Хош болар, жүресің, — деді,
 15620 Не қызметке барарсың анда? — деді.

Хонхар сонда Сейітке жауап берді:
 — Саһилдің мен қызына ғашық, — деді.
 Ол қызының есімі Жаһил ерді,
 О дахи мені жақсы көрер ерді.

Сізде хикметтің дәулеті болар, — деді,
 Сол қызды алып бергіл маған, — деді.
 Сізлер ілгері жүре тұрғыл, — деді,
 Барармын бір жағынан мен де, — деді.

Әлқисса, пері илән диюлардың ләшкерлері
 15630 Сейітті көтеріп алып, аспанға ұшты.
 Тастары лағыл, жауһар, маржан ерді,
 Шоқылары зағыпыран миск ислі ерді.

Сейіт сонда сұрады үшбу жерді,
 Перілер сонда: — Қап тауынан өттік, — деді.
 Бұ жерді Харамбад дейді, — деп сөйледі,
 Падишасының есімін Саһил дейді, — деді.

Сол көрінген тау артында шаһары, — деді,
 Бұ сөзді Рағид қыз айтып тұрды:
 — Сізлер енді бұ арада тұрғыл, — деді,
 15640 Саһилге мен барайын енді, — деді.
 Саһил көнер сөзіме менім, — деді,
 Көнбесе, сіз келерсіз сонда, — деді.

Өзін жаныб

Бірнеше диюлар илән Рағид кетті,
 Саһилге бұнан бұрын хабар келді.
 Саһил мұны естіп, тышыра шықты,
 Рағидты көріп, ол сәлемдесті.

Рағидты құшақтап, жүзін сүйді,
 Ғиззатлап сарайына алып келді.
 Алдына түрлі ниғмат, ас келтірді,
 15650 Арап-шарап ішерге һәм келтірді.

Қыз сонда ол ниғматтардан асады,
 Неше таклиф жалынсалар тыңламады.
 Саһил сонда Рағид қызға сөз сөйледі:
 — Сенің халің мағлұм болды, — деді.

«Сейіт мұсылман қылған» деп естілді,
 Үшбу сөз рас екен, білдік енді.
 Баттал жолдан аздырған сені, — деді,
 Зынданға тез апарып салғыл, — деді.

Рағидті зынданға салып қойды,
 15660 Қасына ерген диюлары қайтып кетті.
 Сейітке бұнлар барып, хабар берді,
 Тамус илән Сейіт хазіреті бұны білді.

Таң туғанша екілісі мәжіліс қылды,
 Сабах садық таң туғаннан соң, шаһарға жүрді.
 Саһилге «Баттал келді» деп хабар берді,
 Саһил сонда жүз мың ләшкер алып шықты.

Майданға Саһил келіп, нағра салды,
 — Әй, Баттал, не үшін келдің мұнда? — деді.
 Ғайрлардан жеңіл көрме мені, — деді,
 15670 Ажалың айдап келген-дүр сені, — деді.

Ол енді афсүн оқып, топырақ шашты,
 Сейіттің ләшкерін зұлмат басты.
 Уа және ләшкерлерінің қолы байланды,
 Анларда дауыс қылар хал болмады.

Сонда Сейіт Қызырдың дұғасын оқып ерді,
 Ол зұлмат ашылып, жарық болды.
 Уа және сиқыр оқып, оттар шашты,
 Сол уақытта көп диюлар отқа жанды.

Сейіт және дұғасын оқып ерді,
15680 Оты сөніп, сиқырлары мөлзам болды.
Саһил сонда Сейітке жетіп келді,
Сейітті ұрайын деп күрзі алды.

Сейіт оның күрзисін тартып алды,
Күрзисін ләшкеріне лақтырды.
Саһилге Сейіт бір жұмырық ұрып ерді,
Мұғаллақ төбесінен ол жығылды.

Кеудесіне шаһин кебі мініп алды,
— Жоқ десең, басыңды кесем қазір, — деді.
Сейіттің екі қыла алмай әмірін,
15690 Жатқан жерде иман айтып, мүмін болды.

Тұра келіп, Сейітке басын қойды,
— Сұлтаным, шаһарға жүр, — деп тағзым қылды.
Сейіт сонда: — Хош, әуел, — деп шаһарға келді,
Уа және сарайларға көзін салды.

Сарайлардың бинасын ғажап көрді,
Кірпіштері алтын илән күміс ерді.
Ортасында төрт тақтың және көрді,
Аяқтары лағыл илән маржан ерді.

Төрт гауһарны және көрді,
15700 Шұғыласы шамнан жарық көрінеді.
Сейіт хазіретін ол тақытқа отырғызды,
Алдына түрлі ниғматларды һәм келтірді.

Сейіт сонда: — Бұ ниғматларды жемен, — деді,
Мәгәр Рағид қызды келтірсең жермін.
«Мархабан» деп, Рағид қызды алып келді,
Уа және ол тақтыға отырғызды.

Жұмласы асап ішіп, рахат қылды,
Уа және мәжіліс қылып, хош сырласты.
Бір уақытта Саһилдің ләшкерінен хабар келді.
15710 «Хонхар зәңгінің ләшкерлері келді» дейді.

Саһилдің ләшкерлері қорқып келді,
Саһилдің және қорқып, қаны солды.
Сейіт сонда: — Бұ не хал? — деп сұрады,
Сейітке Саһил патша жауап берді:

— Біздің бір дұшпанларымыз болар, — деді,
Зәңгілердің падишасы Хонхар, — деді.
Өзі мықты, бір залым малғұн, — деді,
Бақшамызға ләшкер илән келген, — деді.

15720 Сейіт сонда: — Қауіп қылмаңыз онан, — деді,
Мен мұсылман қылғанмын оны, — деді.
Бұны естіп Саһил патша шат болды,
Ол кеш ғайш-ғишратқа мәшғұл болды.

Уа және сабах садық таң да туды,
Хонхар зәңгі, қырық мың ләшкері жетіп келді.
Сейітке ғиззат илән сәлем берді,
Сейіттің аяғына басын қойды.

15730 Саһил және Тамус сұлтанды қонақ қылды,
Ғажайып бақшаларын сайран қылып.
Ол бақтың ішінде сарай көрді,
Дийары алтын илән күміс ерді.

Төбесін зүбәржадтан жапқан көрді,
Ішінде түрлі ғажап хикмет көрді.
Ішіне кіріп һәр адамлар қарап ерді,
Машриқ, мағрибты заһир көрді.

Сейіт илән Тамус сұлтан оны көрді,
Хонхар зәңгі ғажайыпты бірге көрді.
Сейіт енді Саһилден мұны сұрды:
— Бұ сарайды кім салған, ғажап?! — деді.

15740 Саһил сонда бұнларға жауап берді:
— Таһмус патша тылсым илән салған, — деді.
Және Сейіт Саһилге сөз сөйледі:
— Сізде екі қызметіміз болар, — деді.

Саһил сонда: — Мархабан, хош сөйле, — деді,
Бар болса қызметіңіз не алғыл, — деді.
Сейіт онан Сүлейменнің жүзігін сұрды,
— Бірісі, Хонхарға қызыңды бергіл, — деді.

Саһил мұны естіп, көп пікір қылды,
— Абрақ жәдуді өлтірермісің? — деп сұрады.
Сейіт сонда: — Мұсылман болмаса, өлтірем, — деді,
15750 — Хош болар, — деп, жүзікті алып берді.

Менім қызым саған қарындас болды, — деді,
Кімге берсең, ықтияр сенде, — деді.
Жеті күн Саһил падиша тойды қылды,
Некелеп, Хонхар падишаға қызын берді.

Жоғарғы төрт гауһар шамшырақ тасты
Сейітке «Жәдігер болсын» деп және берді.
Әлқисса, Саһил падиша көп сыйлық берді,
Енді патшалар шат болып, қайтпақ болды.

Саһилмен уағдаласып, бұнлар жүрді,
15760 Аспанға ұшып, Хонхардың жеріне келді.
Ол жерге бұнлар түсіп, рахат қылды,
Хонхармен уағдаласып және жүрді.

Жұмласы аспанға ұшып, сайран қылды,
Ғажайып, түрлі алуан, бек көп көрді.
Мұхиттан, алты дарияны өтіп ұшты,
Бір күнлері Аутарының қаласына жетіп келді.

Аутар деген бек сиқыршы патша ерді,
Бұнлардан хабар естіп, ләшкерін алып шықты.
Сейітке қарсы келіп тұра қалды,
15770 Қад қаматы жетпіс аршын болар ерді.

Сейітке сайха қылып, сөз сөйледі:
— Бұ жерге не үшін келдің? — деп сұрады.
Сейіт сонда: — Мен — Сейіт, — деп сөйледі,
Атаң жазған хат бар менде, — деді.

Әуелі хатын оқып көргіл, — деді,
 Жұмла жазған сөзіні білгін, — деді.
 Жазған хатқа тәсілім болсаң, — деді,
 Маған да тәсілім болып, ергіл, — деді.
 15780 Өгар тәсілім болмасаң маған, — деді,
 Сонда соғыс қыларсың маған, — деді.

Бұны айтып, Саһилдің хатын берді,
 Ол хаттың сөзін оқып, Аутар білді.
 «Ұғылым, сен тәсілім болғыл Сейітке, — депті,
 Һешкімнің халі жетпес оған, — депті.

Қылыш тұта көрмеңіз оған, — депті,
 Һеш мақлұқ шақ болмас оған» депті.
 Аутар хаттың сөзін жұмла білді,
 Сол арада көп пікір қылып тұрды.

Сейіт сонда: — Неге тұрасың босқа? — деді,
 15790 Иә, тәсілім, иә мұбараз қыл, қазір, — деді.
 Аутар енді мұбараз қыла алмады,
 Сейітке тәсілім болып, мүмін болды.

Сейіт енді Аутарға разы болды,
 — Абрақ жәду қайда? — деп және сұрды.
 — Абрақ жәду аңға кетіп қалған, — деді,
 Ол дахи қазір мұнда келер, — деді.

Шаһ әулие Каһрабаны және сұрды:
 — Ол қайда қазір, мұнда келтір, — деді.
 — Ол Каһраба қапаста жатыр, — деді,
 15800 Сиқыр илән байлап қойған оны, — деді.

Оны келтіруге болмай-дүр һешбір, — деді,
 Мәгәр оны Абрақтың қаны халас қылар, — деді.
 Өгар Абрақты өлтірселер һәркім, — деді,
 Қолын кесіп, қанына суартса, — деді.

Сонда Каһраба халас болар онан, — деді,
 Падишаһ жиһан, біз білсек солай, — деді.

Қыз илән Сейіт хазіреті жүрді, — деді,
Дарияға келіп, жүзікті ұрды, — деді.

15810 Дейді Сейіт хазіреті: — Әй, теңіздің Тәңірісі!
Сеңа мағлұм-дүр жұмла құлдың нидасы.
Бізге бергіл жәду малғұнның жаныны,
Кетіретік бұ өлемнен шарыны.

Сонда дария құдіреті Алла жош әйлады,
Бұнлардың қарсысына сандық келді.
Сандықты Сейіт сонда алып көрді,
Ішінде жатқан көгершінді ұстап алды.

Сол уақытта Абрақ жәду жетіп келді,
Жер-көкті тітіретіп, нағра салды.
— Әй, Баттал, нешік келдің мұнда? — деді,
15820 Қалдырман мың жаныңнан бір жаныңды.

Сейіт сонда: — Әй, малғұн, залым, — деді,
Әуре болмай, тез мұсылман болғыл, — деді.
Сендей малғұнды өлтіргенмін талай, — деді,
Жаһаннамға жібергенмін көп малғұнды.

Ол малғұн ол сөзні тыңламады,
Сейітті ұрайын деп хамлә қылды.
Сейіт сонда көгершіннің басын үзді,
Абрақ сонда көктен жерге кеп түсті.

Сейіт оның қолын кесіп алды,
15830 Каһрабаның қолына оны жағып ерді.
Сонда Каһраба «иә, Алла» деп тұра келді,
Сейіттің аяғына басын қойды.

Сол жерде Каһраба көп жылады,
Сейіт оған «жылама» деп көзін сүйді.
Аутардың шаһарына келіп түсті,
Бірнеше күн ол шаһарда қонақ болды.

- Аутармен уағдаласып бұнлар жүрді,
Рағид қыздың шаһарына келіп түсті.
Той қылып, Каһрабаға қызды берді,
15840 Мақсұдын екісінің хасыл қылды.
- Сейіт енді Тамус сұлтанға изин берді,
— Мен баратын қызмет жоқ анда, — деді.
Құдайым аман қылсын жұмламызды,
Көңілімізден тастамай Мәуламызды.
- Ұмытпаңыздар һәм Мұхаммед Мұстафаны,
Жұмла қуат бабамның мұғжизасы.
Уа және Каһрабаға Шаһ әулие һәм сөйледі:
— Мен енді өз жұртыма қайтам, — деді.
- Әлхамдулилләһи, дін дұшпаны тамам болды,
15850 Сізлер енді өз жұртыма жеткіз, — деді.
Сонда бұнлар Сейітке көп жылады,
«Енді қашан көреміз?» деп жылады.
- Бізлер зұлматтың қапусында болар ерді,
Шығардың ол зұлматтан нұрға бізді.
Падишаһ жиһан, дұғадан ұмытпа бізді,
Иқрар қылдық Хақ Мұхаммед Мұстафаны.
- Сәлем айтқыл, көрсең сәруар Мұхаммедті,
Ұмытпасын шапағатынан біз ғаріпті.
Енді Шаһ жиһан жұбатты үшбулерді:
15860 — Шапағат сұрасаңыз,
маһкам тұтыңызлар діндеріңізді.
- Құдайым аман қылсын сізді, бізді,
Саламат ақырғы демде иманымызды.
Әлқисса, уағдаласып сөзі бітті,
Үш мықты диюларды әзірлетті.
- Бірісіне асайтұғын азық берді,
Бірісіне қару илән жауһар берді.

Бірісіне Шаһ әулиені көтертеді,
«Хош бол» деп, аспанға ұшып кетті.

15870 Ғажайып-ғарайыпты көріп жүрді,
Бір күнлерде Малатияға келіп түсті.
Сейіт хазіреті диюларға рұқсат берді,
Диюлар уағдаласып, қайтып кетті.

Шаһ жиһан «иә, Алла» деп сада қылды,
Жаранлары дауысын танып, қапу ашты.
Ол шаһардан Сейіт кеткелі үш жыл ерді,
Сейіттің қайда кеткенін білмес ерді.

15880 Абдулуаһап илән жаранлары жұмла келді,
Сейіттің екі ұғылы және келді.
Жұмласы Шаһ әулиеге көріс қылды,
Хал сұрасып, жұмла істен хабар білді.

Халифаға хат жазып, һәм жіберді,
«Шаһ жиһан Сейіт аман келді» дейді.
Халифа мұны естіп, шат болды,
«Мен де сағындым, тез мұнда келсін» дейді.

Халифаның жазған хаты келіп ерді,
Шаһ жиһан оның сөзін оқып білді.
Бағдатқа Шаһ әулие жүрмек болды,
Малатияның халайықларымен уағдаласты.

15890 Шамшырақ төрт гауһарның небірсіні,
Абдулуаһап сахабаға һиба қылды.
Қалғанын халифаға алып жүрді,
Халифа тағзым қып қарсы келді.

Шаһ жиһан Сейітке халифа сәлем берді,
Құшақтап, ғиззат илән және сүйді.
Ғиззатлап сарайына алып келді,
Түрлі ниғмат ас ішіп, рахат қылды.

Көргенін берәм-берәм халифа сұрды,
 Шаһ әулие көргендерін баян қылды.
 София бану халифаның қызы ерді,
 15900 Ол — Сейіттің қатыны, көрерге мөштак ерді.

Сейіт келіп Софияға амандасты,
 Сау-саламат қосылып, шадлық тапты.
 Ләкин София жылап сөз сөйледі:
 — Ескендір ұғылың ғайып болды, — деп сөйледі.

Халифаның қызы бір ұғлан туған ерді,
 Есімін Ескендір деп қойған ерді.
 Өзі жоқта ол ұғылы ғайып болған ерді,
 Оның үшін көп қайғы қылған ерді.

Әлхасыл, ол ұғылыны таба алмайды,
 15910 Бү күнлері София дахи опат болды.
 Сейіт енді қаж қыларға сапар қылды,
 Қаж қылып, Мәдинеге келіп тұрды.
 Пайғамбарға зиарат қылып тұрды,
 Ләкин Ескендірді ойлар ерді.

Бір күнлер Малатияға ләшкер келді,
 Ол келген диюлардан ләшкер, — дейді.
 Сейітке халифадан хабар болды:
 «Сіз келмесеңіз, Малатияны хараб қылар»
 дейді.

Шаһ әулие хабар естіп тұра тұрсын,
 15920 Ләшкерлерін ол жинап келе тұрсын.
 Бұ қисса үшбу жерде тамам болсын,
 Мұхаммедке салауат, Сейітке дұға қылсын.
 Ғасы құл мұны жазған сөзін қойсын,
 Сізлерден зары жылап, дұға сұрды.
 Дұғаңызды Хақ Тағала қабыл қылсын,
 «Әлхамдулиллаһи раббил әләмин» * деп,
 тамам қылсын.

* Барлық мақтау өлемдердің Раббысы Аллаға арналады.

Жиырма төртінші бап. Сейіт хазіретінің Ескендір есімлі ұғылы бес жасында ғайып болған, он беске келгенде табылғаны

Бисмиллаһи, хамд илән сөз башлалы,
Салауат Мұхаммед Мұстафаға һәм башлалы.
15930 Ықылас илән тыңлаңыз сөзлерімні,
Сейіттің қайғы қылған мұңларыны.

Құла ағайында болғанның болар мұңы,
Тафаккүр һәр пендесі қылса мұны.
Қайғы жоқ, бір Алла деп білсең мұны,
Көрсеңіз «Аллаһус Самад» деген аятты.

Риуаят рауиларның сөзлеріні,
Айтайын тағзым бірлән сізлерге оны.
Сейіттің Ескендір деген ұғылы болды,
Ол ұғылы бес жасында ғайып болды.

Оның үшін Сейіт хазіреті бек қайғырды,
15940 Көп қарап, һәр ықылымлардан таба алмады.
Ұрлаған Ескендірді перілер ерді,
Онымен өшігіп кеп алған ерді.

Сиқырлап, өз баласы қылып алды,
Он жасында соғыстың ғылымын тамам білді.
Он бес жасқа келгенде ғажап болды,
Көргендер «Жүсіп сәни» деп қайран қалды.

Бір күнлері Далфруз сиқыршы мәжіліс қылды,
Көп перілер арақ ішіп, бірге отырды.
Бірісі сонда Далфрузға сөз сөйледі:
15950 — Білермісің Сейітбаттал деген адамзатты?

Ол сенің зүриятыңды жұмла қырды,
Табынған пұттарыңды ол сындырды.
Оған һешкімнің қуаты жете алмады,
Жаһанды хараб қылды, — деп ол жылады, —

Сенің халің нешік-дүр, патша? — дейді,
Өш алатын күн болар ма, аһи? — дейді.

Малғұн Далфруз бұнларға жауап берді:
— Сізлер қайғы қылмаңызлар оны, — деді.
15960 Өскер жиып барармын оған, — деді,
Қырамын мұхаммедилерді жұмла, — деді.

Әлқисса, қырық мың ләшкер перілер жүрді,
Келіп ол Малатияға жақын түсті.
Ескендір қалам алып, қағаз жазды,
Әуелі Нар-нұрдың есімін жазды.

«Менім атым Ескендір — Далфруз ұғылы,
Білмесеңіздер біліңіздер келіп бізді.
Тұтып бергіл Сейітбаттал палуаныңды,
Жоқ десеңіз, хараб қылармын жұмлаңызды».

Бұ хатты Оқас деген алып барды,
15970 Келіп Абдулуаһапқа хатты берді.
Абдулуаһап ол хатты оқып көрді,
Ол хаттың жазған сөзін жұмла білді.

Оқастың құлақ-мұрнын кесіп алды,
— Ескендір деген кім болар, білмен, — деді.
Қолынан не іс келсе, қылсын, — деді,
Мен — Абдулуаһап сахаба, білсін, — деді.

Оқас сорлы тоналып, қайтып барды,
Есіткен, білген сөзін айтып барды.
Оны естіп Ескендір ашуланды,
15980 Қаһарланып атына мініп, шаһарға келді.

Сейіттің екі ұғылы атына мініп алды,
Қырық мың әскер илән қарсы барды.
Майданда Ескендір ер тұрып ойын қылды,
Екі ләшкерлер Ескендірге қайран қалды.
Уа және нағра салып, сайха қылды:
— Мен Ескендір — Далфруздың ұғылы, — деді.

Оның даусы жерді тігіретті,
Мұсылманлар «Сейіт пе?» деп сөз сөйледі.
Сейіттің бір ұғылы Әли майданға жетіп барды,
15990 Екісі жетпіс түрлі соғыс қылды.

Ескендір сонда Әлиден сөз сұрады:
— Кімнің ұғылы боларсың, білдір? — деді.
— Менім есімімді сұрасаң Әли, — деді,
Атам менім — Сейітбаттал ғазы, — деді.

— Олай болса, әй, Әли палуан, — деді,
Екіміз қарындас болалы қазір, — деді.
Сені көрсем, махаббатым артар, — деді,
Қимаймын өлтіруге сені, — деді.

Біздің дінге кірсеңші, палуан, — деді,
16000 Жүрегім қайнар, сені көрсем, — деді.
Сейіт илән өлтірсем халифаны,
Хақ дін қайсы, кірелік соған, — деді.

Әли сонда оның сөзіне ашуланды,
Ескендірге қылыш алып, хамлә қылды.
Ескендір сонда Әлиге қолын салды,
Көтеріп ат үстінен-ақ алды.

Апарып тау түбіне байлап қойды,
Уа және майданға келіп, нағра салды.
Сонда Сейіттің Нәзір атты ұғылы келді,
16010 Келіп ол Ескендірге сөз сөйледі:

— Шыныңды айтқыл, әй, палуан, кімсің? — деді,
Ұқсай-дүр мұсылманларға шұһраң, — деді.
Хата болып жүрмесін жолың, — деді,
Кім болар асыл нәсілің, білдір? — деді.

Байларсың Сейіттің ұғылын неге? — деді,
Сейіт есітсе, ол мұнда келер, — деді.
Мың жаныңнан қалдырмас бір жаныңды,
Көкке шығып қашсаң да онан, — деді.

Ескендір сонда Нәзірден сөз сұрады:
16020 — Сен де Сейіттің ұғылымысың? — деп сұрады.
«Бәлі» деп, **Нәзір оған жауап берді,**
Асыл фасылын білдіріп қарап тұрды.

Ескендір мұның сөзін туғры білді,
Ықылас ол Нәзірге және қылды.
— Сен менім дініме кірсең, әгар, — деді,
Адамзатларға падиша қылам сені.

Нәзір сонда: — Әй, Ескендір, — деп сөйледі,
Менім бабам — ақыретке падиша, — деді.
Бұ дүнияның патшалығын ол сүймейді,
16030 Атам Сейіт патшалықты һәм сүймейді.

Жердің жүзін сайран қылып кезген ерді,
Көп дұшпанлардың малын қырып алған ерді.
Сонда да патшалықты ол алмады,
Мұсылман қылып, өз жұртына падиша қойды.

Әлқисса, екілісі көп сөйлесті,
Екілісі дін хақында келіспеді.
Екісі қылыш, күрзі бірдей алды,
Екі нәубет булар соғыс қылды.

Бір-бірінің қылын кесе алмады,
16040 Аттан түсіп, екісі күрес салды.
Ертеңнен түске шақлы күрес болды,
Екісі бірін-бірі жыға алмай, хамлә қылды.

Сол уақытта бір тозаң пайда болды,
Ол тозаң халифаның ләшкері ерді.
Үш жүз мың ләшкер илән халифа келді,
Шат болып мұсылманлар қарсы барды.

Халифаның майданға көзі түсті,
— Күрескен ол майданда кім-дүр? — деді.
Мұсылманлар анларды баян қылды,
16050 Ескендірдің шұһрасын аян қылды.

Ескендірдің әскерлерге көзі түсті,
Қозғалып қуаттары жош айлады.
Нәзірді сол уақытта байлап алды,
Апарып тау түбіне оны қойды.

Қайтып келіп, адамларға қылыш ұрды,
Һәркім ұшырасалар, қиярдай бөле берді.
Ескендір және Абдулуаһапқа ұшырады,
Оны һәм тау түбіне байлап берді.

16060 Әлқисса, жетпіс адамларды байлап алды,
Ғеш адамлар Ескендірге шақ болмады.
Уа және халифаға Ескендір ұшырады,
Оны һәм байлайын деп оңтайланды.

Сол уақытта бір сайха пайда болды,
Келіп ол халифаны халас қылды.
Халифа сонда жаранлардан сөз сұрады:
— Бұ халде халас қылған кім-дүр? — деді.

16070 Жаранлар, білдіңіз бе сіздер оны?
Сейіттің нағрасындай даусы, — деді.
Сонда бұнлар халифаға жауап берді:
— Ол келген — Хауарзамин палуан, — дейді.

Сейіттің қарындасының ұғылы, — дейді,
Есімі Мұхаммед палуан оның, — дейді.
Халифа оның үшін дұға қылды,
Халайықтар, өһлі ислам «өмин» дейді.

Сонда Ескендір Мұхаммедке сөз сөйледі:
— Әй, бейәдеп, сен кімсің? — деп сөйледі.
Қолыма менім түскен аңым ерді,
Айырдың не себеплі оны? — деді.

16080 Қолына күрзі алып, қаһар қылды,
— Жер илән жексен қылам сені, — деді.
Мұхаммедті ол сонда ұрып ерді,
Мұхаммедтің күрзисін маниғ қылды.

Өзін жаныб

Уа және қылышын қолына алып ерді,
Сол уақытта қырық мың ту көрінді.
Жұмласы темір киген әскер ерді,
Ешкім оның ерлігін білмеді.

Далфруз малғұн оны білер ерді,
«Ол келсін» деп, хабарды берген ерді.
Ол келген Ғауан фараң деген жүһүд ерді,
16090 Далфрузға жәрдем үшін келген ерді.

Ол келіп мұсылманларға қылыш ұрды,
Мұсылманлар екі тарапқа алаң болды.
Сол уақытта Мұхаммед сөз сөйледі:
— Иә, Ескендір, сенің ісің қалай? — деді.

Өзін мұнда майданда тұрсың, — деді,
Әскерің соғыс қылар анда, — деді.
Ерлердің істері солай ма? — деді,
Бү істер қатынларда болар, — деді.

Ескендір сол уақытта қатты ұялды,
16100 Ағзалары тітіреп ашуланды.
— Әй, Мұхаммед, мен білмеймін, Тәңірі-Хақ,
Бейәдеп кім екен-дүр келген тағы.
Баралық сол әскерге бізлер тағы,
Қыралық екіліміз ол ләшкерді, Алла-Хақ.

Ескендір келіп, ол ләшкерге нағра салды,
— Кімсізлер әдепсіздік қылған? — деді.
Ғауан фараң Ескендірге жауап берді:
— Далфрузге жәрдем үшін келдік, — деді.

Сол уақытта Далфруз жетіп келді,
16110 — Жаным, мұны келтірген мен-дүр, — деді.
Жәрдем бер деп шақырдым сізге, — деді,
Бұнларға ашуланбағыл, ұғылым, — деді.

Сонда Ескендір Далфрузға ашуланды,
— Сен енді неш сөйлемей жай тұр, — деді.
Мен қашан жәрдем сұрадым сенен? — деді,
Не себепті сұрамадың менен? — деді.

Әуелде шыққан ісің нешік ерді?
Қайсарды халифа өлтірмек ерді.
Уа және Сейітбатталды өлтірмек ерді,
16120 Андан соңыра, рубуғ мәскүнтке
падиша болмақ ерді.
Қайсардан не үшін жәрдем сұрдың? — деді,
Неш сөйлемей, жай тұрғыл енді, — деді.

Әлқисса, Ескендір Мұхаммед илән қылыш алды,
Жүһүдлерге аш арысландай қырғын салды.
Бір сағатта отыз мыңы өліп қалды,
Ескендір Ғауан фараңды һәм өлтірді.

Мұхаммед келіп жүһүдлердің туын жықты,
Сел болып жүһүдлердің қаны ақты.
Жүһүдлердің қалғандары кері қашты,
16130 Мұсылманлар оны қырып, малын жиды.

Енді Ескендір Мұхаммедке изин берді,
— Сен енді халифаңа барғыл, — деді.
Үш күнкеше мұбараз қылман, — деді,
Төртінші күн майданға келгіл, — деді.

Мұхаммед өз әскеріне қайтып келді,
Халифа Мұхаммедті құшақтап сүйді.
Жұмласы отырысып, рахат қылды,
Сейіттің ұғландарына және бек қайғырды.

Әлхасыл, төртінші күн болып ерді,
16140 Екі әскер сап болып, қарсы тұрды.
Майданға Ескендір илән Мұхаммед барды,
Мұхаммедке Ескендір көп сөз айтты:

— Иә, Мұхаммед, біздің дінге кіргіл, — деді,
Адамзатқа падиша қоям сені, — деді.
Мұхаммед сонда: — Иә, Ескендір палуан, — деді,
Білерсің біздің діннің хақтығын.

Өзің кір, біздің дінге, палуан, — деді,
Болайын қызметінде мәңгі, — деді.
Ескендір сонда Мұхаммедке жауап берді:
16150 — Кірер ердім, сенің дінің хақ-дүр, — деді.

Жәдулер: «**Мықты қорықты деп айтар**» дейді,
Тауқымет қылар халайықтар, — деп айтады.
Мұсылманлардың абзалын көп айтады,
— Көңілім сізді сүйер, — деп айтады.

Иә, Мұхаммед, сабыр қылғыл қазір, — деп айтады,
Жай тұралық, Сейіт келгенше, — деп айтады.
Әуелі мен өлтірсем Сейітбатталды,
Халас қылам Сейіттің ұғылыларын.

Бәр ықылымларға падиша қоям мен анларды,
16160 Андан соңыра, қабыл қылам ислам дінін.
Әлқисса, Мұхаммедке көп сөз айтады,
Шатырына Мұхаммедті алып барды.

Енді Далфруз Ескендірге күмән қылды,
«Мұсылман болмады ма?» деп ол қорықты.
— Әй, ұғылым, саған не іс болды? — деді,
Не үшін құрмет қылдың дұшпаныңды?

Өлтірген ата бірлән қардашларыңды,
Не себеплі құрметлеп сүйдің мұны?
Ескендір сонда: — Иә, ана, — деп жауап берді,
16170 Бұнлардың жазығын білдір, — деді.

Сейітбаттал өлтірді дерсің жұмласыны,
Жазасыз өлтірмелік ғайрларды.
Ертең мұнда Сейітбаттал келер, — деді,
Хозурыңа әкелермін соны, — деді.

Сейітті өлтірген соң, үшбулерді
Қарындас қылам, дінге кірсе мұны, — деді.
Далфруз сонда: — Бұ сөзіңіз болмас, — деді,
Бұнлар һәркез өз дінін қоймас, — деді.

16180 Ескендір сонда бұнларға: — Жай тұр, — деді,
Сөзің, ісіңіз болмасын мұнда, — деді.
Енді Далфруз қорқып сөйлемейді,
Ескендір: — Шарап келтір! — деп ақырады.

Мұхаммед сонда: — Шарап ішіп болмас, — деді,
Ол — біздің дінімізде харам, — деді.
— Олай болса, тағам келтіргілі, — деді,
Мұхаммед және: — Ол тағамнан жемен, — деді.

16190 Ескендір сонда: — Не үшін жемедің мұны? — деді,
Ол сөзіне Мұхаммед ғазы жауап берді:
— Қарындастарымыз тұтқында жатыр — деді,
Мен нешік тағам жеп, рахат қылам? — деді.

Ескендір сонда: — Алып кел оны, — деді,
Абдулуаһапты Сейіттің екі ұғылымен алып келді.
Әли мен Нәзір сонда сәлем берді,
— Сәлеміміз әһлі исламға болсын, — деді.

Күліп сонда Ескендір тұра келді,
— Мархабан, қош келдіңіз, отыр, — деді.
Жұмласы тағам асап, рахат қылды,
Хош мәжіліс сөйлесіп, көп отырды.

16200 Мұны көріп Далфрузға қорқу түсті,
«Сырымыз әшкере болар ма» деп қорықты.
Үшбулер ақшам аса мәжіліс қылды,
Мұхаммед уағдаласып, қайтып келді.

Әзін жаныб

Сейіт хазіреті Мәдинеден келер, — дейді,
Халифа құрмет қылып қарсы барды.

Көрісіп бір-бірімен хал сұрады,
Ол жерде Әли, Нәзір көрінбеді.

Сейіт хазіреті сұрады үшбулерді,
Жаранлары баян қылды Ескендірді.
— Күндіз сұхбат қыла-дүр бірге, — дейді,
16210 Түнде байлап қоя-дүр һәм анларды.

Уа және баян қылды Ғауан фараңды,
Мадақтап Ескендірдің қырғанын.
— Ескендірдің біз көрдік қад қаматын,
Ұқсаттық сіз мысалы шұһрасын.

Сол уақытта Сейіт хазіреті пікір қылды:
— Далфруз малғұн ұрлаған-дүр Ескендірді.
Бұл пікірді көп ойлап, көп жылады,
Аллаға мінәжат қылып ол жылады.

«Жаратқан Қадір Мәулам өзің, — деді,
16220 Бұ сырды әшкере қылғыл бізге, — деді.
Қартайып хал-қуатым кетті, — деді,
Қуат-құдірет бір күш өзің, — деді.

Өзіңнің хақтығыңды білдір, — деді,
Бабамның дінін дағиф қылма» деді.
Уа және Мұхаммедке салауат айтып,
көп жылады,
«Бұ ұғланды әшкере қылғыл» деп жылады.

Бұны айтып Шаһ әулие ұйықтап қалды,
Түсінде хақ Пайғамбар, Мұхаммед хабар берді:
«Шүкір күшам сен, қайғы қылма, — дейді,
16230 Ол Ескендір — сенен туған ұғлан, — дейді.

Харамзада Далфруз оны алған, — дейді,
Сиқырлап, оны ұғлан қылған, — дейді.
Сен оған хайла бірлән барғыл, — дейді,
Хайласыз ол Ескендір болмас, — дейді.

Қолына екі гауһарды бөнд қылып тақтың ерді,
Ішіне дұға және жаздың ерді.
Шаһид қылып, ол гауһарды көргіз, — дейді,
Сонда нанар ісіңде саған» дейді.

16240 Мұны естіп, Сейіт хазіреті тұра келді,
Тәбдил жаман киім киіп, жетіп келді.
Ескендір шатырында отыр көрді,
Әли, Нәзір екі жанында бірге көрді.

Үшбу мәжіліс қылып отыр ерді,
Оны көріп Сейіт хазіреті есін танды.
Уа және есін жиып, тұрып ерді,
Есітті Ескендірдің және сөзін.

— Мен бір ғажап түс көрдім бүгін, — деді,
Мұхаммед илән Әли Мұртазаны бірге, — деді.
Ол маған: «Шүкір күшам, ұғылым, — деді,
16250 Сен біздің нәсілімізде тудың, — деді.

Біздің ислам дінін қойдың, — деді,
Жәдулердің дініне ердің, — деді.
Сен — Сейітбатталдың ұғылы, білің, — деді,
Ағаларыңа нешік жапа бердің? — деді.
Сен енді батыл дінді қойғыл, — деді,
Атаңның аяғына жығыл» деді.

Ескендір Мұхаммед палуаннан бұны сұрды:
— Мен мұсылман болдым, — деп иқрар қылды, —
Бар ма еді Сейітбатталдың ұғылы? — деді,
16260 Есімін Ескендір деп қойған, — деді.

— Бәлі, — деп Мұхаммед сонда жауап берді, —
Халифа қызынан туған, — деді.
Оның есімін Ескендір қойған ерді,
Не пайда, ол Ескендір ғайып болды.

Бес жасында ол Ескендір ғайып ерді,
Оның үшін Сейіт хазіреті көп қайғырды.

Мұны естіп, Далфруздан жауап сұрды:
— Шын сөйлегіл, мен кімнің ұғылы? — деді.

16270 Далфруз мұны естіп қаны солды,
Тітіреп ағзалары жауап берді:
— Жаным, саған не нәрсе болған? — деді,
Сенен ғайр ұғылым жоқ менің, — деді.
Жағасынан: — Шын сөйле, — деп және алды, —
Шын айтпасаң, басыңды кесем, — деді.

Далфруз және жылап сөз сөйледі:
— Сен менің жаным ұғылым, — деп сөйледі, —
Сейітбаттал өлтірді ата-ағаларыңды,
Сенен басқа қалдырмады нешбірін.

16280 Мұхаммедилер алдамасын сені, — деді,
Рәсуа қылмасын мені, — деді.
Сол уақытта Сейіт хазіреті кіріп келді,
Ескендірді көрген соң, есін танды.

Сол халде Далфруз сөз сөйледі:
— Бұ жатқан — Сейітбаттал ғайыр, — деді.
Жақсы пұрсат табылды, ұғылым, — деді,
Бұ Батталды тез, ұғылым, өлтір, — деді.

16290 Зинһар аман бермегіл бұған, — деді,
Мұның сорынан құтылсын әлем, — деді.
Ескендір сонда Мұхаммедке қарап айтты:
— Сен не жауап айтарсың бұған? — деді.

Мұхаммед сонда Ескендірге жауап берді:
— Бір адам аяғынан жүріп келсе, — деді,
Хозурыңа ол келіп жатса, — деді.
Бір палуан келіп, оны шапса, — деді,
Жаранларға ол іс нұқсан, — деді.

Екісі мұны естіп тұрған ерді,
Сол уақытта Сейіт хазіреті тұра келді.
Сейіт тұрып Ескендірге сөз сөйледі:

- Иә, Ескендір, сен — менім ұғылым, — деді.
16300 Харамзада Далфруз сені ұрлапты,
Сиқырлап, ол малғұн ұғыл қылыпты.

Нанбасаң, екі қолыңды көргіз, — депті,
Екі гауһар қолыңда болар, — депті.
Өз қолыммен жазған мен дұға, — депті,
Жоқ болса, майданға жүріп ұрыс, — депті.

Сол уақытта Ескендір қолын созды,
Екі білегінде екі гауһарды заһир көрді.
Сейіттің өз қолымен жазған оқасыны
Ескендір оны көріп, қайран қалды.

- 16310 Сол уақытта Сейітке басын қойды,
Аяғын құшақтап және сүйді.
Сейіт енді Ескендірді құшақтады,
Уа және жүзін сүйіп, көп жылады.

Әлхасыл, көңілін баса алмай, көп жылады,
Есін танып, екілісі құлап қалды.
Бұ сырлар халайықтарға әшкере, заһир болды,
Бұны көріп, мұсылманлар есін танды.

- Сол уақытта Далфруз пұрсат тапты,
Халайықтарға сиқыр оқып, топырақ шашты.
16320 Сол халде халайықтарды зұлмат басты,
Адасып, халайықтар қатты састы.

Сол уақытта Ескендірді алып ұшты,
Аспанға жұмла сиқыршылар ұшып кетті.
Бір уақытта Сейіт хазіреті ақылын жиды,
Ескендір хозурында көрінбеді.

Мұхаммед ғазы Сейіт хазіретке жетіп келді,
Сейітке басын қойып, зар жылады.

— Сізлер күшсіз талғанда,
ол малғұн сиқыр шашты,
Сонда зұлмат халайықтарды қатты басты.

16330 Сонда менім қуатым һеш болмады,
Ол малғұн Ескендірді алып қашты.
Мұны естіп, Сейіт және есін танды,
«Аһ, дариға, ессіз-ау, ұғылым» деп жылады.

Бұны естіп, жұмла мұсылманлар зар жылады,
«Аһ, есіл Ескендір!» деп жылады.
Хусусан, Мұхаммед хауарзамин бек жылады,
«Аһ, бауырым Ескендір!» деп жылады.

— Сізлер аман болыңыздар енді, — деді,
Іздеймін Ескендірді жалғыз, — деді.

16340 Бү дүнияның ләззаты
харам болсын маған, — деді,
Табуында Ескендірдің өлем, — деді.

Құдайым, Қадір Сұбхан, сұлтан өзі,
Не бұйырса, көрермін Мәулам өзі.
Жұмла тұрған халайықтар үгіттеді,
Халайықтардың сөзіне ол болмады.

Халайықтармен уағдаласып, жүре берді,
Жұмла тұрған халайықтар
Мұхаммедке дұға қылды.

Сейіт және: «іздейін» деп сөйлеп ерді,
Халифа илән халайықтар көп жылады.

16350 «Бү күнде қарилық жасқа жеттің, — дейді,
Сабыр қылғыл, тағдыр хада еткен, — дейді.
Иләнһым Қадір хада өзі, — дейді,
Пендеге не бұйырса болар» дейді.

Әлхасыл, Сейіт хазіреті сабыр қылды,
Мәдинеге барып тұрарға сапар қылды.
Шаһ жиһан Мәдинеге барып тұрды,
Һәр патшалардан халғаттар келіп тұрды.

Мәдиненің халқына дәулет толды,
Гуя пайғамбардың заманындай рахат толды.

16360 Енді тамам қылалы біз бұ қиссаны,
Шығаралық көңілімізден көп құсаны.

Иншалла, айтармын және Ескендірді,
Құтылған Далфруздан себебіні.
Сейіттің жақындаған өміріні,
Айталық ақырғы қылған соғысыны.

Айталық Мұхаммед Мұстафаға салауатты,
Және Сейіт шаһ әулиеге айталық дұғамызды.
Насырды назым жазған мен ғасы құлды,
Дұғадан ұмыта көрме Тынышлық ұғылыны.

Ассалату уассәләму иә рахмату лил аләмин,
Ассалату уассаламу аләйка иә сайдал
әууалина уал ахирын*.

Жиырма бесінші бап: Сейіт хазіретінің ақырғы өмірінде қылған соғысы, һәм жұмла жаранлары илән уағдаласқан баяны-дүр

16370 Бисмиллаһи, хамд илән сөз башлалы,
Салауат айтып,
Мұхаммед Мұстафаға бағышталы.
Салауат сәлем сенге болсын, иә, Сұлтан Нәби,
Ұмытпағыл шапағатыңнан мен ғасыны.

Шаһ жиһан Сейіт хазіретінің соғысыны,
Хал жетпес енді мұны тамамлалы.
Риуаят, нақыл илән айтылар тың сөзлеріні,
Қадари хал назым бірлән баяндалы.

Сейіт хазіреті Мәдинеде отыр ерді,
Жаранлармен хош мәжіліс қылар ерді.

16380 Бір жігіт сәлем беріп, кіріп келді,
Сейіттің қолын сүйіп, құрмет қылды.

*Әлемге рақым етіп жіберілген, саған Алланың салауаты мен сәлемі болсын. Әуелгілер мен соңғылардың, мырзасы, саған салауат пен сәлем болсын.

Ол жігіттің есімі Осман деген ерді,
 Малатияның шаһарынан келген ерді.
 Сейіт хазіреті халін сұрап, баянлады:
 — Өһлі исламлар аман ба? — деп аянлады.

Осман сонда: — Иә, Шаһ жиһан палуан, — деді,
 Бұ күнде Қанатус қайсар бағи, — деді.
 Ғауаж фараңмен екісі қаулы қылды,
 Ыр тарапқа хат жазып, әскер жиды.

- 16390 Малатияға елу, жүз мың ләшкер жүрді,
 Не уақиға болған-дүр білмен, — деді.
 Мұны естіп Сейіт хазіреті мәлүл болды,
 Мұсылманлардың халіне бек қайғырды.

Шаһ әулие қайғы қылып, жатып ерді,
 Түсінде расул Алла Мұхаммед хабар берді:
 «Иә, шүкір күшам, сен мұнан тұрғыл, — дейді,
 Сен жылдам Малатияға барғыл, — дейді.

- Мұсылманлар бек зарлық қылды, — дейді,
 Сенің үшін бек интизар болды, — дейді.
 16400 Сен барып жәрдем бергіл оған, — дейді,
 Сенсіз шара табылмас соған» дейді.

Сейіт сонда: «Иә, көзім нұры, дадам, — дейді,
 Жасым тоқсан тоғызға келген, — дейді.
 Ғұмырымның ақыры жақын болды,
 Үмбетім топырағыңда қалмақ ерді.

Дін үшін талай қайрат қылдым ерді,
 Алланың ризалығы үшін жүрдім ерді.
 Көп жапа кеше, күндіз көрдім ерді,
 Құрметіңді иә, Расул Алла, сақтап, — дейді.

- 16410 Қуарсың топырағыңнан мені, — дейді,
 Иә, Расул Алла, жазығым не-дүр» дейді.
 Бұны айтып Шаһ әулие оянады,
 Сәждеге басын қойып зарлады, жылады.

«Иә, Иләһым, Қадір Сұбхан өзің, — деді,
Жұмла халім өзіңе мағлұм, — деді.
Перілік халім бұ күнде болып ерді,
Кімге жетер хал-қуатым менім, — деді.

16420 Менім ардуым достыңның топырағы ерді,
Қалуға жаным міскін арду ерді.
Бұ жерден нешік қуды достың мені?
Енді кімге айтармын арызымны?».

Сол уақытта әуеден әуез келді,
Естіліп құлағына сада келді:
«Иә, Сейіт, жүрек күшам, ұғылым, — дейді,
Мені мажрух қылды ғой сөзің, — дейді.

16430 Мен саған ризамын, ұғылым, — дейді,
Дін үшін қайрат қылдың талай, — дейді.
Сенің топырағың Рұмда болар, — дейді,
Мен сенің қасыңда болам бірге, — дейді.
Бүгінгілер зиарат қылса саған, — дейді,
Ол маған зиарат қылған болар, — дейді.
Көп мұсылманлар жыладылар бұ түн, — дейді,
Жұмла пайғамбар, әулиелер қылды зары.

Жұмласы сенің үшін мұнтазары,
Жұмласы хабар айта келді бөрі.
Жаным, ұғылым, жәрдем бергіл соған енді,
Сенсіз шара табылмас нешбір» дейді.

16440 Мұны естіп Шаһ әулие тұра келді,
Аллаға шүкір үшін намаз қылды.
Мәдиненің халайықтарына хабар берді,
Жұмласымен бақұлдасып, уағдаласты.

Мәдиненің халайықтары зар жыласты,
«Енді қашан көрерміз» деп көп жыласты.
Әлқисса, мұбәрак сары атын ерлеп алды,
Отыз алты қаруларын жұмла алды.

Көзін сүйіп, ол атқа мініп алды,
 «Иә, Алла» деп Хақ жолына сапар қылды.
 Аллаға сөна айтып, зары қылды,
 «Иә, Мұхаммед Мұстафа» деп һәм жылады.

- 16450 «Иә, ақ пір халімде бұ қалай сапар болды,
 Жұмла дәрменлердің дәсткері өзіңіз» деді.
 Аллаға мінәжат қылып, Шаһ уәли зары қылды,
 Көз жасын жайхун кебі жары қылды.
 Аллаға мінәжат қылып, Шаһ жиһан келе тұрсын,
 Енді Малатияның тарапының сөзі келсін.

Өзін жаныб

- Малатияда Абдулуаһап сахаба отыр ерді,
 Мәжілісінде Сейіттің ұғылы бірге ерді.
 Сол уақытта бір адам сәлем беріп, кіріп келді,
 Есіткен, көргенінен хабар берді.
- 16460 Қанатус илән Ғауаж фараңнан хабар берді:
 «Сізлер мұнда отырсызлар ғапыл, — дейді,
 Тез ләшкеріңізді жинаңыз сізлер» дейді.

Мұны есітіп, мұсылманлар әскер жиды,
 Сол шаһарда қырық мың әскер әзір ерді.
 Бағдадтағы халифатқа һәм хат жіберді,
 «Тез мұнда ләшкер илән келсін» дейді.

- Бахтияр халифа мұны естіп, ләшкер жиды,
 Дұшпанлар халифадан бұрын келді.
 Сейіт хазіретінің Әли, Нәзір екі ұғылы
- 16470 Төрт бөліп, қырық мың ләшкер құрды.

Түн ішінде дұшпанларға хамлә қылды,
 Ғинаят Хақ Тағала қылып, көбін қырды.
 Уа және Абдулуаһап сахаба нағра салды,
 Түн ішінде бір тараптан қырғын салды.

Ғауаж фараң Абдулуаһапқа артынан келді,
 Қараңғыда білдірмей, соғып кетті.

Есіл ерге захмат еріш тұрды,
 Әскеріне қайтып келіп, шаһид болды.

16480 Мұсылманлар Абдулуаһапқа көп жылады,
 «Аһ, біздің дұғашымыз кетті!» десті.
 Әлхасыл, намазын оқып, дәфін қылды,
 «Инна лиллаһи уа инна иләһи ражиғун»^{*}
 деп жылады.

Андан соң сабах садық таң да туды,
 Дұшпанлардың көп ләшкері және келді.
 Көп ләшкер мұсылманларға келіп кірді,
 Сол уақытта мұсылманларды бұ да қырды.

16490 Әлқисса, мұсылманлар мөлзам болды,
 Түн болғанда тауға барып қорғалады.
 Дұшпанлар Малатияның шаһарына кірді,
 Шаһарды талқан қылып, көп бүлдірді.
 Дұшпанлар нағра салып, шат болды,
 Күн батып, һәрбір жерге қонып жатты.

Өзін жаныб

Мүшіріклер шат болып қона тұрсын,
 Енді Шаһ әулиенің сөзі келсін.
 Түн ішінде Шаһ жиһан шаһарға келді,
 Хараб болған шаһарды көзі көрді.

16500 Бір шапмадан Шаһ әулие таһарат алды,
 Намаз оқып, атына мініп алды.
 Құдаға сәна айтып, мінәжат қылды,
 «Иә, Иләһым, Қадір Сұбхан өзің, — деді.

Мен бір дағиф болған пендең, — деді,
 Қуат берсең Қадірсің өзің» деді.
 «Иә, Алла» деп, Шаһ әулие нағра салды,
 Үш мәртебе қаһарланып, сайха салды.

^{*} Шындығында бәріміз Алладанбыз. Және де оған қайта оралмақпыз (Құран аяты).

Иә, ғажап, бұ сайханың дауысыны,
Көк түсіп, жер жарылған мисли болды.
Бұ дауыс неше форсақ жерге жетті,
Сахараның аңлары үркіп қашты.

16510 Хайуанлар қалтырап тұра алмады,
Адамлары аяқ басып жүре алмады.
Және Сейіт: — Қанатус,
 Ғауаж фараң қайда? — деді,
Сізлер мені өлді деп білдің бе? — деді.

Бұзыпсың уағдаңды сендер, — деді,
Берейін сазайыңды сіздің, — деді.
Қолына «тайғ зухаки» қылышын алды,
Дұшпанларға шапқан шөптей қырғын салды.

Мунадилдің сүңгісін және алды,
Үшкіріп, дұшпанларды отқа жақты.
Мұсылманлар Сейіттің даусын білді,
16520 Әли, Назір дұшпанларға қырғын салды.

Таң атып, күн шыққанша соғыс болды,
Халифа үш жүз мың ләшкер илән жетіп келді.
Түске дейін екі ләшкер соғыс қылды,
Күннің жүзі шаң басып көрінбеді.

Сейіт сонда Ғауаж фараңға ұшырады,
Ол малғұнды аты бірлән төртке бөлді.
Сол уақытта аспан ара ғауға шықты,
Қарасалар, Тамус сұлтан пері ерді.

16530 Жүз мың ләшкер перілер келген ерді,
Анлар және дұшпанларға қылыш ұрды.
Алма кебі жүһүдлердің бастары ұша берді,
Дұшпанлар енді һәр тарапқа қаша берді.

Ол соғыста һеш рахым бола алмады,
Ұшырған жүһүдлерді қыра берді.

Қанатус сонда көрінбей, қашып кетті,
Алты жүз мыңнан бір мың шақ құтылды.

Шаһ жиһан дұшпанлардың туын жықты,
Жұмла ләшкерлер Малатияға кіріп келді.
Сейітті көріп, халифа аттан түсті,
16540 Физзатлап ол Сейіттің қолын сүйді.

Тамус сұлтан сахараға шатырын тікті,
Келіп ол шатырында рахат қылды.
Тамус сұлтанға Сейіт илән халифа келді,
Физзатлап ол сұлтанға көріс қылды.

Мұсылманлар дұшпанларының малын жиды,
Бұзылған Малатияны ғимарат қылды.
Енді Абдулуаһап сахабаны қайғы қылды,
Хатым Құран оқытып, мал сарп қылды.

*Сейіт хазіретінің Қауым Қабилса илән уағдаласқанының
баяны-дүр*

Бір ұлық мәсжидті һәм салдырды,
16550 Жұма оқырға мінбарға Сейіт шықты.
Халайықтарға Шаһ жиһан уағыз айтты,
Уағзын есіткендер есін танды.

Шаһ жиһан намаздан фариф болды,
Мінбарға қайта шығып, уағыз айтты.
Сейіт енді бір ғажайып сөз сөйледі:
— Ғұмырымның ақыры болды, — деп сөйледі.

Әй, халайықтар, тыңлаңыздар сөзлерімді,
Нұрларыңа мен тіктім көзлерімді.
Енді көрер күн болмас мен сізлерді,
16560 Қауым, қошым көрмессіз енді бізді.

Сізлерден көп татқанмын тұз-ау, дәмді,
Сізлер халал қылдыңызлар үшбулерді.

Жаһан кезіп, мұқаттым дұшпанларды,
Сарп қылдым дін жолына қуатымды.

Алла үшін сарп қылдым мал-мүлкатты,
Сізлер үшін көп көрдім машақатты.
Алла үшін мен қойдым рахатты,
Алла үшін мен көрдім машақатты.

16570 Енді ғұмырымның ақыры жақын болды,
Әлфирақ әлфирақы сапарының уақты болды.
Әлуадағ әлуадасы әлфирақ иә, әһлі жары,
Истаудағ дiнiм әлуадиғ иә, әһлі жары.

Иә, әһлі ислам, махкам тұтқыл дiнiнiздi,
Дұғаңыздан ұмыта көрмегiл және бiздi.
Ұлық-кiшiк адамлары мұны бiлдi,
Мисли қиямет күн болғандай зар жылады.

16580 Халифаға тапсырды екі ұғылыны,
— Назарыңнан тастай көрмең сiзлер мұны.
Уа және Тамус сұлтанға сөз сөйледi:
— Сiз һәм халал қылыңыз қызметiндi.

Көп iзгiлiк көрсеттiң маған, — дедi,
Көп дұшпанымды қорқыттың және, — дедi.
Жетi дариядан өткiздiң менi, — дедi,
Сол себеблi өлтiрдiм дию, сиқыршыларды.

Дүния ақыретте халал қылғыл жұмла сенi,
Иләһым, қабыл қылсын қызметiндi.
Уа және бiр аманат алғыл, менiм сөзiмдi,
Ескендiрге хабардар сал көзiндi.

16590 Издеткiл Далфруз сиқыршыны,
Иншалла, сен көрерсiң Ескендiрдi.
Һәм Мұхаммед, шүкiр күшам ұғланымды,
Қалдырмағыл қатарыңнан және оны.

Тамус сұлтан бұ сөзге зары қылды,
Гауһар кебі көзінен жары қылды.
— Иә, Шаһ жиһан, Сейіт сұлтан, ғазы, — деді,
Саған жәрдем бергіш Сұбхан Ғани, — деді.

16600 Менен жәрдем болған жоқ саған, — деді,
Сенен жәрдем көп болды маған, — деді.
Ғалал жәдуны өлтірген өзің, — деді,
Мал-мүлкатын алып бердің маған, — деді.

Рағид жәдуны өлтірдің және, — деді,
Және өлтірдің Ақфал илән Шамама сиқыршыны.
Арзақ илән Абрақ қайыршыларды,
Уа және төрт басы бар Каһлан малғұнды.

Уа және бек қисапсыз малғұнларды,
Жұмласын халал қылған өзің, — деді.
Мен сенің талай көрдім қайратыңды,
Құданың саған берген ғинаятын.

16610 Дүния ақыретінің сұлтаны иә, шаһым, — деді,
Жаным құрбан сенің үшін болсын, — деді.
Менің үшін бір дұға қылғыл енді,
Сенің дұғаң — хақ, қашанда мақбұл, — деді.

Шаһ жиһан Тамус үшін дұға қылды,
Көп сөз айтып, екілісі уағдаласты.
Уа және халифаға Шаһ әулие рұқсат берді,
«Сен дахи отаныңа барғыл, — деді.
Иләһым Қадір Сұбхан, Мәулам өзі, — деді,
Әһлі исламлар қуат, құдірет берсін» деді.

Ұғылына раһбаны

16620 Уа және ұғландарына насихаттар және айтты:
— Әй, қурратул айни, көздерімнің нұры, — деді.
Сізлер енді тыңлаңыз сөзлерімді,
Жыламақтан тыйыңыз көздеріңді.

Сізлер менен алыңыздар ғибратты,
Нақыс қылып жүрмеңіз ғибадатты.
Досты қылып сенбеңіз бұ дүнияны,
Сізлер дахи көрерсіз ол дүнияны.

Білсеңіз бабаларының жолдарыны,
Сүймеді бұ дүнияның малдарыны.
Сарп қылды дін жолына халдеріні,
16630 Аямай Хақ жолына жандарыны.

Атаң сенің не қылды, білдің бе оны,
Дін жолына сарп қылған қайратыны.
Күн-түн жүріп, көп көрді машақатты,
Еш нәпсіге қылмадым рахатты.

Сізлер және сүймеңізлер бұ дүнияны,
Сүйіңіз бір жаратқан Аллаңызды.
Сейіттің жұмла есітті сөзлеріні,
Халайықтарының жас алды көздеріні.

Сейіттің тыңлау қайда сөзлеріні,
16640 Болмадылар жиылғаннан кендүсіні.
Мисли қияметтің күні болған болды,
Халайықтар сайха қылып, көп жылады.

«Аһ дариға, Шаһ жиһан!» деп жылады,
Әһлі исламлар шуылдап, көп жылады.
Сейіттің ешкім сөзін тыңламады,
Халайықтардың басы төмен, жылай берді.
Мұны көріп мінбардан Сейіт түсті,
Ұлық-кішік жаранлармен көріс етті.

Өзін жаныб

Сейіт енді Қанатусты: — Қайда? — деді,
16650 Білген бар ма, ол малғұн қайда барды?
Анлар сонда: — Біз хабарын білдік, — дейді,
Ол малғұн мәсиханың шаһарына барған, — дейді.

Ішке кіріп, қапуды жапқан, — дейді,
Мың кісі күзетші қойған, — дейді.
Оны естіп, Сейіт хазіреті уағдаласты,
Мәсиханың шаһарына жалғыз кетті.

Көп халайықтар артынан жылап қалды,
«Енді қашан көрерміз» деп зарлық қылды.
Мың кісі күзетшіні көзі көрді,
16660 Сейіт хазіреті мәсиха шаһарына жетіп келді.

Сейіт сонда анларға нағра салды,
— Қайсар малғұн Қанатус қайда? — деді.
Уағдасын не үшін һәлак қылды?
Мұсылманларға жәбір, жапа не үшін берді?

Мен келдім жалғыз өзім мұнда, — деді,
Палуан болса, ол маған шықсын, — деді.
Тек шықпаған төнінде жаны тұрды,
Не жүз бірлән ол малғұн шықсын енді.

«Не қазаға ұшырадым? — деп жылады,
16670 Баттал маған қиямет болды» деп жылады.
Қайсар сорлы зар қылып жылап ерді,
Шыдамай бір мың ләшкер ұрыс қылды.

Сейіт хазіреті ол ләшкерді үш күн қырды,
Қалғаны шаһарына қорқып кірді.
Уа және Сейіт хазіреті ол ләшкерді үш күн қырды,
«Әй, малғұнлар, ләшкерің болса шығар!» деді.

Дұшпанлар ол шаһардан шыға алмады,
Қапуын шаһарының берік қылды.
Сейіт енді ол шаһарға кіре алмады,
16680 Таулардан тастар теріп лақтырды.

Ол тас тисе, адамларды һәлак қылды,
Адамлар өрген қойдай қаша берді.
Тас кебіттің ішіне кіріп алды,
Қорқып, ас-суларын іше алмады.

Және Сейіт үлкен тасты қолына алды,
 Бісқақтың шынжырына байлап алды.
 Бұның бірлән лақтырып және қырды,
 Есігін сарайлардың һәм құлатты.

16690 Уа және кері тартып алып ерді,
 Қорғанның бұрыштарын һәм құлатты.
 Бұны көріп дұшпанлары бек қорықты,
 Хат жазып, Ыстамболға хабар кетті.

Мажыра көргенлерін жұмыла баян етті,
 «Бізні хараб қыларға жақынлады».
 Ыстамболдан он мың ләшкер жиналышты,
 Келерге ол Сейіттен сақтанышты.

16700 Сейіт хазіреті үш күн, үш түн хамлә қылды,
 Қорғанның іштеріне тас толтырды.
 Табарик сол уақытта бек шаршады,
 Түс уақытында бір тасқа басын қойды.

«Бір рахат ұйықтайын мұнда, — деді,
 Аман тұрсам, бір әрекет қылайын бұған, — деді.
 Күнде жұмыс қылғанша бұған, — деді,
 Бұ қорғанның бұзайын бір жеріні».

Бұны айтып Шаһ жиһан ұйықтап қалды,
 Құдадан тағдыр болар уақты келді.
 Құданың тағдыр қылған себебіні,
 Айтайын әй, жаранлар, тыңла мұны.

Өзін жаныб

Сейіт хазіретінің опат баяны

16710 Қанатус қайсардың бір қызы болар ерді,
 Сейіттің хақ дініне ғашық ерді.
 Сейітті там басынан көзі көрді,
 Көңіліне ғашық оты жош әйлады.

Һәр тарапқа назар салып қарап ерді,
Көп ләшкерні түнделетіп келер көрді.
Қыз сонда оны көріп «аһ» деді,
«Шаһ сұлтан ғапыл жолда жатыр, — деді.

16720 Үстіне үшбу әскерлер келсе, — деді,
Аман бермей, өлтірер аһ, — деп жылады.
Аһ, дариға, қайтіп білдірем мұны, — деді,
Сайха қылсам, рәсуа қылар дұшпан мені».

Әлқисса, бір ақ тасқа хатты жазды,
«Үстіңе дұшпан келер, тұрғыл, — дейді.
Мен сенің хақ дініңе ғашық, — дейді,
Бұ сөзім жалған емес, садық» дейді.

Бұны жазған тасты тастап ерді,
Сейіттің жүрегіне келіп түсті.
Құданың құдіретін көргілі енді,
Ол тастан себеп болып, шаһид болды.

16730 Алланың құдіретін көрдіңіз бе?
Фибрат ол Сейіттен алдыңыз ба?
Сейітке Ғақба малғұн ағу берді,
Аржистің қиусына қайсар салды.

Ішіне көп аждаһаның келіп түсті,
Тас байлап, дарияға Бабек салды.
Жеті қат жер астына барып түсті,
Мақұлықтарды адамлар көрмес көрді.

16740 Перілер аспанға алып оны ұшты,
Аспанда соғыс қылып, жерге түсті.
Жәдулер сиқыр оқып, отты шашты,
Зұлмат қараңғылық талай басты.

Жұмласына Хақтан жәрдем болып ерді,
Сейіттің бір қылына көр қылмады.
Құдадан тағдыр тамам болып ерді,
Тобықтай тас Сейітке қаза болды.

Білсеңіз ғибрат сөз қанша болды,
Көңіліне тауфиқлының сәна толды.
Жоғарғы ғашық қызының сөзі келіп,
Тыңлаңыз ғашық қызының қазасын.

16750 Қыз пақыр тасын тастап тұрып ерді,
Сейіттің төсілім болған халін білді.
— Әй, ата, рұқсат бергіл маған, — деді,
Келтірейін басын кесіп саған, — деді.

Қанатус сонда: — Ол Баттал — аяр, — деді,
Хайла қылып жатпасын, сақ бол, — деді.
Қыз сонда: — Нар-нұр дәулет қылар, — деді,
Мен білдім кәміл ұйықтап жатыр, — деді.

16760 Мен барып келтірейін басын, — деді,
Сіз рұқсат берсеңіз қазір, — деді.
Изин берді, қыз барып қапу ашты,
Тышыра шығып, Сейітке жетіп барды.

Қыз келіп, ол Сейітке көзін салды,
Қараса, тағдыр Алла болған көрді.
Қыз енді аһ ұрып, зар жылады,
«Маған нәсіп қылмаған Алла» деді.

Қыз тұрып, сол уақытта пікір қылды,
«Өзімді өлтірейін, — деп ойлады.
Бұ дүниядә мақсұдым болмады,
Хақ қосса, қосылармын сонда» деді.

16770 Қанжарының сабын Сейітке қойды,
Өзінің жүрегіне ұшын қойды.
Үстіне қайрат илән құлап ерді,
Ішіне қанжар кіріп, о да өлді.

Құдадан тағдыр болса, сондай болды,
Сол жерде екілісі шаһид болды.
Жан ғазизі Сейітке уасыл болды,
Мұны көріп бір мүмін риуаят қылды.

Сейіттің ат-құралы сол жерде ғайып болды,
Ол да ғайып жерден алған ерді.
Сол уақытта желдәрім бұлт шықты,
16780 Һайбат бірлән жел есіп, жаңбыр жауды.

Топан кебі жаңбыр жауып, сулар ақты,
Бұнлардың төндерін мастур етті.
Сол уақытта Ыстамболға қайсар қашты,
Сейіттің өлі-тірісін білмей қашты.
Ол шаһарда бір адамлар қалмай қашты,
Қисабсыз мал-мүлкатын тастап қашты.

Өзін жаныб

Сейіттің ұғылының іздеп келгені

Банағы қызының көрген әскерлері,
Сейіттің Әли, Нәзір ұғылы ерді.
Ол екісі мың ләшкермен келген ерді,
16790 Мақсұды атасының дидары ерді.

Бұнлар келіп шаһарларны аралап ерді,
Иесіз қалған шаһарды бұнлар көрді.
Не қыларын біле алмай, қайран қалды,
Сол жерде зары жылап бұнлар тұрды.

Сол уақта бір адам жетіп келді,
— Иә, шаһзадалар, жыламаңыз сізлер, — деді.
Атаңыздың мен айтайын жайын, — деді,
Құлақ салып тыңлаңыз, сізлер енді.

Банағы жоғарғы сөзні бұнларға баян қылды,
16800 Атасының мажырасын бұнларға аян қылды.
Оны естіп, шаһзадалар зар жылады,
Шын сөз деп, үшбу сөзге нана алмады.

Әлқисса, зар жыласып, ұйықтап қалды,
Түсінде Сейіт хазіреті хабар берді.
Шаһ әулиені ақ жорғаға мінген көрді,
Басында төж, ұрмақ ішін кезер көрді.

- «Әй, шүкір күшам, көзімнің нұры, — дейді,
Дүниядан іздемеңіз сізлер мені.
Ол дүниядан мен сапар қылдым, — дейді,
16810 Құданың дидарына бардым, — дейді.
- Құдайым риза болды маған, — дейді,
Ұжмақтан жақсы орын алдым, — дейді.
Мен сізлерге жәрдемші мұнда, — дейді,
Сізлер саламат болыңыз анда, — дейді.
- Ғазилық парызы Алла қылың, — дейді,
Нәпсінің мұратына ермен, — дейді.
Мағрур палуандыққа болмаң, — дейді,
Дүнианы досты біліп сүймең, — дейді.
- Алланың ризалығынан ғапыл болма,
16820 Ғапыл болып, нәпсі шайтанға сізлер ұйыма.
Пақырларға хақарат илән көзің салма,
Һешбір мүмінлерді ренжітіп, хақын алма.
- Ғалым илән дәруішлерден ғапыл болма,
Дұға алмай, анлардан мақрұм жүрме.
Жетім илән тұлдардан дұға алғыл,
Қай орында мұқтаж көрсең, көңілін алғыл.
- Анларға хайыр-ихсан беріп жүргіл,
Халің жетсе, Мекке, Мәдинеге барып жүргіл.
Һәр жақсыларға мүшәура қылып жүргіл,
16830 Мүшәурада өкініш болмас мұны білгіл.
- Менім айтқан сөзімні қылып жүрсең,
Ғұмырыңызға берекет болар, мұны білсең.
Ғалым, ғұлама көргенде құрмет қылсаң,
Құрметлеп ол ғалымлардан дұға алсаң.
- Жүзлеріңіз ақ болар мұны білсең,
Екі дүниядә мұқтаж қылмас, бұны білсең.
Әлқисса, көп насихат бұнларға айтты,
«Хош бол» деп ұғылына ғайып болды.

16840 Сол уақытта үшбулер тұра келді,
 Көрген түсін берәм-берәм баян қылды.
 Оянады ұйқысынан екілісі,
 Төгілді су мисалы көзде жасы.

Түсін айтып жыласты екілісі,
 Екісінің бірдей болды көрген түсі.
 Көп жылап отыр ерді екілісі,
 Сол уақытта насихат айтты екілісі.

16850 «Жыламақтан іс бітпес, жаным, — десті,
 Алланың қалағаны болар» десті.
 Өлқисса, жұмлалары шаһарға келді,
 Иесіз қалған мал-мүлкатты жұмла алды.

Шаһ әулиенің дүниядан көшкен сиясаты,
 Көп пақырларды бай қылды кереметі.
 Бір күнлері Малатияға бұнлар келді,
 Сейіттің сапарынан хабар берді.

Естіп, Малатия өһлі зар жылады,
 Хатым Құран оқысып шуылдады.
 Уа және халифа хазіретіне хат жазып, хабар берді,
 Халифа естіп үш күн һәм жылады.

16860 Енді халифа Сейіт үшін мал сарп қылды,
 Хатым Құран оқытып, пақырларға ас жегізді.
 Һәр шаһардан өһлі исламларға хабар берді,
 Есітіп өһлі исламлар көп жылады.

Өһлі ислам һәр шаһардағы наза болды,
 Оқысып хатым Құран, мал сарп қылды.
 Пақыр илән дәруішлер дұға қылды,
 Қолында бір пұлы болса, садақа қылды.

16870 Сейіттің талай көрген дәулетіні,
 Ижитқад мүқтарында мал сарп қылды.
 Ғалым-ғұлама, төлиб-тулабалар көп жылады,
 Жұмласы ықылас илән дұға қылды.

Аллаға сөна, Мұхаммедке салауат айтты,
Сейіт хазіретке дұға қылып «Әмин» десті.
Біз дахи салауат оқып, Мұстафаны жад қылалы,
Шаһ әулиеге дұға оқып бағышлалы.

Сұлтан Сейіт хазіретінің ғазасыны,
Қадари хал назым қылдым баяныны.
Кім тауысар ол сұлтанның ғазасыны,
Қысқарттым асан тілмен аяныны.

16880 Сейіттің жеті жылда ғаза кітабыны,
Білдірдік қазақ тілмен сізге мұны.
Бұ жерде тамам қылдым Сейіттің кітабыны,
Иншалла, енді баян қылам Ескендірді.

Ескендір Шаһ Сейіттің ұғылы ерді,
Арманда шала көріп қалған ерді.
Қиссасы жоғарыда баян болған ерді,
Тамамы кітаптың ақырына қалған ерді.

16890 Енді баян қылайын сол сөзіні,
Бұ жерде салауат айтып, қыл дұғаны.
Оттан нәжат тілесеніз жаныңызны,
Салауат жаны, тілмен жад қыл оны.

Салауат сәлем сенге болсын иә, Хабибі,
Күнәһкарлардың дертіне сен Тәбибі.
Бұ кітапті оқыған, тыңлаған иә, әһлі жары,
Тынышлық ұғылы деп қылғыл фатиханы.

Жиырма алтыншы бап: Сұлтан Сейіт хазіреті Ескендір есімлі ұғылының Далфрузды өлтіргені, Айн әл-Құтырға падиша болғаны

Әуелі бисмиллаһи деп сөз башлалы,
Құдаға хамд айтып зарласалы.
Құдаға сөна айтып, қылсын зары,
Ашылар көңілілерінің сонда баһиры.

- 16900 Салауат айтып, Хақ Мұхаммедке қылсын зары,
Шапағат, шиад қылар келіп маһиры.
Таусылмас шапағаты мисли бахры,
Тоқтамай күн-түн аққан мисли наһры.
- Жердің жүзін айналғай жұмла мажыра,
Қойдыр ол мажыраға жұмла наһры.
Әгар тамассала қылсаңыз сізлер оны,
Шапағаты сол мысалы білсең оны.
- Жұмла халайықты Хақ жаратқан білсін оны,
Жұмласында Хақ Мұстафаның шапағаты.
Шапағаты тең тиіп тұр сияпаты,
16910 Сол себеплі болған-дүр саламаты.
- Білсең бұрынғы өткен пайғамбарларны,
Жоқ қылған қаһары келсе қауымларны.
Бағзыларының тәбдил қылған суретіні,
Көрсеткен үмбеттеріне суретіні.
- Білсеңіз Нұх нәби Алла қаһар илән дұға қылды,
Жер жүзін топан алып, һәлак қылды.
Білсеңіз Мұхаммед Мұстафаның шапағатыны,
Һешбір жанға қаһарды ол қылмады.
- 16920 Оның үшін Сәруар ғалам дейміш оны,
Өз нұрынан жаратып, сүйді оны.
Таусылмас баян қылсам шапағаты,
Мұхаммед Мұстафаның мұғжизаты.
- Енді баян қылайын шаһзада Ескендірді,
Ғайып болған Сейіт хазіретінің ұғылыны.
Арманда атасы үшін болған ерді,
Дидарын шала көріп қалған ерді.
- Жоғарыда көрдіңіз ғой баяныны,
Таусылмай оның қалған тамамыны.
Риуаят рауиларның сөзлеріні,
16930 Назым бірлән білдірейін сізлерге оны.

Иләһым, түзегей ерді сөзі, тілімізді,
 Уа және риясыз ықылас илән көңілімізді.
 Жаранлар, сіз дұғада болғыл енді,
 Жазайын назым бірлән Ескендірді.

Сейіт илән Ескендір талып ерді,
 Сол уақытта Далфруз алып қашып ерді.
 Айн әл-Құтыр шаһарға келіп түсті,
 Ол малғұн таққа шығып һәм отырды.

16940 Ескендірдің ақылы сонда кірді,
 Афсүн оқып, қолыны байлап қойды.
 Малғұн сонда **«иә, ұғылым» деп сөйледі,**
 Ескендір оған жауап һеш бермеді.

Малғұн және Ескендірге сөз сөйледі:
 — Не себеплі сөйлемейсің маған? — деді.
 Мұхаммедилер аздырды ма жолдан сені?
 Сол себеплі сөйлемейсің маған, — деді.

16950 Ескендір сонда: — Әй, харамзада, залым, — деді,
 Сенің ісің Аллаға мағлұм, — деді.
 Халайықтың алдында пиғлың мағлұм болды,
 Мені ұрлап ұғлан қылған, малғұн, — деді.

Қашан тақтың қолыма сен гауһарны?
 Жұмла халайық көрділер мәшһүр оны.
 Малғұн сонда: — Әй, Ескендір, — деп сөйледі, —
 Сейітбаттал — хайлакер, аяр адам, — деді.

Гауһарны хайла бірлән ол байлады,
 Сиқырлап, хайла бірлән сені алдады.
 Ескендір сонда **«Алла бір, Хақ» деп сөйледі,**
 — Мұхаммед пайғамбар түсіме кірген
 Хақ-дүр, — деді.

16960 Ол маған **«сен — Сейіттің ұғылы» дейді,**
 Ол жалған сөйлемейді һәркез, — деді.

Мен сенің батыл дініңнен бездім, — деді,
Бабам Мұхаммедтің дініне кірдім, — деді.

Сол уақытта Далфруз ашуланды,
Ескендірді сиқыр оқып, байлап қойды.
Торға салып, жоғары байлап қойды,
«Маған тәсілім болмасаң,
ғұмырың мұнда өтер» деді.

Өзін жаныб
Ескендірдің халас болғаны

16970 Риуаят рауиларның сөзі келді,
Ескендірдің халас болар кезі келді.
Шаһрұх деген перілерге падишаһ болды,
Перілердің халифасы, мысалы сұлтаны ерді.

Өзі әділ, сұлтанат падиша ерді,
Оған мұңсыз перілер көпір ерді.
Ол Шаһрұхтың бір қызы болар ерді,
Есімі Маһперуза деген ерді.

Ол қыздың хұсни жамалы ғажап ерді,
Көркі Зылихадай он бар ерді.
Жаранлардың асбабын киер ерді,
Қыз, ер екенін білдірмей жүрген ерді.

16980 Бір күнлері аң аулауға шыққан ерді,
Ескендір және аң аулап жүрген ерді.
Маһперуза Ескендірді көрген ерді,
Ғашық болып, ішінен күйген ерді.

Ескендір қыз екенін білмеді,
Айрылып екілісі кеткен ерді.
Бір күнлері Маһперуза аһ әйлапты,
Бір қызға Һамай атты сөз сөйлепті:

— Бір күнлер аңға шығып жүрдім, — депті,
Далфруздың ұғылы Ескендірді көрдім, — депті.

Ғашықтың оты тұтасты маған, — депті,
16990 Нешік хайла табылар оған? — депті.

Ғамай сонда Маһперузаға жауап берді:
— Ол Ескендір — адамзада
Сейіттің ұғылы, — депті.

Бесінде ұрлаған Далфруз оны,
Сиқырлап ұғыл қылған Ескендірді.

Он бес жасқа келгенде Ескендірді,
Апарған Сейітбатталдың шаһарына оны.
Ол шаһарда көп қылған соғыстарды,
Паш болған ақырында оның сыры.

Әлқисса, алып қашқан Ескендірді,
17000 Ап келіп, салып қойған қапасқа оны.
Оны естіп және Маһперуза аһ қылды,
«Нешік шара қылармыз оған?» деп жылады.

Ғамай сонда бір ақыл оған айтты:
— Ағаңның қызы Сарафаразға айтқыл, — деді.
Ол барып Шаһрұхқа айтар, — деді,
Атаң сонда бір төдбир қылар, — деді.

Бұ сөзні Маһперуза мақұл көрді,
Келіп ол Сарафараз бануға баян қылды:
— Иә, апа, бір сөз айтам саған, — деді,
17010 Таппай айтсам, айып қылма оған, — деді.

Өртеді ғашықтық оты мені, — деді,
Ұят, намыс қалдырмай менен, — деді.
Бір күнлері аң аулауға шықтым ерді,
Далфруздың ұғылы Ескендірді көрдім.

Мен сонда ғашық болдым оған, — деді,
Ол менің қыз екенімді аңламады.
Соған шара сұраймын сізден, — деді,
Мархамат қылып, хал сұрасаң менен, — деді.

- 17020 Сарафараз сонда бұ сөзге жауап берді:
— Ол Далфруз малғұн, кәпір ерді.
Тіл алып, біздің дінге кірмес, — деді,
Ол Ескендірге нешік тәдбир болар? — деді,
- Уа және Маһперуза сөз сөйледі:
— Ол Ескендір — адамзада, мүмін, — деді.
Сахипқыран Сейітбатталдың ұғылы, — деді,
Бес жасында ұрлапты Далфруз оны.
- 17030 Сиқырлап, Ескендірді ұғыл қылыпты,
Кәметет он бесінде ер болыпты.
Сейітбатталды өлтірерге алып барды,
Өлтіре алмай, ол сырлар паш болыпты.
- Ол арадан алып қашқан Ескендірді,
Қапасқа салып қойған және оны.
Мұсылманлар мұсылманға жәрдемші ерді,
Жәрдем бермей, торға намаз нешік? — деді.
- Сарафараз бану ол қызға сөз сөйледі:
— Далфруз лағин, сиқыршы малғұн ерді.
Айн әл-Құтыр атаңның тақты ерді,
Сиқырлап ол малғұн алған ерді.
- 17040 Нешік халас қылармыз Ескендірді?
Нешкімнің амалы жетпес малғұн, — деді.
Маһперуза Сарафаразға жауап берді:
— Иншалла, құтқарармын оны, — деді.
- Мен дахи оқығанмын ғылымдықты,
Бұзармын, иншалла, тылсымыны.
Мәгәр рұқсат атам берсе маған, — деді,
Өзі һәм ләшкер алып жүрсе, — деді.
- 17050 Сарафараз бану Шаһрұхқа келіп кірді,
Ғиззатлап сәлем беріп, көріс қылды.
Екісі хал сұрасып отырысты,
Білмегендей Маһперузаның халін сұрды.

Сонда Шаһрұх қарындасына жауап берді,
— Ол қыздың мен білмеймін халін, — деді.
Бір күнлері барып көрдім ерді,
Қисабы бұрынғыдай көрінбеді.

Мен сонда оның халін сұрдым ерді,
Ол маған әдеп сақлап үндемеді.
Менім һәм халім мөлүл сонан болды,
Білмеймін неден қайғы болған? — деді.

17060 Сол уақытта Сарафараз бану сөз сөйледі:
— Мен білдім ол қыздың халін, — деді.
Мақұл көрсеңіз, айтайын мен бір соны,
«Бәлі» деп, **Сарафараз сөз сөйледі:**

— Маһперуза бір күн аңға шықмыш, — деді,
Сол күнде Далфруз ұғылын көрген, — деді.
Ескендір оның ұғылы ғажап ерді,
Көрген жан ғашық болар ерді.

17070 Оның ғашығы Маһперузаға көр әйлады,
Сол себеплі оның ақылын зайұл қылды.
Әгар сіз себеп болмасаңыз оған, — деді,
Лажсыз һәлак болып өлер, — деді.

Шаһрұх сол уақытта пікір қылды:
— Далфруз — сиқыршы малғұн, — деді.
Ескендір оның ұғылы болса, — деді,
Ол бізін дінімізге кірмес, — деді.

Сарафараз бану уа және сөз сөйледі,
Ескендірдің мажырасын шарх айлады:
— Ескендір — кәміл мұсылман, мүмін, — деді,
Шаһ жиһан Сейіт палуанның ұғылы, — деді.

17080 Бес жасында ұрлаған малғұн оны,
Сиқырлап, ұғыл қылған Ескендірді.
Он бес жасқа келгенде Ескендірі,
Жаһаннан қайраты асқан палуан болды.

Бір күнлері ләшкер ертіп жүрген, — деді,
Малатияның шаһарына барған, — деді.
Қастысы Сейітбатталды өлтірмек ерді,
Өлтіре алмай, сырлары мәшһүр болды.

Андан соңыра Ескендірді алып қашты,
Қапасқа салып, Ескендірді байлап қойды.
Бұ сырды Маһперуза білген, — деді,
17090 Бұны естіп, білдірерге келдім, — деді.

Атамыз рұқсат берсе бізге, — деді,
Иншалла, құтқарармын оны, — деді.
Шаһрұх мұны естіп, шат болды,
— Әскер жиып, баралық бізде, — деді.

Бізден бұрын Маһперуза жүрсін, — деді,
Хайласын малғұнға қылсын, — деді.
Ғапыл болып қалмасын анда, — деді,
Ескендірдей қалмасын торда, — деді.

Әлқисса, Маһперузаға хабар берді,
17100 Шат болып жүз мың ләшкерді алып жүрді.
Бір күнлері Айн әл-Құтырға жетіп келді,
Далфруз сиқыршы хабар білді.

Келіп ол Маһперузаға сөз сөйледі:
— Жаным, сен нешік келдің сонда? — деді.
Маһперуза Далфрузға жауап берді,
Бұрынғы өткен ісін баян қылды:

— Мен бір күні аң аулауға жүрдім ерді,
Мен сонда Ескендірді көрдім, — деді.
Көңіліме ғашық оты түсті, — деді,
17110 Ұят, намыс пердесін ашты, — деді.

Ғұзыр қыламын, келдім саған, — деді,
Мұның тәдбирін өзің біл енді, — деді.
Далфруз сонда: — Әй, жаным, қызым, — деді,
Баттал жолдан азғырды оны, — деді.

Бұ күнде мен қапасқа салдым оны,
Ол маған инкар қылып, бағи болды.
Маһперуза: — Ғажап қылам сізге, — деп сөйледі, —
Өзінің ұғылын қапасқа салар ма кісі, — деді.

17120 Рұқсат берсеңіз, мен Ескендірге барам, — деді,
Тіл алса, үгіттеп жолға салам, — деді.
Әгар менім сөзімді алса, Ескендірді, — деді,
Хозурыңа келтірем сенің, — деді.

Адамзатқа баралық бізлер жұмла, — деді,
Халифаны Баттал илән өлтірелі.
Бұ сөзі Далфрузға хош келеді,
Маһперузаны Ескендірге ап келеді.

— Бұ сарайдың ішінде, торда, — деді,
Қапаслап қойдым сонда, — деді.
Ол болса үгітіңе сенің, — деді,
17130 Сол уақытта шақырғыл мені, — деді.

Маһперуза бір сарайға кіріп келді,
Торда тұрған Ескендірді көзі көрді.
Шаһзада Ескендірді зағип көрді,
Әрекет қылар халі жоқ оның білді.

Маһперуза «аһ» деп сөз сөйледі,
Көрген соң ғашығын талып кетті.
Бір уақытта есін жиып, уа және аһ қылды,
— Көргенімше, көрмегенім жақсы ерді.

17140 Не қылармын бұл уақытта, аһ, — деді,
Халсіз болып қалыпты шаһым, — деді.
Сол уақытта Ескендір сөз сөйледі:
— Менім үшін қайғырған кімсің? — деді.

Нешік келдің бұ жерге, жаным? — деді,
Далфруздан қорықпай мұнда, — деді.
Сол уақытта Маһперуза сөз сөйледі:
— Мен — Шаһрұх падишаның қызы, — деді.

- Пәлен күнде аң аулап жүрдім ерді,
Сізді мен сол уақытта көрдім ерді.
Сен мені ұғлан біліп кеттің ерді,
17150 Мен сонда білдірмедім саған, — деді.
- Мен сонда ғашық болдым саған, — деді,
Ғешбір сабыр қалмады менде, — деді.
Сол себепті мен келдім саған, — деді,
Сен Сейіт сұлтанның ұғылысың, білдім, — деді.
- Ескендір сонда: — Мен білмедім, — деді,
Ұғлан санап, ғашық ердім саған, — деді.
«Қай падишаның баласы?» дедім ерді,
Сұрамай, ғапыл болып қалдым ерді.
- Маһперуза енді раушан сөз сөйледі:
17160 — Әй, шаһзада Ескендір, — деп сөйледі.
Сен — Сейітбаттал палуанның ұғылы, — деді,
Мұнан істі көрмелік мирас, — деді.
Бұ қапастан құтқарсам, әгар, сені,
Ол малғұнға қуатың жетер ме? — деді.
- Ескендір сонда **«Аһ» деп сөз сөйледі:**
— Бұ сиқырдан халас болса басым, — деді,
Бір Алла жәрдем берсе маған, — деді,
Мен талқан қылар ердім ол залымды.
- Маһперуза уа және сөз сөйледі:
17170 — Бұ сиқырдан халас қылсам сені, — деді.
Сен қабыл қылып алармысың мені? — деді,
Уа және алмаспысың адамзатты?
- Ескендір сонда ант илән сөз сөйледі:
— Сенен рұқсатсыз алмаспын адамзатты.
Қыз сонда Сүлейменнің дұғасын оқып ерді,
Сол уақытта Ескендірге қуат кірді.
- Қаһарланып, әрекет қылып ерді,
Шіріген бөздей темір торды пәре қылды.

17180 Қыз сонда: — Әй, шаһзада, — деп сөйледі,
Сабыр қыл, қару келтірелік саған, — деді.

Қасына жолдас болған ләшкерлері,
Бірісінің қаруын алып берді.
Сол уақытта малғұн Далфрузға хабар барды,
Сонда малғұн: — Әй, шашы кесілгір, —
деп сөйледі,

Мұнда келген жұмысың осы ма? — деді,
Жетпіс жара қылайын, — деп нағра салды.
Оны естіп жүз мың сиқыршы әзірленді,
Сол уақытта Ескендір де нағра салды.

17190 Жеті қат көк жерге түскен мисли болды,
Таулар тітіреп, сиқыршылар есін танды.
Сонда Ескендір «Аллаһу Ақбар» деп, нағра салды.
Тау мен тасты тітіретіп, қаһары келді,

«Әй, малғұн Далфруз қайда? — деп ақырды.
Көкке шығып қашсаң да қойман» деді,
Қолына қылышын алып, Ескендір қыра берді,
Бір сағатта он мың сиқыршы һәлак қылды.

Өзін жаныб

17200 Ескендір сиқыршыларды қыра тұрсын,
Енді Шаһрұхтың сөзі келсін.
Екі жүз мың перілер илән ерді,
Қап тауындағы Рағидқа хатты жазған ерді.

«Сейіттің ұғылын Далфруз
қапасқа салған, — дейді,
Тез келсін әскер илән» деген ерді.
Бұ хаты Рағид падишаға барған ерді,
Жүз мың перілер ол жерден жүрген ерді.
Жол жүріп, жүз мың перілер келер ерді,
Бір бұлақта ұйықтап жатқан адам көрді.

Өзін жаныб

- Ол жатқан хауарзамин Мұхаммед ерді,
Ескендірді төрт жыл іздеп жүрген ерді.
Көп іздеп Ескендірді дал болды,
17210 Бұ жерге шаршап келіп жатқан ерді.
- Перілер оны сайха қылып оятыпты,
— Не қылып жатқан адамсың мұнда? — депті.
Бұ жерге Рағид келер қазір, тұрғыл, — депті,
Аман бермей, өлтірер сені, — депті.
- Мұхаммед сонда перілерге сөз сөйледі:
— Рағид кім-дүр, ол мұнда келсін, — депті.
Қарныңызға тығайын басын, — депті,
Сенің басыңды тығайын оған, — депті.
- 17220 Сол уақытта бір дию пері жетіп келді,
Қаһарланып, отыны шашып келді.
Мұхаммед сонда жұмырық илән ұрып ерді,
Диюдың басы алмадай ұшып түсті.
- Сол уақытта көп перілер нағра салды,
Оны естіп Рағид жетіп келді.
Киімі тозған бір адамды көзі көрді,
Рағидтың көңіліне қорқу түсті.
- Алланың хақы туғыры сөйлегіл, адам, — деді,
Бұ жерге неге келдің, білдір? — деді.
Аты-жөніңді білдірші маған? — деді,
17230 Қай жерден келерсің мұнда? — деді.
- Мұхаммед сонда Рағидқа жауап берді:
— Асыл затым — адамзат, араб, — деді,
Бабам — Мұхаммед пайғамбардың хатымы, — деді.
Туған нәсілім — Шаһ жиһан Сейітбаттал, — деді.
- Мен оның бір қызынан тудым, — деді,
Тұрағым — Хауарзаминнің шаһары, — деді.

Сейітбатталдың бір ұғылы болар ерді,
Далфруз малғұн ұрлапты оны, — деді.

17240 Оның үшін мен кездім бұ жиһанды,
Төрт жыл болды, мен болдым сәрғардани.
Мұны естіп Рағидтың мейірі келді,
Атынан түсіп, тағзым илән қолын сүйді.

— Қайғы қылмағыл, палуан, оған, — деді,
Мен де іздеп келемін ол шаһзаданы.
Шаһрұх жіберіпті бізге хатты,
Сол себеплі барармыз оған, — деді.
Мұны естіп Мұхаммед шат болды,
Ол Мұхаммедті Рағид падиша алып жүрді.

Өзін жаныб

17250 Үшбулер жолы бірлән жүре тұрсын,
Енді Маһперузаның сөзі келді.
Жүз мың жәду Маһперузаны қамар ерді,
Ескендір қылыш илән шабар ерді.

Тау келсе де бүгін пәре қылар ерді,
Сол уақытта Шаһрұх жетіп келді.
Қисапсыз ләшкер илән келген ерді,
Жұмласы жәдулерге қылыш ұрды.

17260 Жәдулерден екі жүз мың ләшкер келді,
Оны көріп Далфруз шат болды.
Сол уақытта Ескендірдің қаһары келді,
Аспан жерге түскендей нағра салды.

Көп жәдулер сол халде есін танды,
Қырық мыңы жаһаннамға жөнеледі.
Бір малғұн Фитнә деген болар ерді,
Өзі жуан, басына көз жетпейді.

Ескендір оған бір қылыш ұрып ерді,
Ол малғұнды екі пәре қылып салды.

Оны көріп сиқыршылардың құты ұшты,
Соғысарға халі келмей, қалтырады.

17270 Сол уақытта Рағид илән Мұхаммед келді,
Бұнлар және сиқыршыларға қылыш ұрды.
Шаһрұх көп перілерге падиша ерді,
Хабар етіп көп перілер келіп ерді.

Сиқыршы дию, перілердің падишалары,
Анлар да әскер жиып келіп ерді.
Жұмласы қосылып, соғысты қылып ерді.
Дария тасқан мисли қан төгілді,

17280 Сол халде Далфруз малғұн қатты састы.
Сол халде Мұхаммедке ұшырасты.
Далфруз малғұн Мұхаммедке сайха қылды:
— Ұғылымды жолдан азғырған сендер, — деді.

Бү жерге нешік келдің және? — деді,
Қылармын жетпіс пәре сені, — деді.
Сол халде Мұхаммед оған сайха қылды:
— Алланың жәрдемі илән келдім, — деді.

Құдайым кез келтірді сен малғұнды,
Қылайын екі пәре қазір сені.
Далфруз сонда алмас қылышын қолына алды,
Мұхаммедті шабайын деп оңтайланды.

17290 Мұхаммед сонда қаһарланып ұмтылып ерді,
Қорқып Далфруздың қылышы түсті.
Сол уақытта Мұхаммед оны пәре қылды,
Сиқыршылардың жүзіні қара қылды.

Сол уақытта Ескендір жетіп келді,
Мұхаммедтің қайратын көзі көрді,
Атынан түсіп, Мұхаммедті құшақтады,
Екісі зар жыласып, көріс қылды.

Әскерлер бұнларды көріп, қайран қалды,
 «Адамзатлар мұндай болар екен» десті.
 Ескендір мен Мұхаммедке ықылас қылды,
 17300 Сол жерде үш жүз мың сиқыршы мүмін болды.

Сол уақытта көп сиқыршы қашып ерді,
 Шаһрұхтың ләшкерлері қуып қырды.
 Сиқыршы жауларды жұмла қырды,
 Енді Шаһрұхтың көңілі тынды.

Әзін жаныб

Енді Шаһрұхтың сөзі келді,
 Қайғы кетіп, шатлықтың өзі келді.
 Сарафараз бану, Маһперуза енді келді,
 Ескендір Мұхаммед илән және келді.

Шаһрұх үшбулердің көзін сүйді,
 17310 Ескендірді көп сүйіп, рахат қылды.
 — Шырағым, ғазаң мақбұл болсын, — деді,
 Екі дүнияның дәулеті толсын, — деді.

Бұ малғұн көптен маған дұшпан ерді,
 Бұ малғұнға қолым жетпей жүрген ерді.
 Әлхамдулилла, қолымыз жетті бұған, — деді,
 Малғұнлардың сиқыры батыл болды.

Енді жұмласы Айн әл-Құтырдың шаһарына кірді,
 Отырып, жұмлалары мәжіліс қылды.
 Маһперузаны Ескендірге некахлады,
 17320 Мұхаммедке Сарафараз бануды және берді.

Той қылып, әскер әһлін қонақ қылды,
 «Әмин» деп жұмлалары дұға қылды.
 Ескендірді Айн әл-Құтырға падиша қойды,
 Сүлейменнен қалған мирасты және берді.

Андан соң Шаһрұх кері қайтты,
 Рағид падишаһ ләшкер илән және қайтты.

Өзінің шаһарларына барып тұрды,
Қараған рағиятлары шатлық тапты.

17330 Айн әл-Құтырда, шаһарларда рахат тапты,
Машақаттың соңында қанша тапты.
Тынышлық ұғылы насыр сөзді назым айтты,
Қанша сөзді қате жазып, жолдан қайтты.

«Уа, Алла, ағлам бис-сауаб» деп назым айтты,
Оқыған тәлибларға сәлем айтты.
Қате болса сөзімні көзлең енді,
Уәли Алланың қиссасын түзеп енді.

17340 Бұ қисса үшбу жерде тамам енді,
Мұхаммедке салауат, Сейітке дұға қылғыл енді.
Бұ қиссаны назым жазған ғасы құлды,
Дұғадан ұмыта көрмең сонда бізні.

Әлхамдулилла әләт тамам, Хабиб Алла, сенге сәлем,
Ақыр демде сәлеміңізге болғай-дүр сәлем.
Шапағат қыл иә, Хайрул анам,
жазушының көңілі манам,
Ғасылықтан болды ма көңілі манам, тілі қиям.

Жиырма жетінші бап: *Шаһзада Ескендір илән Мұхаммедтің падишалығын тастап, адамзатқа келіп, атасының өшін алғаны*

Бисмиллаһи деп бұ қиссаны және ашалы,
Аллаға сәна айтып, зарласалы.
Мұхаммед Мұстафаға салауат сөз ашалы,
Естімей, көрмегенге сөз шашалы.

17350 Иләһым, жаратушы Сұбхан, Қадір Мәула,
Түзеген фазылы бірлән көңілімізді.
Жазайын Аллаға сыйынып бұ назымды,
Ескендірдің керемет қайратын.

Риуаят рауиларның сөзі келді,
Ол сөзді назым бірлән айтқым келді.

Айн әл-Құтырда Мұхаммед илән
Ескендір падишада ерді,
Тақыт үстінде мәжіліс қылып отыр ерді.

Оң-солында палуан, беклері бірге ерді,
Аллаға сәна айтып отыр ерді.
17360 Сол уақытта екі пері күткен келді,
Ескендірге дұға оқып, сәлемлер берді.

Бір хатты Ескендірдің алдына қойды,
Уа және әдеп бірлән кейін тұрды.
Ол хатты Мұхаммед алып оқып көрді,
Аллаға хамд, Мұхаммедке салауат сөзні.

Тамус сұлтан жазыпты, оны білді,
«Иә, Ескендір, менен саған сәлем, — депті.
Атаң сенің Сейітбаттал палуан ерді,
Сенің үшін көп қасірет қылған ерді.

17370 Сенің қасіретің көңілі нехасыл болды,
Алланың рахматына ол сұлтан уасыл болды.
Себебі, Қанатус қайсар бағи болды,
Оның үшін мәсих шаһарында дүния салды.

Қияметке қалмасын дағы, — депті,
Келіп алғыл ол малғұннан өшін» депті.
Мұны естіп Ескендір есін танды,
Мұхаммед илән екілісі көп жылады.

17380 Перізаданың палуанлары һәм жылады,
Мисли қиямет қылғандай зар жылады.
Әлқисса, қырық күн анда қаза қылды,
Хатым Құран оқытып, мал сарп қылды.

Енді Ескендір перілерден ләшкер жиды,
Ұлық палуандардан таңдап жиды.
Бір күнлері адамзатларға жетіп келді,
Ол жерде шатыр құрып, рахат қылды.

Сүлеймен пайғамбардың шатырыны,
Ескендірге салтанат үшін оны құрды.
Ескендір қалам алып, қағаз жазды,
Аллаға хамд, Мұхаммедке салауат айтып жазды.

Уа және «мен — Ескендір

- Сейітбатталдың ұғылы, — дейді,
17390 Иә, Ғауаж фараң, тәсілім болып келгіл, — дейді.
Сен келіп, маған қарындас болсаң, — дейді,
Қанатусты өлтірсем, төж-тақтысын берем» дейді.

Бұны жазып, ол хатқа мәһір басты,
Ол хатты Мұхаммед палуан алып кетті.
Ғауаж фараңның шаһарына келіп ерді,
Қапуны бақылап, ішкері жібермеді.

- Сол уақытта Мұхаммед палуанның қаһары келді,
Қапуға қаһар илән күрзі ұрды,
Қапуны талқан қылып, ішке кірді.
17400 Ғауаж фараң хабар естіп «келтір» деді,

Қорқып Мұхаммедті ғиззатлап алып жүрді,
Падишаның сарайына алып келді.
Мұхаммед сонда үшбулерге сәлем берді:
— Алланы бір білгенге болсын, — деді.

Сәнан деген бір палуаны болар ерді,
Мұхаммедке ашуланып тұра келді.
— Бейәдеп сәлем берген кімсің? — деді,
Падишаны хақарат қылып сөйлеп, — деді.

- Қолына күрзі алып оңтайланды,
17410 Мұхаммед сонда қолынан тұтып алды.
Жұмырық бірлән басынан ұрып ерді,
Алмадай басы оның ұшып түсті.

Сол жерде палуанлар тұра келді,
Мұхаммедті «Өлтіреміз» деп шуылдады.

Ғауаж фараңның ұғылы сайха қылды:
— Сізлер өзiр сабыр қылып, жәй тұр, — дедi.

17420 Мұхаммед сонда ашуын басып, сабыр қылды,
Қойнынан хатын алып, Ғауажға бердi.
Ғауаж фараң қорыққанынан хатты сүйдi,
Ғиззатлап тұра келiп және оқыды.

Бұ хаттың мазмұнын Ғауаж бiлдi,
Бiр хайла қылайын деп ойына алды.
— Әй, Мұхаммед, сен қонақ болғыл бұ түн, — дедi,
Ертең жауап берейiн сiзге, — дедi.

Мұхаммед «хош, болар» деп тұрсын ендi,
Ғауаж фараңның хайласын тыңла ендi.
«Тар зынданға Мұхаммедтi бiз салалы,
Уа және қол-аяғын бөнд қылалы.

17430 Ескендiр жалғыз өзi қалса, — дедi,
Келсе де күшi жетпес бiзге» дедi.
Малғұнлар сөз сөйлесiп тұрсын ендi,
Шаһзада Ескендiрден сөз тыңла ендi.

Өзiн жаныб

Ескендiр Мұхаммед кеткен соң, пiкiр қылды,
Мұхаммедтiң кеткенiне қауiп қылды.
«Мұхаммед неш хайласыз палуан ердi,
Жалғызбын деп дұшпанлардан қорықпас.

17440 Бiр зиян ерiш тұрса оған, — дедi,
Қатты қасiрет хал болар маған» дедi.
Ендi Ескендiр кәшиш мисли киiм кидi,
Ол шаһарға руһбан болып жетiп келдi.

Ескендiрдiң жамалы бек ғажап ердi,
Жүзiн көрген есiнен танар ердi.
Ол заматта жиырмада жасы ердi,
Оның нұры толған айдай балқыр ердi.

Һәркім көрсе, оған ғашық болар ерді,
Һешкім оған сөз айтып болмас ерді.
Өлқисса, Ғауаж падишаға алып келді,
Ескендір Инжілді оқып, дауысын созды.

17450 Есіткен халайықтар ғажап қылды,
«Айни Иса болар ма» деп қайран қалды.
Ғауаж падиша Ескендірге басын қойды,
— Әй, дін ұлығысы, арызым бар сізге, — деді.

Арабтан Сейітбаттал палуан шықты,
Ол біздің Рұм халқын хараб қылды.
Нар-нұрдан жәрдем болып, Баттал өлді,
Бір ұғылы Ескендір атты оның болды.

17460 Бес жасында Далфруз сиқыршы алған, — деді,
Он бес жаста келтірген мұнда, — деді.
Далфруздың ашылған сонда сыры,
Уа және алып қашып кеткен оны.

Өлқисса, Далфрузды өлтіріп, мұнда келді,
Енді бізлерге «мұсылман бол» деп, тәдбир қылды.
Мұхаммед есімді ағасы, ұғылы мұнда келді,
Ол келіп қапуымызды талқан қылды.

Менің бір палуаным найбатлы болар ерді,
Ұрыста мың кісіге бара-бар ерді.
Мұхаммед келіп, бір жұмырық ұрып ерді,
Оның басы алмадай ұшып түсті.

17470 Мен хайла ол Мұхаммедке қылдым, — деді,
Бұ түні бізге қонақ бол деп қойдым, — деді.
Оны білмей біреуі отыр, — деді,
Кеш болса, байлатармын оны, — деді.

Қайсарға хат жібердім мұнан, — деді,
Білдіріп мажыраны жұмла, — деді.
Енді сіз тәдбирін қыл мұның, — деді,
Ескендірге болар ма хайла? — деді.

- Сонда Ескендір фараңға жауап берді:
— Бұ сөзіңнің айтайын жөнін, — деді.
Сен айтарсың палуан деп Ескендірді,
17480 Сейіттен артық дерсің қуатыны.
- Сен байласаң жіберген елшісіні,
Ол мұнда соғыс қыла келер, — деді.
Қайсар илән Фағфур келгенше мұнда, — деді,
Жұмлаңызды хараб қылар келіп, — деді.
- Сен менім мәслихатымды алсаң, — деді,
Халғат кигізіп, Мұхаммедті жібер, — деді.
Уа және мұһлат сұрағыл онан, — деді,
Мұсылман болармын деп алдап, — деді.
- Бұ сөзі Ғауаж фараңға мақұл келді,
17490 Мұхаммедті сол мәжіліске алып келді.
Мұхаммед сонда бұнларға сәлем берді,
«Алланы бір білгендерге болсын» деді.
- Ғауаж фараң бұ сөзді естіп ашуланды,
— Арабтарда бейәдеп адамлар көп-дүр, — деді.
Хозурында падишаның мен мысалы,
Мұндай сөзді сөйлер ме нешкім, — деді.
- Сонда: — Ескендірдің нөкері мұнда, — деді,
Оның нешік екен-дүр Ескендірді?
Ғауаж фараң мұны естіп, қорықты жаны,
17500 Мұхаммедке ол берді халғат тонды.
- Мұхаммед сонда халғатын илән қайтарды,
— Мен сенен қашан сұрдым тонды? — деді.
Бір палуан сол халде тұра келді,
— Нешік қабыл қылмассың бұ тондарды?
- Мұхаммед сонда: — Сенің падишаң ит ұрды,
Иттің тоны — бізлерге харам, — деді.
Мұны естіп бір малғұн қылыш ұрды,
Мұхаммедті шабайын деп оңтайлады.

17510 Мұхаммед сонда қылышты тартып алды,
 Бір ұрып, жаһаннамға жөнелдірді.
 Сол уақытта жүһүдлер фариад қылды,
 Мұхаммедті өлтіруге ортаға алды.

Мұхаммед мұны көріп нағра салды,
 Тау-тасты тітіретіп, қаһарланды.
 Ескендір және қаһарланып, сайха қылды,
 Жүһүдлердің шаһарына ол қозғады.

17520 Мұны естіп дию, перілер жетіп келді,
 Жұмласы мүшіріклерге қылыш ұрды.
 Қан кеудені көтеріп, селдеп ақты,
 Ғауаж фараңның шаһары қанға толды.

Ол шаһарда бек аз ғана адам қалды,
 Қалғаны басын қойып, мүмін болды.
 Енді Ескендір жұмла малды тақсым қылды,
 Пақыр, міскін, жетім, тұлдарға үлестірді.

Өзін жаныб
Енді Ыстамболға жүргені

Риуаят рауиларның сөзі келді,
 Ескендір Қостантинға және жүрді.
 Ғауаж фараңның қайсарға хаты келген ерді,
 Жәрдем үшін жүз мың ләшкер жүрген ерді.

17530 Ескендірдің не қылғанын білген ерді,
 Шаһарға жақын келіп, шатыр құрды.
 Сол уақытта Ескендір жетіп келді,
 Шаһарға жақын келіп, шатыр құрды.

Сүлейменнің шатырын құрып алды,
 Ол түні қонып жатып, рахат қылды.
 Таң туып, екі ләшкер қарсы тұрды,
 Қайсардан Арсағып деген палуан жүрді.

- Тоғыз жүз батпан күрзісі болар ерді,
Қаһарланып майданға келіп тұрды.
Ескендірден бір палуан оған барды,
17540 Есімі Кәрсашаб деп атар ерді.
- Кәрсашаб Шын падишасының ұғылы ерді,
Қад қаматы жетпіс аршын болар ерді.
Арсағыптың көңіліне қорқу түсті,
— Ескендір деген палуан сен бе? — деді.
- Кәрсашаб оған: — Мен — Ескендірдің құлы, — деді,
Қай тарапқа жұмсаса, мен барам, — деді.
Арсағып сонда: — Сен қайсарға жүргіл, — деді,
Қайсар сені падиша қояр елге, — деді.
- Кәрсашаб сонда: — Әй, малғұн, бейдін, — деді,
17550 Не жоқ сөзді сөйлейсің босқа, — деді.
Мұхаммедтің дініне кіргіл қазір, — деді,
Жаһаннамның отында қалмай, — деді.
- Сонда малғұн қолына күрзі алды,
Ашуланып соғарға оңтайланды.
Кәрсашаб сонда ол малғұнға қылыш ұрды,
Ол барып жаһаннамнан орын алды.
- Жүһүдлер сол уақытта сайха қылды,
Қайсар сонда **«Қаптаңыз» деп өмір қылды.**
Ескендір мен Мұхаммед сонда нағра салды,
17560 Сол уақытта перілер қырғын салды.
- Мисли қияметтің күні болған болды,
Қан сонда су мысалы болып ақты.
Ескендір сонда Фағфұршынға ұшырады,
Екі бөліп, жаһаннамға жөнелдірді.
- Сол уақытта дұшпанларға қорқу түсті,
Барабан соғып, ләшкерлері кері түсті.
Ескендір шатырына келіп түсіп ерді,
Мұхаммед, Кәрсашаб илән бұнлар түсті.

17570 Ескендір таққа отырып, мәжіліс қылды,
Жұмлалары тағам асап, рахат қылды.

Өзін жаныб

Енді қайсар малғұнның сөзі келді,
Тыңлаңыз, ол малғұнның сөзін енді.
Мың кәшишпен пұттарына сәжде қылды,
«Бізге жәрдем қылғыл» деп көп жылады.

— Біз Батталдан құтылып тұрдық ерді,
Бірнеше күн рахат қылдық ерді.
Оның ұғылы Ескендір және келді,
Ол Батталдан он есе артық болды.

17580 Мұхаммед деген бір жиені және келді,
Жұмырығы күрзіден мықты болды.
Оның қылышы кесе-дүр тау мен тасты,
Ақырса, тітіретер жер мен көкті.

Және бар Кәрсашаб деген палуаны,
Келтірген жын-перілерден ләшкерлерді.
Нешік хайла қылармыз оған енді?
Әгар жәрдем бермесең, Нар-нұр, — дейді.

17590 Әлқисса, жұмла жанлары зар жылады,
Сол уақытта сабах садық таң да туды.
Қорғанның қапуыны берік қылды,
Соғысқа һешбір ләшкер шыға алмады.

Ескендір енді шаһарға келіп, сайха қылды:
— Нешік тышыра шықпайсың, малғұн? — деді.
Атамның қанын алам сізден, — деді,
Не себепті өлтірдің? — деп сөйледі.

Қанатус қайсар там басына шығып тұрды,
— Атаңды мен өлтірмедім сенің, — деді.
Сенің атаң өлтірді жұмла анам илән бабаларды,
Уа және жұмла туысқан қарындастарымды.

17600 Уа және көп ұрлады ұғыл илән қызларымды,
Қисапсыз және қырды ол бізлерді.
Қылған ісі басына бір күн келді,
Оны барып өлтірді қызым, — деді.

Оның дахи кеспеті қызға әсер қылды,
Сол жерде қызым және опат болды.
Оны естіп, Ескендір хәм сөйледі:
— Жұмласы сенен болған сұмдық, — деді.

17610 Уа және қаһарланып, иамин илән сөз сөйледі:
— Атамның қанын алмай қойман! — деді.
Қаһарланып қапуға күрзі ұрды,
Қапуны талқан қылып, ішке кірді.

Қаһарланып Ескендір нағра салып ерді,
Жер, көк сонда тітіреп күңіренді.
Мұны естіп, дию, перілер көкке ұшты,
Шаһарына жұмла келіп және ішіне кірді.

Жұмла жүһүдлерні көп қырып ерді,
Қан кеудені көтеріп, судай ақты.
Қанатус мұны көріп, қашып кетті,
Зәңгібардың шаһарына ол жөнелді.

17620 Қалғаны Ескендірге тәсілім болды,
Аяғына басын қойып, мүмін болды.
Ескендір Қанатусты көп қарады,
Ол залымды таба алмай, мөлүл болды.

Перілерден сұрады: — Көрмедің бе,
Ауада ұшып жүріп сіздер оны?
Перілер: — Көрмедік, — деп антын ішті, —
Соғыс қылып жүргенде ғапыл, — дейді.

Әзін жаныб

Енді Қанатустың тыңлаңыз сөзін енді,
Ол малғұнның істеген хайласыны.

Сейіт хазіреті көшкен күні рамл салды,
17630 «Бү шаһарға енді келер ме һешкім?» — десті.

Кітабында көрділер ғажап істі,
«Сейіттің бір ұғланы болар, — десті.
Он артық ол Сейіттен болар, — десті,
Ол келіп, хараб қылар бізді» десті.

Бү сырды халайықтардан пінһан қылды,
Отыз форсақ бір жерден жолды қазды.
Бетін жауып, ол жердің қойған ерді,
Сол жерден бес жүз кісі қашып кетті.

Сол уақытта Тамус сұлтан ұшырады,
17640 Ескендірге жәрдем үшін келер ерді.
Үш жүз мың қасындағы пері ерді,
Екі жүз жүһүдлерді бунлар қырды.

Тамусты сонда қайсар көріп қаша берді,
Ортаға төрт жүз ләшкері алып жүрді.
Сол жерде жұмласыны Тамус қырар ерді,
Төрт жүз мың ләшкер Қанатурды келер көрді.

Бұны көріп, жөніне жүре берді,
Мақсуды Ескендірдің талабы ерді.
Қанатур малғұн қайсарға жолығады,
17650 Шілтелеп ол қайсарды көп сөйледі.

— Әй, қайсар, ұят-намысың қайда? — деді,
Тәж-тақтыңды не үшін тастап қаштың? — деді.
Бү жерде өлтірер ердім сені, — деді,
Нар-нұрдың құрметі үшін қойдым, — деді.

Қанатур Фағфұршынның ағасы ерді,
Ескендірдің өлтіргенін біліп келер ерді.
Ол малғұн есіп сөз сөйледі:
— Ескендірді өлтірмей, рахат қылман, — деді.

- Қайсар сонда Қанатурға сөз сөйледі:
 17660 — Ескендірге һешкімнің қуаты жетпес, — деді.
 Сейітбаттал көп қырып ерді нәсілімізні,
 Ол өліп, жан көңіліміз тынып ерді.
- Ол Батталдан бұ Ескендір туған, — деді,
 Бес жасында Далфруз оны алған, — деді.
 Сиқырлап, өзіне ұғлан қылған, — деді,
 Он бес жасында келтірген мұнда, — деді.
- Батталды өлтіруге келген ерді,
 Өлтірте алмай, оның сыры заһир болды.
 Далфруз алып қашқан және оны,
 17670 Апарып, салып қойған қапасқа оны.
- Әлқисса, жоғарғы сөзді баян қылды,
 Далфруздың өлгенін аян қылды.
 — Ескендір бек қайратлы болған, — деді,
 Он артық атасынан туған, — деді.
- Диу, перілерді көп қырған және, — деді,
 Айн әл-Құтырға ол падиша болған, — деді.
 Көп ләшкер перілерден алған, — деді,
 Оны алып ол Ескендір мұнда келген, — деді.
- Һеш мақлұқ оған қарсы тұра алмайды,
 17680 Сенде оған пар болмассың, аңла, — деді.
 Сонда Қанатур малғұн қаһ-қаһ күлді,
 — Қарындасларымның қанын алмай қойман, — деді.
- Менің бар тоқсан батпан күрзім, — деді,
 Бір ұрсам, күл қылармын оны, — деді.
 Әлқисса, ол мақтанып, сөз сөйледі:
 — Менім асылым — перизат, — деп сөйледі, —
- Менің анамды перілер ұрлап ерді,
 Мен сонда пайда болып, тудым, — деді.
 Оның маған қуаты жетпес, — деді,
 17690 Сен мені ғайрлардай көрме, — деді.

Өзін жаныб

Мақтанып сөйлей тұрсын бұнлар енді,
Тамус илән Ескендірдің сөзі келді.
Ескендір қайсарды біле алмай, мөлүл ерді,
Қай тарапқа кеткенін білмес ерді.

Мұхаммед тұрып һәр тараптарға қарап ерді,
Аспанда келе жатқан ләшкер көрді.
Ол келетін Тамус сұлтан пері ерді,
Сұлтан Сейітбатталдың досты ерді.

17700 Әуелде оған Сейіт айтып ерді,
Оның үшін Ескендірге келер ерді.
Жұмдалары «Сәлем» деп, көріс қылды,
Бірін-бірі хал сұрасып, таныс қылды.

Сейіттің жайын айтып, көп жыласты,
Рухына Құран оқып, бағышласты.
Тағам асап, рахат ол қылысты,
Енді қайсар малғұнның сөзін айтты.

17710 Тамус сонда: — Мен көрдім оны, — деді,
Анлардың екі жүзін қырдым, — деді.
Қырар ердім аналардың жұмласыны,
Ол арада көп әскерді көрдім, — деді.

Төрт жүз мың ләшкер Қанатур келер ерді,
Оны тастап, мен сізге келдім, — деді.
Оны естіп Ескендір шат болды,
Жұмласы әскер илән анда жүрді.

Тамус сұлтан халифаға хатты жазған ерді,
Білдіріп Ескендірдің келгеніні.
Халифа хатты оқып, хабарын білген ерді,
Ол хабарды Сейіттің ұғылыларына берген ерді.

17720 Мұсылманлар хатты оқып, шат болды,
Әли, Нәзір қырық мың ләшкер алып жүрді.

Халифа жүз мың ләшкермен жүріп ерді,
Сейіттің ұғландары қарсы келді.

Бірін-бірі ғиззатлап, көріс қылды,
Тамус сұлтанның жазған хатын бұған берді.
Әли оқып, ол хаттың сөзін білді,
«Мұхаммед илән Ескендір бірге, — дейді.

Далфрузды өлтіріпті анлар, — дейді,
Ғауаж фараңды өлтіріпті және, — дейді.
Уа және Ыстамболға барған, — дейді,
17730 Ол шаһардан қайсар қашып кеткен» дейді.

Әлхасыл, жұмла сөзді бұнлар білді,
Әскер илән Ескендірге бұнлар жүрді.
Енді Ескендір хабар біліп, жүрмек болды,
Ләшкерлерін көрші шепке тапсырады.

Халифаға Тамус илән Ескендір жүрді,
Бес күнлік жерден халифаға бұнлар келді.
Тағзым қылып, жұмлалары атынан түсті,
Жұмласы құшақтасып, көріс қылды.

Сейіттің Әли, Нәзір екі ұғылы
17740 Мұхаммед илән Ескендірді құшақтап,
көп жылады.
Жұмласы Сейіт үшін көп жыласты,
«Аһ, арманда қалдық» деп зар жыласты.

Тамус сұлтан бұнларға үгіт берді,
«Әй, жаранларым, сабыр қыл!» деп сөйледі.
Әлқисса, жылағанын бұнлар қойды,
Халифа Ескендірге көзін салды.

Сияпат, шұһрасына ғажап қалды,
Жер мен көктегі ләшкерлерге тахсин қылды.
«Бұның кебі адамзатларда болмас, — десті,
17750 Мәгәр артық болмаса Сүлеймен» десті.

Әлқисса, жұмлалары мәжіліс қылды,
Сейіттің шариф төнін жұмла іздеді.
Алладан үшбулерге жәрдем болды,
Сейіттің шариф төнін тауып алды.

Оның атасы Хұсайын хажыны және тапты,
Бұнларды тауып алып, қайран қалды.
Анларға бек зор қылып ғимарат салды,
Көрген жанлар таң қалып, есін танды.

17760 Ескендір енді мың құл алып азат қылды,
Уа және мың пақырларға ат, тон берді.
Уа және ғалым-ғұламаларға мал сарп қылды,
Хатым Құран оқытып, құрмет қылды.
Әлқисса үшбу сөзді қысқарталы,
«Уа, Алла Алим, Бисауаб» деп сөз ашалы.

Өзін жаныб

Риуаят рауиларның сөзі келді,
Жоғарғы Кәрсашабтан хабар келді.
Қанатурға қайсар илән хабар келді,
«Ескендір халифаға кеткен» десті.

17770 Қанатур лағин бейқисап әскер алды,
Келіп ол Кәрсашабқа жақын түсті.
Қанатур малғұн Кәрсашабқа қағаз жазды:
«Басың қойып, біздің дінге кіргіл, — дейді.

Ескендір мен халифаны өлтірем, — дейді,
Тәж-тақтың саған алып берем, — дейді.
Бұ сөзімні алмасаң, әгар, — дейті,
Бір жұмада өлтірермін жұмлаңызды дейді».

17780 Шатран деген бір малғұн алып барды,
Кәрсашаб оқып ол хаттың сөзін білді.
Шатранның құлақ-мұрнын кесіп алды,
«Қолынан келген ісін қылсын!» деді.

Ол келіп Қанатурға хабар берді,
Қанатур қаһарланып жетіп келді.
Екі ләшкер сап болып тұрып ерді,
Бір палуан зәңгілерден жетіп келді.

Ол зәңгі жүз кісіге бара-бар ерді,
Мұсылманлардан елуді ол өлтірді.
Ол малғұн мақтанып нағра салды,
— Кәрсашаб нешік өзі келмес? — деді.

17790 Кәрсашабта бір палуан болар ерді,
Аты — Лақме, Рағид падишаның ұғылы ерді.
Майданға Керкуданын мініп келді,
— Әй, харамзада, не дерсің, сөйле? — деді.

Ескендір бір күн мұнда келер, — деді,
Көкке шығып қашсаң да қоймас, — деді.
Лақменің алпыс аршын бойын көрді,
Тоғыз жүз батпан күрзісінен қауіп қылды.

17800 Ол қорқып Лақмеге сөз сөйледі:
— Сенің атаң Қап тауында падиша ерді.
Сен келдің не себепті мұнда? — деді,
Адамзатқа қызмет қылып босқа, — деді.

Сен енді біздің дінге кіргіл, — деді,
Айн әл-Құтырға падиша қоям сені, — деді.
Лақме сонда: — Әй, малғұн, — деп сөйледі,
Діннің асылын айтайын саған, — деді.

Хақ Мұхаммед — пайғамбар-дүр, білгіл, — деді,
Оның діні Хақ ерер кіргіл, — деді.
Әлқисса, екілісі дін хақында келісе алмады,
Екілісі нәубет бірлән хамлә қылды.

17810 Екісінің де Керкуданы жығылып ерді,
Ағзалары қан болып, тұра келді.
Екісіне Керкудан алып келді,
Күн кеш болып, екісі қайтып кетті.

Кәрсашаб келіп, Лақменің көзін өпті,
 «Аһ, Ескендір болмады-ау бұ күн! — деді.
 Сенің ол қайратыңды көрер ерді,
 Сенің үшін хайыр дұға қылар ерді».
 Бұнлар мәжіліс, рахат қыла тұрсын,
 Енді малғұн Қанатурдың сөзі келді.

Әзін жаныб

17820 Жамһур деген бір малғұн падиша болар ерді,
 Сол күнде төрт жүз жастан озған ерді.
 Ол малғұн сиқырлыққа маһир ерді,
 Қанатурдан оған хабар барған ерді.

Ол лағин Қанатурға келген ерді,
 Оның аяғын Қанатур сүйген ерді.
 Шатырына келіп оны қонақ қылған ерді,
 Ескендірді ол шикаят қылып ерді.

Сонда Жамһур Қанатурға һәм сөйледі:
 — Сізлерде һешбір қайрат жоқ-дүр, — деді.
 Өгар менім жас күнім болса ерді,
 17830 «Һай» дегенше, өлтірер ердім Ескендірді.

Қанатур сонда: — Ескендір жоқ мұнда, — деді,
 Лақме деген Рағид ұғылы бар, мұнда, — деді.
 Екіміз бүгін көп мұбараз қылдық, — деді,
 Күшім жетпей, мен шаршап тұрдым, — деді.

Кәрсашаб деген ләшкер басшының, — деді,
 Қуаты Лақмеден артық оның, — деді.
 Ескендірді есіттік және, — деді,
 Оның қуаты жүз артық онан, — деді.

17840 Қайсар илән Қанатур мұны айтты,
 Жамһурға басын қойып, зар жыласты.
 Жамһур малғұн бұнларды жұбатыпты,
 — Қайғырма мұның үшін сізлер, — депті.

Бір шөлмекті пешатлы алып берді,
— Бұ шөлмектің іші толған құм-дүр, — деді.
Өгар қуатыңыз келмесе сізің, — деді,
Бұ шишадан құм алып, шашқыл, — деді.

17850 Байланар анлардың қолы сонда, — деді,
Кесіп сонда басын алғыл, — деді.
Әлқисса, сиқырлық ол үйретті,
Сабах садық таң атып, Лақме келді.

Қанатур сонда Лақмеге сөз сөйледі:
— Кел, менім аяғымды сүйгіл, — деді.
Уа және біздің дінге кіргіл, — деді,
Қимаймын өлтірерге сені, — деді.

Лақме сонда: — Әй, малғұн, — деп сөйледі,
Жаным сахи, хақ діннен безбен, — деді.
Қанатурды күрзі бірлән салып ерді,
Керкуданның белі сынып, ол жығылды.

17860 Аузы-мұрны қан болып, тұра келді,
Уа және бір керікке мініп алды.
Қолына шиша алып, топырақ шашты,
Лақме сол уақытта көзсіз болды.

Сол халде Қанатур малғұн қылыш ұрды,
Сол жерде Лақмені шаһид қылды.
Оны көріп, Кәрсашаб жетіп келді,
— Әй, лағин, не қылдың тоқта? — деді.

17870 Ескендір мұнда қазір келер, — деді,
Зүриятыңнан қалдырмас һешбірін, — деді.
Қанатур сонда бұ сөзге қаһ-қаһ күлді,
— Ескендір бір ұрғанда өлер, — деді.

Кәрсашабтың оны естіп, қаһары келді,
Қанатур малғұнға күрзі ұрды ерді.
Күрзісін Кәрсашабтың маниғ қылды,
Өзі және қылыш илән хамлә қылды.

Әлқисса, жарты күнше соғыс қылды,
Малғұнның күші жетпей, шаршап тұрды.
Топырақ салған шишаны ол қарады,
Соғыста түсіп қалып, таба алмады.

17880 Сол уақытта бір тозаңды келер көрді,
Ол көрінген Ескендірдің ләшкері ерді.
Ол көріп дұшпанларды, нағра салды,
Аспан жерге түскендей тау қозғалды.

Жер мен көк, тау-тастар ыңыранды,
Сол халде көп халайық есін танды.
Кәрсашаб көзін салып қарап ерді,
Есін танып Қанатурды жатқан көрді.

17890 Сол жерде Қанатурды қылыш илән пәре қылды,
Малғұнды жаһаннамға жөнелдірді.
Ескендір мен Мұхаммед жетіп келді,
Сейіт хазіретінің Әли, Нәзір ұғылы келді.

Аспап илән нағра тартып ләшкер келді,
Ол келген Тамус сұлтан пері ерді.
Жұмласы жүһүдлерге қылыш ұрды,
Бір сағатта жұмласын қырып салды.

Иә, ғажап, қырылған жанларының қандары
Мисли сел наһрдай ағар көрді.
Енді перілер қайсар илән Фағфурның ұғылын
Ескендірдің хозурына алып келді.

17900 Ескендір «иман айтқыл!» деп әмір қылды,
Әмірін қылмай «хараж сал» деп сандалады.
Сонда Ескендір перілерге әмір қылды:
«Қостантинның ортасына от жақ» деді.

Фағфурдың ұғылын қайсар илән отқа жақты,
Малғұндар азаптың дәмін тапты.
Енді Шаһ Ескендірдің көңілі тынды,
Мұсылманлар дұшпанлардың малын жиды.

- Шаһ Ескендір ол малдарны тақсым қылды,
Халифаға шығарды бестің бірін.
Қалғанын ләшкерлерге бахшиш қылды,
17910 Ол малдан хаббесін һеш алмады.
- Ескендір Тамус сұлтанға рұқсат берді,
Кәрсашабты Айн әл-Құтырға падиша қойды.
«Әлуадағ, аман болғыл сізлер, — деді,
Мен енді ол шаһарға барман» деді.
- Уағдаласып перизаттар қайтып кетті,
Ескендір Ыстамболда тұрып қалды.
Ол шаһардың кәнисаларын жұмла жықты,
Орнына мәжид-медресені бина қылды.
- Атасы Сейіт хазіретінен қалған жерді,
17920 Түзетіп дәрул ислам тамам қылды.
Төрт тарапқа хат жазып, тәдбир қылды,
Ықылас қылған халайықтар мүмін болды.
- Бағзы атыраптағы мүнкәрларға хараж салды,
Әлқисса, көп халайықтар тыныш болды.
Ыстамболдың падишасының лақап есімі,
Һәр уақытта «қайсар» деп атар ерді.
- Ескендір ол есімді қойдырышты,
Андан соңыра һеш «қайсар» деп аталмады.
Ол шаһарда Осман деген бір пақыр болар ерді,
17930 Өзі заһид, жасырынып жүрер ерді.
- Ескендір ол Османды падиша қойды,
«Мұның тәдбирінен шықпаңыз һешбір» деді.
«Османия мемлекеті» есім қойды,
Ол есім бұдан кейін жоғалмады.
- Енді Ескендір ол шаһардан сапар қылды,
Малатияның шаһарына жұмла келді.
Ол шаһардың ұлық-кішік жұмлалары,
Ескендірге тағзым қылып, көріс қылды.

Бірнеше күн қонақ болып онан көшті,
17940 Ол келіп Қыршында үш жыл тұрды.
Ол шаһарда атасының ғимарат-зиараты,
Машһүр-дүр көп шаһидтың ғимараты.

Ол шаһарда зиарат қылып жатыр ерді,
Мұхаммед хауарзамин түсті көрді.
Түсінде Сейіт хазіретін шат көріпті,
Жәннаттың тақтысында паш көріпті.

Қасында көп шаһидлер отырыпты,
Мұхаммедке Сейіт хазіреті сөз айтыпты:
«Ескендірге бізден сәлем айтқыл, — депті,
17950 Біз риза Ескендірге болдық, — депті.

Оған һәм риза болсын Алла, — депті,
Өзің мұхман бізге бол, ертең» депті.
Әлқисса, Мұхаммед ұйқысынан ояныпты,
Ескендірге түсін ол айтыпты.

Бұны естіп Ескендір шаһ тұра келді,
Екі рақағат намаз қылып, зар жылады.
«Мен білдім, бұ Мұхаммед дүниядан көшер, — деді,
Жалғыздық менің басыма түсер, — деді.

Иә, Алла, сенен тілек қылдым енді,
17960 Бағышлағыл Мұхаммедті маған енді.
Барайын Ыстамболға мен енді,
Атырабында көп ерді лаңкерлері.

Мұсылманларға бір қылар бір күн, — деді,
Анларға жәрдем берсек барып, — деді.
Иә, Алла, мұнауар қылғыл ислам дінін,
Залымдықтан сақтағыл һәр адамларды.

Иә, Алла, бұ тілегімді берсең, — деді,
Андан соң қалағаның болсын» деді.
Мұны айтып зар жылап жатып ерді,
17970 Түсінде Расул Алла хабар берді:

«Иә, шүкір күшам, қам жемегіл, тұрғыл, — дейді,
 Құдайым тілегіңді берді, — дейді.
 Тез, жаным, бұ орыннан тұрғыл, — дейді,
 Уағдасын бұзған фараңларға барғыл».

Мұны естіп Ескендір тұра келді,
 Аллаға шүкір қылып, сол жерде намаз қылды.
 Мұхаммедке түсін айтып шат болды,
 Ыстамболға ләшкер алып, сапар қылды.

17980 Малатияға хабар айта Мұхаммед кетті,
 Әли, Нәзір, Абдулсамад бұны білді.
 «Ескендір Ыстамболға жүрді, — дейді,
 Сізлер де ләшкер илән жүргіл» дейді.

Әлқисса, қырық мың ләшкер бұнлар жүрді,
 Келіп анлар Ескендірмен бірге жүрді.
 Және Ескендір қалам алып, қағаз жазды,
 «Айн әл-Құтырдан Кәрсашаб келсін, — дейді.

17990 Ғауаж фараң бағи болған, білсін, — дейді,
 Ләшкер илән тез мұнда келсін» дейді.
 Бір пері хатты алып ұшып барды,
 Кәрсашаб падишаға хатты берді.
 Кәрсашаб хатты оқып сөзін білді,
 Тезлік илән әскер жиып, бұ да жүрді.

Әзін жаныб

Жолымен бұнлар енді келе тұрсын,
 Енді Осман сұлтанның сөзі келсін.
 Осман сұлтан бек әділ падиша болды,
 Қараған рағиятлары бек шат болды.

18000 Һәр шаһардан мал, харажлар келер ерді,
 Мұстаһиқ пақырларға берер ерді.
 Өзі бір әдет кәсібі болар ерді,
 Һәр уақытта ол кәсібін істер ерді.

Бір күнлері соқа жүргізіп келер ерді,
Оның темірі бір тасқа ұшырады,
Ол тасты алып, Осман тастап ерді.
Астында нардибан салған үй көрінді,

Ол басқышпен төмен жүріп келіп ерді,
Оның ішінде қырық шелек алтын көрді.
Ол алтынды қырық түйеге артып алды,
Әкеліп қазыналарға оны қосты.

18010 Қисапсыз ол шаһарда ғани болды,
Ұрлық, мақтаншақтық һеш келмеді.
Зәрредей дүния бұзса көңіліні,
«Өлім бар» деп, қорқытар ерді күнде өзіні.

Күн-түн қисап қылар ерді ол өз-өзіні,
Ақыретке сарп қылар ерді мал-мүләкатіні.
Падишалық мал дәулетке мақтанбады,
Бұ дүнияның пәнилығын білген өзі.

18020 Бұ заманның ғажап болған адамлары,
Ақыретті пікір қылмас көп жанлары.
Зәрредей дәулет бітсе, көтермейді,
Мас болып, дәулетіне әуре болды.
Бұ сөзді біз қоялық, тыңлаң енді,
Османның Ескендірмен сөзі келді.

Өзін жаныб

Ескендір келіп, бір жерге қонып ерді,
Бір адам қағаз алып жетіп келді.
Ескендірге тағзым қылып, сәлем берді,
Жерді сүйіп, алдына хатты қойды.

18030 Хатты оқып Ескендір сөзін білді,
Ол хаты Осман падишадан келген ерді.
«Ғауаж фараң бағи болды бізге, — депті,
Ол және тұхфат қылды сізге, — депті.

Ләшкер жиып келіп түр мұнда, — депті,
Мақсұды хараб қылмақ бізді» депті.
Түсінде Мұхаммед Мұстафаның айтқан сөзі,
Ескендір Мұхаммед илән білді өзі.

Енді бұнлар ләшкер илән атқа мінді,
Күн-түн жүріп, Ыстамболға жақын келді.
Ыстамболды қамаған әскер көрді,
Сап болып екі ләшкер тұрған көрді.

18040 Ғауаж фараңнан бір малғұн жетіп келді,
Өзі кербез, бек реңклі малғұн ерді.
Оның күрзисі тоғыз жүз батпан ерді,
Тауды ұрса да ол талқан қылар ерді.

Мұсылманлардан бір дию барып ерді,
Бір ұрып ол диюды күлдей қылды.
Оны көріп Мұхаммедтің қаһары келді,
«Әй, малғұн, не қылдың?!» деп жетіп барды.

18050 Келіп оны көтеріп жерге ұрды,
Күл болып, жаһаннамға жаны барды.
Оны көріп Ғауаж фараң жетіп келді,
Мұхаммед илән ол малғұн хамлә қылды.

Ол малғұн әлгіден мықты ерді,
Мұхаммедті ұрайын деп оңтайланды.
Оны көріп Ескендір шаһ нағра салды,
Жеті қат көк жерге түскен мисли болды.

Иә, ғажап нағраның сайхасыны!
Есіткен халайықтар есін танды.
Жер жарылып, тау-тастар тітіреді,
Мисли болат күркіреп от шашылды.

18060 Мұхаммед сол уақытта қайтып келді,
Ескендір, Ғауаж фараң да қарсы тұрды.
Малғұнды жағасынан ұстап алды,
Алмадай айландырып, жерге ұрды.

Жерге ұрған жұмыртқадай ол жарылды,
 Жаһаннамның ішінен орын алды.
 Сол уақытта аспан ара ғауға шықты,
 Қарасалар, Кәрсашаб перінің ләшкері ерді.

Ескендірдің нағрасын естіп ерді,
 Асығып, сол себепті келген ерді.
 Келіп ол жүһүдлерге қылыш ұрды,
 18070 Алмадай адамлардың басы ұша берді.

Уа және мұсылманлар да қылыш ұрды,
 Ескендір сайха қылып және қырды.
 Қырылғанның қисабын Алла білді,
 Ой жерлерге қан толып, көлдей болды.

Ғауаж фараң ұғылы Ғалажды перілер алып келді,
 Ескендірге он мың жесірді айдап келді.
 Шаһ Ескендір Ғалажға сөз сөйледі:
 — Бейшара, мұсылман болғыл енді, — деді.

Ғалаж сонда тағзым илән сөз сөйледі:
 18080 — Сұлтаным, қабыл көрсең айтам, — деді.
 Ғалаж сонда көп жылап, сөз сөйледі:
 — Менім атам білместік қылды, — деді.

Білместік басына оның жетті, — деді,
 Көп адамларын қырдырды босқа, — деді.
 Изин берсең, хараж салғыл бізге, — деді,
 Һешбір қылық қылмайын сізге, — деді.

Достыңызға дос болам сіздің, — деді,
 Дұшпаныңа дұшпан болам және, — деді.
 Әлқисса, көп жалынып, ол сөйледі,
 18090 Ескендір оның ғұзырын қабыл қылды.

— Һәр жылда мың қыз, мың ұғлан бергіл, — деді,
 Уа және мың жүк алтын, күміс бергіл, — деді.
 Уа және мың жүк май, балды бергіл, — деді,
 «Жоқ» десең, мұсылман болғыл қазір, — деді.

Ғалаж сонда: — Мархаба, хош болсын, — деді,
 Өміріңше болайын сенің, — деді.
 Рұқсат алып, ол Ғалаж патша болды,
 Қолын қойып, хат беріп, қайтып кетті.

18100 Ескендір Ыстамболда он жыл тұрды,
 Түзеліп әһлі ислам нұрға толды.
 Ол тарапта дұшпанлар неш қалмады,
 Ықылассыз халайықтар таратылды.

Ислам әһлі мүмін болып тапсырылды,
 Дәрул ислам аталып мәшһүр болды.
 Ыстамболды Осман сұлтанға бағышлады,
 Мұхаммед илән Қаз шаһарына сапар қылды.

18110 Келіп анлар, Сейіт хазіретке зиарат қылды,
 Сол түні Мұхаммед ғазы түсті көрді.
 Түсінде хазірет Расулды көміл көрді,
 Асхабы риза анларды жұмла көрді.

Сейітбаттал хазіретін және көрді,
 Қасында көп шаһидларды бірге көрді.
 Жұмласы мәжіліс қылып отыр, көрді,
 «Хош келдің, шүкір күшам, ұғылым, — деді.

18120 Ескендірге бағышладым әуел сені,
 Бү дәмге шейін сен болдың, — деді.
 Алла риза, Расул риза сізге, — деді,
 Ертең мұхман болыңыз бізге, — деді.
 Ескендірге сәлем айтқыл бізден, — деді,
 Мақсұды көңіліндегі болды» деді.
 Мұны естіп Мұхаммед ғазы тұра келді,
 Ескендірмен таң намазын бірге қылды.

Енді көрген түсін баян қылды,
 Енді екілісі уағдаласып, көп жылады.
 Сол күні Мұхаммедке тағдыр келді,
 «Инна лиллаһи уа инна иләйһи ражиғун»*
 деп, дәфін қылды.

* Шындығында бәріміз Алладанбыз. Және де оған қайта оралмақпыз.

- Атасының қасына оны қойды,
Бір ұлық ғимаратты оған салды.
Жеті күн хатым Құран және оқытты,
18130 Көп малын садақа қылып, тасриф қылды.
- Енді Ескендір ол шаһардан сапар қылды,
Меккенің шаһарына келіп түсті.
Ол шаһарда Алла үшін мал сарп қылды,
Пақыр, міскін, жетім, тұлдардың көңілін алды.
- Қаж қылып Қағба, Аллаға төуап қылды,
Алланың әмірі үшін сауап қылды.
Андан соң Мәдине мұнаууараға келіп тұрды,
Сұлтан әл Әнбияға шаһзада зиарат қылды.
- Рази шариф мұжауир болды,
18140 Қалған ғұмырын шариф сонда кешті.
Мәдиненің халайықтары зар жылады,
Хатым Құран оқысып бағышласты.
- Сұлтан Сейіт хазіретінің сағадаты,
Шаһзада Ескендірдің һәм шарапаты.
Мәдиненің анлар болды ғимараты,
Тимеді һеш залымларының кесапаты.
- Мұхаммед Мұстафаның мұғжиза кереметі,
Білінген жаранларға харақ әдеті.
Енді тамам қылалы бұ ғаза қиссаны,
18150 Жазған бірлән таусылмас баянаты.
- Сұлтан Сейіт хазіретінің кереметі,
Сөйленді жоғарыда баянаты.
Кім тауысар ол сұлтанның ғазасыны,
Қадари хал тамам қылдым кітабыны.
- Бү кітаптың баяны жеті жыл-ды,
Қысқарттым асан тілмен баяныны.
Жетісінің лафыз сөзі Ыстамболы,
Білерге қазақ пақыр насырны ағыр болды.

- 18160 Сол себеплі назым қылып жаздым мұны,
Білмеймін қанша болған қатесіні.
Қате болса, айып қылмаң сөзлерімні,
Қатесіз пенде болмас, білсең мұны.
- Жаранлар, оқысаңызлар бұ назымыны,
Түзеңізлер, қате болса жазуымны.
Түзесеңіз, жеңіл қылсын жазаңызны,
Иман бірлән көрсін жаныңызны.
- 18170 Жаранлар, оқысаңыз бұ ғаза кітабыны,
Бек жақсы, тілесен сүйіп мұны,
Рухы шаһидлардың сүйер сізді,
Дұғада жад әйласаңыз сүйіп оны.
- Әулие шаһидлардың баянаты,
Ішінде Құран азимнің келді аяты.
«Уа ла тақулу лиман йуқтал фи сабили
Аллаһи әмуат,
Бәл ахиа уа ләкин ла ташғурун» *.
- Білсеңізлер бұ аяттың мағынасын,
Түзеңіз сол себеплі ықыласыңызды.
Әғар ықылас қылсаңызлар сүйіп оны,
Дұға оқып, жад қылыңызлар уәлилерді.
- 18180 Паш қылып оқысаңызлар дұғаңызны,
Дұғадан тастай көрмеңіз бұ пақырны.
Насырды назым жазған ғасы құлны,
Иләнһым, ғафу қылғай күнәсыны.
- Бұ кітапты оқыған, тыңлаған, жазғаныны,
Рахматың илән жарылқағыл иә, Ғани.
Тынышлық ұғылының қылған дұғасыны,
Күнәһым шомлығыдан қылман аһи.
Бұ ғасы бейшараның мінәжаты,
18186 «Иә, Алла, иә Мұхаммед» деп қылды аһи.

* Құдай жолында жан қиғандарды өлді демендер, бәлкім олар тірі, бірақ сендер сезбейсіңдер. (Құран аяты).



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

«Бабалар сөзі» сериясының 14-томына енгізіліп отырған бұл мәтін осының алдындағы томда (13-том) жарияланған «Ғазауат Сұлтан» дастанының заңды жалғасы. Мұнда шығарманың бас кейіпкері Сейітбаттал батырдың дінсіздерге қарсы жорықтары одан әрі жалғасатынын көреміз. Бұл оқиғалар дастанның 15-ші және 27-бабтарының аралығын қамтиды. Жырда сондай-ақ, Сейітбатталдың алдымен, екі ұлы, кейіннен кенже ұлының жоғалып, табылғаны жайындағы аңыз желісі қызықты баяндалған. Сейітбатталдың пұтқа табынушылар арасынан шыққан жалған пайғамбармен күресі — дастан оқиғасының басты арқауы. «Ғазауат Сұлтан» дастанының соңғы бөлігінде Сейітбаттал ел-жұртымен, балаларымен қоштасып, пәниден бақи дүниеге аттанады. Дін қайраткері әрі батыр тұлғаның ісін әрі қарай оның кенже ұлы, балаларының ішіндегі ең жүректісі Ескендір жалғастырады.

«Ғазауат Сұлтан» дастанын құрайтын негізгі сюжет-мотивтері, шығарманың көркемдік-идеялық ерекшеліктері мен нұсқалары толық сипатталатын көлемді түсініктеме 13-томда берілді.

Оқырманға ұсынылып отырған «Ғазауат Сұлтан» дастанының мәтіні 1908 жылы Қазан қаласында араб әрпінде жарық көрген кітаптан еш өзгертусіз дайындалып, кирилл әрпінде тұңғыш рет жарияланып отыр.

Томның көлемі — 23,75 б.т.

МӘТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)— бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, ислам дінінде баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (өр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.)** — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық

* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

** с.а.с. — салла Аллаһу алейһи уас салам: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке — деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

(жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулиллаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата—діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнелары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Әбубәкір—Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (с.а.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып жаңа дінді қабылдаған.

Әбубәкір—Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Оған адалдығы үшін Сыдық деген атау берілді. Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әли—Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли—Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», «қамқам», «самсам» деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі

көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Дәуіт — Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. **Көне еврей тілінде Давид.**

Ескендір — дастанның бас кейіпкері Сейітбатталдың халифа қызынан туылған ең кіші, кенже баласы.

Жәбірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын жеткізуші. Ол Алла Тағаланың өмірімен Мұхаммедке (с.а.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зөкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жүніс — пайғамбар, сондай-ақ сахиб әл-хут және зуннун деп аталады, Құранның бір сүресі оның атымен аталған. Аңыздарға қарағанда Жүністің Ирактың солтүстігіндегі Найнауада бір құдайға сиынушылықты уағыздауы сәтсіз болған көрінеді. Ол өз ісінің қиыншылықтарына шыдай алмай, кемеге жасырын тығылып, қашуды ойлайды. Бірақ кеме орнынан қозғала қоймайды, ол — кемеде қашқынның бар екендігінің белгісі еді. Жеребе көрсеткендей, бар кінә Жүністе болғандықтан, оны теңізге тастайды. Суда үлкен балық Жүністі жұтып қояды. Киттің құрсағында аман қалған Жүніс Алла Тағалаға сенімсіздік білдірген күнәсін мойындап жалбарынады да, аман

қалады. Жағада қалып, әбден жүдеген Жүністі шөл далада бөкен қоректендіреді. Құранда Жүністің есімі бірден аталмайды, оның алдында сахиб әл-хут, зуннун сияқты суреттеме ескертпелер аталады. Әңгіменің сипаты, яғни әңгіме желісінің қысқаша баяндалуы бұл хикаяның тыңдаушыларға өте танымал екендігін көрсетеді. Бұл аңыз тікелей Мұхаммедті шыдамдылық танытуға үгіттейтін нақты мысал ретінде пайдаланылады, яғни «құдіреттің шешімін күте тұр, киттің серігі сияқты болып жүрме!» деген екен.

Қазіргі кезде Иракта, Мосул қаласының қасындағы көне Найнауа қалдықтарында орналасқан Жүністің «қасиетті» бейіті кең танымал болып отыр.

Жүсіп — Зылиха — Шығыс халықтарының «Жүсіп — Зылиха» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері, махаббат пен сұлулық символы.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Зұлқарнайын (Зул Қарнайн — «қосмүйізді») — **Құран** кейіпкерінің лақап аты. Дерекнамашылардың пікірі әрқилы, біреулері Зұлқарнайын — Александр Македонский десе, екіншілері Йеменнің бір патшасы дейді. Оның лақап аты Рұм мен парсыны билегендіктен бейнелеп қойылған деп жорамалданады. Оның патшалармен жүргізген соғыстары туралы әр алуан аңыз бар; ол мәңгі жасайтын қасиет дарытатын қайнар бұлақты іздеп, Батысқа аттанған деседі. Араб аңыздарында осыған ұқсас лақап аты бар әлденеше кейіпкерлер суреттелген. Солардың бірі — лахм патшасы әл-Мунзир, екіншісі Йемен патшасы әл-Әкрам (ол да «мүйізді»). Алайда бұл атақ Александр Македонскийге байланысты көбірек тараған, өйткені ол мүйізді Құдай Юпитер — Амонға ұқсастырыла бейнеленген. Құран әңгімесі де дәл осы бейнеге, нақтырақ айтқанда «Александр туралы романның» сириялық нұсқасының тұспалдарына меңзейді. Құдіреттіліктің,

молшылық пен биліктің бейнесі ретінде мүйіз сарыны Ежелгі Шығыстың аңыз-әңгімелерінде өте көп тараған. Александр туралы аңыздар желісі өзге әңгімелермен ұласа келіп, орта ғасырда түрлі халықтардың жырлары мен хикаяларына өзек болған. Низами мен Науаидың осы тақырыптағы дастандары айрықша кең танылды.

Иса (Айса, Ғайса)—Иса Мәсіхтің (Иусус) есімі христиан дiнiндегi сияқты исламда да iлтипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәриям хазіретке арналған сүре бар. Алайда ислам қағидасы бойынша, Иса (а.с.)^{*}—бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шарифат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл Пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Қайсар—латынша патша, билеуші деген сөз. Орта ғасырдағы Византия (Рұм) елбасының титулы, атағы. Дастандарда кісі аты ретінде қолданылған. Көбінесе, ол сөз ежелгі Рим императоры Юлий Цезарьмен байланыстырылады. Қайсар патша кейіпкер ретінде діни дастандардың көпшілігіне кірген (Мыс: «Салсал», «Зарқұм», «Сейітбаттал» т.б.). Әдетте, ол—дінсіздердің, пұтқа табынушылардың патшасы ретіндегі символдық жиынтық бейне.

Қызыр баба (Қыдыр баба)—көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне

^{*} (а.с.)—аләйһиссалам /а/—оны Алла жарылқасын деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Мұхаммедтен (с.а.с.) өзге пайғамбарлардың атына жалғаса айтылады, жазылады.

архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Мұхаммед — ең соңғы пайғамбар, ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (с.а.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла* алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбүтәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Омар — Әбүбәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбүбәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты

* Расул Алла — [Расул (а) — елші] — Алланың елшісі.

одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың төртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмында намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Рүстем—Иран, Тұран елдеріне ортақ жартылай мифтік әрі фольклорлық кейіпкер. Оның есімі Орта ғасырдан бергі дәуірдегі мұсылмандық шығыс әдебиетінде тұрақты орын алған, былайша айтқанда ертегі, аңыз, хикая-дастандарда ол—батырлық пен ерліктің ғажайып үлгісі. Рүстем деген сөз қаһармандық пен орасан зор күштіліктің мәніндегі эпитетке айналған. Рүстем батырдың шығу тегі парсы елінде ертеде өткен Кианилер патшалығының әулеттерімен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Атасы Сам палуан мен әкесі Зал (Дастан) да ерен күштің иелері болған. Рүстемнің өзінен өрбіген Сұһрап, Дарап, Пәрамириз, Баһрам тағы басқа ұлдары да шетінен жүрек жұтқан сайыпқыран батыр ретінде сипатталады. Парсының атақты шайыры Әбілқасым Фердауси ат-Тусидің «Шаһнамесіндегі» басты оқиғалардың бөріне дерлік Рүстем мен оның ұрпақтары қатысады. Онда Иран мен Тұран елдері арасындағы көп жылдық қырғи-қабақ соғыстардың шежіресі баяндалған. Осы ұлы шығарманы қазақ тіліне толық, әрі көркем тілмен көмкеріп аударушы—Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Дарынды қазақ ақынының бұл еңбегі өзі өмірден қапыда озғаннан соң, жиырма жылдан аса уақыттан кейін ғана жарық көрген. 1961 жылы «Шаһнаменің» Тұрмағамбет аударған нұсқасы біраз бөлігі қысқартылып, «Рүстем-Дастан» деген атпен кітап болып басылды. Тәжік, орыс режис-

серлары парсы тіліндегі туындының негізінде «Рүстем мен Сүһраб», «Сияуыш» т.б. кинофильмдер түсірген.

Сейітбаттал — осы аттас және «Ғазауат Сұлтан» дастанының бас кейіпкері. Оның эпитеттері немесе құрметті атақтары: Шаһ жиһан, Шаһ әулие, Сұлтан ғазы, Табарик т.б. Ол — аңыздық деректер бойынша, әзірет Әлидің шөбересі. Яғни, оның баласы Рабиғ, одан — Хасан, Хұсайын. Хұсайын ғазыдан — Жағышпар. Сейітбаттал — Жағышпардың лақаб есімі. Дастанда батырдың Зейнеп, Кәләндам, Фатима т.б. әйелдері мен Башір, Әли, Нәзір, Ескендір атты ұлдарының есімдері аталады.

Сейітбаттал — қазақ батырлары сияқты ерекше жағдайда дүниеге келеді. Ол ислам халифатының өсіп, өркендеп, күшеюіне, көптеген халықтардың мұсылман дінін қабылдауына зор еңбек сіңіреді. Шынында Әлидің Рабиғ есімді ұлы болғаны туралы бізге мәлім емес. Ал Хұсайын ғазы болса, Кербала шөліндегі соғыста шейіт болған. Одан қалған ұлдың аты — Зейнепғабиден. Ислам елдерінде өздерін Әли Арыстанның әулетінен тарататындар кездесе береді. Жалпы Сейітбаттал — әлсіреген ислам мемлекеттерінің іргесін нығайтып, рухани күш-жігер беру үшін халық қиялынан туған тұлға болуы мүмкін.

Сейітбаттал жөніндегі қисса-дастандар, түрік топырағында туып, қазақ, татар, әзірбайжан, өзбек т.б. мұсылман елдерінің халықтары арасында кеңінен тараған.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Фаридон — біздің заманымызға дейінгі 750 жылдары парсы жерін (Иран) билеген патша. Оның есімі әсіресе «Авеста» мен атақты «Шаһнаме» дастанында көп кездеседі. Фирдун, Фаридон, Фирдус деген есімдерімен белгілі кейіпкер.

Фатима, Би-Бәтима (635 ж. дүние салған.) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулеті ықпалының күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима — шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі.

Фиранк — мұсылман халықтары үшін Еуропа елдерінің халқы, кейін әскерлері көбінесе «фиранкілер» деген жалпы атаумен белгілі болған. Фиранк деп, мәселен француз, неміс, ағылшын, тіпті, итальян әскерін де атауы мүмкін.

Хабаши — Арабиядағы ежелгі ел, яки ұлыс-тайпалардың атауы. Мұхаммед (с.а.с) пайғамбардың ислам жолындағы алғашқы қадамына осы хабашилер көп қамқорлық көрсетіп, паналық жасаған. Діни әдебиеттерде жиі айтылатын этноним.

Хамза — Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың немере ағасы. Ислам тарихына байланысты хикая-дастандар мен аңыздарда есімі жиі кездесетін кейіпкерлердің бірі. Мұхаммед Мұстафа Расул Аллаға көктен «аян» келіп, пайғамбарлық қызметін бастаған кездерінде алғашқы мұсылмандардың қатарында болып, оның қамқоршысы болған. Хамза — зор қайраттың иесі, балуан, батыр кісі болған. Хазірет Әли сияқты оның есіміне де «арыстан», «шері» эпитеті жалғанып айтылады.

Хасен — Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған, Әли ибн Әбутәлибтің баласы, шииттердің екінші имамы. Әли 661 жылы қаза тапқаннан кейін Хасен Иракта халиф болып жарияланды. Әкесімен бірге, басқа бауырлары секілді ол да ислам болашағының беріктігі үшін күрескен тарихи тұлға. Ислам елдері, әсіресе шииттер аса қадірлейтін дін қайраткері. Олар Хұсайын сияқты Хасенді де «ұлы азап шегуші» деп санады. Хасен ибн Әли 669 жылы Мәдинеде қайтыс болды. Кейбір аңыз-деректерге қарағанда, оған қарсыласы халиф Мағауия адамдары қастандық жасап, у берген.

Хатымтай — ғалымдардың пікірі бойынша, Хатымтай ислам дініне дейінгі дәуірде бесінші ғасырдың аяғы — алтыншы ғасырдың басында өмір сүрген батыр, өте бай әрі мырза, жомарттылығымен даңқы шыққан ақын болған-мыс. Арабтардың Тай руынан шыққан Хатымтай жомарт бейнесін далалықтар рухани жақын көріп жылы қабылдады. Нәтижесінде ол халқымыздың сүйікті кейіпкерінің бірі әрі жомарттық пен қонақжайлылықтың символына айналды. Оны қазақтар Атымтай, Өтімтай деп атап кеткен.

Хашим (Нашим немесе Әшім) — хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) арғы атасы. Арабтың құрайыш руынан тараған Пайғамбар әулетінің бәрі де Хашимді өздерінің бабасы деп санайды.

Хұсайын — Хұсайын ибн Әли — Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған Әли ибн Әбутәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хасенмен бірге аталады. 669 жылы Хасен өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда 680 жылы халифа Мағауия қайтыс болғаннан соң Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық халиф Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680 жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен айқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Шаддад — оңтүстік Араб елдерінің жартылай аңыздық, жартылай тарихи билеушісі. Құран хикаяларының бірінде айтылғандай, ол жер бетінде жұмақ орнату мақсатын көздеп, Ирамбақ деп аталатын керемет бау-бақшалар мен сарайлар салған. Құдіреті күшті Алла оны қиратты, себебі жер бетінде жұмақ болмайды, жұмақ Алланың иелігінде ғана. Шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде Ирамбағы ғажайып бақтың символы ретінде айтылады.

Ыбраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атасы, Інжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ыбраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ыбраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жасады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ыбраһымды патшаларына алып барады, ол оны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын, оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірде Ыбраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ыбраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын болжайды... Ыбраһым өзінің ұлы Ысмайылмен бірге Меккедегі әл-Қағбаны салады. Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян береді. Ыбраһым да, ұлы да бұған әзір еді, бірақ Алла олардың адалдығына көзі жеткен соң райынан қайтады да құрбандыққа шалу үшін аспаннан көк қошқар түсіреді. Алла өз үмбетін осылай сынаған еді. Ыбраһым Алладан өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді. Алла Тағала Ыбраһымды әр кез жебеп-желеп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.

Ыбраһым есімімен әл-Қағбаға тәжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Исқақ (Исхак) — Құран кейіпкері, пайғамбар, **Ибраһымның** баласы, Таураттағы Исаак. Құранда Ибраһымға Алланың рақымы түсіп, қартайған шағында оның дінге берік, кіршіксіз өмірі үшін ұл сыйлағандығы айтылады. Ұлының дүниеге келетінін қарапайым жолаушылар болып келіп, оның қонақжай дастарқанынан дәм татқан періштелер хабарлайды.

Яхия—Құранда есімі аталған пайғамбар. Ол көптеген діни кітаптар мен аңыздарда есімі жиі ұшырайтын діни тұлғалардың бірі. Қазақ фольклоры мен әдебиетінде **Жақия** деген атпен белгілі дін жақсысы.

Дастанда баяндалатын ғазуат соғыстарына 150-ден астам кейіпкер (батыр, палуандар) қатысады, мысалы: *Афлахун, Шамас, Рухбан, Кибрианус, Ибрианус, Тарион, Мұхаммед Ибн Фаллах, Меһринос, Самрух, Тауабил, Меһіран, Сыржайыл, Шамгун, Китайун, һамайун, Наурызбану, Синбад, Ахратис, Қайтұр, Қасым, Ғазбан, Шамаб, Фирдус, Кәлиб, Әбузар, Митран, Кәландам, Қостантин, Русин, Сақрат, Такфур, Руизамин сұлтан, Кишмир, Қалауын т.б.* Бұлардың біреулері мұсылман болса, екіншісі — көпқұдайшылдар. Әйтседе арасында, кейін ислам дінін қабылдаған халықтардың өкілдері де кездеседі. Көптеген кейіпкерлердің аттары таныс секілді болғанымен, дастанда олардың шығу тегі туралы нақты мәлімет берілмегендіктен, олардың нақты өмірде болған-болмағандығын ажырату мүмкін емес.

СӨЗДІК*

Ағзам /а/ — ұлы, мәртебелі; ең зор; ең үлкен

Ағла /а/ — ұлы, ең жоғары; ең биік

Ағлам /а/ — хабарлау, айту; ескерту

Ағлим /а/ — бөрінен жақсы білуші, әрі сезуші

Ағу /т., тат/ — у

Ағыр /т/ — ауыр

Ажиз /т., а/ — әлсіз, күшсіз, дәрменсіз, қайратсыз; нашар, жамаан

Азим, азимат /а/ — ұлы, мәртебе, зор, айбындылық, ұлылық, маңыздылық, абырой, әсемдік; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Азһар /а/ — әшкерелеу; көріну; ашылу; байқалу; айқындалу; көмектесу

Айлат /т/ — жіберу, кетіру, аластату, аулақтату, қашықтату, қуып шығару; тазалау

Айлаты /т/ — қаттырақ, көбірек, әсіресе

Айн /а/ — көз; қайнар, бұлақ; өркен; зат; дәулет, дүния, жиһаз, мүлік; мақұлық, нәрсе; асылы, мән, мазмұн; адам, кісі, тұлға

Айни Иса /а/ — Исаның көзі

Ақ, Хақ /а/ — шын(дық); күмәнсіз ақиқат; нағыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ақа /т/ — аға

Ақд /а/ — байлау, байланыстыру; келісім; шарт; түйін

Аләм /а/ — ту; тау; діңгек; басшы, мәшһүр адам; кемеңгер; қайраткер

*Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Аллаһу Акбар /а/ — Алла Ұлы

Аллаһу Самад — Алла мұңсыз. Әр нәрсе оған мұқтаж

Аман /п/ — аяушылық, рақым; құтылыс, құтқару; қатерсіздік, қауіпсіздік

Анда; андан соң; анлар /т/ — сонда; содан кейін; олар; оның

Аңа /т/ — оған

Ард /а/ — жер

Арду, арзу /а., п/ — арыз, өтініш

Арыслан /тат/ — арыстан

Асан /п/ — жеңіл

Асбар /а/ — шеткі, аяқ, ақыр, соңы; біржолата, тұтас, түгелімен, толық

Асир /а/ — тұтқын

Асли Отан /а/ — Отаны, түп негізі

Астурлапқан, аsturлық /а/ — астролябия

Асфия /а/ — қалаулы, адал дос

Асфна /а/ — қалаулы; ақкөңіл

Асхаб /а/ — серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға ат салысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтулары бойынша жазылып алынған.

Ауаз, һауаз /п/ — дауыс, үн

Аулад /а/ — бала, ұрпақ

Аурат /а/ — әйел

Афдал /а/ — адамгершілік; ар; күн; қызмет; аброй; еңбек

Афдалу, афзалу /а/ — абзалы, ең жақсысы, ең лайық, ең қасиетті

Африн /п/ — жақсы, керемет; мадақ; келісім; мақтаныш; мақтау

Афсүн /а., п/ — дұға; сиқыр; арбау; айла

Ахбаб /а/ — сүйіктілер

Ахир /а/ — соңғы, ақырғы

Аһ, аһи /а/ — оһ, аһ ұру; өкініш; зор деген мағынада

Аһлы /а/ — үшін

Аша /т/ — өте, аса; алмақ, алу

Ашқар — аттың есімі

Ашқия /а/ — бейшара, жарлы, кедей; кемтар; нашар, пақыр; сорлы; ғаріп; бақытсыз; ұятсыз; содырлы, тентек, жүгенсіз; қылмыскер; ашулы, долы; жауыз; сұм; қас; қатал; өш

Аяр /а., тат/ — қу, айлакер; ержүрек, елгезек, пысық, ширақ, шапшаң; жүректі, өжет

Аятул Күрси /а/ — Құрандағы Күрсі аяты, «Бақара» сүресінің 255-256 аяттары

Әзели — о баста, әуелде

Әзкар /а/ — еске түсіру; даңқ

Әзін /а/ — тіркеп жазу, суреттеу, өшекейлеу, өдемілеу; алу, жинау, тәртіпке салу

Әйла /т/ — жасау, істеу; бос болу, елсіз; күйрету, ойсырату; азап шегу, күйзелу, налу, уайымдау, қамығу

Әлам /а/ — ауру; қайғы, қасірет; азап, жапа шегу, қиналу

Әл-Мұқаддүсстан /а/ — Иерусалим жері, өлкесі

Әлқисса — сөйтіп, сонымен, қысқасы, қысқаша айтқанда

Әлуадағ /а., п/ — қоштасу, айрылысу

Әлуадғу /а/ — жіберілген, рұқсат берілген; қалдырылған

Әлуадиг /а/ — жуас, жұмсақ, ұяң, момын; қарапайым, ақ пейілді, ибалы, кішіпейіл, сыпайы

Әлфирақ /п/ — айрылу, айрылыс, ажырасу, қол үзу

Әлхам /а/ — Әлхамдулилла (Аллаға шүкір)

Әлхасыл /а/ — сонымен, сонан соң; бір сөзбен, қысқаша айтқанда

Әмин /а/ — сенімді, адал, анық; сақтаушы; байқаушы; басқарушы

Әмирул мүминин /а/ — мұсылмандардың әміршісі

Әмма /п/ — ал, алайда, бірақ

Әмма /а/ — сонан соң

Әмти /т/ — енді, қазір

Әмуат /а/ — өлгендер, шейіт болғандар; білімсіздік; надандық; адасушылық; жаңылу; соқырлық

Әре /п/ — анық, расымен, шынында да, анығында

Әсәд /а/ — арыстан

Әуел, әууал /а/ — басы, бірінші

Әузра /а/ — уәзірлер

Әфтара /а/ — әлсірету; кеміту; нашарлату; көңілсіз; босаң; солғын; бос болу

Әһл /а/ — қауым, халық, ел

Әһл Алла /а/ — мұсылмандар, Алланың құлдары

Баб /а/ — тарау, бөлім

Бағ-бұғау /т/ — шынжыр; арқан; жіп

Бағзы /а/ — кейбірі, кейбіреу; бөлшек; бөлім; біреу, кейбіреу, әлдебіреу, әлдекім

Бағи /п/ — бүлікші, бүлдіргіш, көтеріліске қатысушы

Бағуз /т/ — тамақ, бұғақ

Бағыр /т/ — бауыр

Баз /п/ — жаңа, жаңадан, қайта, қайтадан, қайыра; әйткенмен, әйтседе

Балқис /а/ — Сүлеймен заманындағы патша әйел

Бариз /а/ — томпақ, шошақ, дөңес, шошаю, сойдию; анық; көрнекті; ашық; үздік

Батыл /а., п/ — бұзық, күнәһар; әлсіз; бос; бекер; жалған; қате; құру, жоғалу

Бахис /а/ — ғалым, зерттеуші

Бахр /а/ — теңіз

Бахс /а/ — дау, бөсеке, дискуссия

Бахшиш /а/ — сыйлық

Баһадүр /п/ — палуан, батыр

Баһар /п/ — көктем

Баһиры /а/ — жарқылдау, тамаша, керемет, әдемі

Башарат /а/ — адам, адамзат, халық

Бәд сабах /п/ — таңғы, сергітетін жел

Бәйіт /а/ — үй; екі тармақты өлең жанры

Бән /т/ — мен

Бәнд /п/ — байлау

Бәңа /т/ — маған

Бәһана /п/ — сылтау, сылтаурату, желеу, себеп, бұлтақтау, бәле, жала

Бей /т/ — сыз, -сіз

Бейақыл /п., а/ — ақылсыз

Бейәдеп — әдепсіз

Бейкүнаһ /т/ — күнәсіз

Бейқисап /а/ — қисапсыз

Бейниһая /п., а/ — шексіз

Бейрази /п., а/ — риза емес

Бейылаж /п., а/ — ылажсыз, шарасыз; емсіз, дауасыз

Берәм-берәм /т/ — жеке-дара, бір-бірден, жекелей, оңаша

Биарзу /п/ — өтінішсіз, арызсыз

Бижад /о/ — печать; басылым

Биләдун /а/ — ел

- Билән* /т/ — бірге, және бір, тағы
Бина /а/ — құрылыс; ғимарат; үй
Бисауаб /а/ — өте мейірімді, сауабы мол
Бисмиллаһи /а/ — Алланың атымен
Бихамдилла /а/ — Аллаға шүкір
Биһуш болу /п/ — естен тану, ессіз құлау; көңілсіз болу
Боқша — ескі-құсқы, қоқыр-қоқыс
Боләнд /п/ — қатты, қатты дауыстау; ашықтан-ашық; әш-кере; жария
Будур /а/ — толық ай, сұлу
Бұғазы /т/ — тамағы, бұғағы
Бұл сахар — арай, таң, шапақ; сәрі
Бүбі — мырза
Бірлән, илән, илә /т/ — және, менен, бенен, пен
Гәмлек /түрік/ — көйлек
Гөрүһ /а., п/ — жексұрын, сүйкімсіз, сиықсыз, дұшпан, жау; топ-топ, тобыр, көп ләшкер
Гуя /түрік/ — бейне, секілді, сияқты
Ғабид /а/ — бас июші, табынушы, қайраткер, қызметкер, қызметші
Ғадаб /а/ — ашу, ыза, қаһар
Ғадауат /а/ — жаулық, қастық, дұшпандық
Ғади /а/ — кәдімгі, үйреншікті, дағдылы, әдеттегі; ескі, көне.
Ғадүб /а/ — ашу(лы), қаһар(лы)
Ғаза /а/ — соғыс
Ғазал — шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең
Ғазауат /а/ — дін соғысы, қасиетті соғыс; жортуыл, шабуыл, шабыншылық, шапқыншылық
Ғази, газы /а/ — сарбаз, күрескер, ар-ождан жолында күресуші; қасиетті соғыс — ғазауатқа қатысушы мұсылман; діни соғыста ерекше ерлік көрсеткен адамға берілетін құрметті атақ.
Ғазиз /а/ — күшті, қуатты, құрметті, Алланың 99 есімінің бірі
Ғазимат /а/ — маңызды, үлкен іс, жағдай; бөле, қырсық, бақытсыздық, қайғы
Ғайат /п/ — шек, шекара, көлем; ішінде, іші; шет; аяғы, бітуі, соңы, ақыры; мақсат, мүдде, нысана; талап, ниет, пейіл, ынта

Ғайат /а/ — жас қыз; сұлу, көркем

Ғайыата /а/ — жылау, ойбайлау

Ғайқарғы /п/ — кедергі, қиындық

Ғайр /а/ — басқа, өзге

Ғайш-ғишрат /а/ — дүниенің қызығы, сауық-сайран

Ғайыр /а/ — қаңғыбас, кезбе, диуана

Ғаламат /а., тат/ — белгі, таңба; нышан; ырым; таңғажайып, керемет, ғажайып; пәле

Ғалиб /а/ — жеңімпаз, жеңіске жету, жеңу

Ғалтан /а/ — қате; қателесуші; дұрыс емес

Ғалу /а/ — биік, жоғарғы жақ

Ғамы — жалпы

Ғани /а/ — бай, дәулетті адам; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ғанимат /а/ — олжа, табыс, түсім, өнім, пайда

Ғапыл /а/ — қапы қалу, білмеу, байқамау, сезбеу, аңқаулық

Ғар /а/ — үңгір

Ғарион /а/ — ашық, кеңістік

Ғарық /а., тат/ — батып кету, бату

Ғасы /а/ — күнөһар

Ғауам /п/ — халық; қарапайым сөз, сөйлеу тілі

Ғауға /п/ — айқай, шу

Ғафал /а/ — аңсыздық, елемеушілік, зейінсіздік, көңіл қоймаушылық, құнтсыз

Ғафлат /а/ — ынтасыздық; елемеу; көңіл қоймау; салақтық; ұқыпсыздық; ақымақ; жайбарақат; бейқам

Ғашақа /а/ — ынтық болу, сүю; сағыну, жақсы көру

Ғашиле /п/ — құрмет, ықылас

Ғибадат /а/ — сыйлау, қадірлеу, құрметтеу; қызмет ету, табыну

Ғиззат /а/ — сый, ізет, құрмет; атақ, даңқ; намыс; ар

Ғийат /а/ — әуестену, елігу, қызығу, берілу, құмарлық; сүйікті іс; бап, күй

Ғилман /а. п/ — ұл бала; құл; жігіт; тұтқын; қызметші;

Ғимама /а/ — сәлде, шалма

Ғимарат /а/ — сәулетті құрылыс

Ғинаят /а/ — қамқорлық, бас-көз болу

Ғинбар /п/ — хош иісті

Ғифрит /а/ — құбыжық, жын, шайтан

Ғишрат /а/ — араласу; достық; жақындық

Ғуд /а/ — ағаш, баған, діңгек, сояу, өзек, бұтақ, сабақ; алоэ; сарғалдақ

Ғулли — шектен шығушылық, жүгенсіздік, қарқындылық; ыждағат, жігер, ынта, ықылас, құлшыну

Ғұзыр /а/ — өтіну; кешірім сұрау; ақталу; сылтау(рату); кедергі

Ғұлғұла /п/ — шу

Ғұруж /а/ — шығу, көтерілу

Ғұсыл /а/ — су құйыну, жуыну.

Дағиф /а/ — әлсіз; қауқарсыз; аурушаң; нашар; дәрменсіз; күшсіз; қайратсыз; пәрменсіз

Дағы /п/ — игілікті сұраушы; сиынушы

Дада /т/ — аға

Дайу /т/ — деп, деген; сияқты

Дар /а/ — үй; мекеме; ғимарат

Дахи /т/ — тағы, дағы

Дая /п/ — асыраушы; күтуші; тәрбиеші; нағашы

Дәре /п/ — үй; ғимарат; есік, қақпа; аңғар; алқап

Дәрул ислам /а/ — ислам елі

Дәрус салам /а/ — бейбітшілік үйі, тыныштық пен бейбітшіліктің мекені

Дәруиш /а/ — суфизм ағымын қолдаушы, дүния қызығынан безген адам; диуана, қайыршы, кедей

Дәстанал — орамал

Дәсткері /п/ — көмек, қорғаушы, қамқорлық, қолдаушылық

Дәуіт — көне сия сауыт

Дәфін /а/ — жерлеу, көму

Дейміш /т/ — дейді, деген

Дийар /п/ — мекен; аймақ; өлке; үй; сарай

Дират /а/ — айналым; кезең; шеңбер; кезек

Диуар /п/ — қабырға

Доқлар /п/ — егіздер

Дұр — маржан, інжу, гауһар; зор, атақты

Ексілмеді /т/ — екшелмеді; азаймады

Екілісі /т/ — екеуі

Еңіз /т/ — төмен қарау, еңкею

Ерді, ерұр /т/ — еді

Ершүр, еріш /т/ — ерер, ерісер, еру

Жағала /а/ — істеу, жасау, анықтау, санау

Жад /а/ — адам баласына тән ой, ес

Жайхун кебі — Амудария сияқты

Жақ /т/ — садақ

Жаллад /а/ — ләшкер; жендет, бас алғыш

Жамиг /а/ — біріктіру; бірлестіру; жинау; бірлестік, одақ; жиын, топ; көп бөрі

Жаннат /а/ — бақ. Діни ұғым бойынша, о дүниеде күнөдан таза адамдардың баратын орны [жұмақ, пейіш]. Жаннат — бұлақтар мен сулары мол, саялы бақ. Онда дәмі өзгермейтін сүт өзені, шарап, бал өзендері ағады. Жаннатты Ризуан бастаған періштелер күзетеді.

Жаныб /а/ — бөлік, бөлім, бөлшек, тарау; сан, мөлшер

Жаппар /а/ — ұлы, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жары қалу — ағызу

Жаууаб /а/ — ел кезуші, саяхатшы, жиһангез

Жаһаннам /а/ — тамұқ, тозақ; діни ұғым бойынша, күнөға батқандар дүние салғаннан кейін баратын жер. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады.

Жәбірейіл Әмин — иман әкелуші періште

Жәдал /п/ — соғыс, ұрыс, шайқас

Жәду /п/ — сиқыр, сиқыршы

Жәдігер /п/ — жақсының көзі, тұяғы; айтулы, тарихи жайға арналған архитектуралық кескіндеме ескерткіш;

Жесір, йасир /а/ — жесір; тұтқын; құл

Жисм /а/ — форма; құрылыс; түрі; тұлға; дене, тән

Жиһад /а/ — тырысу, бір нәрсеге қол жеткізерде барлық күш пен мүмкіндікті жұмсау; кең мағынада жиһад дегеніміз адамның өзінің нәпсісімен күресуі [өзінің жаман мінезін жоюы], басқа дінді уағыздаушылардың қысымына қарсы тұруы; ислам дінінің салтанат құруы үшін мұсылманның бар күш-жігерін, мүмкіндіктерін, тіпті, қажет болған жағдайда өмірін де қию қажеттілігі. Мұсылман қауымының басты міндеттерінің бірі. Орта ғасырлардан бері «дінсіздерге» қарсы қарулы күрес жүргізуге байланысты бұл терминнің

мағынасы кеңейтіліп, «қасиетті соғыс» деген түсінік беріп келеді. Демек, жиһад ұғымының ауқымы кең.

Жубун /а/ — қорқақ, әлсіз, жүрексіз, қажырсыз

Жолан /т/ — оңға қарай

Жоқса /т/ — болмаса

Жош /п/ — серпілу; көңілі тасу; қызыну

Жұда қылды — жоқ қылды

Жұмалық — белгілі бір шараны апта сайын өткізу; жетілік; молдалардан оқыған шәкірттердің жұма сайын апаратын сыйы

Жұмла /а/ — бәрі, баршасы, күллі, барлық

Жұмсауыр /т/ — жұмсар

Жұмырық /т/ — жұдырық

Жүсіп сәни — екінші Жүсіп, яғни сұлулығы Жүсіптей

Жүһүд /а/ — жөйіт, еврей, яхуди, Мұса пайғамбардың үмбеті

Забун /п/ — әлсіз, күшсіз, нашар, бейшара, дәрменсіз; жексұрын, жеңілген

Забұр — Забур, діни кітап

Зағип /а/ — соқыр; әлсіз; нашар; ауру

Зағип-мариз /а/ — соқыр

Зағыпыран /а/ — сары түсті гүл; мұң-шер, қайғы; мәтіндерде ауыспалы мағынада қолданылған

Зайқұл /п/ — кему, құру, жоғалу

Зайығ /а/ — жоғалу; өткізу; шығындану; құру; байқұс, мүсәпір, бақытсыз

Залил /а/ — қорланған, мойынсұнған

Замлап /а., п/ — айыптап, қаралап, жамандап; ұялту, бетіне басу, кінәлаушылық, айыптаушылық, мінеушілік, ащы тіл, өсек, ғайбат

Занжабіл — инбирь

Зарар /а/ — зиян, залал; шығын

Зары афған /а/ — айғай, зар еңіреу

Зауқы /п/ — әдемілікті, сұлулықты әсемдікті сезіну; құмарлық, әуестік, көңіл көтерушілік, рахат, ләззат

Зауық /а/ — қиындық, кедергі

Захмат /а/ — қыспақ; сығылысу; кептелу; тығыздық; тарлық; қалың топ; көпшілік; қиындық; астан-кестен

Заһар /а/ — у

Заһид /а/ — елеусіз; шағын, ықшам; қораш; кішкене

Заһир /а/ — анық, ашық, нақты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зәңгі — зор, үлкен қара түсті адам

Зәрре /а., п/ — кішкене бөлік; түйір(шік); үзім, тілім; кішкентай

Зиарат /а/ — көрісу, құлшылық; құлшылық етуге бару

Зийада /а/ — өсу, көбею, қосылу

Зинар /а/ — белбеу, белдік

Зинатлы /а/ — көркемделген, оюлаған

Зиннәтләну /тат/ — әдемілену, құлпыру

Зинһар /п/ — ашық, жасырмай айту

Зоурақ /п/ — қайық, шағын кеме

Зу /а/ — жарық; таза

Зулме /а., п/ — әділетсіздік; қараңғылық

Зұлмат /а/ — қараңғылық, түнек

Зүбәржад /а/ — жасылдау түсті, жылтыр, асыл тас

Зұлжалал /а/ — жоғары мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зүрият /а/ — тұқым; жұрағат

Зікір /а/ — бақыстардың ауру адамды емдеу үшін айтылатын діни сарыны; еске түсіру; жад, ес, қатер, ақыл; даңқ, атақ; дұға оқып жалбарынудың соңы, ең алдымен, көп адам топ болып Алланың есімін үздіксіз айтып қайталау

Иамин /а/ — ант, серт

Ибахад /а/ — ашылған, табылған; рұқсат; бостандық

Иғлаж /а/ — дәрі-дәрмек, ем, шипа; аурудан жазылу

Иғлам /а/ — хабар, хабарлау

Иғтибар /а/ — құрмет; қадір; сыйлау; мағына; маңыз; мәртебе, лауазым; қатынас; байланыс

Иғтиқад /а/ — сенім, көзі жетушілік, сенушілік, наным, нану, имандылық

Иезид /а/ — иезидизмге табынушылар

Иектеу — төңіректеу, айналдыру, жақындау, жуықтау

Ижтиқад /а/ — ықылас, ынта, ыждағат, тырысу, жігер

Изин /п/ — рұқсат; ізет

Изкар /а/ — таныту, көрсету

Иқрар /а/ — мойындау; жорамал, долбар; орнату; белгілеу; дәлелдеу, анықтау; тану; сана; түсінік

Илән /т/ — мен, -бен, -пен

Иләһ /а/ — жаратушы, құдай

Илһам /а/ — иландыру; рух; шабыт; аян

Инанба — иланба, сенбе

Инкар /тат/ — мойындамау, безу, тану, қайту, қабыл алмау

Инсан, инсі /а/ — адам(дар), кісі(лер)

Интизар /а/ — күту, тосу

Иншалла /а/ — Алла бұйырса, Алла қаласа

Истағанат /а/ — көмек сұрау; пайдалану

Истаудаға /а/ — сақтау үшін өтіну, сақтауға беру; біреуге аманат етіп беру

Истиқамат /а/ — туралық, түзулік, ақиқаттылық, адалдық, әділдік, дұрыстық, шындық

Иттифақ /а/ — келісім, шарт; ризалық; мақұлдау; татулық; ынтымақтылық; сөйкестік; кездейсоқтық

Ихсан /а/ — жарылқаушылық, жақсылық, шарапат, қайыр; мейірбандық, рахым; зекет, садақа, құдайы

Йар /т/ — дос

Йараншы ерішер /т/ — ләшкер ерер

Йас /п/ — батырлық, тәуекел

Йасин /а/ — Құран Кәрімнің 36-сүресі. Бұл қасиеті зор сүрені ауру-сырқау, бөле-жаладан қорғану үшін, сондай-ақ жан тапсырғалы жатқан мұсылманның иманын үйіргенде оқиды. Пайғамбар бұл сүрені «Құранның жүрегі» деп санаған.

Йасту /түрік/ — құтпан намазының уақыты

Кәлам /а/ — сөз, сөйлем

Кәлам Алла /а/ — Алланың сөзі

Кәлим /а/ — сөйлейтін, әңгімелесуші

Кәманд /п/ — шынжыр

Кәмил, кәміл /а/ — толық, бүтін, аяқталған

Кәниса /а/ — көпірлердің табынатын орны; шіркеу, храм

Кәпір, кәуір /а/ — Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул кітаб] деп аталған, ал көпқұдайшылдар, яғни түрлі пұтқа — қолдан жасалған мүсіндерге, я отқа, тасқа, тауға, суға, т.с.с. басқа да жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған.

Кәр — қаһар, ашу-ыза, ызбар; қиыншылық, таршылық

Кәрб /а/ — уайым, қайғы, мұң, шер; сағыныш

Кәрдан /п/ — мойын

Кәрша /п/ — қаншалықты, қандай?

Кәрім /а/ — жомарт; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Кәуәжиб /а/ — жұлдыздар

Кәһи /п/ — кейде, біресе, бірде; яки; не

Кәшиш /п/ — поп, шіркеу адамы, қызметкері

Кәбі /тат/ — сияқты, секілді

Кемер /а/ — белбеу, белдік

Кенд /а/ — қайырымсыз

Кендү /т/ — өзі; өзінікі; жекеменшік

Кере /т/ — рет, мәрте

Керкүдан /т/ — жүйрік жылқы, ат

Керік /түс. сөз/ — салт мінілетін, жұмысқа пайдаланылатын көлік; үлкендігі түйедей, өгіз сияқты маңдайында жалғыз мүйізі бар аң; носорог

Кефаз /т/ — төкаппар

Кибитка, кәбіт /о/ — күрке, үйшік

Кимия — химия

Кираһ /т/ — кері

Көксіне /түрік/ — кеудесіне

Көріш /т/ — көрісу, қауышу

Куллу шайин /а/ — әр зат; бәрі, барлығы; бар; бүкіл; тамам; мүлде, барлық; әрдайым; әлі

Күлдек қылды — күлдей қылды

Күрси /а/ — орын; орындық; тақ

Күшам /п/ — ынталы, тырысушы, ұмтылушы, ықыласты, ыждағатты, ұқыпты

Кіре — жалдамалы күш көлігі, лау; керуен, сауда сапары

Кіштан /п/ — күзетші

Қабахат /а/ — оңбағандық; дөрекі; ерсі; айуандық

Қағба — аспаннан түсті, Құдай жіберді деп мұсылмандар табынатын Меккедегі үлкен қара тас

Қад қамат /а/ — биік, бойшаң

Қадар /п/ — сан, мөлшер; шамамен, долбар, жуық

Қадари хал /п/ — қолдан келгенше, аздан, хал-қадірінше, мүмкіндігінше, шамасынша

Қадим /а/ — ескі, көне, ежелгі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қадим қаумиса /а/ — көрілік заман, қарттық дәурен

- Қадір Алла** /а/ — Алла Тағаланың әпитеті
- Қаж** /а/ — қажылық — Құдайға құлшылық етіп, қажы атану үшін Меккеге бару ісі
- Қайсар** /а/ — патша, император, цезарь
- Қайым** /а/ — тұратын, көтерілген, жоғарылатылған; өмір сүруші; түзу
- Қалға** /а/ — қорған, қамал; шаһар
- Қама, қаму** /а/ — тұру; көтерілу; шығу; арту, көбею, молаю; жету
- Қанадил** /а/ — шам, шырағдан, шырақ, аспашам
- Қанлұм** /т/ — өшігіп жүрген адам
- Қаплау** /тат/ — жабу; бөгет; кедергі; пана, қорған
- Қапу** /т/ — есік, қақпа
- Қарар** /а/ — шешім, ұсыныс; тыныштық; мекені, тұрған жері; үй
- Қардаш** /түрік/ — қандас, туыс
- Қаршық** /тат/ — кемпір, әйел
- Қас** /т/ — таңдаулы
- Қасад** — қастық, қастандық
- Қасам** /а/ — ант, серт
- Қасама** /а/ — бөлу, бөліктеу; тарату, үлестіру
- Қасд** /п., а/ — мақсат, ынта; нысана; талап; ниет; ой
- Қатиг тарих** /а/ — қарақшы, бандит
- Қатил** /а/ — өлтірілген, өлген, өлік, құрбан
- Қатра ал-айн** /а/ — жастар (көз жасы)
- Қафил** /а/ — замок, ілгек; топ, керуен
- Қахталық** /п/ — жұт, құрғақшылық; құтсыз
- Қаһ-қаһ, қаһқа** /т/ — қатты күлу
- Қаһаранды** /т/ — қаһарланды
- Қиам** /а/ — тұратын; орнынан тұру; кету, жүріп кету; кейін кету; шегіну; жіберу; өмір, тіршілік; бар болу; орындау; іске асыру; мәңгі өмір сүруші; тура, түзу, адал;
- Қилбарақлар** — дастандағы шайтандар тобы
- Қисм** /а/ — бөлік, бөлшек; бөлім
- Қиу** /т/ — қойма, зындан
- Қорған бекіш** /т/ — қорған бастығы
- Қубба** /а/ — күмбез; үлкен ғимарат
- Қурратул айни** /а/ — қуанышым, көзімнің қарашығы

Құтпа, Хұтба /а/ — жұма намазда және діни мереке күндері т.б. ерекше жағдайларда айтылатын уағыз. Уағыз мақамға салынып айтылады

Құтыр /а/ — ел; аймақ; жер

Қымбат /түрік/ — қымбат

Қысас /п/ — кек; есесін алу; құн; жаза; есе; сазай

Лагин /а/ — қарғыс атқан; шайтан

Лала /п/ — жарқыраған, жалтыр

Лаухы /а/ — тақта

Лафыз /а/ — лебіз, сөз

Лә фил хал /а/ — сол халде

Ләббайка /а/ — міне, мен сенің алдыңдамын

Ләжин /а/ — алайда, бірақ, онда

Ләнгар /п/ — бақан, сырық, қада; якорь, маятник, ауыр зат, зіл, салмақ

Ләшкер /т/ — әскер

Луқма /а/ — үзім, тілім, жапырақ

Лутфун /а/ — мейірімділік, кеңшілік, жұмсақтық, ізеттілік

Ма лайығ /а/ — лайықсыз

Ма ләм /а/ — жоқ

Мағбұд /а/ — құлшылық етілетін, табынатын зат; нәрсе; құдай, тәңірі; бұт

Мағзұр /а/ — кешірім, өтініш, ақталу; дәлел, сылтау

Мағибун /а/ — болмай қалу; жоқ болу; жоқтық; бату

Мағмұр /а/ — тұрғызылған нәрсе; қоныс тепкен; халық орналасқан; халқы көп, жиі отырған ел

Мағриб /а/ — батыс, күнбатыс

Мағрұр /а/ — алданған, соқырайған; атаққұмар, менменсінген, тақаптар, менмен, өркөкірек

Мажрух /а/ — жаралы, жараланған

Мажыра /а/ — оқиға, болған жай, таңғажайып оқиға

Мазһаб /а/ — жүру жолы; діни мектеп; ағым

Макир, Маккұр /а/ — қу, айлалы, зұлым

Мақам /а/ — мән; маңыз; дәреже; шен; орын; өуен; жер; орын; мазар; мавзолей

Мақбұл /тат/ — қабыл болу, қабылдану, жарамды, тиімді, қолайлы, мақұлдау

Маллах /а/ — моряк, суда жүзуші

Мана /п/ — ұқсас, сияқты

Манақиб /түрік/ — хикая, дастан

Манақиб /а/ — мақтайтын қасиеті; мақтау; адамгершілік; қызмет, еңбек; абырой; баға; мәртебе, қасиет

Манам /п/ — түс, ұйқы

Маниг /а/ — тыйым; қақпайлау; сақтап қалу; болдырмау; кедергі, қиындық, қарсылық, бөгет

Манқыш /а/ — киік, бөкен, дала тағысы

Мардан /п/ — ер; адам; жауынгер, батыр, ержүрек, батыл; ізгі, асыл, жомарт, игі, мейірбан, нұрлы, әзіз

Марид /а/ — ауру

Мархабан, мархаба /а., п/ — хош келдіңіз, бөрекелді, тама-ша, жарайсың

Мархамат, мархабат /а/ — рақым, қайырым

Мастур /а/ — құпия, жасырын, жабық, жасырылған, тұйық; таза, адал, пәк

Масхар /а/ — дуалау, сиқырлау; еліктіру; арбау; таң қалдыру

Матам /п/ — қайғы, шер

Матим /а/ — жерлеу рәсімі, қаралы жиын

Мауфир /а/ — толық; мол; байлық

Мафғарат /а/ — мақтаныш; абырой; баға; бедел; қадір; мәртебе; қасиет

Махала /а/ — араздастыру, шағыстыру

Махбұб /а/ — сүйікті

Махбұс /а/ — қапастағы адам, тұтқын

Махкам /а/ — мықты, берік

Махл /а/ — құрғақшылық, қуаңшылық, аштық; ашаршылық

Махшар /а/ — ақырет күні. Адамдардың о дүниеде жаза күніне жиналатын орны, дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең, ақырет

Маһ /а/ — ай

Маһир /а/ — шебер; өнерлі; маман; білгір; көріпкел

Машриқ /а/ — шығыс, күншығыс

Мәгәр /тат/ — сірә, яки, сонымен, тек; бірақ; дегенмен; алайда

Мәжнүн /а/ — есуас, жынды, түсініксіз мінезді

Мәзкүр /а/ — аталмыш, айтылған

Мәламат /п/ — көре алмаушылар, күндеушілер

Мәлзам, (мүләзім) /п/ — борышты; жауапты; міндетті; мәжбүр; жеңілген

Мәлүл /п., а/ — көңілі қалу, ренішті, қапалы, күйінішті, қайғылы, мұңды; азап шеккен; шаршаған; қалжыраған; де-гбірсіз, сабырсыз, тағатсыз, шыдамсыз

Мәнзил /а/ — пәтер; үй; орын

Мәңзі /т/ — мәні, бағасы, маңызы

Мәр /а/ — киелі, әулие, қасиетті, аруақты

Мәрғазад /а/ — шабындық; шалғын, жайылым, өріс; шөп

Мәрд /а/ — алып, үлкен

Мәрд мәжаз /а., п/ — ерекше тұлға, адам, батыр

Мәсжид /а/ — мешіт, Алланың үйі

Мәскун /а/ — мекендеуші, тұрушы

Мәсіх, мәсиха /а/ — христиан, көпір

Мәула /п/ — қожа, әкім, әмір, ұлық; мырза; қамқоршы; қолдаушы; сүйеуші

Мәшалла /а/ — қандай жақсы!

Мәшғал /а/ — іс, жұмыс

Мәшғұл /а/ — шұғылдану, іспен айналысу; қолы бос болмау, бос емес

Мәшурат /п/ — кеңес, ақылдасу, жиылыс, серуен(деу); ақыл

Мәшһүр /а/ — атақты

Мейіл қылу /п., т/ — қызығу, тілеу, ұнату, көңілі ауу, ұмтылу

Милләт /а/ — халық, ұлт; дін тобы; сенім; дін

Миск /а/ — мүскүс; хош иіс

Мисли /а/ — сияқты, сықылды

Мифтол /а/ — қарауыл үйі, мұнарасы

Михраб /а/ — мешіттің айшықты бөлігі, намаз оқығанда бас қоятын беті

Мөштақ /п/ — үлкен арман; ынта; мақсат; ықылас; тілек; көңіл білдіру; аңсау

Мөһір /тат/ — мөр

Муафиқ /а/ — лайық, сай; келісілген; сәйкес

Муәзін /а/ — азан айтушы

Мубарар /а/ — қайырымды іс, құдайшылық

Мудабир /а/ — басқарушы, жетекші; әдепті, үнемшіл

Мудәррис /а/ — мұғалім, ұстаз

Музафир /а/ — жеңу, жеңіске жету, мақсатқа жету

Муйассар /а/ — жеңілдікті; көңілдегідей; ойдағыдай; сәтті, жемісті, жегістікті; олжалы; бай; лайықты, тең, сәйкес

Мунади /а/ — жаршы

Мунадил /а/ — күрескер; қорғаушы; сақтаушы; жоқтаушы; қамқоршы

Мурууат /а/ — ерлік; айбын; қажыр, қайрат; жомарттық; ақ көңілділік, қайырымдылық; парасаттылық

Мұғаззам /а/ — ұлы; маңызды; үлкен; даңқты; атағы жер жарған

Мұғаллақ /төж/ — ұшып түсу; домалау, тоңқалаң асу

Мұғжиза /а/ — керемет, ғажап

Мұғра /а/ — дөң

Мұғтабар /а/ — құрметті, қадірлі

Мұдаббир /а/ — қайырымды іс, құдайшылық; үнемшіл; басқаша, бастық

Мұжауир /а/ — көрші, жақын; қайырымдылық іспен айналысу

Мұзлим /а/ — қараңғы; түнек; қапас

Мұқабил /а/ — қарсы болу, орын ауыстыру, өзгерту, орнына қою

Мұқаддам /а/ — ләшкер басы, бастық, көсем

Мұнаууар /а/ — жарық, жарқыраған

Мұнахиб /а/ — қалаулы, таңдаулы

Мұнафиқ /а/ — өтірікші, екіжүзді; алғашында ислам дінін қабылдап, Мұхаммедті Алланың елшісі деп мойындаған, кейін оның ықпалының күшейгенінен қауіптеніп, қастандық жасаған Мекке тұрғындарының бір бөлігі

Мұнқиш бина /а/ — мазар

Мұнтазир, мұнтазар /а/ — тосушы, күтуші

Мұрсал /а/ — елші, уәкіл жіберілген

Мұстахир /а/ — сиқыр жасаушы, сиқыршы

Мұстаһиққу /а/ — лайық болу; жарарлық; лайықты, сай

Мұтиғ /а/ — бағыну, мойынсұну

Мұхлис /а/ — шын, адал берілген

Мұшатара /а/ — серіктес, сыбайлас, әріптес; тілектес, ниеттес; аяушылық, мүсіркеу, жанашыр

Мұшраф /а/ — құрмет, тағзым; биіктік, үлкендік

Мұбараз /а/ — соғыс, шабыс, ұрыс

Мұбәрак /а/ — Сейітбатталдың әпитеті; таза; құтты; қасиетті

Мүлкат /а/ — иелік, меншік, қожалық; мүлік

Мүмін /а/ — мұсылман

Мүнәсип /а/ — жарасымды, лайықты; жағдай; қызмет; лауазым

Мүнкәр /а/ — жеркенішті, жиренішті, жаман; жексұрын, қорқынышты, күнәлі; намыссыз; өлім періштесінің аты

Мұртад /п/ — діннен шыққан, еретик

Мүсәмма /а/ — есім

Мүслім /а/ — Аллаға берілген, исламды қабылдаған; мұсылман

Мұхман /п/ — мейман

Мұһлат /а/ — мерзім, мәулет, мұрсат, уақыт; мезгіл

Мұшәура /а/ — кеңес, жиын

Мұшірік /а/ — Алла атына серік қосушы, көпір; пұтқа табынушы; көпқұдайшыл

Мінәжат /а/ — құлшылық ету

Міскін /а/ — бейшара, мүсәпір, мүскін

Нағра /п/ — соқпалы аспап, барабан, дауылпаз

Нағұзуби /а/ — сүйену, сену, қолдану; көмекке шақыру; Алла сақтасын

Назала /а/ — құлау; түсу; қону; орналасу

Назил /п., а/ — төмен түсіру, түсіру, жіберу; Алланың бергені, жібергені; қонақ, тұрғын

Назым /а/ — өлең, жыр

Назыр /а/ — тең, іспеттес, сияқты, тәріздес, ұқсас, бірдей; қарсыласы, бәсекелесі

Найып /а/ — орынбасар

Нақарт /п/ — дыбыс, нота

Нақу /а/ — сөз, сөйлем өнері, ғылымы

Нақыс /а/ — күлкі қылу, келеке, келемеж

Налар /п/ — ыңырсу, сарнау, зар жылау, зарлау.

Нама /п/ — хат

Напағият /а/ — пайдалы; жақсылық; пайдақорлық, пайдакүнемдік; қанағатсыздық

Нар-нұр /а/ — алау, от, өрт; жарық, сәуле, шұғыла; дастанда көпірлер табынатын пұт

Нардибан /п/ — саты, жалғамалы саты

Насыр, нусрат /а/ — жеңіс; жәрдем; көмек; медет; шара; қолғабыс

Нафас /а., п/ — дем, дем алу, дем шығару, тыныс; лебіз

Наһан /тәжік/ — алып балық; кит

Наһр /а/ — өзен

Нашир /а/ — баспагер; жариялаушы; жариялану

Нәби [көпше түрі: әнбия] /а/ — пайғамбар

Нәжат /а/ — құтылу, құтқару; азат ету; бүтіндік; амандық; түгел

Нәзір /а/ — құрбанның бір түрі, уәжіп — құрбан; құдай жолына берілетін садақа, қайыр

Нәмәрсе — нәрсе

Нәміре /п/ — барабан

Нәпақа /а/ — шығын; шығындану

Неках /а/ — некелеу, үйлену, тұрмысқа шығу

Нида /а/ — жар шақыру, дауыстау, айқайлау; жалбарыну; үндеу; ұран

Никар /п/ — сүйікті

Ниқаб /а/ — бет перде, жапқыш

Нима болды /т/ — немене болды

Ниса /а/ — әйел кісі

Нығмет, ниғмат /а., тат/ — бақыт, бақытты өмір; шапағат; сый; рақым; жарылқаушылық; жақсылық; шарапат; қайыр; байлық; береке; игілік; ырзық; тамақ, ас, ауқат

Орам /т/ — көше

Ошал /түрік/ — осы

Өтмек — өтпек

Паймал /п/ — тапталған, басылған, жаншылған; жойылған, қырылған

Паймал қылу /п/ — аяғының астында таптау

Палас /п/ — нашар, ескі; мұқтаждық; мүдде; қажет; кедейлік; жарлылық; сорлылық; аздық; кедейлік; кемшілік

Пәнжара /п/ — терезе

Пәре /тат/ — үзім, тілім, бөлік, бөлек, бөлшек; үлес

Пәришан /п/ — қобалжу, уайым

Пәрмен /т/ — кемітілу, азайтылу; қайту

Пәруана /п/ — түнде ұшатын көбелек. Дастандарда поэтикалық образ ретінде қолданылады. Сопылық ұғым бойынша, мұсылмандар дін үшін жан-тәнін аямай жаумен шайқасуын білдіретін ұғым; жаушы, шабарман, қуғыншы; жаршы, хабар әкелуші, хабаршы мәтінде Сейітбатталдың эпитеті

Пәруардигар /п/ — жаратушы Алла, Құдай, Жасаған

Пұт параст /п/ — пұт, пұтқа табыну; пұтқа табынушы

Пінһан /п/ — құпия, жасырын; тығулы, бүркеулі

Пір — қажы, қазірет, ишан сияқты ірі дін басыларына байланысты қолданылатын ұғым. Көбінесе сопылар арасында кез-

деседі. Діни ұғымда пір қолдаушы, қорғаушы, сүйеніш болып есептелінеді, аруақ туралы түсінікке жақындайды.

Пырақ /п/ — қиял-ғажайып ертегілерде, эпостарда кездесетін қанатты тұлпар, жүйрік ат, сәйгүлік, арғымақ

Рағд кебі /а., т/ — найзағайдай

Рағиат /а., п/ — өріс; қол астындағы азаматы, халық, шаруа, жалшы, бағынышты, қызметші

Рази /а/ — жарасымды, жағымды, мейірімді, сүйкімді, аяулы, ұнамды; разы

Ракағат /а/ — намаздың жартысы, бір бөлігі

Рамл /а/ — құм

Раммал /а/ — құммен бал ашушы

Ранжу /тат/ — өкпе, реніш; қайғы, ауру

Расаға /а/ — жабысқан, байлау, буу, сабақтастыру, қиыстыру, ұштастыру

Рауан /п/ — жүру, қозғалу, жылжу

Рауи, рауиат /а/ — әңгімеші, таратушы

Рауи /а/ — толық; көп; мол; ағыл-тегіл; бай; жетіскен

Рауқ /а/ — тостаған

Раушан /п/ — нұрлы, сәулелі, әдемі

Рахим /а/ — ерекше мейірімді, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахман /а/ — аса қамқор, мейірімді Алла Тағаланың есімдерінің бірі

Рахмат /а/ — мейірім, шапағат

Раһба /а/ — қорқыныш; айбар; зөре; қауіп; үрей; сескеншектік; қорқу

Рәуеш /тат/ — түр, кескін, кейіп, бейне, тек, ажар, дидар, жүз, өң

Рәуіш /п/ — тәсіл, әрекет, қалып

Рисалат /а/ — жолдама, хат; пайғамбарлық; елшілік; міндет; зерттеу, хабарлама

Руаят /а/ — әңгіме; аңыз

Рубуг /а/ — үлкен топ, компания; жер, территория, өлке, аймақ

Рубуг мәсқұнт /а/ — жер шарының 4/1 бөлігі

Руғи /а/ — әңгімеші

Руза /п/ — ораза, күн

Руйзамин /п/ — жер беті

Русғ /а/ — білезік сүйектер, жіліншік

Рухбан /а/ — дін басы; монах; дарашыл, ешкіммен араласпайтын сопы

Сабах садық /а/ — таңғы уақыт; қасиетті таң

Сағадат /а/ — бақыт; мерей, аман-есендік; мәртебелі

Сағиқа /а/ — найзағай

Сағы /т/ — сау, сауығу

Сада /п/ — дыбыс, үн

Садда /а/ — шығармау, жібермеу, басу, сабыр ету, тоқтату, ұстау, сақтау; тойтарыс, қарсы соққы; сурет, бейне, кескін

Садду /а/ — бөгет, кедергі, тосқауыл

Садық /а/ — дос

Сайрашүр — сайрайды

Сайха /п/ — айғай, ойбай, сүрен салу

Сакран /а/ — есінен адасу, мас болу

Сақи /а/ — шарап құюшы

Саққа /а/ — су тасушы

Салауат /а/ — намаз, дұға, сиыну, жалбарыну

Салих /а/ — жақсы; мейірімді; адал

Самад /а/ — мәңгі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Самие /п/ — құрметті, мәртебелі, үздік

Самсырар — бірінен соң бірі тізіліп, қаз-қатар тұру; сансыз көп, қаптап кету

Санағ /а/ — ісмер, шебер

Санбур /а/ — ағаш

Сар хош /п/ — хош көңіл

Сара /а/ — байлық, молшылық; түнде жүру, қозғалу; ағу; өту

Сарғаскер /п/ — ләшкер басы

Сариф /а/ — таза; қарапайым

Сарраф /а/ — салық жинаушы; айырбастаушы

Сары кәрдан, сәргардани /п/ — адасу, кезу, тентіреу, кезбелік, қаңғыру; абыржыған; жоғалған; дәрменсіз; кәріптік

Сатыр /а/ — жасырушы, құпия

Сауар /п/ — ат үстінде жүру, салт атты

Сафа /а., тат/ — жақсы, таза, тұнық, ашық болу; рахаттану, көңіл көтеру

Сахаба (асхаб, асхаблар көп.түрі) /а/ — Пайғамбардың артына ерген серіктері

Сахар /а/ — таң алдында, алагеуім; арай, таң, шапақ

Сахи /а/ — жомарт, қолы ашық; ақ көңіл

Сахиб /а/ — ие, қожайын, дос, жолдас; ізбасар, еруші, жолын қуушы

Саш /т/ — жарна, ауыс-түйіс, алыс-беріс, өзара есеп айырысу; жаудыру; төгу; жаю; шашу; тарау; ысыраптау; жалтақ; жасқаншақ; қорқақ; адасу; жалтару; абыржу

Сәжда, сәжде /а/ — Құдайға құлшылық етіп, намаз оқығанда жерге басын қою; төжім, бас ию; иілу, сәжде қылу

Сәжда-и шүкір /а/ — намазға бас қою

Сәна /а/ — мадақ; алғыс

Сәнжәбіл — инбирь

Сәни /а/ — екінші

Сәруар /а/ — басшы, көсем (Мұхаммед пайғамбардың атына байланысты қолданылады)

Сәруар ғалам /п/ — Әлемнің қожасы (Алланың эпитеті)

Сексарлар — уәзірлер; қызметшілер; жендеттер

Селдік — селдей

Сеңа /т/ — саған

Сиар /а/ — саяхат, жол жүру

Силхушур /п/ — ләшкери өнер

Сиххат /а/ — денсаулық

Сиясат /а/ — басқарма; меңгеру; саясат

Сүбхан /а/ — жасаған, күшті, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Сұлтан әл-Әнбия — пайғамбарлардың сұлтаны

Сүхбат /а/ — қарым-қатынас, достық, жолдастық; таныс, тамыр

Сүннет, суннат /а/ — дәстүр, жоралғы, кәде, рәсім, салт, әдет-ғұрып, дағды; төжірибе; заң, қағида

Табарик /а., п/ — бақыт, жақсылық тілеу; құттықтау; бата беру, рұқсат беру, баталы; әулиелілік, киелілік, қасиеттілік; Сейітбатталдың эпитеті

Табиб, тәбиб /а/ — дәрігер, емші, тәуіп; Алла Тағаланың дастандағы эпитеті

Табиғ /а/ — құл; тәуелді

Тағир /п/ — ашу; ыза; қарсылық; өзгеріс

Тағриф /а/ — таныстыру, танысу; түсіндіру; анықтау

Тайғ /а/ — тіл алғыш, екі етпейтін; көнгіш; бас июші; құрметтеуші

Тайғ зухаки — бағынушы патша

Тайғ мунхак /а/ — ғажайып қылыштың аты

Такаффара /а/ — мүдіру, толқу, қобалжу

Таклиф /а/ — тапсырма; міндет; борыш; еңбек; салтанат

Тақсым /а/ — бөлу, бөлісу, бөлімге бөлу, таратып үлестіру, таратып бөлу

Талиғ /а/ — тағдыр, жазмыш; бақ; несібе

Тамағ /а/ — шын тілек, шын ықылас

Тамам /а/ — біту, аяқталу

Тамассала /а/ — елестету, қиялдау; өзін таныстыру; болып көріну; келу; болу; туу

Тамиға /а/ — қатты ықылас білдіру, шын тілеу, қалау

Танауил /а/ — алу, жеу; беру; табыс

Тарадду /а/ — қайтару, тайдыру, маңайлатпау, қарсы болу

Тарауыт /тат/ — тығыз, тар

Тариқ /а/ — жол

Тасауир /а/ — сурет, бейне, фотография; портрет

Тасдиқ /а/ — сенім; растау, мақұлдау

Тасила /а/ — жұбату, басу айту

Тасриф /а/ — өткізу; бұру

Тауарис /п/ — мирасқор, мұрагерлік

Таурат — Тора, діни кітап; Алла Тағаланың Мұса пайғамбарға жіберген кітабы

Тауфиқ /а/ — ұйғару; татуластыру; басу; тыныштық орнату; көмектесу; жәрдем; табыс; келісу; мәміле; татулық, тыныштық; жәрдем; қолғабыс; медет; көмек; мерей; сәттілік; бақыт

Тафакқур /а/ — ойлану, ой

Тафарраж /а/ — қараушы, қызықтап сүйсіну; қыдыру, се-руендеу

Тафир /п/ — ескіру, бұзылу

Тафриқа /а/ — бөліну; бөлек; айырмашылық

Тахайара /а/ — сайлау; артық көру; ұнату

Тахаммул /а/ — міндетті қабылдау; қайғылану; шыдамдылық

Тахқиқ /а/ — расында, шындығында

Тахсил /а/ — олжа; салым; салықшы

Тахсин /а/ — жақсарту; түгелу; жетілдіру; кемеліне келтіру; мүліксіз ету; дұрыстау

Таһарат /а/ — дәрет алу, тазалану. Құран Кәрімді оқырда, намазға жығылар алдында жасалынатын бірден-бір шарт — та-

залану, яғни дәрет алу. Сумен үсті-басты, денені ғана жуып қоймай, рухани ойды тазалау. Өдеппен, толық құрметпен аңсарынды тазалыққа аудару, яғни Алланы ойлау. Біле тұра немесе білместікпен істелінген күнәларың үшін Алладан кешірім сұрау, жарылқау тілеу.

Таһлил /а/ — дауыстау, айқай, шу; мақұлдау; мадақтау

Таһмил /а/ — мадақтау, дәріптеу, «Алладан басқа Құдай жоқ» (Лә иллаһа илла Алла) сөзін айту

Тәбәссум /а/ — жымию, күлімсіреу

Тәбдил /а/ — өзгерту, өзгеріс, ауысу

Тәдбир /а/ — шара, амал; орналасу; басқару

Тәждид /а/ — жаңару, жаңғырту, орнына қайта келу, қайта құру, қалпына келу

Тәзаккар /а/ — еске алу

Тәзкир /а/ — Алла тағаланы еске алып, мадақ айту

Тәкбир /а/ — дәріптеу, мадақтау; «Аллаһу акбар» сөзін айту, Алланы дәріптеу

Тәкрар /а/ — қайталау

Тәкірім /п/ — қошамет, құрмет

Тәлиб, талаба /а/ — жүруші, келе жатқан, сұранушы, өтінуші, сұраушы; студент, шөкірт, оқушы

Тәмсіл /а/ — өсиет, нақыл түрінде айтылатын, астарлы мазмұны бар әңгіме; ұсыну, көрсету; ойын; түсінік; танысу

Тәнзил /а/ — аққан; түскен

Тәпсір /а/ — түсіндірме: Құранға түсінік беріп, оның мағыналарын ашу мақсатында жазылған кітаптар

Тәсбих /а/ — Алланы мадақтау, дәріптеу; 33 моншақ тас-тан тұратын тізбек. Тәсбі тарту — моншақ тастарды тере отырып 34 рет «Аллаһу Акбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдулилла» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну. Бұл ерекше көркем сөздерді Мұхаммед пайғамбарымыз (с.а.с.) қызы Фатима анамызға үйреткен; кейіннен мұсылман әлемінде нұр сәулелі Фатиманың тәсбісі деп аталып, әр намаз сайын айтылатын болған.

Тәсілім /а/ — көну, тапсыру; мойындау; жол беру; тану; ардақтау

Тиждар /а/ — саудагер

Тижарат /а/ — сауда-саттық

Туғры /т/ — тура

Тулаба /а/ — шәкірттер

Тұту /т/ — қолмен мықтап ұстау, жібермей қалу, жабысу, жармасу

Тұхфа /а/ — сый, сыйлық

Тышыра /т/ — тысқа, сыртқа

Уағда /а/ — серт, уәде

Уағыз — үгіт, насихат

Уада /а/ — төлеу, өтеу; төлеп алу; бастау; бағыттау; апару; жүргізу; басқару

Уазифа /а/ — қызмет; айлық; маусым; іс; орын; борыш

Уалаят /а/ — уалаят, аймақ, жер, тұс; тарау, сала, жол; түпкір; басқарма

Уасама /а/ — әдемі, көрікті, сымбат

Уасир /п/ — қызметші, жас жігіт

Уасиф /а/ — сипат, белгі, сапа

Уасыл /а/ — келуші; жалғаушы, дәнекер, қосушы

Уәжип /а/ — еру; міндетті болу; керекті; тиіс, қажетті; мақсат

Уәли /а/ — әмірші, ұлық, басқарушы

Уәсән /а/ — пұт; табынатын адам

Ухра /а/ — басқа, бөлек, бөтен, өзге, өңге, кей

Ұғыл /т/ — ұл

Ұлығ /т/ — үлкен

Ұра — адамның, жан-жануардың денесіне шыққан шығу, томпақ ісік, бұлтық

Үзере /түрік/ — үстінде

Үмбет /а/ — ел, қауым, жамағат; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар, Ислам дініне бағынушылар

Үрдек /т/ — үйрек

Үшбу /т/ — осы, бұл, сол

Үшкеше /т/ — үшке дейін

Фаган /п/ — күрсініс, қиналыс, күңірену

Фазыл, фазилат /а/ — қайырым, шапағат, қайырымдылық

Фаразан /тат/ — шамамен, мысалы

Фарақ /а/ — қорқыныш, үрей

Фарахат — қуаныш; шаттық

Фариад /п/ — айғай, жылау; зарлану

Фариг /а/ — бос, еркін

Фасад /а/ — бұзылу, арамдық, бұзықтық

Фасыл /а/ — мезгіл; бөлік; бөлу, бөлім; шығару; ерекшелік; босату; тоқтам; қарар; қорытынды; шешім

Фатих-нама /а/ — жеңімпаз, жаулаушының хаты

Фатиха /а/ — беташар, кіріспе; Құран Кәрімнің бірінші сүресі; бата

Фатра /а/ — әлсіз; баяу

Фауж-фауж /а/ — топ, жиын

Фахр /а/ — атақ, даңқ; мақтаныш

Фәрісі /п/ — жылқы, ат

Фил арди /а/ — жерде, жердегі

Фил хал /а/ — сол халде, сол уақытта

Фирақ оты /а/ — тозақ оты

Фитна /а/ — дін бұзушылық; арамдық

Форсақ /п/ — қашықтық

Хабаты /п/ — жындану, есі ауып сөйлеу

Хаббе /п/ — аз, бір тал, титтей, мысқал

Хабиб /а/ — сүйікті, қадірлі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хабиб Алла, Хабибулла /а/ — Алланың сүйген құлы, Алланың сүйіктісі

Хада /а/ — өлшем, шек

Хадим /а/ — құл; қызметші

Хажип /а/ — малай; қайраткер; жұмыскер

Хазірет /а/ — ағзам, мәртебелі, аса құрметті

Хайли /п/ — сол; бірден; қолма-қол

Хайыр /а/ — жақсы, жақсылық; садақа; қайырымды

Хайрул анам /а/ — адамзаттың ең абзалы

Хайрул кәлам /а/ — жақсы сөз

Хайыр-ихсан /а/ — адамшылық; жақсылық

Хақ /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; мұсылман дініндегілердің ұғымы бойынша, дүнианы жаратқан Алла Тағала, Құдай

Хақарат /а/ — бейшара, жеккөрінішті, жексұрын, сұмпайы, төмендету

Хақыр /а/ — бейшара, байғұс, жексұрын, сұмпайы; елемеген, менсінбеген

Хал /а/ — байлық, дәулет, қазына, мүлік; хал-жағдай, кез орай, оқиға; жұмыс

Халал /а/ — адал, рұқсат етілген; заңды; толық; жеткен; ажыратылмайтын

Халас /а/ — арылу, құтылу, азат болу

Халғат /а/ — сыйлық

Халифа /а/ — ислам орнағаннан бастап XIII ғасырға дейін араб елдерінде дін мен үкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билеушісі

Халуат /а/ — оңаша болу, жалғыз қалу, оңашалану; баспана, пана

Халф /а/ — серт, ант, уәде; дос, одақтас.

Хамд, хамду /а/ — мадақ; мақтан; даңқ; дәріптеу, даңқын шығару; рақмет, алғыс

Хамл /а/ — жүкті, екіқабат

Хамлә /а/ — шабуыл, жорық

Хандан /п/ — күлкілі, көңілді, көңіл көтеру

Ханнан /п/ — мейірімді, рақымды, қайырымшыл, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хараб /а/ — қирау, жоқ болу, апатқа ұшырау; бұзылу

Хараж /а/ — салық, салым; орта ғасырларда ислам пайда болғаннан кейінгі мұсылман елдеріндегі жер салығы. Бұл салық мұсылман еместерден алынатын

Харақ /а/ — жану, ыстық, аптап, шыжыған; шоқ; қоламта; ынта-жігермен; қызумен

Харам /а/ — таза емес; заңсыз; шарифат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]

Харқ /а/ — өртеу, жағып жіберу, күйу, күйіп қалу, күйік

Харр /а/ — ыстық, жылу

Хасан /а/ — жақсы

Хасыл /а/ — нәтиже, қорытынды; арманына, мақсатына жету

Хассы /а/ — бай, манап, бек, дәулеті барлар

Хатим /а/ — өте жомарт

Хатир /а., п/ — ой, идея, көңіл-қош

Хатым — белгілі бір істің қарсаңында діндарлардың Құранды түгел оқып, аяқтап шыққан кезі және соның құрметіне берілетін ас-су, қатім

Хатым Құран /а/ — Қасиетті Құранды түгел оқу

Хауар /а/ — әлсіреу, күшсіздік, дәрменсіздік

Хауариж /а/ — Әли мен Мағауия арасындағы соғыста Әлиден бөлініп шыққан мұсылмандар тобы. Әли хауариждердің оғынан қаза болады.

Хаун /п/ — ыдыс-аяқ, тостаған

Хафиз /а/ — сақтау(шы), қорғау(шы); жатқа білетін; Құранды жатқа білетін адам

Хиафат /тат/ — кескін, кейпі, түрі

Хижаз /а/ — жоғары, орын, төр

Хикмат, хикмат Құда /а., п/ — Құдайдың әмірі, кереметі; хикмет, даналық, кемеңгерлік, нақыл сөз, мақал, ақылды дәйектеме, негіз

Хикметулла /а/ — Алланың хикметі

Хилаф /а/ — қарама-қарсылық, қайшылық, алауыздық, талас, дау

Хиндик /а/ — ор, шұқыр

Хинзир /а/ — доңыз, шошқа

Хозур /тат/ — алды; ішінде болу

Хортум /а/ — пілдің тұмсығы

Хоу /п/ — төсеніш; сахна; ағаштар; қармақ бауы; сауыр, яғни шұрайлы, құнарлы жер; малдың үсті

Хукмат, хүкім /а/ — үкім, бұйрық

Хурр /а/ — бос, еркін

Хусусан /а/ — әсіресе

Хушун /п/ — дәрекілік

Хүжра /а/ — бөлме

Хүсни /а/ — көркем, өте әдемі, ең жақсы, асқан сұлу

Хүсни иман /а/ — иман жүзді

Хұтба, құтпа /а/ — жұма намазда және діни мереке күндері т.б. ерекше жағдайларда айтылатын уағыз. Уағыз мақамға салынып айтылады

Хұшырат /а/ — қалдық, қалғандары, бөлік

Һадийа /а/ — сыйлық

Һаза /а/ — бұл

Һай-һу /т/ — аһылау-үһілеу; шу

Һамме /п/ — барлық, бөрі

Һануз /п/ — тағы, әлі де

Һауа /а/ — ауа, өуе

Һауаз /а/ — басшы

Һауасид /п/ — қуару, сарғаю, көгеру

Һәйбәтләну /т/ — әйбөтләну

Һәлакат /а/ — бүлдіру; күйзелту; қирату; өлім, ажал, қауіп-қатер; залал; опат; қырылу

Һәрзия /п/ — бос, қуыс; мағынасыз

Һәүзе, һауаз /п/ — тоған, бөгет

Һиба /түрік/ — сыйлық, базарлық, сый; сәлемдеме; садақа; тасаттық; құрбан

Һошсыз /тат/ — халсіз; жағдайсыз; ессіз

Һұжым /а/ — шабуыл, шабыншылық, шапқын, лап қою

Шадыман /п/ — қуанышты

Шай(ун) /а/ — зат, нәрсе, бұйым; дене; мүлік, дүние; құбылыс, оқиға; оны-мұны, ондай-мұндай; кейбір, бірдеме, бір нәрсе

Шайх /а/ — ақсақал; әулие

Шайым — кішкене көлшік

Шайыр /а/ — ақын, жыршы

Шалғы — қобыз, скрипканың ішегін тартатын ысқы, қияқ

Шанар /п., а./ — намаз; ымырт; ұятсыздық; масқаралық

Шар /т/ — ашу, ыза; жамандық; кесір; пөле; зұлымдық; қаһар; қастық; қиянат; зарар; залал; зардап; зиян

Шараға /а/ — беттету, қарату, бағыттау, жіберу, сілтеу; заң шығару

Шарата /а/ — шарт, талап, ахуал, ереже, келісім, бітім

Шарғ /а/ — діни, шіркеудің заңы, шарият

Шаригат /а/ — адам өмірінің барлық жай-жапсарын қамтитын мұсылман дінінің заңы, ережелері

Шариф /а/ — қасиетті, киелі

Шарх /а/ — түсінік; түсіндірме; сипаттау, суреттеу

Шаршаулар — перделер

Шауаһир /а/ — айлар, мезгілдер

Шауқ /а/ — нәпсі, ынтызар, ынтық, құмар, құштарлық

Шафиқ /а/ — рахымды

Шаһадат /а/ — куәлік ету, куә болу. Кәлима-шаһадат Алла Тағала мен оның елшісі Мұхаммедке куәлік білдіретін сөз: Ашһаду ан лә иләһа илла Алла уа ашһаду әнна Мухаммадан ғабдуһу уа расулуһу (Алладан басқа Құдай жоқ және Мұхаммед оның құлы мен елшісі екендігіне сенім білдіремін). Ислам дінін қабылдау үшін кәлима шаһадатты үш рет айту керек

Шаһар әһлісі /а/ — қала халқы

Шаһариар — шаһар /п/ — төрт, яр /т/ — жар, серік, яғни Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар деп те аталады. Бұлар араб халифатын би-

леген төрт әділетті халифа болып, тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атқа ие болған

Шаһид /а/ — ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды; куә, байқаушы, бақылаушы

Шаһин /п/ — сұңқар, ақсұңқар

Шаһмардан — батырлардың патшасы. Жырдағы Әлидің эпитеті

Шаһуат /а/ — ынтық, ынтызар, құмар, қатты ынта болу, құмарлық

Шаш /т/ — жалтақ, жасқаншақ, сескенгіш, үркек, жүрексіз, қорқақ, жасық; абыржу, асып-сасу, күйбеңдеу, әбігерлену, асығу; жолдан жаңылу, адасу, таю, бас тарту, жалтару, тайқу

Шашма /түрік/ — бұлақ

Шәр — шаһар

Шейда /п/ — махаббаттан есі ауған, ессіз құлай сүю

Шер /п/ — арыстан

Шаад /а/ — шаттық, қуаныш; көтерілу; салу, құру

Шигыр /а/ — өлең, жыр

Шикаят /п/ — шағым, арыз

Шиле /п/ — алдау, арбау, өтірік, айла, жалтару, қулық

Шинаш /п/ — лақ, шинеш

Шуал /п/ — қоржын; сандық; қап

Шур /п/ — тұздалған, тұзды

Шұһра, шұһрат /а., п/ — атақ, даңқ, репутация; бет-бейнесі, түр, әлпет

Шым /тат/ — ақырын, ақырындап, баяу ғана, жай, жайлап, тыныш; білінбей, байқатпай, көзге түспей

Шілтеледі /тат/ — жамандау, жазғыру

Чууал-чууал /т/ — кедей-кепшік, дәулетсіз, жарлы, кемтар, пақыр

Чоқ /түрік/ — аса; орасан; тіпті; тым; анағұрлым; едәуір; көп; мол; өте; әлдеқайда; өте-мөте; төтенше

Ықылым /а/ — жер; бөлім, бөлік; таныс емес, бөгде ел

Ілтимас /а/ — кешірім; ғафу ету; бұйымтай; тілек, өтініш

Інжіл — діни кітап, Библия. Діни наным бойынша, Құдайдың әмірімен көктен түскен төрт кітаптың бірі

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Айа София — Түркияның Стамбул қаласындағы атақты мұсылман мешіті. Орта ғасырларда Византияны түріктер жаулап алғанға дейін мұнда жергілікті христиан храмы болған. Кейін ежелгі Константинополь қаласы Стамбул атанып, ислам дініндегі түріктер көне шіркеуді мешітке айналдырған. Ал қазіргі кезде бұл мешіт — халық көп баратын мұражайға айналған.

Амман — Иордания патшалығының астанасы.

Бағдат — Ирак мемлекетінің астанасы. Қаланы 762 жылы халифа Мансур сала бастағанда, оның аты «Мадина ас-Салам», яғни «Бейбітшілік қаласы» болатын. Бағдат атауының шығуы жайындағы аңыздарда қаланың аты Дат деген кісінің тағдырымен байланыстырылады. Бағдат шығыс ертегілерінде тұрақты орын алған көне қаланың аты. Ол кейде мифтік-ертегілік шығармалардың кеңістігінде кездесе, енді бірде діни-ғылыми орталық һәм тарихи шаһар ретінде дастан оқиғаларының басты мекендерінің бірі болып шығады.

Бұқар — Орталық Азиядағы бұрынғы елдің, қазіргі Өзбекстан мемлекетіндегі облыстың аты. Орталығы — Бұқара қаласы. Бұқара әсіресе XVIII — XIX ғасырларда күшті өркендеп, исламның ықпалды тірегіне әрі діни-ғылыми орталықтарының біріне айнала бастады. Бірқатар мұсылман халықтары, оның ішінде қазақтар да оны «Бұқара Шариф», яғни қасиетті қала деп атаған.

Йемен (Иаман, Емин) — араб елінің оңтүстік батысында орналасқан мемлекет атауы. Бұл да көне дәуірден бері бәдеуилер жайлаған, кейін мұсылмандықтың қабылдаған араб елінің бірі. Йемен атауы ескі діни аңыздар мен дастандарда көп кездеседі.

Искандрия (Александрия) — Мысырдағы көне шаһардың аты. Қаланың негізін біздің заманымызға дейінгі атақты грек қолбасшысы Александр Македони қалаған.

Қайтұрабад (Хайдарабад) — Үндістандағы штаттың (өлкенің) көне аты. Діни дастандарда Қайтұр есімді патшаның есімі де жиі аталады.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжүж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр күн сайын тауды егеу сияқты тілдерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар, Қап тауының ар жағында да керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтады.

Құддыс — қазіргі Израил, мемлекетінің астанасы, Иерусалимнің ежелгі аты. Бұл шаһар әлемдік діндердің шығу тарихымен байланысты зор құрметке ие болған. Онда иудей, христиан және ислам діндерінің қатар табынатын қадірлі діни ескерткіштері баршылық. Осы арада мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі — «Әл-Ақса» (Бәйтул Мұқаддас) мешіті бар. Құран Кәрімдегі «Миғраж» сүресінде және басқа да діни аңыздарда Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың «Көкке көтерілу» (Алла тағаламен кездесу, дидарласу) сапары осынау мешіттен бастау алады.

Мағриб — араб жерінің батыс бөлігіндегі елдерді әдетте осылай атайды. Оған Марокко, Тунис т.б. мемлекеттердің жері жатады.

Малатия — Түркиядағы көне шаһарлардың бірінің аты. Діни дастандарда жиі аталып отырады. Аңыз қаһарманы — Сейітбаттал, яғни Жағыпар батыр осы жерде дүниеге келеді.

Мысыр — араб елінің африкалық бөлігіндегі көне шаһар әрі ел атауы. Жергілікті арабтар Египетті де, оның астанасы Қаһираны (Қайыр) да Мысыр деп атайды. Қазақ фольклорында, сондай-ақ көптеген шығыс халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларында Мысыр шаһары жиі ұшырасады.

Омбы — Ресейдегі қала аты (Омск).

Рұм (Ұрым, Үрім) — көптеген шығыс халықтары, оның ішінде қазақтар да Византиялықтарды осылай атаған. Бұл атау кейінгі Осман империясының жеріне де қатысты көне географиялық топоним ретінде сақталып келді. Әдетте, қазақтар «Ұлын — Ұрымға, қызын — Қырымға» дегенде, Түркия мен оның иелігінде болған Қырым халықтарын айтатыны даусыз.

Тұр тауы (Тор тауы — Синай тауы) — аңыз бойынша, осы арада Мұса пайғамбар Алла Тағаламен тілдескен делінеді. Бұл қазірге дейін мінәжат тауы деп аталады. Құран Кәрімде бұл атау он мәрте кездеседі.

Хауарзамин — ежелгі Хорезм мемлекетінің атауы.

Хоражент — дастан оқиғаларының өткен мекендік шекараларына қарағанда, қазіргі Хоженд қаласы деп шамалауға болады.

Харасан, Хорасан — Иранның солтүстік шығысындағы аймақ, шет жер.

Шын елі — орта ғасырлық Шығыста Қытай жерін осылай атаған. Бұл атаудың шығу төркіні көне Цин империясының тарихымен байланысты болса керек.

Істамбол (Стамбул) — Түркия мемлекетінің бұрынғы астанасы. Орта ғасырға дейін Константинополь деп аталған және ежелгі Византияның орталық шаһары болған.

Бұлармен қатар «Ғазауат Сұлтан» дастанында өзге де көне қыстақ, қалалардың атаулары кездеседі, мысалы: *Муштаран, Харажын, Мағмурия, Тарсус т.б.* Бұндай шаһарлардың географиясы дастанда Үндістан, Түркістан, араб-иран, Қытай, Таяу Шығыс және кейбір Еуропа елдерінің аумағын қамтиды. Олардың біразының аттары қазіргі уақытта өзгеріске түскендіктен, дәл қай жер екендігін атап айту қиын. Аталған шаһарлардың діни шығармаларда кездесуі ислам тарихының әр кезеңіндегі саяси оқиғаларымен байланысты болса керек.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Маңқыстау Тыныштықұлы — бұрынғы Бөкей ордасында, қазіргі Атырау облысының Есбол ауылында туған шайыр. Туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Шамамен ХІХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген. Маңқыстау негізінен оқытушы қызметінде болып, медреселерде сабақ берген. Бірнеше рет хажылық сапарға шығып, қасиетті Қағбаға тәуаб еткен. Қажы әл-Хурмин деген құрметті атағы бар, елге қадірлі әрі тақуа адам. Шайырдың осы қасиеттері оның діни дастандарды жырлауына тікелей әсер еткен секілді. Маңқыстау Тыныштықұлы өзі Қазанда бастырған «Ғазауат Сұлтан» (1908) дастанын шәкірттеріне жаттатып, сол арқылы ол дастан өзге өңірлерге де таралуы мүмкін.

Маңқыстау Тыныштықұлының шығармашылық өмірбаяны белгісіз болғандықтан, ақынның соңында қандай мұрасы қалғаны да әзірге жұмбақ күйінде қалып отыр. Қалай болғанда да оның өз заманының сауатты, зиялы азаматы, қазақ даласындағы ислам құндылықтары мен фольклорлық үлгілерді жырлап, насихаттаушылардың бірі екендігі даусыз.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп — дәптер

а — араб

п — парсы

т — түркі, көне түркі

қ — қазақ

тат — татар

тәж — тәжік

түрік

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қисса Сейітбаттал. Қазан. 1879. 26-б.
2. Сейітбаттал қиссасы. ӘӨИ. Қ.Қ: Ш. 45.
3. Ғазауат Сұлтан. Қазан, Университет баспасы. 1908, 386-б.
4. Сейітбаттал қиссасы. ӘӨИ. Қ.Қ: Ш. 128, 3-дөп.
5. Қисса Сейітбаттал. ӘӨИ. Қ.Қ: Ш. 1106, 2-дөп.
6. Сейітбаттал қиссасы. ӘӨИ. Қ.Қ: Ш. 986, 1-дөп.
7. Сейіт хазіреті Баттал қиссасы. ӘӨИ: Ш.882, 6-дөп.
8. Сейітбаттал. ӘӨИ: Ш.920/45.
9. Сейітбаттал. ОҒК: Ш.568, 1-дөп.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған *Халифа Алтай*. Мәдине, 1991.
2. *Қасқабасов С. А. Жаназық*. — Астана, 2002.
3. *Азибаева Б.* Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998.
4. *Бердібаев Р.* Эпос — ел қазынасы. — Алматы: Рауан, 1995.
5. *Мец А.* Мусульманский Ренессанс. — Москва, 1973.
6. Соңғы Пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны. — Анкара, 1997 (қазақ тіліндегі аудармасы).
7. Ислам. Энциклопедия. — Алматы: ҚЭ, 1995.
8. Арабско-русский словарь. Составитель *Баранов Х. К.* — Москва, 1968.

9. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
10. Қазақ тілінің сөздігі. Құрастырушылар: *Ө. Болғанбаев, Б. Қалиев, т.б.* — Алматы: Дайк-Пресс, 1999.
11. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жамамбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
12. Персидско-русский словарь. — Москва, 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию томов стотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

В предлагаемом вниманию читателей четырнадцатом томе указанной серии публикуется продолжение дастана «Ғазауат Сұлтан» (с пятнадцатой по двадцать седьмую главы включительно). Первые четырнадцать глав были опубликованы в 13-томе.

Главное содержание этих глав, как и предыдущих, составляют героические подвиги Сейтбаттала, главного героя дастана. В частности, здесь описывается его противостояние с лжепророком из числа идолопоклонников, рассказывается о похищении и освобождении сыновей героя, о кончине Сейтбаттала, а также о продолжателе его дела, о младшем сыне Ескендире.

У тюркоязычных народов широко распространены легенды, сказания и объемные дастаны, повествующие о подвигах Сейтбаттала, который воевал не только с идолопоклонниками но, как и большинство дастанных героев, с джиннами, пери, дивами. То есть он, по существу, герой настолько же сказочный, насколько и религиозный.

Судя по имеющимся данным, существовало несколько вариантов этого сказания, изданных до революции в казанских типографиях Ш.Хусаиновым и Каримовыми, в том числе вариант исполнявшийся М. Юмачиковым. Первое издание дастана было осуществлено в 1879 году книгоиздателем Ш.Хусаиновым в казанской частной русской типографии Н.П.Коковина. Его назва-

ние «Қисса Сейітбаттал». Позднее этот вариант был переиздан в 1883 и 1888 гг. также в Казани.

Наиболее полный вариант дастана о Сейтбаттале был издан в публикации Манкыстау Тыныштыкулы в 1907, 1908 гг. и состоял соответственно из 334 и 386 страниц. После издания 1908 г. дастан «Ғазауат Сұлтан» не издавался и не изучался.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Предлагаемый читателю текст дастана «Ғазауат Сұлтан» подготовлен с казанской публикации 1908 года, осуществленной на арабской графике. Текст подготовлен адекватно оригиналу. На кириллице публикуется впервые.

Объем тома — 23,75 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural legacy»).

The **proposed fourteenth volume of the mentioned series** includes the continuation of the dastan «Gazauat Sultan» (from fifteenth to twenty seventh chapters). First fourteen chapters were published in volume 13.

Main content of those chapters is like in the previous ones and includes heroic feats of Seitbattal, the main hero of the dastan. Particularly it depicts his fight with false prophet who came from the idolaters, tells about kidnapping and release of his sons, Seitbattal's death and continuation of his deeds by his junior son Eskendir.

Turkic language people have widely spread legends and big dastans about feats of Seitbattal who fought against not only idolaters but peri, giants, genies i.e. he is both fabulous and religious hero.

According to the available data **several versions of this work** were published before Revolution by **S.Hussainov and Karimov** in **Kazan publishing houses including version performed by M. Umachikov**. The first edition was published in 1879 by publisher **S.Hussainov** in **Kazan private Russian publishing house of N.P.Kokovin**. Later this version was re-published in the years **1883 and 1888 in Kazan**.

The most complete version of dastan about Seitbattal was published by **Mankistau Tynyshtikululi** in years **1907 , 1908** and included **334 and 386** pages. After publishing in 1908 the dastan «Gazauat Sultan» was not published and investigated.

Multi volumes collection «Babalar sozy» — is a scientific edition. The published texts are presented in the original, adequate versions, i.e. any interpretation of the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

The proposed text of the dastan «Gazauat Sultan» is prepared from Kazan publication of 1908, published in Arabic letters. In Cyrillic it is published for the first time.

Size of the volume is 23,75 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтін

Ғазауат Сұлтан 9

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтінге түсініктеме 325

Мәтінде кездесетін тарихи және діни есімдер 326

Сөздік 338

Жер-су атаулары 368

Томға енген дастанды жырлаушы, айтушы
hәм жинаушы туралы мәлімет 371

Шартты қысқартулар 372

Пайдаланылған әдебиеттер 373

Резюме 375

Summary 377

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

14 том

РЕЛИГИОЗНО-ПРАВСТВЕННЫЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Редакторы *Ү. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Н. Садықова*
Компьютерде беттеген *М. Нозайбаева*

Дизайнын әзірлеген «**Баур**» баспасы
ИБ № 1953

Теруге 09.06.05 жіберілді. Басуға 01.07.05 қол қойылды. Пішіні 60x90^{1/16}.
Қаріп түрі «**Мектептік**». **Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.**
Шартты баспа табағы 23,75. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №319.

«**Фолиант**» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«**Регис СТ — Полиграф**» ЖШС баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

